


83,3/5 6981
D-84

Мұтәліп Қанғожин



КӨРГЕНДЕРІМ -
КӨҢІЛГЕ
ТҮЙГЕНДЕРІМ



Q.illyz aleg
a aq qazaq qazak
yndeban kifinxalma tay
otqaz qazaxdarbele
Qaz qazaxdarbele
myndibisutti.

Aleg

Almaty
18.05.2011
Kyzylkhar

Кызылжар - 2008 ж.

ББК 84 (5 каз) 7-5

Қ, 34

М. ҚАНҒОЖИН

ЭССЕЛЕР, ЕСТЕЛІКТЕР, ОЙЛАР

Қызылжар, 2008

264 бет.

4702250202

Қ

00 (05)-07

44462

ISBN 9965-21-214-7

М. Қанғожин, 2008.

Бұл кітапта Қазақстанның тұнғыш Президенті Нұрсұлтан
Әбішұлы Назарбаевпен көп жылдар бойы кездесу, сұхбатта-
судан алған әсерлер, Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит
Мұсірепов, Faғы Қайырбеков, Мұқағали Мақатаев, Әнүәрбек
Шманов сиякты казактың ұлы перзенттері туралы эссе-ес-
теліктер бар.

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

ЕЛ СЫЙЛАГАН ЕР



Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жылдағы әдептімен біздін облысқа егін орағы ба-сталған түста келді. Президентті Солтүстік Қазақстан облысының, Қызылжар қаласының әкімдері, облыс, қала басшыла-ры, қоғамдық үйымдардың өкілдері және журналистер қала әуежайында күрметпен қарсы алды.

Президент үшіктан түсісімен қаламызда жаңадан салынып, іске қосылғалы түрган макарон фабрикасына барды, оның сал-танатты ашылуында сөз сейлеп, күрылышыларды, осы күры-лысты жүргізіп, қожайын болып отырған туркиялық басшы-ларды құттықтап, рахмет айтты. Фабриканы жоғары сортты бидаймен қамтамасыз етушілер біздін облыстың ауыл шаруа-шылық қызметкерлері болмақшы. Өйткені макарон өндіруге лайыкты бидай біздің жерімізде өсірілестің корінеді. Оның нан-дық касиеті жоғары болса, бидайдың сорты да катты, күшті болып келеді екен.

Макарон фабрикасының алғашқы өнімдері жұртшылықты елең еткізгені анық. «Сұлтан» деп ат қойылған кеспе, верми-шель және басқа да толып жатқан ұннан жасалған тағам түрлері бұрын бұл өнірде дәл мұндай жоғары сапалы, әрі аса мәдениеттілікпен жасалып кормеген. Содан да болу керек, бұл өнімге қалалықтардың сұранысы бірден артты.

Инвестиция дегенін осы болса, бұл өте дұрыс, әрі мезгілінде болған иғлікті іс болды, -десті көпшілік ризашылығын білдіріп.

Иә, бұл озі халықтың тұрмыс-тіршілігінің күйзеліп, елдің нарық дегеннін заңына бастыға алмай тұрган кезі еді. Мынау бір қаранды жерге сәуле түскендей, алда жарық барын мензегендей оқиға болды.

Бұдан бірлі-жарым жыл бұрынғы бір кездесуде Нұрсұлтан Әбішұлына шет елдермен байланысымыз жолға қойыла бастады, осы жөнінде қысқаша болсада әңгімелессеніз дегенімде ол:

- Максат-Қазақстанды дүние жүзіне таныту. Қазір құдайға шүкір, біздін елді дүниенің төрт бұрышы түгел біліп отыр. Нарық экономикасының жағдайында шет елдермен біздің карым-қатынасымыз тіпті де ұлғаюға тиіс. Бүгіндер Қазақстанда бірлескен кәсіпорындар салынып жатыр. Міне, осы таяуда Оңтүстік Кореямен бірлесіп Алматыда да түрлі-түсті телевизор құрастыру басталды. Республикамызда жапондық үлгідегі женіл машина шығару қолға алынбак, -деп Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның шет елдермен байланысы және шекара мәселесі жөнінде әңгімелеген. Әңгіме арасында мен: «Кара қытай каптаса, сары орысты әкем дерсін», - деген екен біздің бір аталарымыз деп қалғаным бар.

-Рас, Қытаймен алыс-берісіміз, келіп, кетуіміз жанданып, дұрыстала бастады, сауда-саттығымыз да он өзгерістер, жақсы нәтиже беріп жатыр.

-Десекте, осының тұбі неге апарар екен, елімізді қытайлар басып кетпей ме?- деген сұрақ та бар сілдің көкейінде дедім. Сонда Президент:-Иә, бұл елдің көкейіндегі түйткіл екенін білемін. Қытай халық республикасы әлемдегі ең үлкен мемлекеттердің бірі, бізге көрші ел. Көриі елмен карым-қатынасымыз жақсы болу керек. Халқымыз көршінмен тату бол демей ме?! Қытай мен Қазақстан арасында ешбір түсініспеушілік жок. Жетпіс жыл бойы Кенес үкіметі мен Қытай үкіметі келісіп шеше алмай келген шекара күрмеуін, шүкір, казір ретке келтіріп отырымыз, - деді ол.

1993-жылы Нұрсұлтан Әбішұлы бүтінгі ашылып отырған өндіріс орны ірге тасының алғашкы кірішін өз колымен қалаған еді. Міне, бір жылдан кейін сол фабриканың ашылу рәсімін жасап отыр. «Сұлтан» макарон фабрикасының саяси жағынан да мән-мағнасы зор еді, себебі облысымыздың кейбір «демок-

ратияшыл» ұйымдарының басшысмактары Солтүстік Қазақстанға инвестицияны Президент әдейі әкелдірмей отыр, өйткені, мұндағы халықтың көбі орыстар, бізденгөрі онтүстіктегі қандастарының қамын көбірек ойлайды, - деп көпірушілер аз болған жоқ. Енді бұл көк езулер де көпірме сөздеріне тоқтау салар. Біздін қаламызға келген инвестиция көктем құсындај жылылық ала келгені рас. Кеңестік «темір шымылдықтың» ішінде есken біздің халық жұрттың бәрін жау көріп, инвестиция дегенді шет елдін басып кіруі деп ұғатындарымыз да мол болатын.

Президент бұдан кейін жаңадан салынатын қазақ классикалық гимназиясының ірге тасына өз қолымен кірпіш қалады. Халық көп жиналды. Куанышта шек болған жоқ. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейін Қызылжарда бір-ақ мектеп-интернат болатын. Ол да қалалық емес, облыстық. Аукаты төмен отбасылардың балалары мен жетім балалар эр ауылдан келіп, осы мектеп-интернатта оқитын. Енді, міне, Қызылжарда қазақ гимназиясының үйі бой көтеріп, қалалық қазақ балалары білім кәусәрінен сусындастын болады. Бұл да үлкен жетістік, үлкен жеңіс. Президентіміздің өзі бүлдіршіндеріміз үшін білімге жол ашып беріп отыр, -десек артық айтқанымыз емес. Осы ұлан-айыр істі біздің жастарымыз сезініп, түсіне білсе, құба-құп.

Іә, кезінде Қызылжарда б мешіт-медіресе болған. Қазақ, татар балалары осы медреселерден білім, тәрбие алып, олардың арасынан атақты композитор Ақан Қорамсаұлы, ак иық ақын Мағжан Жұмабаев және татардың ірі ақындарының бірі Ахмет Оразаев Қызылжар тағы басқа да ел-жұртқа есімдері белгілі адамдар шыққан. Белгілі себептермен ол медреселердің де, кейіннен ашылған жалғыз қазақ мектебінің де қарасы жойылды.

Қызылжар казақтың қаласы болмағандай, мұнда қазақ деңген халық тіршілік құрмажандай болды гой бір замаңдарда. Өз қолымыз өз аузымызға жеткендей жағдайға келген бүгіндер Қызылжарда қазақ мектептері ашылып жатыр, әлі де ашыла беретініне сенім мол. Халқымыздың ана тілін құрметтеуі, оған бет бұруы, ұрпақтарымыздың жаппай өз тілін, ділін, дінін, және тарихын білуге талпынуы, ұмтылуы осы сенімімізді растай түседі.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осы сапарында қаламыздың орталығындағы Мағжан аланында болып, онда ол ұлы ақынның ескерткішінс гүл шоктарын қойды. Алаңға жиналған

халықта қисап жоқ. Президентпен көпшілік сәйлесіп қалғысы келді. Қекейінде жүрген ой-пікірін айтқысы келетін де, тұрмыс жағдайының ауырлап бара жатқанын Президентке жеткізгісі келетін де адамдар бар. Оның үстіне қалада да, ауылда да жарығы күргір бірде жаңып, бірде сөнетін. Қөп қабатты үйлерді жылдыту да үлкен проблемаға айналған еді. Осындай киын-кыстау шакта халықтың да, әр сатыдағы басшылардың да бағастарына шын мәнінде ауыртпалық батпандап түсіп тұрғанда Президенттің мәнінде аланға жиналған қара құрым елмен ашық сәйлесуі, бетпе - бет келіп, именбей, жасқанбай шын-дыхықты айтуды, алдымызды бұдан да қын күндердің болатынын, оған әр кайсымыз дайын болумен қоса, сол өткелектерден өтудің амалдарын табуымыз керектігін ашық айтқан.

-Бізге ешкім еш нәрсе бермейді. Қол жая беретін Кенес өкіметі жоқ. Сондықтан әркім өзінің от басы үшін, өз бала-шагасы үшін, тілті, өзі үшін сінбек ету тиіс. Кәсіп істе, сауда жасауды үйрен, шаруашылықпен айналыс. Ен болмаса картоп өсір, бұл жакта картоп мол шығады. Өнімін көктемде, күзде сат.

Иә, нарықтың мән- мағнасын Президенттің де, әкімдер де халыққа айтумен, көрсетумен келеді-ау. Бірақ соған көндіге алмай, оймызды да, бойымызды да жаттықтыра алмай әлекпіз. Нарық заңының қатал екенін сінді-сінді сезініп келе жатқан жай бар. Онда да бәріміз емсс, ондайлар тым аз.

Нұрсұлтан Әбішұлына қойылған сұраптар да, тілек-талаптар да жетерлік. Өмірде көрген-білгені кон, білімі ұшан теніз, кай тақырыпта болса да халықпен сейлесе алғатын, ақыл-кенес те айта білетін, сөзін елге тыңдата да, орынданғана да алғатын, терен ой мен кенен ақылдың иесі, бүгінгін де, ертенгін де көре білетін, болашақты болжай отырып, елдін жүрер жолын айқын-дап беретін білімпаз, ғұлама азаматтың Қазақстанды басқарып отырғанына қуанасын.

Жайшылықта еліміздің және облыстың басшыларын алай-да-былай деп, алакандарына түкіріп жүрген созуарлар бұл митигіде бұқпантайлаш қалды. Президенттің тұжырымды да, орнықты сөзі, қойылған сұраптарға орынды да, салиқалы жауабы жиналғандарды қанағаттандырыды. Ел риза болды. Риза болатын себебі: мына қын-кыстау, қым-куыт жағдайдан ада болып, халықтың алдынан бір жарық сәуленің шығатынына сенім пайда болды бүгін.

Президенттің бұл сапарында Қазақстанның / сол кездегі / ауыл шаруашылық министрі Ахметжан Есімов мырза, Прези-

дент аппаратының жауапты қызметкерлері, облыс басшылары және журналистер еріп жүрді.

Облыс әкімі Владимир Гартман Президенттің касында болып, оны облыстың бүгінгі тыныс-тіршілігімен хабардар етіп, шешімін таптай жүрген мәселелер бойынша ақыл-кенесс, кол-даулар алды.

Владимир Гартман біздің облысқа әкім болып 1993-жылы тағайындалған еді. Ол күжаттарында орыс болып жазылғанымен әке жағынан ұлты неміс болып келеді. Мінез-құлқы, еңбекшілдігі, іске мығымдығы- бәрі-бәрісі де атапмыш ұлттың ерекшелігіне тән болатын. Оны билетінім, бұл кісі әкім болып тұрғанда мен облыстық телерадиокомпанияны баскардым. Сондықтан жұмыс бабымен мен ол кісімен жиі араласып тұрдым.

Егемендігіміздің көк туын көкке көтеріп, Қазақстан мемлекеті аяғынан қаз тұра бастаған кездес Солтүстік Қазақстан облысының әр тұсынан «демократтар», откен омірін көксеп жүрген коммунистер, шовенистер, казактар бой көрсете бастады. Бұлардың барлығы да облысымында тұратын зиялы қауым өкілдері. Мен атапмыш қауым азаматтарының іс-кимылдары туралы өткендегі бір макаламда толығырақ жазған болатынын. Сондықтан оған көп токталмаймын. Ал осынау шытырманды, қым-куыт, киын-қыстау тұста біздің облысқа әкім болып В. К. Гартманның тағайындалуы ете орынды болды ғой деп ойлаймыш. Облыстағы коп ұлтты қалықтың бірлігін, лостық карым-қатынасын сактап, елді айрандай үйитуда В. Гартманның еңбегі зор болғаны рас. Ол кай ұлттың өкілімен болса да ашиқ, еш бүкпे-сықпасыз сөйлесетін. Көлтөксіз айттылған әңгімeden кейін, шындықтың төбесінен түсіп тұрғаннан соң кім болса да тізгінін тартпай ма? Солтүстік Қазақстанды, Қызылжар каласын казак елінен, казак жерінен бөліп алдып, скінші Приднестровья жасауды ойлаған бұзықтардың максаттарын да, ниеттерін де іске асырпаған Пезиденттің ұлттаралық катынастарды көрегендік саясатпен жүргізуі болса, осы саясатты Солтүстік Қазақстанда жүзеге асыруда бар күш - жігерін аямай жұмсаған В. Гартман. Ол өзінің маңына жүректері елім, жерім деп соғып тұратын атпал азаматтарды, зиялы қауым өкілдерін топтастыра білді. Құдайберген Қалиев, Рашид Сұнікаев, , Қабдікәрім Жакыпов, Майра Қанафина, Ерімбек Әубәкіров, Сапсызбай Райымбеков, Жомарт Қажыракымов, Нетр Ходсов, Виктор Агеев, Иван Чиркалиндер осы айтқанымызға дәлел.

Халықта шындықты айтып, дүрystыкты насихаттауда облыстық газеттер мен облстық телерадио үндестік тауып тұрды. Бұлардың бәрі де Президент пен конституциямызды қолдап отырды. Облыс халқының копшілік колдауына ие болған облыс әкімі шуылдаған жалған демократтарды дінкеletті.

Бескөл /казіргі Кызылжар / ауданының бітік ескеп егінді алкабында Нұрсұltan Әбішұлы Назарбаевтан астық өнімдерін өткізуіндегі проблемалары туралы интервью алды да, ол әңгімеліміз елдің тыныштығын сактау жайымен жалғасып кетті. Петерфельд селосының тұсындағы бір егінді алқаптың шетіне палатка құрылып, аудан басшылары сонда Пезидент үшін женіл тағам дайындағыпты. Алқап басындағы жүрттың бәрі кейін серпіліп, Н. Ә. Назарбаев пен В. К. Гартманнның қасында мен-ак калдым. Палатканың алды ашық, ортада ұзыншалау стол тұр. Дастарқан мәзірі әзір екен. Президентті қолтықтағ төрғе шығарды да, өзім столдың екінші жағында, оған қарама-карсы жайғастым. Жайғастым дегенім жай сөз. Орындық жок, бәріміз турегеліп тұрмыз. Еуропаның қонақ құтуіне үқсайтын сияқты. Президент пен әкім катар тұр. Нұрсұltan Әбішұлы сүт қатқан шай ішпейтін болды да, мұрынның қанындашай құйылған кесе мснің алдыма койылды.

Әңгіме облыстағы және қалады толып жатқан қозғалыстардың іс – әрекеттеріне ауысқанда, оларға қарсы жасалынған отырған өз жұмыстарымызды бүге-шігесіне дейін айтып бердім. Шамамыз келгенде олармен күрестіп те, тіресіп те жатырмыз дедім, Президенттің назарын енді телерадио жұмысына аударғым келіп. Әттең, телеаппаратураларымыз, студиядағы техникаларымыз тым жадау, ескіріп біткен. Нұреке, анау телепрограммадағы виодикамераны көрдініз гой, ол да тозыны жеткен дүние. Мұндай камерамен жұмыс істей киынның киыны. Адамның түр-түсін бірде көгергіп, бірде қызартып, кейде, тіпті, кісі шошырлыктай етіп көрсетеді.

Ресейдің журналисттері біздің облыска келіп, қара қанды жаудырып, неше түрлі сұмдықты судай сапырып, ауыздарына келгенін сөйлеп, жазып жатыр. Осыларға қарсы тұrap, біздің жағдайда, тек телерадио. Өйткені көршілес Омбы, Қорған және Түмен облыстарының көптеген аудандарының тұрғындары біздің Кызылжардың телестудиясының хабарларын көре алатын. Солтүстік Қазақстан облысы аталмыш үш облыстың жерінс сұғына сипп тұр. Есілкол, Называево, Қазан, Пистухово, Бердююже толып жатқан басқа аудандардың корермендері мен тыңдармандары біздің облыстық телерадиомен хат арқылы

хабарласып тұрды. Ресейдің бізбен көршілес аудандарының тұрғындары Қазақстандағы тыныштыққа қызыға қарайтын. Солтүстік кавказдағы тынышсыздық ресейліктердің мазасын алып болған. Шекаралас ел болғаннан кейін шекараның аргы жағында да, бергі жағында да ағайын-туғандар, жора-жоластар болуы шарт кой. Бұрын ауылы аралас, койы коралас сияқты елдердің арасына шекара тұрғаннан кейін олардың амандақ-саулыктарын, Қазақстандағы соңғы жаңалыктарды біліп отыратын байланыс құралы- телерадио. Сол тұста Президенттің деген ресейліктердің ризашылығы да жоғары болатын да, олардан шынайы туыскандыққа, достықта мензейтін хаттар да келіп жататын. Бұл ретте облыстық телерадио журналистері де сырт қалыш корген емес, орыс халқы мен қазак халқы арасындағы тамырлықты, достықты паш ететін материалдар көп дайындалатын. Қысқасы, біздін бұл төніректе тындырып жүрген ісіміз туралы тыңдал тұрған Нұрсұлтан Әбішұлы касындағы облыс әкімі Владимир Гартманға бұрылып:-мына кісіге сен бір миллион теңге беретін бол, , ал мен бір миллион доллар беремін, -деді сезін шегелей түсіп. Президенттің мына қамкорлығыша іштей тасып куандым да, күтпеген жақсылыққа кайран да болдым. Қарттыққа карай бет бұрып, пайғамбар жасын иектей бастаған мына байғұстың басын да ұнға тығып алғандай, шашы аппак екен. Өзіне де, өзге әріптестеріне де тыним-тыныс бермей, Республикам, егемен елім деп жүрген осы кісіге көмектесу керек, - деп түйген білем Президент.

Ресейдің кейбір журналистері мен біздін арамызыдағы тар-тыс жайлар үкімет басшысы хабардар болса керек. Ол туралы қаламы жүйрік журналист Амандақ Әбжан «Егемен Қазақстан» газетіне жазып тұрушы еді.

Токсанынши жылдардың басы болу керек, Президент Жолдызск өніріне бір келгенде:-Жігіттер, біз бір он жыл айқайшусыз, жаңжалсыз, тыныштықпен өмір сүріп кетсек, одан әрі жағдайымыз жаман болмас еді, - деген болатын. Ол кісінің бұл сезі жүргіндегі арманы сыйқты болып естіліп еді маган. Жатса да, тұрса да елдің амандағын ойладығын фой Президент. Өзіміз бір үйдің иесі болып жүріп, кейде әйелің мен екі-үш балаңа сезінді өткізе алмай қаласын. Қырық ру, әр тілде сөлеп тұрған түрлі халықты басқару азаматтың азаматының ғана қолынан келетін іс. Нұрсұлтан Әбішұлының казіргі халі Абылайханның тірпілігімен пара-пар, тіпті, одан да күрделі, одан да жауапты-ау деп ойладым 1993 жылғы бір кездесуде.

Абылайханның заманында халықтың дені, тіпті, барлығы дерлік қазактар болды. Ру-руға бөлінген халықтың басын біріктіре алмай әлек болған ұлы ханның күй-жайы ауыр болғаны рас.

Ал бүгінгі Қазақстан көп ұлтты мемлекет, ортақ тіл таппасаң, ер қайсысы әр жакқа қарағ сейлеп кетері анық. Мұнымен коса, жеріміз бай. Сары алтының ба, қара алтының ба-бәрі осында. Осынша байлыққа көзі қызықпайтын, жұтынып, тамсанбайтын шет жұрттықта тауып кер кәні?! Міне, үздік саясат, тамаша көрегендік, болашакты болжампаздық біздің елді басқаруға керекті касиет. Ал біздің Президентімізде мұнын бәрі бар. Солтүстікқазақстандықтарға белгілі, 1980-жылдардан бастап совхоздар мен колхоздарда ауыру мал қебейіп кетті. Сонда шаруашылық басшылары туберкулез, бурцуллез қара малды қазақ ауылдарында ұйымдастырылған арнағы фермаларда күттірліді. Қай ауылға барсан, ауыру сиырлар мен таншаторпактарды бағып- қағып отырған қаракөз бауырларды көресін. Сөйтіп, ауыл тұрғындарының жаны да, малы да жұқпалы ауыруларға шалдықты. Иә, бұл ауырулардан қанша адам көз жұмды, қанша адам күні бүгінге дейін зардап шегіп жур десенізші. Сол кезде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметтің атқарып жүрген Н. Ә. Назарбаев біздің облыстың мал шаруашылығында орын алып отырған апартты жағдайды болдырмауды өз басшылығына алып, облыстағы ауыру малды сауықтырғаны бар. Шет елдерден сатып әкелінген қара ала сиырлар тұқымы кейбір шаруашылықтарда әлі де өсіп, өнуде.

Мендең кеткен жұқпалы ауыруға карсы күрес те қүштейтіліп, әсірсе, ауылдардағы қандастарымыздың денсаулықтары біршама түзеліп қалған. Ұмығыасам, 1990-жыл болу керек, Н. Ә. Назарбаев Қазақ КСР-і Президенті болып сайланғаннан кейін біздің облыска іс-сапармен келген болатын. Ол кісімен сұхбатымыз былай өрбіген еді:-Мен осында келгеннен бері облыстың тұрғындары мені құттықтап, Президенттік басқаруды қолдайтын көнілдерін білдіріп жатыр, көп раҳмет. Біздеңі Президенттік басқаруды жұрттың бәрі бірдей қолдап отырған жоқ. Мәскеу де қолдамай отыр. Ал мынандай аласапыран заманда Президенттік басқару елдің шашылмауына дұрыс деп ойлаг отырмыз, -деген еді, - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Сөз реті келгенде айта кеткен орынды ғой деймін, шын мәнінде, Қазақстанда Президенттік басқарудың сәлемін сліміз

үшін табысты болғанын, ол- тәуелсіздік жылдарында экономиканың серпінді дамып, әлеуметтік мәселелердің онтайлы шешілуіне қолайлы жағдай жасап қана қоймай, көптеген саяси өзгерістерге жол ашып, бүтінгі таңда еліміздің қарышты дамуына бағдарламалық сипат беріп отырганына күеміз.

Президенттік басқару жүйесі- ел тәуелсіздігі тұгырының бекі түсі, халқымыздың әл -- аукатының жыл санап жаксара бастауы, елдегі саяси, ұлтаралық және дінаралық тұрақтылық пен келісімнің, Отанымыз қауіпсіздігінің басты кепілі болды.

-Барлық тұрғындарға, өзіміздің ағайындарға деңсаулықтары зор болып, енбектері табысты болсын деп айтқым келеді. деп сөзін жалғастырган Президент.

Солтүстік Казакстан облысы Ресеймен шекаралас жатыр. Көршілес Ресей облыстарынан келген конактар Петропавлға келгенде бүкіл Қазакстан жөнінде мағлұмат алады. Сондыктан сіздердің алдарыңызда тұрган міндеттер өте зор. Өткенде мен бсс жыл мерзімге сіздерден КСРО Жоғарғы Кенесінің депутаттығына салындым. Бұл жердегі халықтың әк жарқын, әк көніл, түсінкітері мол, ез Республикасының патриоттары екенін білемін. Мұнда қазактардан басқа да ұлттардың өкілдері көп. Сондыктан татулық, бірлік болса екен деймін, -деген Президент. Ол қашан да, кай уақытта да сөзінің қорытындысын ел тыныштығына қарай ойыстыратын. Президенттің мен басқарып отырган ұжымға көрсетпек қамқорлығы да осы өнірдегі халықтың бірлігі мен татулығына бағытталып отырғаны белгілі.

Президенттің аузынан бір миillion тенге мен бір миллион доллар дегенді естігенде куанғаным ба, таңданғаным ба, басыма қаным дуылдап бір-әк шықты. Құлагым тас болып бекітілгендей, палатка сыртында ызылдап тұрган желдің дыбысы да, егінді алқапта жүрген комбайндардың дүрілі де өшіп қалғандай. Бейне бір мылқау адамдай Президент пен әкімге кезек-кезек қарай берсем керек кой.

-Бұл кісілер үш айдан бері енбек ақысыз жұмыс істеп жүр, - деді В. Гартман. Анда- санда біз көмек етеміз, ол не болар дейсіз. Мына кісі облыс, аудан басшыларының кейбіреулерімен келісіп, «бартер» жасап күн кешуде, -деді әкім анығын айттып. Президент маган ұзақ қарап тұрды. Ойланып қалды. Сөйтті де, Владимир Карлович, сіз бұл кісіге көмектесініз, көмектесініз, -деді дауысын көтерінкіреп.

Нұрсұлтан Эбішұлынмен 1989-90-жылдары кездескенде шашы қап-қара еді. Ал бүтін байқасам, самай шашын күміске

малғандай, өні де сақаланып қалған екен. Егемендігіміздің алғашкы 5-6 жылы бұл кісіге оңайға сокпағаннның анғару киын емес. Қазағым, Қазакстаным, -деп жанынды жеп, басынды тауга да, таска да ұрыш жүрген азаматсың ғой. Осы еңбегіндегі түтпің - түбінде халқың актай ала ма?! Актаса иғі!

-Бүгінгі жағдайда осы кісінің біздің облысқа әкім болғаны дұрыс болды. Тағайындалуы өте орынды ма деп ойлаймын. Қазағынан орысы көп біздің облысқа үшінші ұлттың өкілі басшы болып тағайындалғаны жөн болды, -дедім Нұрсұлтан Әбішұлына. Орал қаласынан алған тәжірибесі де бар бұл кісі ұлтаралық саясатты да еркін жүргізіп тұр. Президент, конституция, -деп тұрған әкіміңіз осы кісі болады, қалтарыс-бұлтарысы жок. Облыста айқай-шу, жанжал, ұрыс-ксріс болдырмай, халыкты мүмкіндігінше тен ұстап келе жатқанына өз басым риза боламын

- Солай ма?!-деп қойды Президент көзі құлімдеп, риза болғандай сыйнай байқатып.

Өзін үкімет наградасымен марапаттап жіберсе де жақсы болар еді деп қойдым шын көңіліммен айтып тұрғанымды білдіріп. Нұрсұлтан Әбішұлы бұл ұсынысымды мақұлдады.

В. К. Гартман туралы Президентке әнгімелеп тұрғанымды ол сезебесін деп, өзімше оның аты-жөнін атамай, ана кісі, мына кісі деп қазақша сөйлеп тұрмын. Неге екенін білмеймін, Владимир Карлович бір қызырып, бір бозарып, жайшылықтағы түйедей бойы мыжырайып, мойыны түсті де қалды. Кейін білсем, В. Гартман Ақмола облысындағы бір казақ ауылында осксан көрінеді. Ол қазақша түсінбек түгілі, сөйлейді де екен.

Президенттің алдында мені жаман састырдыңыз-ау, -деп қүледі кейін бір жолыкканымызда. -Оу, бауырым-ау, мен сіздің төбеніздің «жарық» екенін білмедім ғой, -деп жатырмын мен де.

Президенттің тапсырмасын алған В. Гартман Солтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпанияға көмегін аяған емес. Соның нәтижесінде біз біраз телеаппратуралар, видеокамералар алып қалдық. Ал бір миллион доллар туралы Қазақстан үкіметінің арнағы қаулысы шыққан. Ол 1996-жылдың 13-тамызындағы нөмірі 586-қаулы болатын Қаулыда, әрине, доллар деп емес, 60 / алпыс / миллион теңге деп көрсетілген еді. Амал не, сол мол акша үшті-күйлі жок болды ғой. Менің мұндай мүшкіл халімді Президент білмейді, ол кісіге менің аузым жетпеді. Қалай дегенменде Президентке деген сүйіспеншілігім

ерекше, оған біздің елдің ықыласы да жоғары. Қай жерде болсын Нұрсұлтан Әбішұлын қошеметпен карсы алады. Осындаі бір кездесу Соколов ауданының Налобин деп аталатын шаруашылығында болған еді. Президент осында еңбек стіп жүрген аң өсірушілерге тап бола қалғаны. Әлгілер көнгөн көрмеген туыскандарын жана қөргендей, Нұрсұлтан Әбішұлын орталарына алып шүйіркелесіп сойлесіп, қалбалактап шуласып жатыр. Бір әйел далбақтай жүгіріп келіп, Нұрсұлтан Әбішұлына колындағы құндыз құлақшынды ұсынды. Жұрт та шуылдасып, куанысып: -Басынызға киініз, басынызға киініз, -деп тұр. Өзі арнайы тігілгендей болды ғой, тіпті, шап-шак, -десіп жатыр жиналғандар. Сол кездс ауданды басқарып отырган Мария Алексеевна Батаева да, Налобин шаруашылығының басшысы Петр Гордеевич Дмитриенко да мынау күтпеген оқиғадан шошынып қалғандары анық. Президенттің жаңында еріп жүрген басшыларға да, жергілікті әкімдерге де түсініксіз жай болды. Қебінің жүректері бұлқұлдеп кетті-ау. Бірақ сырт көзге облыс, аудан басшыларының жасап отырган жоспарлы жұмысы іспетті болды да, жұртта солай түсінді білем. Ал шындығында, халықтың Нұрсұлтан Әбішұлына деген ыстық лтифаты сіді бұл. Солтүстік Қазақстанда тұратын қай ұлттың өкілі болса да, Президентке ұлттар мен ұлыстар арасындағы татулықты, достыкты қалыптастырудың үлкен мемлекеттік саясаты үшін риза. Қөршілес елдердегідей, құдайға шүкір, елімізде қырқыс, жанжал жоқ Сол пәле болмаса екен, - дейді жұрт.

Президент бір жолы Ново-никольскідегі «Зенченко К» шаруашылығында болып, осындағы тұрғындардың ыстық ықыласына бөлленгені бар. Олардың негізі 18-ғасырда казак жеріне коныс аударған казактардың ұрпақтары. Бұлар оздерінін әдет-тұрыштарын, дәстүрлерін-бәрі-бәрісін сактап келді десем категік болмас. Атальыш елді басқарып жүрген де казак-орыс тұқымынан Геннадий Иванович Зенченко деген азамат. Оның әкесі де Кекшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарында тұнғыш кеншарларды ұйымдастырушылардың бірі. «Приишімский», «Ленинский», «Возвышинский» және басқа да шаруашылықтарды басқарған тамаша ұйымдастыруши, тәжірибелі басшы болған адам. Міне, «әке корген оқ жонар» демекші, оның ұлы Геннадий Зенченко да сцбекшілдігімен, ұйымдастыруши-лық шеберлігімен шын мәнінде халықтың қошеметтіне бөлленген жан. Облысымыздың барлық өнірінде дерлік кеншарлар, ұжымшарлар талан-таражға түсінен шакта, Ново-никольский кеншарының мұрты да қисайған жоқ. Бұлардың егіні де өсіп,

корасы малға толып, ауылдын тұтіні түзу шығып тұрды. Халықтың тұрмысы жақсарған жерде, олардың әлеуметтік және мәдени жағдайлары да алға басатыны шындық. Казактардың хоры, ән-би ансамблі аудандық, облыстық және республикалық байқаулардың бірнеше мәрте жүлдегерлері атанған. Сонымен қатар, мұнда ат спорты да жақсы дамыған. Осындағы жылқы фермасында ат спортына лайықты асыл тұқымды сәйгүліктер өсіріледі.

Нұрсұлтан Әбішұлының осы селоға ат басын тірегенін естіген, көрген жұртшылық орталық аланға әп-сәтте-ақ жиналып калды. Қоңыр күз. Мезгіл тұс әлеті болатын. Мұнда бітік өскен егін де жиналып алынған. Тұрғындардың қөніл-күйлери котеріцкі. Президенттің жиналган халықпен әнгімелері жылышырайлы жағдайда өтіп жаткан. Бір егделеу казак: - Нұрсұлтан Әбішұлы, біздің өтінішіміз бар, - деді көп ішінен айқайлад. Бәрі елең ете қалысты. Біз сіздің селомызға келгеніңізге өте қуаныштымыз, құрметті қонағымыз болыңыз. - Бұл ұсыныска мен де қосыламын, дұрыс айтылған сөз, - деді Геннадий Иванович Зенченко да. Не керек, Президент карақұрым халықтың сөзін далаға тастай алмады. Дастанқан мәзірі де дайындалып, ашық аспан астында музыка әуенімен сауық ксіші де басталып кетті. Көркемөнерпаздар концертін тамашалаған жұртшылық өздері де қосылып ән салды, биге де кезек берілді. Президент те қарыздар болып қалған жок. Өзін қорипап, кумалаган жұртшылықтың ортасында тұрып домбырамен казақша, орысша және украйнша ән шырқады. Нұрсұлтан Әбішұлы шырқаған әнге қосылған дүйім ел. Есіл өнірін аспанға көтергендей күнірентіп жіберді. Тамаша музыка шалкар даланың көгілдір күмбезінде қалықташ тұр. Осы шаруашылықтың басшысы Геннадий Иванович Президентке орыс тройкасын сыйға тартты. Женіл араба жегілген үш сәйгүлік, десе дегендей, кездің жауын алатын әсем жүйріктер. Халықтың қуанышында шек болған жок. Дүрілдетте кол соғып, Президентті құттықтап жатқан ел-жүрт, Есіл өнірінің абыронын асқаттап, жіберген өздерінің басшыларына да ризашылық сезімдерін білдіруде.

Казактардың кең пейіл қөнілін, даркан мінезін көрсетіп тастаған Г. И. Зенченконың ықыласына раҳмет айтып тұрып, Нұрсұлтан Әбішұлы қолындағы алтын сагатын шешіш, Геннадий Ивановичке сыйлады. Міне, қазактың да қөнілі дариядай шалқып, арнасынан асып жатады-ау.

Көкшетау мен Солтүтік Қазақстан облыстары қосылатын болыпты деген хабарды мен облыс әкімі Владимир Карлович-

тен естідім. Әңгіме оның кабинетінде болған. Әкімнің айтуы бойынша екі-үш күннен кейін екі облыс қосылып, орталығы Қекшетау каласы болады деп ұғарылып отырса керек, -деді әкім. Дәл қазіргі жағдайда бұл дұрыс болмаган екен, - дедім мен. Уақыт аз қалды, өз тұжырымдарыңыз болса, Нұрсұлтан Әбішшұлының атына хат жазыңыздар, -деп кеңес берді маған әкім.

Менің ойымша қосылған екі облыстың орталығы Қызылжар болу керек Мұндайда адам өзінің білгенімен ғана емес, өмірден көрген, білгендегі мол, әртүрлі басшылық қызметтер аткарып, тәжірибе жинақтаған ағалар мен ел-жүрттың ой-максатын түсіне білетін журналистермен ақылдақсанды жөн көрдім. Бұл туралы Сабыржан Әбілмәжінов ағамен, журналистер Амандақ Жантеміров, Иван Моор, Раиса Бикмухаметова және басқалармен ақылдастым. Қысқасы, екі күнге жетпей хат жазылып, шығармашылық зиялы қауымның атынан қол да қойылды. Президенттің атына жазылған хатты факспен Астанага жөнелттік.

Хат жазылып жатканда Астанадан бір үлкен ағамыз телефон шалды да:-Сендер өз ауылдарыңың пікірін білдіріп, Президенттің атына хат жазбайсындар ма? Қызылжар қайда тұр? Қекшетау қайда тұр?Дәл қазіргі жағдайда қосылған екі облыстың орталығы Қызылжар болғаны орынды гой деп жатыр. Президент әлі жарлыққа қол қойған жоқ, ойланып, толғанып жүргенге ұқсайды. Бірақ Қекшетау жағындағылар көп көрінеді, -деп хабарласты үкіметке жақындау жүрген бір жанашыр азаматымыз.

Калай дегенменде, біздін жазған хатымызға Президентіміз тоқтаған болу керек. Қызылжар каласы қосылған екі облыстың орталығы болып бекітілді. Бұл жөнінде Президенттің жарлығы шыкты. Ал Солтүстік Қазақстан облысы шығармашылық зиялы қауымының Президенттің атына жазған хаты мынау:

Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Әбішшұлы Назарбаевқа
Солтүстік Қазақстан облысы
шығармашылық зиялы қауымынан.

Ел құлағы-елу, -дейді халқымыз. Бізге жеткен ұзынкүлак хабарға қараганда екі солтүстік облыс- Солтүстік Қазақстан және Қекшетау қосылатын көрінеді. Облыстарды ірілendіріп,

мемлекеттік шенуніктерді қысқарту саясатын қолдаймыз. Жанадан құрылған облыс орталығы \Петропавл\ Қызылжар қаласы болса еken деп тілек білдіреміз, біздің пікірімізді еске-русіз қалдырмассыз, құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы.

Кала 1752-жылды құрылып, оның 245 жылдығын биыл жазда атаи отпекшіміз, эрине, бұл мерекеге Сізді шақырамыз.

Петропавл қаласында әскери-корғаныстық манызы бар өнеркәсіптер, дамыған машина жасау, тамак өнеркәсібі, құрылыш материалдар өндірісі және женіл өнеркәсіптер бар. Бұрынғы корғаныс заводтары бастарынан бірталай қындықтарды өткерді. Президенттің және үкіметтің камкорлығының арқасында алғашкы оң нәтижелер өздерінін өміршешендігін көрсетті. Мұнда аймакқа қажетті мамандар дайындастын орта және жогары оку орындары бар. Кала Республиканың солтүстігіндегі қақпасы існеттес. Әуе, автомобиль жолдары, транссібір темір жолы да осы жерден өтеді.

Кала Ұлы хаш Абылайхан есімімен тығыз байланысты. Бұл қала екі мемлекеттің- Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасына жақын тұр.

1921-жылдың 25-сәуірінде Ақмола губерниясы құрылып, оның әкімшілік орталығы Петропавл қаласы болған. 1928-жылдың 17 кантарында Ақмола губерниясы таратылып, орнына төрт округ құрылды, мұның ішінде Қызылжар округі де бар еді. Осы жылдың 10- мамырынан бастап бұл округтің атын Петропавл дес өзгертіп қойған болатын. 1932-жылдың 20-ақпанында құрылған Караганды облысының, 1936-жылдың 29-шілдесінде құрылған Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласы болды. Солтүстік Қазақстан облысында бір шаршы метр жерге 13, 5 адамнан, ал Қекшетау облысында 8, 5 адамнан келетін көрінеді. 1989-жылғы санақ бойынша Петропавлда 246, 2, ал Қекшетауда-141, 6 мың адам тұрады

Солтүстік Қазақстан облысындағы қазақтардың саны-111, 6 мың адам, Қекшетау облысында-191, 3 мың адам тұрады.

Жоғарыда көрсетілген фактілерге сенсек, біздің ойымызша, Петропавл қаласын облыс орталығы етіп қалдыруға әбден болады. Мұнда жылу орталығы, кеден, қазақтардың озғе ұлттардан аздығына қарамастан ұлттар мен ұлыстар және адамдар арасында өзара түсіністік қалыптасқан. Бұл арада кіші ассамблеяның, 12 ұлттық мәдени орталықтардың игі істерін атаған орынды. Петропавл қаласында орналасқан облыс әкімшілігі қалыпты жағдайды бұзуга ииеттенгендерге қарсы тұра біледі,

олардың арам пиғылдарын іске асыртпайды. Әскери бөлім, ішкі істер әскери училищесі де калада орналаскан.

Солтүстік Қазакстан облысында В. Гартманның беделі жоғары. Алты жыл бойы үзбестен әкім болып еңбек етіп жүрген ол, облысты да, оның барлық жағдайын да егжей-тегжейде дейін жақсы биледі, проблемаларына да қанық, облыс тұрғындарының көпшілігінің қолдуына да ие болып отырғаны да ақиқат.

Ал көршілес Көкшетау облысында әкімдер бірнеше рет ауысты, оның нәтижесінің не болғанын 1996-97 жылдың кысы айқын көрсетті.

Сондыктан біздің өтінішімізді ескеріп, қосылған облыстардың орталығы етіп Петропавл қаласын қалдырысаныз екен. Біздің бұл өтінішімізді аймақтың барлық тұрғындары қолдайды.

Солтүстік Қазакстан облысы шығармашылық зиялышарының атынан кол койғандар:

М. М. Қантожин,

ТРК «Тұрағасы», Қазакстан Республикасына

енбек сінірген мәдениет қызыметкері,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

И. И. Моор,

Облыстық «Северный Казахстан» газетінін

Бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағы

үйімінің тұрағасы.

Б. Мұстафин,

Облыстық «Солтүстік Қазақстан» газстінін

Бас редакторы,

Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.

В. П. Лапухин,

Облыстық мәденист дспартаментінің

бастығы, Қазақстан Республикасына еңбек сінірген

мәдениет қызыметкері.

Н. Л. Косыгина,

Қазақстан Республикасына

енбек сінірген артист.

Р. Г. Бикмухаметова,

Татар-башқұрт

мәдени орталығының президенті.

А. М. Жантеміров,
Халықаралық қазақ тілі қоғамының
облыстық үйімі басқармасының мүшесі,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
С. Ә. Эбілмәжінов,
Енбек ардагері,
ақсакалдар кеңесінің мүшесі,
қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі.
Ю. Н. Ченченко,
Петропавл телевидениесінің продюсері.
Ф. И. Дениссанко,
Солтүстік Қазақстан облыстық радиосының
продюсері.

Солтүстік Қазақстан және Қекшетау облыстарының косылуына байланысты ел арасында түрлі пікірлер, әңгімелер туышыдап тұрган-ды. Осы коп әңгімелер төңірегіндс Президенттің сұхбаттасқанымда, ол ағынан жарылып, ашығын айтқаны бар.

Әңгіме барысында мен: Сіз өзінізде біletін шығарсыз, Сіздің атыңызға кейбір адамдардан хаттар да түсіп жатқан шығар, екі облыстың косылуы жайында, осыған не айттар едініз?-деп Президентке қолқа койғанымда ол:

Кейбір ағайындар біздің тәуелсіз мемлекет, егеменді ел болғанымызды әлі күнге дейін түсіне алмай жүр. Әйтпесе, мен үшін ең бірінші максат, ойлаған ойымның барлығы-өз халқымның тілегін орындау, оны ағынан тік тұрғызу, мына жердің қожасы ету. Осының біздің бауырлар неге түсінбейді, неге түсінгісі келмейді?! Егер біздің халық, қазақ халқы Отанын, туған жерін сүйетін болса, менің осы істеп отырған іс-әрекеттерімді түсінеді деп ойлаймын.

Екі облысты қосқандағы мақсат, бір облысты жойып, бір облысты ұлғайтайын деген ниет емес, мұның саясаты өте тेңрәnde жатыр. Айталық, Қызылжар Қазақстанның қыыр шетіне орналаскан қала. Ресей мен Қазақстанның шекарасы жақын. Бұл төңіректе халық та тығыз орналаскан.

Мұны жүрттын бәрі де біледі. Кейде айтатын да, ал кейде айтпайтын да сез болады. Сонда немене, біз Қызылжарды бірсуге беріп қоюымыз ксerek пе?! Президент өзінің тұжырымды сөзін мейілінше қатты айтты, түсінбестікке ашынып айтты.

Шындығында, еліміздің ішіндегі және сыртындағы дүшпандарды басып көтеріп, Қызылжар түгіл, бүкіл солтүстік облыстарды басып алмак ойларының болғанын сол тұстағы адамдардың бәрі де жақсы біледі. Бұл 1990-жылдардағы оқиға. «Бұл елдің жер жағдайын да, халқын да жақсы білеміз, сондықтан бізге басып алу онай!»-деп көпірген жок па, дүшпандар.

- Ал енді Қекшетауға келетін болсақ, -деп өз ойын әрі қарай жалғастырған Президент, әрине, кейбір ренжитін ағайындардың қөнілін, жүргегін мен түсінемін. Бірақ жер біздікі, Отанымыз өзіміздікі болғаннан кейін облыс орталығы осы өнірдің кай жерінде болса да несі бар?!

-Нұрсұлтан Әбішұлы, осы екі облысты қосқаннан біздің ұтарымыз не?-деп сұрадым сөз арасында. Сонда ол былай деп әнгімсессін жалғастырды: Бұрынғы Солтүстік Қазакстан және Кокшетау облыстарын алғаш болсақ, бұл екі облыс та мемлекеттен дотация алғып жұмыс істейлі, өздерін басқарып отырған шенеуніктеріне акша тауып бере алмады. Осындай жағдайда отырғанда әрбір екі ауданға, әрбір уш ауданға бір-бірден облыс құрып берсек, онда не болады? Қазір бүкіл Қазақстан бойынша 20 мын шенеунік қыскартылып, уш миллиард теңге үнемделді. Міне, осының нәтижесінде зейнеткерлерімізге зейнетакы беріп отырмыз.

Менің көз алдыма нак осы тұста қалалық және облыстық әкімшілік үйлісін алдына әлсін-әлсін жиналғып, басшылардан зейнетакыларының уақытында берілуін талап ететін қала карттары келе калды. Бірін-бірі қолтықтап, сүйемелдеп жиналған карттар қыстың қытымыр аязына шыдай алмай тұс әлетеңе қарай тарасатын. Президент карттарды зейнетакысыз қалдырымайтынына сендеріп, қазіргі қалыптасып отырған уақытша қындықты айтып, жиналғандардың саулдарына жауап беріп, ола-рга қолдан келгенше көмек беретінін жеткізіп тұрған облыс әкімі Владимир Гартман кариялар үйді-үйіне тарағанда аланда жағыз қалатын. Суыкта, аязда жиналған халықтың оргасында күні бойы айқайладап сейлекен әкім, ертеңіне дыбысы шықпай, қырылдалап, пырылдалап, қиналып жүретін.

Болашакта еліміздің экономикасы жақсарып, әл-аукатымыз туゼлетін болса, әр өнір өзін-өзі қаржыландыратын жағдайға жетсе, онда көреміз, -деді Президент. Ал қазір елдің бірлігін сактау үшін, жерімізге бөтендер көз алартпас үшін, өзіміздің саяси-әлеуметтік жағдайымызды жақсарту бағытында жұмыс жүргізуіміз керек. Әсіресс, қазақ халқы оны өте жақсы түсінуі

қажет. Бүйректен сыйрақ шығарып, анау деп, мынау дейтін әңгімені қоятын уақыт жетті.

Қысқартылған бұрынғы облыс орталықтарында халыққа қызмет атқаратын мәдени, дәрігерлік және оқу орындары қысқарған жок қой . , -дегенімде Президент сөзін әрі қарай жалғастырып: -Семейде де, Арқалықта да, Қекшетауда да жогары оқу орындарын қалдырық. Облыстық ауыруханалардың барлығын бұрынғысынша қалдырық, театрларын, мәдени ошактарының барлығын бұрынғы қалпынша ұстап тұрмыз. Бұларды мемлекет тарапынан қаржыландырып отырмыз.

Ал Қекшетауға келетін болсақ, онда қазір ауыл шаруашылығы және экология департаменттері орналасуы тиіс. Мұның өзі кейбір мемлекеттік органдар Ақмоланың жаңындағы Қекшетауга орнығады деген сөз. Сөйтіп, араласып-құраласып, жағдайымызды түзеп алмашымыз. Біздің халқымыз -казак халқы пайыз жағынан келгенде әр жерде әр түрлі. Бұл жағдайды да ескеруіміз керек. Ақмолаға астана кешіп, осы солтүстік өнірге қарай жақындаپ келе жатыр, оны да халықтың түсінгені жөн. Бұғандер жасалып жатқан істер болашактың қамы, елдің камын ойлағандықтан болып отырған шаруа.

Нұрсұлтан Әбішұлы, осы өнірге бүтінгі келу мақсатының қандай?-Әр уақытта, өзініз білесіз, егін орагы кезінде астықты өнірді аралаған сәттерде мен ең бірінші Солтүстік Қазақстан облысына бастаймын. Солтүстік Қазақстан облысы-біздің ең астықты өніріміз. Құдайға шүкір, биыл егіннің шығымы жаман емес. Бұғандер Солтүстік Қазақстанның егінді алқаптарында 400 американдық комбайндар астық бастырып жүр. Бұл бұрынғы екі мың комбайнмен пара-пар. Мұнша комбайдар бұл облыста болып көрген жок. Құдай бұйырса, осылармен биыл бітік шыққан астықты жинап алса, халықтың тұрмысы да біршама жаксарып калар еді.

Ел ішінде қылт етіп көрінген өскінге, иненің жасуындаған болса да жақсылыққа жаңы жадырап, көnlі көтеріліп қалатын Президент бүгін де жайларланып көрінді маған. Әсіресе, астықты алқапта болып, диқандармен кездесіп, жүздескеннен кейін жүзі жайларланып, көnlі шалқығандай болғаны бар.

-Ауылда болсын, калада болсын жұмыс істеген адам қындық көрмейді. Жұртта азын-аулак болса да мал бар, жер бар, тек талпынып еңбек ету керек. Әр кім өзінің от басын асырасын, байысын, ақша тапсын, жағдайын жақсартсын, -деді Президент кіші және орта бизнес туралы айта келіп. Менің барлық

солтүстіккәзстандықтарға тілерім: тек бірлік, татулық және табыс, -деген еді Нұрсұлтан Әбішұлы әңгімесінің соңында.

Із, Президент қайда болса да, кіммен жүздесіп, әңгімелессе де, алдымен елдің тыныштығын, бірлігін, халықтар арасындағы татулықты алға тартып отырады. Халықтың кокейіндегісі де сол-елдікті сактау, баянды стуғой.

Республикамызда әр түрлі ұлттардың оқілдері тату-тәтті, ынтымақта өмір кешуі казактардың кеңпейілдігіне де, даласын-лай дарқандығына да байланысты екені рас. Біз кереметпіз деп кеуде қағып, омыраулап, көрінгенге қокандап жатса, елде тыныштық бола ма.

Шүкір, соңғы 6-7 жылдан бері облыс экономикасына қан жүгіре бастады. Бұған дейін жамбастап жатып қалған зауыттарымыз бен фабрикаларымызды аяғынан бастырамыз деп келген инвесторлар қаладағы «демократтардың» айқай-шуынан жүректөрі шайлығын көтіп қалатын. Әйтпесе Қытайдан да, Үнді сліпен де инвесторлар келген фой.

Облысымызда болып жатқан он озгерістерге бұрынғы экім Данияр Ахметов те қомақты үлес қосты. Қалаларымыз бен ауыл-селоларымызды жылумен, жарықпен үзіліссіз қамтамасыз еткенінің езі неге тұрады. Ал облысымыздың экономикасы мен мәдениетінің бір шама алға жылжуына өзіміздің жерлес азаматымыз Қажымұрат Нағыманов та бар күш-қайратын аямай енбек етті.

Казіргі облыс әкімі Тайыр Аймұхаметұлы Мансұров та өзінің елді басқарудағы шеберлігін танытып, өнеркәсіптен де, ауыл шаруашылығынан да аймақтың ілгері қадамдар жасауына үлкен роль аткаруда.

Шындығында, облыс болсын, аудан болсын экономикасы, әлеуметтік жағдайы және мәдениеті өрге басса да, немесе, керісінше, кейін құлдыраса да, алдымен басқарушыға, әкімге байланысты ғой. Бұл-шындық. Сондыктан Президент біздің облыска әкім етіп Тайыр Аймұхаметұлы Мансұровты да, ол бұл қызыметтен кеткеннен кейін өзіміздің жерлесіміз Серік Біләловті де, керегендікпен таңдал, тауып тағайындаған деп ойлаймын.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұстамды да, ақылды саясатының нәтижесінде Республикамызда, оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысында шаруашылықтың қай саласында болсын тамаша ілгері басушылық, өрлеу бар. Облыста жеті мынға жуық агрокүрүлім бар екен. Оның дені шаруа

кожалықтары. Ая райының қолайсыздығына қарамастан осы агрокұрылымның енбеккерлері Республикамызда ен жоғары өнімге қол жеткізуде. Қызылжар өніріндегі тамаша істердің кереметі- ондірілген онімді ұқсатумен айналысада болып отыр. 10 кәсіпорын ст онімдерін, 26 кәсіпорын сүт онімдерін ұқсатумен шүғылданады. Міне, осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде, облыста агрозақ- тұлік бағдарламасында белгіленген міндеттер табысты жүзеге асырылада. Бұл дегенініз, біздің дастарканымыз ет пен сүт өнімдерінен жасалған түрлі тағамдарға толды деген сөз.

Солтүстікқазакстандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің агрозақ-тулік бағдарламасын жүзеге асырудағы үлесін Президент жоғары бағалаады.

Петропавл ауыр машина жасау зауытының қуаты скі жарым есс өсті. Басқа оперкәсіп кәсіпорындары онім шыгаруды отыз пайызға лейін көтерді.

Бұғындер Солтүстік Казакстан облысының әкімі Серік Сұлтанағазыұлы Біләлов облыс өмірінің барлық мәселелерін шешуде ерекші іскерлік танытула. Біздің облыстың тұрғындары сонау тоқсаныншы жылдардан бері тұрғын үй құрылышын ұмытқандай болған едік. Президенттің тапсырмасын орындау жолында облыс әкімінің басшылығымен қазіргі жүргізіліп жатқан тұрғын үй құрылышының ауқымы көнілге куаныш ұялатады. 2004-жылдан бері жаңа тұрғын үйлес бой котеруде. Жаңа пәтерлердің кілттерін ардагерлер бірінші болып алған жатқаны да куаныш кой. Соңғы үш жылда төрт мыңнан астам отбасын потермен камтамасыз ету көзделіп отыр.

Облыс әкімінің бастамасымен колға алынған тағы бір келелі жұмыс-елді мекендерде қоғамдық моншалар салу мен қайта қалпына келтіру жөніндегі екі жылдық бағдарлама. Бұл да өз нәтижесін беріп, елді мекендерде 150 монша салынды.

Ел Президенті Казакстан халқына аринаған Жолдауында үлттых бәсекелестік кабілеті ен алдымен оның білімділік дәрежесімен анықталатының ашып корсеткен болатын. Нұрсұлтан Әбішұлының тапсырмасы жоғары ықыласын қабылданып, бұл салада ауқымды жұмыстар атқарылада. Республикада тұнғыш рет облыс әкімінің бастауымен казақ тілінің таңдаулы мұғалімдеріне грант тағайындалды.

Облыс мектептері компьютер техникасымен жарактандырылып, онын жетпіс пайызға жуығы Интернет жүйесіне косылып отыр. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге

те асыру аясында ұлттық мәдениет үшін ерекше маңызы бар «Абылайдың Ақ үйін» тарихи ескерткіш ретінде қалпына келтіріп салу жұмысы Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолдауымен мыңған колга алышып отырганы да қуанарлық жэйт.

-Абылай бұл қалада болмаған, Қызылжар қазактардың қала-
сы емес, -деп кезінде шулағандарға мықты соккы болды.

«Ақ үйдін» Қызылжарда болғандығының зыр жүгіріп жүріп, Санкт-Петербургке, Мәскеуге барып, Ресейдің 18-19 ғасырлардағы тарихи құжаттарын копарып, тауып дәлелдеп берген жа-
зуышы ініміз Жақсыбай Самұрраттың да енбегін атаған орынды.

«Ақ үй» болашакта тек солтүстікқазакстандықтардың ғана емес, бүкіл Қазакстан жұртшылығының бас иіп, тағым етер, құрмет тұтар, халыктар арасындағы достықка дәнекер бола-
тын киелі жер, айтулы орда. Президентіміз бұған да керемет корсетіндік танытып, бұл үйдің құрылышына мемлекет тара-
пышан қаржы болдіргеніне жаңым қалмай қуандым. Өйткені «Ақ үй» туралы жас кезімнен кәрі құлақ карттардан, Жакан Сыздыков, Сәбит Мұқанов, Хамза Абдуллин сиякты үлкен ақын, жазушылардан, Кенжебек Әбішев сиякты қөргені мол, қөкіреті ояу жергілікті ақсақалдардан естігендің көп еді. Үйдің орнын ел-жұртқа қөрсетіп, насиҳаттап жүруші едім. Ол тура-
лы шағын поэма да жазғамын.

Менін өз байқаумша, облыс әкімі араласпайтын іс жоқ.
Бәріңдес де білгірлік, біліктілік танытып, аткарылар жұмыстар-
дың әрі тез, әрі сапалы орындалуына кол жасткізеді. Ел-жұртқа
пайымлы пікір, келелі ақыл-кенес те қажет. Ел Президентінің
Жолдауын облыс әкімі ашық, айқын, адамдардың қекейіне қона
калатындей жеткізеді.

Озінің ісімен, амал-әрекетімен дәлелдегеннен кейін, халық Серік Біләловқа сенеді. Сенім бар жерде женіс бар, енбек өнімділігі артып, табыс қебейеді, әр отбасының тұрмыс-тіршілігі жақсарады. Жұмыс демекші, осы кісі біздің облыска әкім болып келгелі қаша жұмыс орындары ашылды десеніш! Кірпіш зауыты, тәсір-бетон зауыты, толып жатқан құрылыш үйымда-
ры және т. б. Қазір теледилардан жұмысқа шакырып жатқан жарнамаларды жиі қөреміз. Бұл нағыз жақсылық нысаны.

Ал біздің Солтүстік Қазақстан облысының экономикасы да, әлеуметтік-мәдени жағдайы да алға басатынына сенім мол. Мұнымен коса, Президентіміздің Қызылжар өніріне деген қал-
тысыз камкорлығын біз әрқашан сезініп, көріп отырмыз.

ЛИЧНОСТЬ, УВАЖАЕМАЯ НАРОДОМ



Каждый раз, когда Нурсултан Абишевич приезжал в Петропавловск, мне доводилось не только оказаться среди встречающих его, но и несколько раз беседовать с ним лично. Я брал у него интервью для телевидения, а иногда задавал вопросы, которые волновали меня. Хочу рассказать о событиях тех лет и поделиться своими впечатлениями.

Важным приобретением Петропавловска в первые годы независимости можно считать макаронную фабрику «Султан», выпускающую качественную продукцию и построенную турецкой фирмой «Окан холдинг». Во время своего визита в наш город в 1993 году Президент Нурсултан Абишевич Назарбаев вместе с президентом компании господином Бекер Окан заложили первый кирпич фабрики. Помню, в тот раз, в интервью областному телевидению, Нурсултан Абишевич раскрыл в доступной простым людям форме суть инвестиции на примере фабрики «Султан». Следует отметить, в то время в сознании народа, выросшего за «железным занавесом», инвестиция воспринималась чуть ли не как иностранное нашествие...

Воспользовавшись веселым настроением Президента, я решился задать вопрос, выходящий за рамки интервью, но ко-

торый давно тревожил меня. Вопрос был связан с моими инстинктивными опасениями по поводу прибытия в страну большого потока китайцев. Запомнилось мне, Президент слушал мои вопросы с улыбкой на лице, затем, посеребренев, ответил, что трудолюбивые китайцы работают не только в Казахстане, но и во всех уголках мира, и если их миграция происходит в рамках закона, то это не должно вызывать опасения. Но я почувствовал, что Президент не только глубоко понимает эту проблему, но и придает особое значение перспективному ее решению.

В 1992 году Президент назначил руководителем области Владимира Гартмана. В те годы, когда в нашем крае, с одной стороны, неистовствовали русские шовинисты, с другой, им противостояли воинственно настроенные сыны казахского народа, назначение в должность руководителя области представителя третьей национальности было правильным решением. Даже в те кризисные годы разрухи строительной инфраструктуры В. К. Гартман проявил большую решимость, построив макаронную фабрику «Султан» и трехэтажную, просторную и красивую казахскую гимназию в самом центре города. Конечно, оставили свой добрый след и акимы, работавшие в этой должности в последующие годы, но североказахстанцы не забудут заслуги В. К. Гартмана, возводившего такие строительные объекты в период кульминации кризиса.

Как-то во время очередного визита Нурсултана Абишевича в Петропавловск я сказал Президенту, что назначение В. К. Гартмана, который вложил много усилий в сохранение межнационального согласия, было правильным решением.

Ақын “Күншығыс” деген өлеңінде бірінші дүние жүзілік соғыска араласқан батыс елдерінің жай қүйін, соғыстың халыққа қасіреттен басқа ештеге әкелмейтінін былай суреттейді:

. . . *Күн батысты шаң басқан,
Шаң емес, қара қан басқан.
Тарсыл-күрсіл қанды атыс.
Көп білем деп болуге,
Көп күлем деп олуге,
Жақын қалды Күнбатыс.
Дария еді ол өкірген,
Шапишиң кокке лепірген,
Жемірілді кемері.*

Бұл өленде улкен көрегендік бар. Магжан казан революцијасын іштей қуаттамайды. Оның себебі ол үлттық дәстүр, салтымызды, керек десеніз тіліміз бен дінімізді табанымен таптап, өткен жерін қара қүйік, қара өрт етіп кетегінін біледі. Біздің түбінде ұлтты да, тегі де жоқ “жасанды адам” болып қалатынмызды Магжан осыдан 80 жыл бұрын біліп койған. Сондықтан ол батыстың өркениеттілігінен көрі Күншығыстың мәдениетін, тарихын үйренуге, соған сенуге шакырады. Немесе “Жиіленді қара орман” деген өлеңіне үңіліп көрелік:

**ЖИІЛЕҢДІ
ҚАРА ОРМАН**

*Қарагай, қайың аралас.
Мәңгі мылқау қара орман,
Көктегі күнмен шамалас.
Аппақ кебін бүркеніп,
Мылқау орман тұс көрер.
Жел аза бол өртепеңіп,
“Әңсүн” оқып үшкірер.
Мәңгі мылқау көрі орман,
Былқ етпейді тұс көрер,
Жел мінезді ессіз жан –
Маган түрлі ой келер.
Ұйықтасам мен орман бол,
Тәтті- тәтті тұс көріп,
Бетімнен тұрса жел жүріп,
“Әңсүн” оқып, үшкіріп –*

бұл да Мағжанның тұспалымен жазған терен ойлы өлеңі. Мұндағы “Қара орман” жәй ғана өзіміз күнде көріп жүрген орман емес, ұлы орман. Мағжан ақынның “қара орман” көктегі күнмен шамалас”. Күнмен терезесі тен, немесе одан да зор. Одан да аскак тұрган не? Ал Мағжан Жұмабаев ақын “қара орманға” ұқсан ұйықтал тәтті- тәтті” тұс көргісі келеді, онымен тілдескісі келеді. Иә, жиырмасының ғасырдың басында ақ қазак поэзиясының тың белен болып келген талантты ақын тәнірмен осылай тілдесуге талпыныс жасайды мұнда. Осы арада тағы бір айта кететін жәй мынау, ақынның табиғат құбылыстарының сырларына терен бойлап, олардың жұмбак құпияларын біздін алдымызға жайып салуында. Оған тірі адамдай мінездеме беріп, суреттеуі де бейнелен, тұсналдал /символика/ жазудағы ізденісінен тұған жаңалық.

Мағжан Жұмабаев символист ақын дең 1920-30 жылдары баспасөздерде талай-талай сыналды да. Десек те символист Мағжанның қазак әдебиетіне, оның ішінде поэзиямызға әкелген жаңалықтары орасан. Өлеңнің музыкалығы, сыртқы түрі / формасы/ бояуының айшыктылығы бейне- тұспалмен жазылуы- Мағжан Жұмабаев шеберлігінің нәтижесі.

Сыршил ақынның атакты “Шолпан” деген өлеңі де символистік шығарма. Сезім тасқынына құрылған өлеңді оқып отырып, тамаша рахат құшағына, сұлулық аясына тап боласын.

Сұлұлыққа тап болу, ғашық болу адам баласының басына қонған бақыт.

Ендеше “Шолпы” өлеңі бізді сол бақытқа жолықтырады.

“Шолпының” сылдырымен сіздің жүргегініз бірге соққандай, жанының жадырап, сізді коршаған мынау орта, жер-дүние өзгеше әсем, өзгеше керім болып кетеді емес пе! Енді сол олсанді оқып корелік:

Сылдыр –сылдыр- сылдыр. . .

Қанымды қайнатты құргыр.

Шық-шық жүрекке тиеді,

Құлпыра талқан боп сынғыр.

Сылдыр –сылдыр- сылдыр. . .

Өзекті өртеді құргыр.

Әдейі іргеден жүреді,

Сұлу қызы санадан солғыр!

Сылдыр- сылдыр –сылдыр. . .

Жүректі жандырды құргыр.

Кеудені кернеді жалын,

Сәулем, періштем, тез кір!

Сылдыр –сылдыр –сылдыр. . .

Есімпен аудырды құргыр.

Лебізіңнен еріп баралын,

Жаным-ай, жақында қол бер!

Сылдыр –сылдыр –сылдыр. . .

Талдым, қалды сүлдер.

Сыбырга айналды сылдыр,

Сылдыр –сылдыр –сылдыр. . .

Мұнда тек қана қызы шолпысының сылдыры. Басқа ештеңе де жоқ. Музыкамен берілетін дүниені дүлдүл ақын қазактың сырлы, сикырлы, әуезді тілімен қағазға түсірген. Не деген көремстік! Қазак әдебиетінде мәңгі қалатын хрестоматиялық шығарма қатарына өз басым “Шолпыны” да косар едім. Мұндай құбылыс казақ әдебиетінде бүрын – сонды болып көрмеген, біздің әдебиетімізге Мағжан ақын экелген жаңалықтың бірі.

Атақты ақын Мағжан Жұмабаев “Пайғамбар” деген өлеңіне эпиграф етіп Мережковскийдің “Дети ночи” өлеңінің:

*Устремляя наши очи,
На бледнеющий Восток.
Дети скорби, дети ночи,
Ждем, не придет ли наши пророк, -*

Деген жолдарын алған екен. Озінің бейнешіл /символист/ әріптесіне еліккеді ме, әлде Мережковскийдің аталмыш өлеңіне: - күншығыстан шықкан пайғамбар мен! деп жауап бергісі келді мс, әйтеуір ақын:

*Күнбатыстан қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Түнеріп жүр түннен туган перілер,
Тәңірісін табанына таптаған.*

*Күнбатысты қараңғылық қаптаған.
Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаған.
Білген емес иман деген не нәрсе,
“Қарын” деген сөзді гана жаттаған.*

*Түн баласы түнерген түн жамылған,
Аллага емес, әзәзілге табынған.
Інжілді өртеп, табанга сап құранды,
Әділдікті күткен ессіз “қарыннан”.*

*Қап- қара түн,
Кайғылы ауыр жер жыры,
Қап- қара түн. Күңіренеді түн ұлы,
Күншығыста ақ алтын бір сзық бар;
Мен келемін, мен пайғамбар – Күн ұлы.*

Деп кете беретін жолдар “Пайғамбар” өлеңінен үзінді. Мағжан ақын қандай өлең жазсын, не туралы жазсын ашы да айқайлад жазады. Ашынған жаны, тасыған қаны Мағжан өлеңінің әр жолынан көрінеді.

Патшалық заманының тегсүрінді тәнкісін бастан кешірген қазак халқы, оның алтын айдарлы ақыны кеңес өкіметінің келгеніне қуанып, құшақ жайып қарсы алған еді, ол ойы мен арманы керсінше болып шықты. 1917 жылғы төңкерістен, азамат соғысынан, 1921-1932 жылдардағы аптықтан зорлықпен кол-

хоздастырудан зықысы шығып, азапка тұсқен, көрген, өзі де соның азабын бастаң өткеген ақын “Пайғамбарды-жазды. Тұспалмен жазды. Мағжан Жұмабаев үлтшыл да, нағыз азамат ақын. Онда ұлттық намыспен әлем биігінен сейлей алатын азамагтық үн басым. Ол көркем байналеудің бар каруын түгел және толық әрі ұтымды пайдаланып, өзге ақындар айта да, пайдалана да алмайтын сиқырлы сөзлі, батыл ойларды айта алатындығы Мағжанның өресін аскактатып жібереді. Оның поэзиясынан бейнелеп айту, (символика) көркем ойды сұлу суретпен өрнектеп, ішкі – сырткы сұлұлықтын нәзік қылын бірдей тартқан үлкен суреткерді, ұлы ақынды тапимыз.

1905 жылы Валерий Брюсов орыс символизміне арнаған “Қасиетті құрбандық” деген мақаласында, - біз ақыннан “қасиетті құрбандықты” талаң етеміз. Ол өзінің өлеңдерін ғана емес, өз өмірінің әр сағатын, сезімі сүйісненшілігін, өшиенділігін, жетістігін “қасиетті құрбандыққа” жұмысауы керек. Ақын өзінің кітаптарын ғана емес, өз өмірін де қайта жаңғыртуға тиісті”, - деген екен. Өздеріне осындай талаптар койған символистер орыс поэзиясына талай-талай жаңалықтар әкелгенні шындық. Ал біздің Мағжан Жұмабаев болса тек қазак поэзиясына ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтар әдебиетіне, поэзиясына да әсері мол. Өлеңнің сырткы түріне, (формасына) оның музыкалығына, үйқастарына көп өзгерістер енгізілді, - дедік. Бұған ақынның “Біраз Фетіш”, “Александр Блокқа”, “Мені де елім әлдиле” және тағы да басқа өлеңдері жатады. Казак поэзиясында үш, алты буынды өлең Мағжаннан бұрын болған емес. Және мұның әүесзділігі де озгеше естіледі. Мәселен, ақынның “Біраз Фетіш” деген өлеңін оқыық: Ғашық болған екі жастың жібектей тұндеғі кездесуін ақын былай суреттеген. Оны ол символика тілімен, белгімен, тұспалмен жазған:

*Жібек түн,
Еәрі тың.
Сайраган,
Жайнаган.
Екі жас –
Екі мас:
Жүрек мас,
Көзде жас!
Сүттей Ай.
Терең сай:
Булбұл,*

*Гүл – гүл,
Екі жан,
Ыстық қан
Жан ессіз
От сүйіс,
Орман
Тынган.
Белдер
Гүлдер
Күбір,
Сыбыр
Тұман –
Таң, таң! –*

Француз және орыс символистерінің біразы жер бетінде ұлы, тарихи катализмнің (топан су, төнкеріс т. б.) болатынына елді сендергісі келді. Ақыр заман болса екен, одан кейін жер бстіндес жаңа өмір басталар еді, жаңа мәңгілік дәуір орнар сіді деген қағидада болып келді. Олардың ойынша содан ксійін адамзат тіршілігінде трагедиялық қайшылықтар мүлде жойылады. Орыстың көптеген атақты ақындары өмірден түңілген, өлімді аңсаған өлеңдер жазды. Жер-дүниені от алып кетсе екен, топан су басса екен, сонда жаңа тіршілік, бүгінгіден басқаша өмір құрара едік деген сарын басым жатты олардың өлеңдерінде.

Бір куанарлығы, кеменгер ақын символист Магжан Жұмабаев олім туралы қалам тартқанымен өмірден безініп, түңілгендік байқатқан жоқ. Магжанның “Мені де өлім әлдиле” деген өлеңіне назар салайыкшы:

*. . . Балдырганмен бастасын,
Сулумен қол ұстасып,
Жас ұланмен жолdas бол,
Жас қайыңды қолга алып,
Баланы сүйіп бір қанып,
Жолаушымен мұңдас бол,
Мен де тезірек өлейін,
Өлі жасып демейіп,
Балқиды жсаным бұл күйге.
Мені де өлім әлдиле. . .
Әлдиле, өлім әлдиле!*

Адамның басына, не келіп, не кетпейді. Куаныш та, қайғы да бұл тірлікте қат-кабат келіп жататын әдеті емес пе? Бір күні қуанасын, бір күні қасірет құшасын. Қу тірліктің қатпа-рында қандай құпия сырлар жатқанын кім біліпті. Оның саған ис сыйлайтынын да білмейсін. Өмірде кездескен өкінішті сәттер де, жан дүниен құлазып, төнірегіне қаның қарайып қараған кез-де, бұл тірліктің не қажеті бар маған дейтін уакыт та болып тұрады. Ашынған тұста бәріміз де, құрысын!- дейміз. . . Со-дан соң. . . райымыздан қайтамыз. Эр жұмыр басты пенденің басында болатын осындай қайғылы жағдай арқылы ақын Мағ-жан Жұмабаевтың да тебесінде кара бұлт болып иірілмеді деп кім айта алады? Бірақ, Мағжаның қарашайым адамнан ерек-шілігі- ол ақын. Соңдықтан ақын қуанса да, қайғырса да көкіре-гіндегі толғанысын ішіне сақтап тұра алмайды. Тезірек қағаз бетіне түсіреді. Жаңағы өлең де жан ашуынан, катты қиналғ-анда қасіреттке ұшыраған ақынның жүргегін жарып шыққан бір сәттік сезім оты. . .

Мағжаның жан жары, сымбатты Зейнеп кенеттен қайтыс болып, жалғыз ұлы Гражданнан айрылса, оған қоса ақынның бар өмірінің өзі трагедия екенін ескерсек, оның дәл осындай, тіпті, бұдан да ашы өлсің жазуына болар еді, бірақ мұнда ажар-лы да әсерлі тосын ой бар. Ол ойды Мағжаннан басқа бұдан бұрын ешкім айткан емес. Өмір мен өлім алмасып келіп жата-ды. Өлімнен ешкім құтыла алмайды. Мағжаның аузынан шыққан аңы өлім, сүйкі ажалдың өзі ғажайып сүйкімді күйге енеді. . . Өнер десе де асқақ мінезді ақын өмірді жырлаушы. Оның күніренуі, назалануы, жылауы мүмкін, бірақ ол ешқашан өмірден түнілмеген. Өмірден безінбеген. Өмірден безін ақын үшін күнә. Ақиық ақын Мағжан Жұмабаевты қүйгелек, жарық дүниені талақ етуші деп түсінбесу керек. Оның табынғаны да, жырлағаны да өзінің жайбасар, марғау мінезді казақ деген хал-лы. Оның шетсіз, шексіз даласы, сұлу табиғаты, мөлліріген аспаны. Сонда оның жырлағаны өмір екен.

Мағжаның “Мені де өлім әлдиле” деген өлеңін 1920 жыл-дары қазақ-татар жастары әнге қосып айтатын болған. Өзуені романс текстес болып келеді екен. Кезінде лентаға жазылмай қалды. Ал ол әнді білетін және орындан жүрген адам да дүни-еден өті.

Ардакты жерлесіміз, сегіз қырлы, бір сырлы азamat, ақын Мағжан Жұмабаев озінің символистігі арқылы қазақ поэзия-сына бірталай жаңаңың енгізген реформатор.

Ендеше, орыс символистерімен терезесі тен тұратын, кейде олардан да жоғарылат кеткен қазақ ақыны Магжан Жұмабаев өз өмірінің, өз халқының тіршілік-тынысын, бүтінгісі мен келешегін бар болмысымен шығармаларына алтын арқау етіп тартты.

ЧАРУЮЩИЕ ЗВУКИ ИЗ СЕРДЦА

В свои 25 лет Магжан Бекенович Жумабаев был признан как поэт не только широкими кругами почитателей его таланта, но и своими выдающимися современниками, которые еще тогда опубликовали о нем свои ставшие теперь хрестоматийными высказывания на страницах печати. «Из казахских писателей я, конечно, люблю Абая. После него люблю Магжана. Люблю его европейское естество, его яркость и блеск. Рожденный в старотрадиционном ауле казахских поэтов и достигший дворцов европейской культуры, красоты, он своей необыкновенной привлекательной внешностью и обаянием был похож на прекрасную дочь Золотой Степи. Магжан - поэт огромной культуры. Его поэтическая индивидуальность настолько уникальна, что он перерастает рамки своей эпохи. Из числа всех нынешних писателей только слово Магжана устремлено в будущее и достойно останется в памяти грядущих поколений. Я не уверен и очень сомневаюсь в том, что сказанное каждым из нас, кроме него, останется в литературе».

Мухтар Ауэзов

«Магжан силен чеканностью, образностью и выразительностью слога. Слова в его стихах подобны жемчужинам, нанизанным на щелковую нить. Стихам его присущи нежность, порою печально-горестная тональность. Подобного поэта, как Магжан, с его теплым, мягким, зефирным звучанием слога, не встретишь среди современных казахских поэтов. Он умеет извлекать чарующие звуки из сердца кобызы».

Жусупбек Аймаутов

«Магжан Жумабаев имеет для казахского народа такое же значение, какое для англичан - Шекспир, для русских - Пушкин».

Алкей Маргулан

«Магжан Жумабаев - вершина, возвышающаяся в сердце нашей духовной жизни, ее видит всяк, кто поднимет голову и обрадуется ей. Знать Магжана, почитать его, гордиться им – значит знать, почитать свой народ, свой язык, свою культуру».

Гафу Каирбеков

«Муза Магжана гармонична, она глубоко раскрывает жизнь, быт и обычай казахского народа. Она одновременно наполнена радостью бытия и страданием, юмором и печалью. Вместе с тем муза Магжана была героической, бесстрашной, она звала к лучшей жизни народа».

Какимбек Салыков

Говорить о жизни и поэзии Магжана Жумабаева без потрясения, без внутреннего удивления невозможно. Видимо, это потому, что настоящий поэт – натура сложная, личность масштабная, несущая громадный духовный заряд. Многие поэты вступают в мир литературы только как поэты. Это есть их естественное состояние души. Потому вначале их стихи в основном о природе, о чувствах, о тайниках человеческой души. Это, если хотите, общая и естественная закономерность. А Магжан переступил порог литературы без этого начального, переходного периода, сразу не только как поэт, но и гражданин, патриот своей Родины:

*В извечных раздорах и спорах, как в вечных трудах,
Ногряз и душою, и сердцем мой бедный казах.
Душа его – сад, но едва распустившийся цветок
Отрадовал он - увяданье лежит на садах.
Неужто казаху задаром вот так пропадать?
Течение жизни его обращается вспять.
Увы, грамотен, но в этом и ваша погибель. . .
Ужель, недоумки, и этого вам не понять.
(Из стихотворения «Мой народ», перевод К. Бакбергенова).
Но лес, все так же тих и светел,
Не дрогнув, продолжает спать,
И мне, похожему на ветер
Вдруг лесом захотелось стать.*

*Пусть сладкий сон во тьме кромешной
Струится снежной пеленой,
Пусть ветер плачет безутешный
И причитает надо мной.*

(Из стихотворения «Все гуще лес». Перевод Л. Степановой).

Или:

*Слышишь, судьба, не хочу подаяний!
Полною мерой отмерь мне страданий,
Жги на огне, в три погибели гни!
Если народ разбуджу я стихами,
Горе отступит, и жаркое пламя
Высушит слезы - к чему мне они.*

(Из стихотворения «Мое желание». Перевод Т. Васильченко).

Вот так переступил высокий порог литературы юный Магжан, которому тогда не исполнилось и двадцати лет.

Магжан Жумабаев - поэт, продвинувший казахскую литературу начала XX века далеко вперед, внесший в казахскую поэзию коренные изменения, сформировавший свою поэтическую школу, великолепный мастер слова, вместе с тем он пламенный патриот своей Родины, своего народа, общественный деятель, положивший на алтарь свободы и светлого будущего своей страны собственную жизнь. В его стихотворении «Соловей», на наш взгляд, это видно наиболее зримо:

*Aх, птичка милая, поведать
Спешу тебе в слезах о той,
За кем пошел навек бы следом,
Разлуку выстрадал душой.*

*Слетай к возлюбленной, в край дальний
И под окном ей с ветки спой,
Как полон я тоской-печалью,
И прежде, чем лететь домой,
Разбереди моей любовью,
Рулады мастерски верша,
Чтоб, дивной трелью околдovана,
Зажглась огнем ее душа.*

*Мне исцеленьем будет лучшим
Твоя лишь песня, может быть. . .
Лишь песней можно тронуть душу
И целый мир заворожить!*

(Из стихотворения «Соловей». Перевод нашего земляка, известного казахстанского поэта Владимира Шестерикова).

Это было время становления казахской интеллигенции. По своему социальному составу, политическим взглядам, идейным устремлениям она была разнородна, но ее объединяло одно – это стремление к свободе, равноправию, независимости, борьба за культуру, просвещение, за счастье своего народа. У ее представителей не было сомнения в том, что прежде всего народ нужно освободить от пут колониальной зависимости, социального неравенства и вывести к свету от вековой неграмотности, темноты и забитости, но в выборе пути у них были не примиримые порой разногласия. Магжан же встал на сторону первых казахских демократов, чей выбор, чьи идеи воплотились сегодня в облике свободного, суверенного, независимого Казахстана. А в поэзии, в лирике, особенно любовной, Магжан далеко опередил современников. Он воспел с присущим его перу необычайным даром красоту самых сокровенных, самых интимных человеческих чувств, с необычайной для той поры открытостью и обнаженностью. Потому его лирика сразу завоевала молодежь, в начале 20-х годов 20-ого века он стал ее кумиром.

К. . .

*Будто степная колючка,
В сердце вонзилась любовь,
Каплет из раны горючая,
Юная, жаркая кровь.*

*Но заживает незримо
Рана в девичьих устах,
Без поцелуя любимой
Мир превращается в пах.*

*Пуст опьяняет с отрадой
Мед его сладостный вновь,
Пей, мое сердце, отраву
С милым названьем – любовь!*

(Перевод Владимира Шестерикова)

Годы, проведенные в Омске, Москве, благотворно сказались на творчестве поэта. Изучение русской классической литературы, личное знакомство с ведущими русскими поэтами того времени явились для него школой, значения которой нельзя переоценить. Не случайно поэзию Магжана отличают высокий романтический накал, ярчайшая символика, чарующая образность, что присуще истинной поэзии. На самом деле ведь поэзия - прежде всего символ, образ. С этой стороны Магжан далеко ушел от современных ему казахских поэтов. Это не могло не вызвать ревности, порой черной зависти. Не случайно многие с легкостью подхватили «модные» тогда ложные обвинения Магжана в пантюркизме, национализме и буржуазности. Магжан, как великий Пушкин, сумел показать в поэзии свой народ всесторонне; его менталитет, душу и характер, своеобразие и неповторимость. С этой точки зрения Магжан, как и Пушкин - поэт глубоко народный. Удивительно, ни один современник Магжана из числа поэтов, писателей, ученых, общественных деятелей, будь то Ахмет Байтурсынов, Мержакып Дулатов, Мухтар Ауэзов, Габит Мусрепов, никогда не сомневался в его высокой поэтической одаренности и мастерстве. Даже его идейные противники Сакен Сейфуллин и Сабит Муканов не имели к нему претензий как к выдающемуся поэту. Они полностью признавали мощь и силу его поэзии. Пусть они и называли Магжана поэтом «патриархальным, пессимистом, слезливым», но никогда не порочили высокого качества его стихов.

Таким образом, главная особенность Магжана - в невиданной доселе силе поэтического дара, пламенности, чарующей душу нежности, волшебной изящности, таинственной обаятельности, загадочности мощного воздействия поэзии.

В этом смысле он то сродни Пушкину, то Байрону, то Лермонтову.

Он ведь и сам был человек-загадка, для кого обычная профессия, обычное бытие поэта были венцами сторонними. И тут на память приходит абылкеское: «Я человек-загадка, подумай и об этом...». На самом деле жизнь Магжана была гораздо труднее, чем у Абая, который обращался к потомкам, чтобы они не очень строго судили его, поскольку шел он непроторенным, с множеством преград, путем. Не всякий может заметить, что в поэмах «Коркыт», «Кобыз Койлыбая» Магжан изобразил собственный облик. В образах великих предшественников в искусстве он искал свою похожесть на них, искал себя. Мы все

называем себя патриотами своей Родины, детьми своего народа, гордимся ими, горячо их любим, почитаем их за святыни. Однако, если посмотреть глубже, наши любовь и гордость, мне думается, слишком односторонни. Говоря о них, мы прежде всего имсем в виду засланные просторы степей, сверкающие озера, высокие горы, густые леса, батыров и певцов, сал – сэре, знаменитые асы и празднества, яркие торжества. Пусть так. Однако, если любишь родной край, свой народ, люби без избирательности, целиком. Любишь степных гордых красавиц, звенивших волшебным звоном шолпы – люби так же невзрачную преклонных лет старуху, кого в три погибели согнулся тяжелый быт. Любишь благодатные уголки природы, се оазисы люби и пустыни с ее песчаными бурями, обжигающим зноем и тоскливым однообразием. Не можешь? Значит, ты неискренен. Неискренность сродни подлости. А вот поучиться и поклониться Маждану за его великую любовь к родной земле, к своему народу стоит. Подтвердим это его же стихотворением «Люблю»:

*Ее волосы как бы посыпаны пеплом,
Она – еле живая и полуослепла,
Скоро будет ей сто, коль Аллах ей поможет.*

*И сидит она, четки перебирая,
Не зная, осталось ей сколько до рая.
Могильную сырость уж чувствуя кожей,
Это мать моя бедная в старости тяжкой.
Другим мне этого не объяснить,
По я не могу ее не любить.*

*...Всегда пребывающий в полуудремоте,
Всегда в малахах, что скроет зевоту,
Избравший лишь лень себе вечной опорой.
По старым заветам все так же живущий,
С отарой встающий, с отарой бредущий,
Есть народ мой «алаши», на движение нескорый,
Другим мне этого не объяснить,
Но я не могу его не любить.*

*Мираожной завесою вечно покрытый,
В буранах, взывающих грозно, сердито,*

*С зимою, как саван, и с летом свирепым.
Не имеющий леса, не имеющий рощи,
Не имеющий гор, где вода в речках ропщет,
А имеющий только лишь мертвые степи,
Это вот Сарыарка – моя родина в дреме,
Другим мне этого не объяснить,
Но я не могу ее не любить.*

(Перевод Ауэзхана Колара.)

В этом весь Магжан. А можем ли мы любить так же искренне, без прикрас? Если можем, то это наша счастье. Поэзия Магжана для казахского искусства слова - новаторство и по содержанию, и по форме. Она доставляет истинное эстетическое наслаждение. Магжан творчески использовал и обогатил казахскую поэзию достижениями Блока, Брюсова, Сологуба, Хлебникова и других русских поэтов-новаторов, привнес в нее невиданное доселе словесное изящество. Магжан жил в созданном им мире прекрасного, а в личной жизни не был счастлив, судьба его оказалась трагической. Но, может быть, его счастье в другом. Он навечно в памяти народной.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ЖҰЗ ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

(Телевизиялық хабарлама)

Құрметті солтүстікказакстандықтар, ак иық ақын жерлессіміз Магжан Жұмабаевтың жұз жылдық мерейтойы болатын мезгіл де күп откен сайын жақындан келеді. Облыстық телерадиокомпанияның журналистері мен операторлары(бейнетүсірушілер) ұлы ақынның тұған жері- Сасықкөл өніріне жиі барып ақынның дүбірлі мерекесіне әзірліктін барысымен Жолдызек өнірінің, Есіл бойының тұрғындарына хабардар етіп келеді. Халқымыздың шын мәнінде мактандышина, ары мен ұтыны айналып отырган Магжан Жұмабаевтың ғасырлық мерекесін дарабоз ақынның ағы мен затына сай откізу тек қана буласвтықтардың ишмесс, Жұмабаев атындағы шаруашылықтың ғана ісі емес, бүкіл солтүстікказакстандықтардың да зор міндеті, абырайлы борышы деп түсінуіміз керек. Өйткені Магжан деген атау бүгінде әлем кеңістігінде казак деген сөзben бірдей катар тұр десем артық айтқаным емес. Түркі тілдес елдерде биылғы – 1993 жыл Магжан Жұмабаев жылы атанып отырганың да жаксы білесіздер. Осы сөзіміздің дәлелі ретінде, откен

айда Түркияда, ондағы Стамбул, Анкара сияқты ірі қалаларында болып өткен Мағжан Күндерін ерекше сезіммен айтуға болады. Ұлы ақынның мерей тойын ұрпактан ұрпакқа жеткізіп айттып жүретін ұланғайыр салтанат етіп өткізу кай –қайсымыздын болсын міндеттіміз деуіміз керек. Бұл мереке біздін елдігімізге, тәуелсіздігімізге, тіпті, азаматтығымызға сын. Әлемнің әр түкінінен көлген тойшылар, меймандар Мағжанның елі мен жерлестері жайлы жақсы пікірде болып қайтқаны ләзім. Бұл жөнінде Мағжанның жерлестері, Сартомар ауылшының аксақалы Елгтай Кәкебасев иш агалмыш ауылдағы болімшесі басқарып жүрген Серіkbай Қапаров та орынды айтты. Бүгінде бәрімізге де белгілі болып отырғаны: ұлы ақынның мушел тойы көзінің тірісінде де, о дүниелік болғаннан кейін де аталған емес. Даңғылдық жерлесіміз, тамаша ақын ағамыздын өмірі де, өлімі де трагедия болғанын жақсы білеміз. «Таланттыға тағдыры өніп» деген халқымыздын қанатты сезі Maғжан ағамыздың барлық болмыс тіршілігіне арналып айтылғандай. Ардақты ақынның оз басына, оның шығармаларына, тіпті, осы өткізілілі тұрган мерей тойына байланысты қанқу сөздер күні бүгінге дейін естіліп жатады. Мұндай жәйттер ұлы адамдардың тағдырына, пешенелеріне бітептін секілді. Байқсаныздар күні осы уақытқа дейін Александер Пушкин, Лев Толстой және басқа ұлылар жайында айтылып жүрген кисынды – кисынсыз әңгімелерде шет – шек жоқ. Біздін жерлесіміз, ұлы Maғжан туралы да осыны айтуға болады. Тіпті, осында дүбірлі тойды өткізуін қажеті қаша дейтіндер де табылып жатыр. Ойланп отырсақ, Maғжан Жұмабаевқа той – думанның қажеті жоқ, оған тойды өткіз, өткізбе – бәрі бір. Maғжанның 100 жылдық мерекесі бізге, ұрпакқа қажет, оның ауданына, ауылына керек. Ұлы суреткердің атымен Сартомар ауылды мен кеңшарда қашама тұрғыш үйлер, мәдениет ошактары, мешіт, дәрігерлік орталық, мұражай салынды. Ауыл, кеңшар және аудан орталығына дейін тас жол салынып аяқталуға жақын. Осында жауапты да күрделі җұмыстарды уақытында атқаруда облыс, аудан әкімшіліктері мен күрылыш ұжымдары белсенділік танытып келеді.

ҚУАНЫШТЫ ХАБАР

1988 жылдың 30 желтоқсаны болатын. Жұмыс аяғы, «үй» деп дем айп кабинетімде отыр едім, көзім стол үстінде жатқан газетке түсті. «Казахстанская правда» екен, қолыма алғып газетті бастан аяқ қарап шықтым. Газеттің ен сонғы бетінде «В прокуратуре Казахской ССР» деген тақырыппен КазГАІ-

тың хабары жарияланыпты. Хабарламаның сонғы түйіні мынау: «Верховный суд Казахской ССР, рассмотрев протесты с участием прокурора республики, уdevлюторил их в полном объеме. Дела в отношении Л. Байтурсынова, М. Джумабасева и Ж. Аймаутова прекращены, и они реабилитированы. М. Джумабаев по одному из уголовных дел был реабилитирован еще в 1960 году».

Сенер –сенбесімді білмей, әлгі мәтінді қайта – қайта оқимын. Мағжанның фамилиясы Жұмабаев болу керек кой, бұл неге Джумабаев? Олде баска кісі ме? Құлағымыз Мағжан Жұмабаевка үйренген емес пе, түсіне алмай дал болып қалды. 1960 жылы қылмысты істерінің біреуі бойынша акталған дегенине караганда осы Мағжан ағамыз болу керек деген ойға келдім. Коңілімде әлі де құдік бар.

«Жок бұл Мағжан, Мағжан!»-деп айқайладап жібердім білсем. Өзіме бір жігер, қүш бітті ме?! Бойым бір калтырап, бір ысып, өзімді - өзім ұстай алмай орнынан тұрдым ла кабинетте тенселіп жүре бердім. Мағжан менің бала құнімнен жаксы көретін ақынным, менің ол арманым еді гой. Мен ғажайып ақынның сұлу, сырлы жырларын жаттап естім. Ауылымдағы көне көз қариялардың аузынан естіп, өлендерін жазып алатынмын. Олар маған Мағжан өлендерін жазып алуға алдыңда рұқсатын берсе де, кейін корқып, «Бала, сен мұны ешкімге көрсете корме, бірсу біліп калса, пәле болады. Мағжан халық жауы, сол себепті, оны үкімет атып тастаған. Олар білсе екеумізді де атады»- Бала, осы қағазынды жыртып тасташы», -деп жалынғандай болушы еді. «Ата, мен ешкімге көрсетпей, өзім ғана оқимын», -деп сендерімін өзімше оларды. Қарағашта аузы дуалы, сөзге ұста Мағзұмның Жұнысы, Ешкейдін Баяны, Ахметтін Исады деген карттар болған-ды. Мені Мағжанмен «дуалаган» осы шалдар еді. Енді ис тұрыс бар, оргамызға ораған ұлы Мағжанды оны жылдар бойы аңсал, іздеп, сағынып отырған елі-жұрттына, Жолдызегіне, Қызылжарына ана алыстағы Сасықкөліне хабарладап, сүйіншілеу керек кой. Мұндай үкілі ойымды өзім қызмет істеп жүрген телевизия арқылы орындауға мүмкіндік бар. Бұл қүнде бұл өнірде телевизорсыз үй жок, кеш болса елдің бәрі телевизорды төніректеп, көгілдір экранға төніп отырады. Менің куанышымда шк жок, ойым - озіммен бірге елімді дс Мағжанымен куанту, ақын ақынның күміс сыңғырлы жырларымен де қауыштыру.

Әлі ссімде, 1965жыл сді. ҚазМУ-дың филолог-студенттері Қазакстан Жазушылар одағының үйіне орналысқан “Простор”

журналының редакциясында болатын. Бәрінін күтетіні Мағжан-ның портретімен шығатын журнал. Журнал редакциясының әр қызметкерлерінің тұсында бұйра шашы бұркыраған, екі көзі тосталғандай, кслбетті Мағжаның портреті ішулі тұрады. Ол тұстагы әнгіме дс, сөз де Мағжаның олеңдері жайында. Бірдес мен әдеттегідей редакция төнірегін торып жүр елім, журнал редакторы Иван Шухов кабинетіне қарай беттеп келеді екен. Мені көрген сон ба, әлде бір шаруасы болды ма, көпшілік қызметкерлер отыратын бөлмеге бұрылды, жолай мені де иығымнан қағып, бөлмеге ала кірді. Редакциядағылар әлде не күткендей тына қалып еді, редактор: “Болмады”, - деді. Мағжан бәрі бір шығады, оның күні туады элі, - деді отыргандардың кейбірінс, маган да ұлы ақынның суретін бсріп жатып, көңіл-күйі нашар екенін алабұртып қызарған жүзінен, бұрын да ұлкендеу ернінің түсінкіреп кеткенінен – ак анғаруга болатын еді Иван Шуховтың. Сөйтіп, жерлес жазушы берген Мағжан портретін осы уақытқа дейін сактап келіп едім. Ол маган орыс жазушысының казақ ақыны Мағжанды, оның шығармаларын кереметтей бағалап, оның дарынына бас игені деп түсінемін Коммунистік партияның, Оргалық Комитеттің, оның бюросының түкірігі жерге түспей, “ұндемстің” ықызың атып тұрған шағында орыс жазушысының мұндай ерлігін ауызben айттып жеткізу қыын. Мағжан олеңдерін журналына бастыра алмаса да Иван Шухов ел тан қалатын ерлік жасап еді.

Алла жазса, отыз жыл бойы құпияда сактап келген дүлдүл ақынның сұлу келбеті енді экранға шығады, Мағжан халкымен қауышады! Ол туған еліне, аңсаған бауырларына жырдан шашу шашады. Ауылымның абыздарынан, құйма құлак каријаларынан жинаған, Мағжан аға үйіндсі Зылиқа жеңгімис алған қолжазбалар сиді Мағжан болып жыр төгеді, сыр төгеді ағыл –тегіл. Қөгіллір экраннан қайран ақын күнірекен қайғысын да, күмбірлеген күй – қуанышын да өзінің Сарыарқасына, Жолдызегіне актарады енді. Ойткені ол бұл күнді аңсан, сағындығой. Біз оның бауырлары, жерлестері жыр дүлдүлін сағындық. Оның өр дауысын, арман мен үміт толы қасиетті жүргегінің лұпілін сағындық. Мұның бәрі оның олеңдерінде орынктелген.

1988 жылдың 31 желтоқсаны. Құн боран, аязы да қатты. «Нива» машинасымен Қызылжардан - Бастомар кеңшарына қарай жол тарттық. Қасымдағы жолсеріктерім -кинооператор Валерий Василевский мен жүргізушім Алексей Катума. Телестудияның шаруасының үнемі күйіп – жанып жататынына

үйрениген жолсеріктерім жаңа жыл қарсанындағы мынандай өте шұғыл сапарымызға киналыс білдірген жок. Үйткыған жынды боран күшейді, бір жақсылығы- жол асфальт, Қызылжар мен Омбыны қосатып үлкен жол осы. Біз бұл жолмен 100 шакырымдай жүріп Буласво қаласына жеткениен кейін, Бастомар кеңшарына карай баратын жолға түсеміз. Ол жолмен де бірсынтыра жер жүруіміз керек болады.

Бастомарға ауыл орынға отырған кезде жеттік – ау. Бұл кезде боран да толастай бастаған. Қар ауылдың үстімен жүріп кеткендей, сорайған электр сымдарының бағаналары көрінеді, әр жерде антенналар қарандайды. Ауылға кірген бір ізді көрдік те, біз де сол сораппен жүріп, бір үлкен үйдін ауласынан бірақ шықтық. Үйге кірсем, озіме таныс азамат Бастомар кеңшарының директоры осы үйдің иссі екен. Келін жаймызды айттым. Мағжан ағамыз халық жауы леген жаладан акталып, егемен ел болғандығымыздың арқасында, ортамызға оралып отыр. Мағжан Жұмабаевтың Сәлтай деген інісі болған. Ол кісі осыдан он шакты жыл бұрын дүние салса керек. Сәкеңнің отбасы казір Бастомар кеңшарында тұрады, ол кісінің Бибізайып деген эйелі мен Болат деген ұлы бар деп естіп келдік. Ойымыз алдыңын оларды Мағжан агаларының слімізге оралғанымен қуанту, екінші, ұлы ақын жайыпда Бибізайып ағамыздың көрғен – білгендері, естігендері болса киноға түсіріп, жазып алу. Сөйтіп, Қызылжар теледидарынан көрсетеміз леген мақсатымыз бар.

Шарунылық директоры біздің бұл хабарға үй ішімен масаттанып, қуанысып қалды. Мініп келген машинамызды осы үйдін ауласына қалдырып, өзіміз жаяулап Бибізайып апайдың үйіне бет алдық. Оның кай тұста екенін алдында сұрастырып алғанбыз. Боран басылыпты. Ауыл көшесін кар бітеп тастаған. Оппалап жүріп іздесін үйімізді таңтық – ау. Іздесі келген адамдарымыздың бәрі де үйде скен. Біз ушін бұл да қуаныш болды. Амандық – саулыктан кейін келген жайымызды айтып, Мағжан бауырларының акталғанын жеткіздік оларға, сүйінші сұрадық. Бибізайып апай жылап жіберді.

Менін байқағаным, апайдың мына жылауында оның өмір бойы көрген корлығының зары бар. Кенес өкіметінің осы әuletке жасаған қырып – жою сиякты айуадық әрекеттері жүреккек шемен боп қатқан фой. Бибізайып апайдың көкірегінен қуаныштан гөрі мұн мен өзекті өртер өкініштер басымырақ шығып жатқаптадай. Ғұмыр бойы оксумен жүргісін апайды да, тіпті, Мағжан ағамыздың бүкіл әулестің де түсінуге болады. Мағжан алапштың ақыны еді. Ол халқымыз өзге елдермен терезесі тен,

тәуелсіз ел болсын деп армандады. Мағжан ағамыз қазактың мұнын мұндалап, жоғын жоқтағаны үшін жазықсыз жапа шекті. Мұнымен коймай, ақынның жүзден аса ағайын – туғандары, бауirlары, құда, жекжаттары атылып, айдалып, кесес окіметтің түрмелерінде отырғанына ис дерсің?! Бибізайып апайдың куанышы мен қайғысы аралас жылауында бір әuletтін емес, халықтың касіреті жатыр деп ойлауға тұра келеді. Шындығы солай.

Бибізайып алай ұлы Болаттың қолында тұрады екен. Келіні сырқаттанып калыпты. Мен Болатпен және оның ұлы Дулатпен таныстым. Болат келіншегімен аталмыш шаруашылықта қызмет етеді. ал Дулат зангер болуға талаптанып жүр десті осындағылар.

Бибізайып алай жас кезіндес келбетті, сұлу адам болғанға ұқсайды. Жасы жетпістен коп асса да, «сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» демекін көрілкөе онша бой алдыра қоймаган кескінімен, жанарының оты онша көп суал маған көзі бойындағы қайрат пен қажырды анғартып – ак түр.

- - Мен ол кісіні алғаш рет 8 жасымда көрдім, - деп бастады әңгімесін Бибізайып алай -Мағжан менін туған нағашым болады, апасының – менің шешемнің амандығын білемін деп келген ғой біздің үйге. Менің үшінші сынныңда оқып жүрген кезім. Мен ғұрыптас туыстарымыздың балаларына:

- - Жақсы оқындар, сендердің замандың туды, жана оқімет орнады, - деп бізге қағаз, қарындаш берді. Балаларынды оқытыңдар, оқудап олар қалмасын, -деп әкейге тапсырып кетті. Біз оку оқып жүрдік. Уақытта токтау жоқ кой, өмір етіп жатты. Мен де өсіп, бой жеткен кыз болдым. Ел ішінде әкеммен құла болғысы келетіндер шыға бастады. Әкей мені өзінің ұнатқан кісісіне бергісі де келіпті. Осы кезде Бекен атам:- Бибізайып өзімнің сүйегім, туған қарындасынан туған, менің бір балама осыны берсін, -деп әкейден сұрайды. Әкей аса бергісі келмеген соң, мені Сәлтай (шын аты Сәлімжан) алып қашып әкетті.

- Сәлтай - Мағжанның туған інісі. Мен бұл үйге 1929 жылы келіп бол түстім. Мын барғанда бұл үйде екі айғыр үйірлі жылды, сиыр, қой-бәрі бар екен. Бір айдан соң біздің үйге Қызылжардан Мағжан қайын ағам әйелімен келіп қонақ болды. Әке – шешесімен, туған-туыстарымен қауышып екі-үш күндей болды. Ағалары мен інілері бәрі де бір-бір шанырақ болатын. Мағжан қайынағаны бәрі де кереметтей күтіп, сыйлады, конак етті. Ол кісі Қызылжарда партшколада сабак береді екен.

Жұырда бір шаруаммен Алматыға жүрмекшімін, сол сапар алдында өздерінмен кездесіп, аманда сайын деп келдім деп, өзінің асығыс екенін айтты.

- Сол кеткеннен кейін бір ай болды ма, болмады ма, июниң іші ме, әлде июльдің іші ме, ол кісіні НКВД ұстал алғын кетті. Содан Мағжан қайынаганы коргеміз жок. 1930 жылдың күсында әйел Зылиха мен інісі Сәлтай ол кісіні іздел Мәскеуге кетті. Мәскеуге барғанда бұлар Әлихан Бекейханов ағаның үйіне барса керек. Есігін қағып, мен Мағжанның Сәлімжан деген інісімін дегенде, есіктің аргы жағынан Әлихан аға: «Сен Мағжанды іздел келген оның інісі болсан, ақынның бір ауыз өлеңін оқып бер», -депті. Сәлтай есіктің сыртында тұрып Мағжанның «Сасыққолім -туған жерім» деген олсінің бірнеше шумагын оқиды. Әлсекен бұларды куана құшактаң карсы ала-лы. Ауылдан Мағжанға арнал экелген казы – карта, құрт – майын, киім – кешегін Әлсекен көріп шығады да:»Мынаны да қосып койындар»-деп, бір пар сары ботинканы шүберекке оратып салғызады. Кейін Мағжан: «Сендерге маған келуге көмектескен кім екенін білдім», -депті. Әлиханның бір ботинкасының бас жағында молырак қажалған жері бар екен. Тұрмедегі Мағжан содан білсес керек. Бұтырқа тұрмссінің басшылары Мағжанды туыстарына корсеттігі, онымен сойлісстірмепті, әйтегір арнап апарған киім-кешегін, тамағын беріпті. Сәлтай (Сәлімжан) сөйтіп, ағасының амандығын біліп кана қайтты. Кейін ол кісіні анда жіберді, мында жіберді десіп жүрді. Хат бірде келеді, бірде келмейді. Хатты жөнді ол жерден шығармады да. Сонымен уақыт ете берді. Бір кезде құдай салма-сын, 1937 жылдың дүрбелені басталды да, Мағжан қайынағаның Әбеммусілім, Қаһарман жәнсіз біліп десіп үш бірдій ағасын ұстал экетті. Біләл ишмере ағасы болушы еді. (Біләл Солгустік Қазақстан облысының экімі Серік Сұлтанғазыұлының атасы –М. К.

-Оларды не үшін, кандай қылмыстары үшін ұстал экетіп еді?-деймін мен Бибізайып апайға.

- Әкелері болыс болған, байдың балалары, інісі Мағжан кеңес өкіметіне қарсы өлең жазып жүр, ол халық жауы ретінде сотталған деген жаланы бұл бауырларының бастьарына үйіп – төккен де. Енді бұл пәледен қалай құтыласын? Одан құтылу жок. Ақыры үн демесі бар, НКВД-сі бар тамаша сырбаз жігіттердің коздерін құртты. Олардың баға шағалары аңыраң жестім козыдай қалды даала. Мұхмеджан ағаны да соттады. Бұл кісі де Мағжанның туған інісі еді, айдаудан аман - есен

келіп, Омбы облысның Қасқаат деген ауылында тұрып, ол да өтті өмірден. Ал менің жолдасым Сәлтай 1950 жылы колхозда бригадир болып істейтін еді, оған қарамағындағылардың кейбіреулері наразылық білдіріп, кешеіт байдын баласы, халық жауы Мағжаниның інісі бізге қысым корсетіп отыр. Біз мұны құртамыз деп, Сәлтайдың үстінен шағым түсіріп, оны 25 жылға соттатты. Оны Қызылжардың түрмесінде екі жыл отырғызыда, Семейге жөнелтті. Сонынан іздел барып жүрдім. Ол кісі Мәскеуге, Алматыға арызданып, акыры республикалық сот оның 10 жылын қыскартты да, 15 жылын қалдырды. Сөйтіл жүргенде Сталиннің өліміне байланысты ма, әйтеуір, елге бір жылылық леп жеткіндей болды. Соның әссрі мс, Сәлтай аман-ссен ауылға орауды ғой. Бұл ұмытпасам 1955 жыл болатын. Ол колхозда жұмыс істеп жүрді. Мағжан ағаны 1960 жылы босатылады деген қағаз да шықты, соған да куандық. Ол кісінің акташып, өлендері кітапка басылып шықса Сасықкөлдін басында бір той жасар едім, - деп еді Сәлтай ағасының құрметіне. Оған тағдыр жеткізбеді, ажалға кім қарсы тұра алған, Мағжанның інісі Сәлтай 75 жасында қайтыс болды. Ол қайтқалы да, міне, 13 жыл болды.

-Сіз Мағжан ағамызды бала күніңізде, жас кезіңіздс көрдіңіз ғой. Сол бір сәттерді ссінізгіс түсіре аласыз ба?

-Ол кісі жаз жайлауда келеді. Әкессі бір үлкен отауды арнағы тіктіріп, Мағжан аға әйелімен екеуі ғана сонда отырады. Біз шайқан қайнатып есіктен береміз. Өзі сонда отырып жазады. Не жазатының өзі біледі. Өлендер жазады. Жаңа жазған өлендерін біз оқимыз. Сонда майдың өлеңін де жазды. Жазып берген өлендерді біз оки береміз.

Сол өлендердін есінізде қалғаны барма?-дедім Бибізайып апайға

Ол кісі сонда:

- Май кірді, жер құлпырды,
- Гүлдер жайнап,
- Жібектей көкорайлар
- Жатқан жайнап.
- Суыктан тоңып өлген
- Шыбын – шіркей,
- Тіріліп, канат қағып,
- Быж-быж қайнап, -
- деп өлеңді нәшімен, өзінің мақамымен оки жөнеллі.

- Есінізде калған тағы қандай өлеңдерін жатқа білесіз?-деп едім апай «Тұған жерім – Сасықкөлді» атады.

- Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
- Бетінде күннің нұры балқыған көл.
- Жарасып сағ күмістей ак көбігін,
- Мап-майда мөлдірінде калқыған көл.
-
- Айдын көл, ата коныс, құт болған көл,
- Сусын боп сұрағанға, от болған көл.
- Кеше бірлік, ынтымақ түгел шакта
- Бейне бір сенің басың сүт болған көл.
-
- Ақыық ақын Мағжан ағамыздың Сасықкөлге арнаған өлеңін Бибізайып апай ерекше шабытпен, даусын қөтере бір мұдірмestен жатқа оқып шыкты. Шіркін тұған жер, Сасықкөл, осы әулеттін ен қасиетті мекен-ау. Мына кісінің өленді оқып отыргандағы кескін –келбеттінің өзгеріп сала беруін кара, қалай құштырып кетті, -деп іштей таң-тамаша болдым. Манағы айттып отырган қайғылы уакиғаларын бір сәт ұмытқандай, ғажайып, жаймануақ қүйге еніп, Сасықкөл өніріндегі базарлы шактарын, көкорай шалғынды жайлауын есіне түсірді білем апай.
- Карагым, осы келгеніңе көп рахмет. Біз Мағжан ағамыздың жазықсыздан-жазықсыз халық жауы атанғанына қорланаңып жүрдік, япыр –ай, біз, ұрпағымыз ел бетіне бұқпантайладамай, тұра қарайтын күн болар ма екен, -деп армандаушы едік. Алла арманымызға жеткізді, шүкірлік етеміз гой. Өкініштісі, халық жауы, халық жауының туыскандары дес каша бауырларымызды жер жастаңырды сұрқия саясатты үкімет, оның жандайшап, қол шоқпарлары. Мен соған налимын. Өзімнен тұған жалғыз балам бар, одан тұған немерелерім бар. Өздерін көріп отырындар, бәрі де куанып жүр. Енді осы жастардың өмірлері бакытты болса екен. Бұлардың көңілдеріне кірбін түспесе екен деп тілеймін. Айналайын, талабын таудай болсын, бізді қуантқандай, өзінді алла қуантсын, -деп Бибізайып апай ризашылық сезімін білдіріп жатты.
- Біз маңағы ізімізбен машинамызды қалдырган үйге келсек үй иелері ас дайындаған қоган екен. Түн жарым болғанда Қызылжарға қарай жолға шықтық. Бір жаксылығы боран басылған көрінеді. Әр түсын қар ұстаган асфальт жолмен үлкен

машиналар жүріп, із салып тастапты. Сол ізге біз де түстік. Кызылжарға таң ата жеттік –ау.

- Сөйтіп, ұлы Мағжан Жұмабаев туралы алғаш ұйымдастырған телевизиялық хабарымды 1989 жылдың 4 - жүлдізында солтүстікказақстандықтардың назарына ұсындым. Орыс жазушысы, жерлесіміз Иван Шухов 1965 жылы маган сыйлаған Мағжанның портреті де осы жолы теледидар арқылы жарық дүниеге шықкан болатын. Халықтың қуанышында шек болған жок. Ел – жұрт ақиық ақын Мағжанды мен тірлітіп әкелгендей сезімде болды десем еш етірік емес.

- Ол хабардан кейін телестудияға хаттар қөтеп келе бастады. Қөрермендерден бізге жолданған хаттардың такырыбы – ұлы ақын, жерлесіміз Мағжан Жұмабаевка арналған. Соңдай хаттың бірі Буласев каласынан келіпті. Хат иесі Зейнолла Өлжабасев екен. Зекен көп жылдар бойы аталмыш ауданда, оның кейбір шаруашылықтарында басшылық қызметтер атқарған, ауданға да, облыска да танымал, ел ішінде абырай, беделі бар азамат екенін мен де жақсы білуші едім. Ол өз хатында былай деп жазыпты: Мағжан Жұмабаев бүкіл қазақ халқы мактанды ететін дарабоз ақын. Ол Булаев ауданындағы Сартомар ауылында туып - есken. Соңыктан Мағжан ағамыз, ақын ағамыз бізің, буласвтықтарға жерлес болады. Мен ссқілді ауданың барша жұртшылығы аса қуаныш құшагында, тебіреніс үстінде. Өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді. Мағжан ақынның жырлары біздің аспанымызда қалықтап тұратын болады енді. Мен осы ауданының Каракоға кеншарында бас зоотехник болып істеп жүргенде Мағжан үйіндегі Зылиха шешемізben үш жылдай көрші тұрдық, дәмдес болдық. Сол уақытта Мағжан ағаның азды - қөпті еңбектерін Зылиха шешейден алғып, оқып, тамаша олеңдеріпен сусындаған адаммын. Ал дарынды ақынның бір олсін қылаң берсе, елеңдең, сстігім келіп армандаң жүрстін азаматтың бірімін.

- Жуырда жерлес ақынның Мұтәлап Қантожин дайындалап, жүргізген телехабарынан Бибізайып апайымыздың естелігін естідім. Отбасымен отырып апайдың әңгімесін тыңдал, қатты тебірендік, көзімізге жас алдық. Бұрынғылар: «Откен күнде белгі жок», - деуіші еді. Откен күнде белгі бар екен, -дедім Бибізайып апайдың әңгімесін тыңдал отырып.

- Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы жуырда бірінші рет Қараганды облысының «Орталық Казақстан» газеттіңде жарық көрді. Оны газеткес беруші Жайық Бектұров ағамы-

3. Ол кісі сол газеттің бір данасын маған беріп жіберіпті. Мұны сіздерге жазып отырган себебім, «Батыр Баянның» маған да катысы бар. Баян батырдың казіргі үрпағының бірі мен- алтыншы үрпағымын. Баяннан--Бұлан--Мұсабай--Басшығул-Олжабай--мен, Зейнолла. Ал шындығында менен ақсан бакытты жан бар ма қазір? Өмірге менің табынып жүретін ақынның келді, онымен бірге бабам тірілгендей болды. Кезіндегі мен Баянның үрпағы деп айтуға корқып, корғаштанушы едім. Шүкір, енді менің алдым да ашылды. Менің ендігі тілегім: «Молодежный» совхозына, Булаев ауданына Мағжан Жұмабаевтың атын берсе құба-құп болар еді, -деп жазыпты Зейнолла Олжабаев бауырымыз.

МАҒЖАННЫҢ ШӘКІРТІ

Досым ақын, журналист Владимир Шестериков маған бір күні телефон шалып: -Біздің редакцияға («Ленинское знамя») бір адамнан хат келді. Ол өзінің хатында Мағжан Жұмабаевтан сабак алғанын айтады. Өзі телестудиядан алыс түрмаса керек. Пушкин көшесіндегі 40-үйдің тұрғыны көрінді.

Иә, кәдімгі ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың оқушысынан келген хатты оқығанда бір жағынан көнілімізді куаныш кернесе, екінші жағынан таң қалып, таңырқаушылығымыз да болатын. Жерлес ақынымыздың өмірі мен шығармашылығы жағынан әлі де оқырманына белгісіз болып келе жатқан актандак тұстары мол. Кімге болса да бұл белгілі жәйт, Мағжан ақынның енбектері түгіл оның есімін атаудың өзі өте қауіпті болдығой. Алпыс жыл бойы аты аталмаған ұлы суретқардің өмір жолында да, жыр – дастандарының жазылу тарихында да сырғы бимәлім құпиялары баршылық. Жиырмасынның ғасырдың түлғалы жазушыларының бірі Максим Горькийдің және оның әйелі Пешкованың көмегімен ақын тұтқыннан босап шығады. Карелия тайгасындағы лагерьден бостандыққа шығысымен «туған елім қайдасын?»-деп Қызылжарға бір –ақ тартқан фой. -Мағжан сен тар жерден шықтың, Ленинградта бола тұрайық. Дем алып, тынығын, өз өзінде келіп алған дұрыс, -деп кенес берген Зылиха жеңгемізге: -Құрысын бәрі де. Елге жетейікші, -деген көрінеді. Мағжан ағамыз туған каласына аман-сau келісімен, осындағы Пушкин атындағы мектепке мұғалім болып орналасады. Жоғары кластарға орыс тілі мен әдебиетінен сабак береді. Хатта көрсетілген адрес бойынша Владимир Шесери-

ков екеуміз және қасымызыда кинооператорымыз бар- бәріміз Пушкин көшесіндегі 40-үйге келдік. Хат иесімен әңгімелесіп отырымыз. Жас шамасы жетпістерге еркін келген, бірақ әлі де пысық, тұлғалы қарапайым орыс әйелі. Аты-жөні Татьяна Павловна Нетесова екен. Жуырда «Ленинское знамя» газетің бірінші бетінде өзіме таныс адамның суреті басылыпты. Олай қараймын, былай қараймын, қайда көргенімді ұмытыпты. Газетте аты- жөні бар шығар деп, оқысам, Мағжан Бекенұлы Жұмабаев деп жазылыпты. Сосын барып есіме түсті. Бұл кісі менің мұғалімім болған.

-Бұрын бұл мектепті Ручкин мектебі деп атайдын. Соғыстан бұрын ол мектепті қос қабатты жаңа үйге көшірді де, мектепке А. С. Пушкин атын берді. Ұмытпасам 1936-37 оку жылы болу керек, мен б- сыныпта оқыдым. Біз б-сыныпта 30 шақты бала оқылдық. Есімде қалғандары: Таня Ломаева, (ол оку озаты болушы еді), Виктор Константинов, Володя Скворцов, Леонид Титов, Миша Крашониноков, Таня Подавикова, Нина Морозова, Юлия Волкова. Ал енді бұлардың бірде -бірін бұл қалада кездестіргенім жоқ. Арада канша уақыт өтті. Қайсысының қайда жүргенін білмеймін. Біздің таланымызга соғыс кездесті де, омірімізді қым-куыт етті. Тағдыр бізге аяушылық жасамады. Жап-жас жігіттер Отанды корғауға қолдарына кару алғып соғысқа аттанып кетті. Олардың көбі қайтып оралмады.

Сырт кейпі өте көрікті, әрі байсалды көрінді бізге, -деді Татьяна Павловна. Біздің сыныптың балалары қазак азаматының сабак бергенін бірінші көрү. Сондықтан алғашқы күні ол кісімен кездескенімізше бәріміз сырттай олқысынып жүрдік. Өзін Мағжан Бекенұлы Жұмабаев деп таныстырыған сэттен –ак балаларды өзіне баурап, орыс тілінде мұлтіксіз сөйлейтінін танытып тастады. Ол сөйлеп тұрғанда оның түріне қарамаған адам орыс деп қалатындей еді. Мағжан Бекенұлы өте мәдениетті, сыпайы, ешкімге дауыс көтермейтін адам болатын. Орыс тілі грамматикасы бойынша сабак еткізгенде тақтага мысалдарды ойынан жазатын еді. Сыныптағы 30 оқушы бұл ұстазы-мыздың сабағын бар ынтасын салып тыңдайтын болды. Сол тұста біздің сыныптың орыс тілі мен әдебиетінен үлгерімі де әжептәуір көтерілді. Сабакқа жүрдім – бардым қарайтын окушылардың өзі талпыныс үстінде екенін көрсеткен.

Ол ұстазымның орыс әдебиетінің классиктері А. С. Пушкин, М. Ю.Лермонтов, Некрасов шығармалары туралы откізілген сабактары менің әлі күнгө есімде. Мағжан Бекенұлы ол ақын-

дардың шығармаларын жатқа оқитын еді, -дейді Татьяна Павловна.

Мениң әке мен шешем оқымаған, қаранды адамдар болған. Екі колдың күшімен күн көріп, бала -шагаларын асырап, тәрбиеледі. Ал мен болсам окуға зерек болдым. А. С. Пушкиннің, М. Ю. Лермонтовтың өлең-поэмаларын көп оқитын едім. Қолдары жұмыстан босағанда әке-шешем сол кітаптарды маган оқытушы еді. Мениң әдебиетке құштарлығымды байқаған Мағжан Бекенұлы да бір күні мектепте Таня, сен Пушкиннің «Ескерткіш» деген өлеңін оқышы, - дегені әлі есімде. Ұстазымның маған ол өленді неге қалап оқытқанын осы күнге дейін түсінбедім, -дейді Татьяна Павловна аңы өмірінің іздері іспетті айқыш-ұйқыш әжімді жүзін сипап койып. Ол кісі біздің мектепте жарты жылдай ғана сабак берді. Бір күні ұстазымыз Алматыға кетіпті, ол қазактың керемет ақыны скен, -деген каяуесетті ғана естідік. Содан кейін Мағжан Бекенұлы Жұмабаевты қөрген жокпын., -деді Нетесова Татьяна Павловна. Ол жеті сыныптық білімімен соғыстын өрт-жалынды жылдары озінің енбек жолын бастауыш мектепте мұғалім болудан бастапты. Соғыстан кейінгі жылдары қаламызыдағы заводтардың бірінде құрметті демалыска шықканша жұмыс істейді. Бір ғажабы Татьяна Павлованың әдебиетке, поэзияға деген құштарлығы, сүйіспеншілігі арта түспесе бір кеміп көрмеген. Жасының ұлгайғанына қарамастан кітап окууды өмір бойғы дағдыға айналдырып, оны рухани азық дед түсінеді.

Қазактың ұлы ақыны, жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтан дәріс алған орыс қызы міне, осындай.

Мен 1989 жылы ақын ағамыз Мағжан Жұмабаевтың шәкірті болған Татьяна Павловна Нетесовамен болған әнгімемізді Кызылжар теле арнасынан көрскткен едім.

МАҒЖАНДЫ КӨРГЕН ҚАРИЯ

Жұрген жерімде қарияларды жолықтырсам оларды әнгімеге тартып, өткен- кеткеннен сыйзықтап сыр тарта бастаймын. Біраздан соң қарияның кеңілі көлдей болып, қаптың аузы шешілген тұста Мағжан жайылан да не біледі екен деп сұраймын гой. Көпшілік қарттар ақынның есімін білгенмен басқа ештеге білмейтін болып шығады. Өйткені ел-жүрт, әсіресе, қарттар жағы Мағжан атын атаса бір пәлеге ұшырайтынынан бұрыннан корқып қалған, оның атын атаяуга әлі де сескенеді. Мұндай

үрей, қорқыныш біздің байғұс қаттарымыздың миында, сана – сезімінде қорғасындағы ұйып, катып қалғанға ұқсайды. Мағжан ағамызды қөрген-білген адамдар да азайды. Кейбір қөргендердің жағдайы жоғарыдағыдай. Ұлы ақын жайында білгендарін сыртқа шығара алмай о дүниелік болып кетті. 1990-жылдары қөрші Қорған облысының қазактар қауымы құрылтай өткізіп, сол құрылтайға мен де қонақ ретінде шақырылдым. Қасыма киноға түсіретін азаматты ерте барғам. Құрылтай өтетін жер- Петухово станасасы, бұл өзі аудан орталығы да. Қорған облысы қазактарының құрылтайына қатыса жүріп, осы жакта тұратын, аталмыш жиынға келген карттармен жолығу. Оларды әңгімеге тартып, өткеннен сыр сабактау ғой. Қаритардың сөздері жақсы. Бұл жақта тұратын қандастарымыз ескіден келе жатқан казакы салтты да, өзімізге тән ерекшелігімізді де, қысқасы, менталитетімізді сақтап келе жатқан адамдар.

Халық дегенің қаракүрим. Осы көптің ішінен жұқалтан келген, орта бойлы қара торы карт мені әудем жерден қөріп, қасыма келді. Сакал- мұртың әдемілеп қырған шалдың жүзінде әжімінің іздері де онша көп байқалмайды. Ақсақаға сәлем беріп, жон сұрастым. Ол кісі жуырда мені теледидардан қөргенін айтты. Сонда сіз Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян»қиссасынан біршама өлең оқыдыныз, -деді карт. -Иә, Мағжан ағамызды және оның шығармаларын халыққа таныстырып жүрміз, - дедім. -Айналайын – ау, мен ол кісіні қөрдім ғой деп шал көзіне жас алды.

-Түбім Керей, Шағалақ деп атайды біздің атамызды. Менің туып - өскен жерім мына Тауғаш ауылы-деді шал ел жақты иегімен нұсқап. Мен елден 1928 жылы аласапыранда кеткенмін. Содан бері осы арадамын. Қорған облысының Макушин ауданында тұрғаным 60 жыл болды.

Баля шагаңыз, өсіп келе жатқан ұрпағыныз бар ма, ақсақал? -деймін, әңгімені әрі қарай орбіткім келіп.

-Бар, торт немерем колымда, тұрмысым жаман емес. Атым-Тілембай, Балғабай баласымын. Жасым 83- ке келді. Көп жүрдім, көп қөрдім. Есілкөл жағында да болдым.

-Манағы бір әңгіменізде Мағжан Жұмабаевты қөрдім деп едіңіз. Бүгінде ондай текті адамдарды қөргендер некен – саяк.

-Оны қөргенім, деп бастады әңгімесін Тілембай ақсақал, Қарақоға деген станса бар, соның арғы жағында бір Керейдің елінде болдым. Сол арадан кейін Есілкөлге көшіп барып, онда

Мағжанның Қаһарман деген ағасымен көрші тұрдым. Біз сыйласып, біріміз аға, біріміз іні болып жүрдік. Қаһарман ұзын бойлы, ірі кісі еді. Өте кішіпейіл . Бір күні таңертең Қаһарман келді біздің үйге. Май айының іші болатын. Мені құрдас деп атаушы еді. Құрдас, үйдемісің? –деді есіктен кірер- кіrmesten.

-Ия, үйдемін, аға.

-Қарағым, сен жақсыны көргің келе ме?-деді.

-Е, , неге көрім келмесін. Жаспын, айхай 25 тегі кезім.

-Қарағым, жақсыны көргің келсе, Мағжан ағаң түрмеден шығыпты, соны көріп кел. Қарагер биемді жегем, ал құнаныңды жанына парға сал, балам Ғаділша, женген, үшеуің барып келіндер. Мен елге бара алмаймын. Көкмешіттен алыс емес, Безбожный деген көшеде Мағжанның үйі бар, соңда барасындар. Арбаға бір сүйретпе қымыз, бір тоқты саламын. Осылын барып кайт, шырағым, -деп тапсырды Қаһарман ағай. -Менде екі сез жок. Жарайды дедім. Сонымен үйден шыққан күні жүріп отырып Булаевтың түбіндегі бір кондық та, екінші күні сәске кезінде калага келдік. Қызылжарға келсек Мағжан үйінің төрөзесінен қарап отыр екен. Біз келгенде қакпаның алдына шыға келді. Қакпаны ашып бізді орамға, кошеметтеп үйге енгізді. Аз-кем отырдым да, атымды ағытайын деп далаға шықсам, ол кісі атты ағытып байлап қойыпты. Қандай кішіпейілділік десенші, мені жассың гой, өзің істе деп тұрған жоқ. Ана койды соя кояйын деп ыңғайландым. Қарағым бір жыл болды кой сой-мағанымға өзім соямын, үйге кіріп отыра бер, -деді. Әлгідей болмай ол кісі койды сойып, үйге кіріп, әңгімелесіп отырдық. Сол үйде бір түн кондым. Мағжан ағамен түннің бір уағына дейін әңгімелестік. -Байқап отырсам сіздің созініз осы үкіметке, тіпті, қарсы емес, жақын сияқты көрінеді маган. Сізді не үшін тұрмеге жапты?-демін себебін білгім келіп.

-Әй, қарағым- ай, мен әлі тұрмеде отырмын, мен түрмеден шықтым деп ойламаймын. Мені бұлар бір жыл сынайын деп шынарып отыр, -деді Мағжан аға. Мениң мынадай өлеңім бар. Соның бір – екі ауызын айтайын:

*Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сүм өмір абақты гой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жсаным күйіп жсанады да.
Ку өмір қызығы жсоқ қажытқан соң,
Толғанып қаруым сол баяғыға.
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар,*

*Әдемі ертегідей бағыда.
Әдемі өткенді ойлан айны масам,
Сұм омір күшті уын аяды ма?
Ертегі уаттай ма баланы да,
Сөз сиқыр гой, жазбай ма жараны да?
Ақын да бір бала гой айға үмтүлган,
Еркімен өз – ақ отқа барады да.*

- деп өзімді өзім отқа салып тұрмын ғой, осымен кеттім ғой, - деді. Мен Алашорда жағында болдым. Алаштың ерлері туралы макала жазбақ болып, Кекшетауға барғанда бір аксақалға кездесіп, ол маган бір тұн бойы Батыр Баянның ерлігі, батырлығы жайында әңгімеледі, баяндады. Үйге келген соң 300 жол қисса ғып жазып шығардым. Мұның үкіметке карсы болды, сонымен кеттім, қарагым, -деді Мағжан аға. Жас кезім ғой, бір түндс сол өлеңді жаздырып алып келіп едім. . 1941 жылы соғысқа кеттім. Мен соғыста жүргенде әйелім қайтыс боп кетіпті Үйімнің іші быт - шыт болып, еш нәрсем қалмапты. Кеше Қызылжардың телевизорынан Мағжанның «Батыр Баян» қиссасын бергенде мен сол жырға қосылып кетсем керек. Үйде құдағыым да телевизор қарарап отыр еді: -атамды қарандар, анау өленге қосылып кетті, -деп күліп отыр. Қарагым –ай, ол ақын Мағжанның өлеңі ғой. Мен Мағжан ағанын бұл өлеңін жаттаап алған едім.

-Ал, сиді сол Мағжанды көрсөніз, ол кісі қандай адам еді?- деп сұрап қойдым.

-Аққұба, ұзын бойлы дер едім мен өзімшіе. Аппақ қудай кісі еді. Тұрмаден шыққан адам ағармағанда қайтушы еді? Ол да бар шығар. Ал енді сөзге тамаша шебер, жәй сөйлем отырғанда тақпактаپ, өлең шығарып отыргандай сойлейді екен, -деді карт шынымен қайран болып.

-Мағжанға басқа туыстары да келе алмай отыр- ау?-дедім тағы да.

-Келе алмады. Қаһарман менімен бірге бір стансада тұрды, бірақ Қызылжарға келе алмады. Оның елде жүргенін біреу көріп қалса, «ұн демеске» хабарлап қояды. Содан соң халық жауының ағасы деп ұстап әкетеді оны. Ол кісі осыдан қорыкты.

Кеше соғыстың ішінде Қаһарман ағаның әйелі Ғаділша де-ген ұлымен Макушинде мениң үйімде болып, бір тұн қонып кетті.

Мана айттым ғой, Мағжан ағамен қалай кездескенімді. Күні бүгінгідей ол кісінің кескін-келбеті, аздап ақ қырау шалған қара

шашы көз алдында. Оның сөйлеген сөзі, өлең окудағы макамы, әдемі дауысы көнілімде, құлағымда санқылдап тұр. Алашым, қазагым деп мерт болған сырбаз жігіт қой. Көргенім-ай, шіркін -ай, сол кісіні! Жүргегім жаңыш барады, -деп қария козіне жас алды. Тебіреніп кетті білем.

МАҒЖАН АТЫМЕН...

Қазактың ұлы ақыны, Абайдан кейінгі дарабозымыз, өзіміздің төл тумамыз Мағжан Бекенұлы Жұмабаев. Ол халық жауы деген жаламен сталиндік репрессияға ұшырап, 1938-жылы атылылып кетті. Түркістан әскери округінің 1960-жылдың 8-шілдедегі шешімімен Мағжан Бекенұлы Жұмабаев өлгеннен кейін акталды. Ал оның толық акталуына тағы да 20 жыл көрек болды. Трагедия, міне, осында. Қазактың Мағжаның сұқпаңы сүймейтіндер әлі де бар екен. Олар әлі де мықты отырған болып шықты.

Қазактың мәдениеті мен әдебиетіне аса зор еңбек сінірген ұлы ақынның рухы енді ғана туған жеріне оралып отыр. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды. Мағжан ақын қазак еліне жүзденген жылдар бойы ансан құтқен егемендігімізді ала келгендей болғаны да рас. Осындағы куаныш үстінде ақ иық ақынға көрсетер құрмет те зор болуға тиіс. Мұнымен қоса Мағжан Жұмабаевтың туганына 100 жылдық торқалы тойы да жақындалап калған.

-Біз, эр қайсымыз, Мағжан, Мағжан, - деп улап – шулап журміз ғой. Бірақ осы жерлес ақынның қолымызда шығармасы жок. Алматыдағы жазушылармен сойлессем, эне- міне кітабы баспадан шығайын деп жатыр, - дейді. Көпшілік жұрт ақынның шығармаларымен танысқылары келеді, -деді бір жинальста облыс әкімі В. Гартман шын мәнінде өкініш білдіріп. Облыс мәдениетін баскарлып жүрген Виктор Лапухин көзі құлімдеп мен жаққа қарады да: облысымызда жазушылар одағының мүшелері бар –Қанғожин, Шестериков, -деді. Ол «ку» менде Мағжан Жұмабаевтың колжазбаларының барлығын көптен білетін еді. Өйткені ақынның колжазба жырларын ауылдағы шалдардан, Бибізайып апайдан, ақын, аудармашы Хамза Абдуллин ағадан, тағы сол сияқты көзі ашық, көкірегі ояу адамдардан жинағанымды 1960 жылдары машинкаға бастырып, облыстық паргия комитетінің екінші хатшысы Әнуарбек Шмановка, журналистер Дүйсенбі Әуелбековке, Тұрсынбай Кәкімовке және басқа да «аузы берік» азаматтарға таратқан едім.

Ақынның өлеңдерімен танысқан азаматтар тамсанып айтып жүретін. Солардан ол да естіген болу керек. Мағжан ағамыздың бірлі - жарым өлеңін Владимир Шестериков та орысшага аударған. Тамаша деп ол да таңдай қағып жүретін еді.

Егер баспадан Мағжан шығармаларын басып шығаруга мүмкіндік тапсаныздар, мен қолжазбадан құрастырып беруге дайын екенімді айттый. Орыс тілінде бұл кітапты ақын Владимир Шестериков әзірлеп беретініне сенімім барлығын білдірдім.

-Бұл дұрыс болды. Енді дереу кітапты бастырып шығару керек, - деді әкім. Жігіттер тездетініздер, - деп ол атаулы күнге уакыттың аз қалғанын ескертті. Кітапка «Сарыарқаны сағындым» деген ат беріп, облыстық «Ленин туы» газетінің Бас редакторы, досым Бакыт Мұстафинге апардым. Ақынның кітабын қатесіз, сапалы шығарайық. Бұл өнірде асыл ағамыздың кітабы алғаш шығайын деп тұр. Газетші көзінмен карал, үтір - нұктесіне дейін сүзіп шықшы деп етіндім. Кітапка редактор деп Бакыт Мұстафиннің есімін де жазып қойдым. Сонымен бір айдың ішінде Мағжан Жұмабаевтың «Сарыарқаны сағындым» деген жыр жинағы алғаш Қызылжарда оқырман колына тиді.

Досым орыс ақыны Владимир Шестериков та ұлы Мағжанды орыс тілінде жырлатып, «Летящее пламя» жинағын Қызылжар баспасынан шығарды. Сөйтіп, ел -жұртты ақын ағамыздың әсем жырларымен сусындарды.

Солтүстік Қазақстан облысының зиялды қауымы Қызылжарлың бір көшесін және бір алаңын Мағжан Жұмабаев атымен атауды үйіргарған. Халықтың бұл етінішіне қалалық кенес атқару комитетіндегілер он көзкарас танытып, Мағжан атына лайыкты алаң іздеңстіре бастаған - ды.

Тың әпопеясының 30 жылдық мерекесі тұсында Петропавл қаласынын Куйбышев аудандық атқару комитеті коммунист көшесі мен интернациональный көшесінің киылсындағы алаңға ескерткіш қою жөнінде ұсыныс жасады. Ол монумент алаңның ортасында, КарПИ-филиалы үйінің қасында бой көтермек еді. Сөйтіп бұл алаңды (Тың) Целинный алаңы деп атайды деп біраз жұрт шуылдасты да, соңынан бәрі ұмыт болып қалды. Бұл мәселе мен қайтып ешкім айналысқан да жок. Әйтеуір, осы жерде бір дөңкіген тастың бірнеше жыл бойы жатқаны анық.

Бірақ, бұл аланды бұрынырақта косманавт Шаталовқа да берген деп шыкты бір адамдар.

Бұл кезде Қызылжар қалалық халық депутаттары кенесі атқару комитеті төрағасының орынбасары болып Болат Сәрсенбасов ініміз істейтін еді. Бірде ол журналистермен кездессіп, аланға Шаталовтың да, целиннийдың да аттары берілгендегі туралы ешбір құжаттың жок екенін жеткізді. Кезінде Күйбышев аудандық атқару комитеті ресми қаулы да қабыламаған көрінеді. Қыскасы, бұл аланға ешкімнің ат берілмеген болып шыкты.

Өкінішке орай, қаланың бір көшесін де, біз, зиялды қауым таңдаған аланды да бірден Мағжанның еншісіне бере қою да қынның қынына айналды. Себебі, ақынды қаланың көпшілік халкы білмейді. Сондыктан жұртшылыққа да, қалалық онамастыкалық комиссия мүшелерінс дс Мағжан Жұмабаевты таныстыру қажет болды. Облыстағы газеттер мен телрадио журналистері ақын қынның өмірі мен шығармашылығы жайлар жиі жаза бастады.

Мағжанның немере інісі Гаділша Қахарманов өзінің бауыры туралы: «Өкініші кетпес жайт сол, Мағжан қаламы нағыз дер шағында токтады. 1927 –жылы ол елге оралды. Ол оқытушылық қызыметпен айналысты, жана жырлар туғызды. Саяси бет –бағытын түзетіп алған Мағжан ақындық шабытының кемел шағына да келген еді. Бірақ, тағдыр бұйрығы басқа болды. Жазықсыздан жазықсыз Карслия коцлагеріне қамалды. М. Горький мен Пашкаваның (Горькийдің әйелі) көмегімен одан 1936 жылы кесілген мерзінен бұрын босанып еді, бірақ, бір жылдан аса уақыттан соң Алматыда ежовшылардың қанды шенгеліне ілікті. Міне, жарты ғасыр бойы біз Мағжан ағамыздан көз жазып қалдық». -деп еді егіліп.

Облсовпрофтың мәжіліс залында өткен ардагерлердің кездесуінде соғыс ардагері Виталий Кошкин: «Қазактың ұлы ақыны Мағжанға мұражай үйін осы қалада салу керек. Қөп ақша кетеді деген сөзге мен қосылмаймын. Одан мемлекетіміз жарлы бола коймайды. Белінген ақшаны ретімен жұмсаса болғаны. Себебі, сталиндік коцлагерлерде болып, қорлық –зорлықты бастан кешкен ұлы ақын ақыры атылып кеткен. Осында жерле сімізді, тұлғамызды келешек жастарға таныстыруымыз керек –ақ. Мағжан Жұмабаев туралы мағлұмattар өзінің мұражайында – тарихта қалғаны жөн емес пе. Мен сіздерге мына бір оқиғаны айткым келіп тұр. Романовтардың 300 жылдық күрм-

тінен патшалық заманда Петропавлда ескерткіш –мұражай үйі салынды. Міне, сол үй әлі тұр, дін аман. Қазір механикалық техникум үйі есептеледі. Бірақ, оның «Романовтардың 300 жылдығы» құрметіне салынған екенін слідің бәрі біледі. Сіздер ақынның құрметінс алаң, көшө оның есімімен аталау керек деп жа-тырысыздар. Оларың да көңілге конады. Өте дұрыс. Сонымен бірге, қаламызда Мағжан Жұмабаевтың мұражайы болғаны да жақсы, - деген болатын.

Мағжанның өмірі мен шығармаларын насиҳаттауда Мәлік Мұқанов, Ұлжан Жұмабаева, Ерік Асқаров, Владимир Шестериков, Бақыт Мұстафин, Болат Қож phметов, Галина Райш, Зейнолла Әкімжанов, Қилаж Мағазов, Виталий Кошкин, Қайролла Мұқанов және басқа да азаматтар ұлы жерлестеріне деген сүйіспеншіліктерін танытты. Жақсыбай Самрат, Әдия Ыскакова, Болат Бекенов, Сұлтанғазы Біләлов, Сабыржан Әбілмәжіновтар кала кәсіпорындарының ұжымдарында, окуорындарында телестудияда жиі -жиі болып, Мағжан ағамызың өмірі мен шығармашылығын тілге тиек етсе, ал оның бауырлары Сұлтанғазы Біләлов пен Болат Бекенов әкелері атылып, айдалып кеткенде жастайларынан корлық пен зорлықтың неше атасын коріп осіп – жеткендерін жылармандай болып айттып. Халық жауының балалары болғандықтан бізге деген көзқарас та теріс болды. Сол себептен біз өзгелердей оқып, терен білім де ала алмадық. Үнемі көзге тұрткі болып жүрдік, -деп теледидардан мұнайып сейлегендерін естігеніміз бар.

Алкалы бір жылын облыстық қоғамдық «Долг» клубында өтіп, сонда сөз алған (был күнде марқұм болып кеткен) аяулы ағаларымыздың бірі Қилаж Мағазов Мағжан туралы: «Ленинградқа сапар шексеңіз –«мыс салтатты» Бірінші Петр алдыннан қарсы алады. Оларды былай койып, Қазақстанның бір киырына аяқ бассаңыз, кабагы қатулы, қылышы қырық метр Ермак тұрады тұксіп...».

Аныр-аяу, француз императоры тәуір, орыс патшасы жақсы, Ермак та қастерлі. Сонда қазақ хандары мен батырлары құбыжық болғаны ма? Неге жер төресі Қызылжарда, Көкшетауда Абылай тұрмайды қасқайып? Жаужүрек қараке-рей Қабанбайымыз бер қанжығалы Бөгенбайымыз қайда? Осыны ертеде –ак ескерген Мағжан ақын өлеңі бүгіндеге ұлттық намысынды оятар, батырлық жыры емес не?!»-деп еді.

Ұлы ақынның лирикалық өлеңдерінің бір тобын менің до-сым Владимир Шестериков орыс тіліне аударып, оны кітап етіп

шығарған болатын. Орыс тілді калалықтар Мағжан өлеңдерімен осылай қауышқан еді. Осындай, көп болып қолға алған ісіміздің нәтижесінде, арада аз уақыт өтпей, коммунист көшесі мен алаң да Мағжан атымен аталатын болды.

1989 жылдың 18-күнінде облыстық «Ленин туы» газетінде белгілі акын, аудармашы, жерлесіміз Хамза Абдулининің «Мағжан» деп аталған макаласы басылды. Сонда ол кісі Мағжан Жұмабаев ағамыздың өмір жолы жайында әңгімелей келіп: «Мағжан 1918 жылы Омбы қаласында мұғалімдер курсын ашып, соның директоры болып қызмет аткарды да, 1919 жылы бірінші казак совет газеті «Кедей сөзінің» жауптты редакторы болып істеді. Кейін осы курс те, газет те Қызылжар қаласына көшіп келді. Екі мекмәнің екеуін де Мағжан озі басқарды», - дейді. Қызылжардағы мұғалімдер курсы деп отырғаны, бұрын педучилище болған, казіргі Петропавл гуманитарлық колледжі. Қызылжарлықтар енді аталмыши оку орнына ұлы ақынның есімін беру керек деген мәселе көтерді. Бұл да женіл шаруа емес екенін сезіндік. Облыстық, калалық партия комитеттерінің және облыстық, калалық оку бөлімдерінің жауптты қызметкерлері бас болып, Қызылжардағы қоғамдық ұйымдардың өкілдері бар – бірсыпра азаматтар педучилищеге келдік. Оку орынның ұжымы біздің келетінімізден күн бұрын хабардар болған түрі бар. Себебі, ұжым мүшелері түгел жиналғанға ұқсайды. Мәжіліс залы халыққа лық толы. Жиналғандарға ресми және қоғамдық ұйымдар өкілдері жерлесіміз, ак иық ақын, педагог, жазушы Мағжан Жұмабаевтың осы оку орнының алғашкы директоры болғанын, жастарға бірнеше жыл дәріс бергенін және казактың Абайдан кейінгі тұлғалы ақын екендігін бірінен соң бірі шығып айтып жатыр. Оларда үн жок. Ауыздарына күм күйип койғандай. Сіздер не дейсіздер? Мағжан Жұмабаев ағамыздың атымен осы училищені атасақ қайтеді? Сіздер карсы болуға тиісті емессіздер ғой. Көп үнсіздікten кейін егделеу эйел төмен қарап отырып: «Біз ол адамды білмейміз, естіген де емес піз». Осы текстес сөзді мұрындарының астынан тағы да екі – үш адам қайталады. Қызыл шытпен жабылған столдың орта тұсында отырған директор орнынан ырғала тұрып, шындығында да біз Мағжан Жұмабаевты білмейді екенбіз деп екі қолын екі жаққа жайды. Жұрт шуласып тарай бастады. Лепірін келген көніліміз су сепкендей басылып, училищeden жыларман болып біз де шықтық. Ойлап тұрсаң, бұларға кінә де жок. Мұндағы оқытушылардың барлығы дерлік орыс тілділер. Мағжанды ол тұста орыстар түгіл қазактар да білмейтін.

Педучилищеде болған кездесуден кейін қалада әңгіме көбейді. Қөшпілік жұрт Мағжан Жұмабаевтың өзі құрған окуорнындағы бүтінгі педагогтардың білмestіктеріне реніш те былдіріп жүрді. Бір жағынан бұл Мағжан Жұмабасвтың өмірі мен шығармашылығын насиҳаттауға мықтап кірісу керек екенин ескерткендегі болады. Бұдан былай казакша, орысша газеттер акынның өлеңдерін жіп жариялад тұрды. Осында дарынды берген солтүстік өлкесі де ғажап. Қызылжарда өскен, оқыған. Ақынды бүкіл түріктілес халықтың бәрі біледі екен дег қуаныш, мактаныш сезіміне бөленген қалалыктар да көбейді.

Қысқасы, Ұлы ақын өзінің тамаша лирикаларымен жерлестерінің жан – жүректеріне біртіндеп еніп. қуанышқа бөлей бағсады. Жолдызеск өнірі Мағжан жырларының эсерімен шалқыды, шабыттанды. Қызылжарлықтардың етініш – тілегі бойынша коммунист көшесі мен интернациональный көшесінің қыылсызында алаң және коммунист көшесі Мағжан Жұмабаев атымен аталатын болды. Қуанышымызда шек болған жоқ. Өзім де атальмыш көшенгін бойында тұрушу едім. Бұл мактаныш сезімінен туған жыр еді.

МЕН МАҒЖАННЫҢ КӨШЕСІНДЕ ТҮРАМЫН

*Мен Магжанның көшесінде тұрамын,
Жаз дидарлы жарқыраган тұрагым.
Көңілімнің көтіреді ол хошиң да,
Көкірегіме құйылады жыр- ағын.*

*Мен Магжанның көшесінде тұрамын.
Таңды қарсы ап, Күнге сәлем қыламын.
Ұлы ақынга сиынамын құдайдай,
Маржан жыры қолымдағы құраным.*

*Мен Магжанның көшесінде тұрамын.
Канып ішем оның құусар сыр-әнін.
Нұр бақытты халқыменен ақынның,
Тәуелсіздік салтанатын құрамын.*

*Мен Магжанның көшесінде тұрамын.
Бұырқанып, қайнап, тасып, тұнамын.
Орындалған арманы бол ақынның,
Алаңынан ағытам жыр бұлагын.
Мен Магжанның көшесінде тұрамын.*

Казакстан Республикасы министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 тамызда № 695 қаулысымен Петропавл педагогикалық училищесіне Магжан Жұмабаевтың есімі берілді. . Қазір бұл оку орыны - Магжан Жұмабаев атындағы гуманитарлық колледж. Қазакстан Республикасы Президентінің 2000 жылдың 23 қарашадағы №490 Өкімі бойынша Солтүстік Қазақстан облысындағы Булаев ауданы Магжан Жұмабаев ауданы болып аталды. Егемен елдігіміздің арқасында Магжанның күні тұған жерінің аспанында жарқырады. Сөйтіп, ақын жырлары енді байтақ әлемді шарлап, оның өзі дүние жүзі халқының мактанышына айналды.

Тағдыр – ай десенші! Кеше гана халық жауы деп келген Магжан ақынның жұлдызы Қызылжар аспанында – Қазакия көгінде жарқ етіп, жарқырап, мәнгілікке жаңып тұратын болды.

ҚАРАҒАШ АУЫЛЫНДАҒЫ МАҒЖАН ТОЙЫ

«...Ал енді Сасықколде откен тойдан сон Мұтәллап Қанғожинин Есілдің Оңтүстік батысындағы Қызылжардан 100 шакырым жердегі өзінің тұған ауылы Қарағашқа апарып той өткізуі барлық Магжанды сүйген елді қуантты. Бұл – тек Мұтәллаптің гана емес, күллі қазақ халқының Магжанға деген махаббатын айшықты көрсететін құбылыс сияқты болды». Хамза Абдуллин. «Мұстафа мен Магжан – Тұран елінің даналары». кітабы, 42 - бет. Алматы – 1989жыл.

Иә, мен данышпан ақын Магжан өлеңдерімен бала күнімнен сусындаған адаммын.

Күннен тугар баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге гана бағынам,
Өзім күнмін, өзім – от,
Көзім кысық, сөзім де - от,
Өзіме өзім табынам.

Жерде жалғыз тәнірі – от,
Оттан басқа тәнірі жоқ!

– деп жырлаган ақынға қайран қалып, қайта – қайта окушы едім. Ол тұста Мағжан өлеңдерін жүрттап жасырып оқитынмын. Ал, мені Мағжан өлеңіне дуалаған менің ауылым, Қарағашым, осындағы от ауызды, орак тілді аталарым -шалдар. Олар көбіне домыраға қосып, ақырын ғана ынылдан айтып отыратын еді. Сонау 50-жылдардағы колхоз басқармасы Баян Ешкеев те, колхоз партия үйімінің хатшысы Жұныс Мағзұмов та Мағжан өлеңдерін әнімен, макамымен айтып отыратын. Өлеңнің авторын олар ешкімге айтпайтын.

Бұлар өткен гасырдың басында ашылған Әділбай мектебінің түлектері еді. Кеменгер жерлесіміз Кайсар Тәштитов та аталмыш орыс – қазақ мектебінің түлегі болатын. Мектеп қазіргі Аралағаш ауылы төнірегінде тұрған. Біздің ауылдың бірсыптыра азаматтары осында оқып, Мағжанның, Міржақыптың өлеңдерімен де осы оку орнында достасқан.

Ұлы ақынның өлеңдерін мен де қариялардан жазып алатын едім. Мағжанға деген сүйіспеншілік солай басталған –ды.

1989 – жылдың жазында Мағжан Жұмабаевтың ортамызға қайтып оралуын облыс басшылары, жалпы ел болып оның туған жері - Сасық көл жағасы мен Сарытомар даласында мере-келемекші болды. Осы тойға дайындық жұмыстары жүріп жатқан тұста Мағжан тойын мен неге туған ауылымда еткізбеймін деген ой келді де, елде кеңшар директоры болып жүрген Біржан Кенжеғозинмен ақылдастым. Той жабдығын өзім көтерем, сен тек үйімдастыру жағына қол ұшын берсөң болды деп едім, ага, сізге комектеспегендеге кімге комектесемін, -деп, білегін сыйбанып шыға келді. Қуанғаным-ай! Мын болғыр, нағыз азамат екенін, өзінің текті атанаң баласы екенін танытып таstadtы. Экесі Балғожа ағамыз да ақын жанды, адамды тани білетін, ақылға бай, сөзге шебер адам еді. Мен 50-ге келгенде өлеңмен телефон арқылы өзі құттықтап еді, қайран қарија, ол сонда сырқаттанып, төсек үстінде жатыр екен фой.

Мағжанға арнап туған ауылым Қарағашта той өткізетінімді халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің төрагасы Балташ Тұрсынбаевқа айттым. Ол алдында таңданып калғандай әсер байқатты. Таңданатын да, таңырқайтын да жөні бар. Сырт қараган адамға, мен ұлы ақын Мағжанға кіммін? Бес қайнаса сорпамыз косылмайтын адамдармыз. Менің ол кісімен жақындығым да, туыстығым да жоқ қой. Міне, мәселе

кайда. Бірак ақынның қасиетті рухы мені өзіне тәнті еткізіп, жақынданатып тұрғой.

Сартомардағы Мағжан тойы да керемет дүрілдеп өтті. Менің ауылым Қарагаш – ойдым–оидым ак қайынды орман ішіне орналасқан. Ормандар алыстан сағым тенізінде жүзін бара жатқан кемелердсій, немесе, аралдардай көз тартатыны бар. Алты ай жаз бойы жауын жаумаса да, бұлар өз бояуынан ай-нып көрмеген. Сұлу жер! Нагыз ақындар жайлайтын мекен.

Қарагаш туған жер – ауылым,

Қарагаш – дарқан ел – қауымым.

Таң болып қалар ең бір көрсөн,

Кокшениң тетелес бауырын.

Көк белес, нұлы орман жан – жағы,

Ол қашан кемелге толғалы.

Төсінен ак жамбы шашылған,

Шіркіннің базар – ау, бар маңы.

— деген жырлаптын бір кездс Қарагашымды. Ауыл Ленин аудандық шаруашылық бірлестігі болып тұрган. Шамасы 300 –ге таман тұтні бар іргелі ауыл. Бұл ауылдан талай – талай есімдері елге танымал адамдар шықкан. Қазақстан комсомол – жастарының 1930 – жылдардағы бірінші басшысы болған Қай-сар Тәштитов, Солтүстік Қазақстан және Қекшетау облыстырында Қазақстанның ауылшаруашылығы күрылсының ұйымдастырушылардың бірі, ері бірегейі болып танылған Самеке Ешкеев, соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстанның солтүстік облыстарында қазак жастарының ана тілінде окуларына, олардың институттарда оқып, жоғары білім алуларына сүбелі үлес косқан Өмірзак Файсин және басқа да біртуар азаматтар көп еді.

Негізінен мал шаруашылығымен айналысканмен, ауылдағылар астық та өндіретін. Жері құнарлы.

Қарагаш ауылымың үлкен мәдениет үйіне халық симай кетті. Ауылдың үлкені-кішісі түгел жиналған. Алматыдан, Қарағандыдан, Ақмоладан, Ақтобе, Атыраудан жәнс басқа облыс, аудандардан, көрші ауылдардан келген халық қанша! Облыстық партия комитетінің хатшысы Нелли Александровна Иванова Қарагаштагы Мағжан тойын анып берді де, құттықтау сөзін сейледі.

Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, осы мерекеге жазушылар делегациясын бастап келген жазушы, КСРО Мем-

лекеттік сыйлығының иегері Сәкен Жұнісов:- Жолдастар, қарагаштық бауырлар, қаумалаған халайық! Қуаныштарың құтты болсын, ардакты перзентің, асыл ақының Мағжанның орталарына қайтып келген куанышымен құгтықтаймын! Ал енді Мағжан ағамызға, оның тамаша қасиетті рухына арнап той өткізіп отырған Мұтәллап бауырымыздың адам қайран қаларлық ісі-бүкіл қарагаштықтардың, күллі халқытың ұлы Мағжанға, оның сан сырлы, сымбатты, терен ойлы, өрнекті поэзиясына деген сүйіспеншілігінің символы сиякты, жолдастар. Мағжан Жұмабаевқа арналған казақ –совет әдебиетінін құндері ұлы ақын туып, өскен Қызылжар өнірінде алғаш рет өтіп отыр. Өйткені, Мағжанның түнекті дүниеден акталып келгеніне де бірнеше айғана болды. Осыған бүкіл ел болып куаныш жатырмыз. Бұрын бұл Солтүстік Қазақстан облысында бүкіл республикамызға белгілі үш алып жазушыларымыз бар еді. Олар Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсірепов және Иван Шухов болатын. Енді олардың алдында бүкіл түрік жүртіңін ақыны, сіздердің жерлестерініз, бауырларының Мағжан Бекенұлы Жұмабаев тұратын болды. Бұрындары біз әр қазақ міндетті түрде ұлы Абайдың өлеңдерін окуы керек, білуі керек десек, енді жасамызың бар, жасамысымыз бар- бәріміз де дүлдүл ақын Мағжанның да жырларын оқып, білгеніміз дүрыс болады. Абай өлеңін жатқа білмейтін қазақ, қазақ емес деп жүрген едік, енді Мағжан өлеңін білмейтін қазақ, қазақ емес дейтін боламыз. Ол ушін ана тілімізде сөйлеп, ана тілімізде оқиық, жолдастар. Мағжан шығармаларын орыс тілінде емес, өзіміздің қазақ тілінде, Мағжанның тілінде оқығанға не жетсін. Аударманың аты аудармағой. Мағжан ақын енді тек қана сіздердің ақындарының емес, ол бүкіл Қазақстаниң ақыны болады. Ол осылан Қекшетау, Қостанай Атырау, Ақтөбе, Алтай, Алматымен қауышып, бұдан асып, бүкіл қазақ жерін аралайды, Одан ері орыс елін аралап, ол европага жол тартады. Сөйтіп біздің дара-боз ақын күллі әлем жыршысына, ақынына айналады.

Қарагаш та ақынның ауылы, біздің Мұтәллап ақынның ауылы. Мағжан аталарының орталарына оралғанына куану-ларың тіпті, орынды –ак. Сіздер Мағжанды бізден де артық білуге тиістістісіздер. Өздерінізге жерлес, туыстас ақынның тамаша сырлы да, отты өлеңдерінен алған әсерлерін Мұтәллап та жанына сініріп келген гой. Мағжан тойын өзінің ауылында да өткізіп отырғаны оған деген ғажайып сүйіспеншіліктен, сағыныштан туған деп түсіну ләзім. Тойларының құтты болсын ағайындар.

Қазақстан Жазушылар одағының жанындағы Мағжан Жұмабаев атындағы Қазақстан жазушылар корының директоры, М. Макатаев атындағы сыйлықтың лауреаты, талантты ақын, озіміздің жерлесіміз Ерік Асқаров Мағжан ақынға деген жүрек лүпілін жиналған қауымға жеткізіп еді.

Кадірлі ауылдастар, тойларыңыз құтты болсын! – дей келіп ол Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының кіріспесін:

*Жүргегім, мен зарлымын жарапалыға,
Сүм өмір абақты гой санағыга.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жсаным күйіп жсанады да.
Қу өмір қызығы жсоқ қажытқан соң,
Толғанып қараудым сол баяғыға.
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар,
Әдемі өртегідей баяғыда.
Әдемі откенді ойлап айнымасам,
Сүм өмір күшті уын аяды ма?*

–деп тамаша бір шабытпен жатқа оқыды да, Мағжанның 1938 жылы репрессияға ұшырап атылып кетуі, жалғыз Мағжан ақынның трагедиясы емес, бүкіл халықтың трагедиясы. Трагедиинің сорақысы 1960-жылы Мағжан акталғаннан кейін үш-түнізін жабылып қалуында. Сол жылдары Сәкен Сейфулин, Ілияс Жансүтіров, Бейімбет Майліндірмен бірге шықпауында. Арада 20 жыл өткеннен кейін ғана Мағжан ақын ортамызға оралып отыр, –дей келіп, той өткізіп отырган Қарапаш ауылның азаматтарына, ақын ағасына ризалық сезімін өзінің сұрыпсалма өлеңімен білдірді. Ел дүрілдете қол соғып, Ерікке кошемет көрсетті.

Сез алған ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың немересі Ұлжан Жұмабаева былай деді:

*Кең дала, көресің гой, анау жатқан,
Жібектей жасыл шөптөр бетін жапқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне сол анам еді мені тапқан!*

–деп, Мағжан атам өзінін жері, өзінің елі туралы осылай жазған. Менің аяулы ақын атам өте бауырмал, акқөніл, биязы мінезді адам болғаш. Ол Мәскеуде оқып жүргенде, оған институтта қалып, осында сабак беруін өтінгенде, жоқ, мен ауылға барып, балаларды оқытамын, –деген екен менің Мағжан атам. Менің бар арманым осы депті. Мұны маған Мағжанның сүйікті

жары, менің Зылиха апам айтты. Зылиха апам қазір менің қолымда, Алматыда тұрамыз. Мен өзімнің атынан, Зылиха апамның атынан Мутәллап ағаға Мағжан ағасының құрметіне той өткізіп отырганына көп раҳмет айтамын. Құрметті Қараағаш ауылының азаматтары, бүкіл ел болып Мағжан атамның рухын аспанға көтеріп жаткандарыңызға ризашылығымды айттып, басымды иемін. Барлығының аман болыңыздар.

Мағжан біздің қазақ поэзиясын ғарыштық биікке шарықтаңкан ақын, - деп бағастады өз сөзін Халық жазушысы, төкпе ақын Faғy Қайырбеков. Біз әлі Мағжанның деңгейіне жете алмай келеміз, жолдастар. Ұлы жерлестеріндің орталарыңызға қайтып оралуына қуанып, қошемет көрсетулерінізге қарағанда, қарагаштық бауырлар, сіздер дс ақынсыздар – ау деп қалдым. Иә, шыпдығында да ақынның ауылығой. Мына отырган өзлериңіздің балаларыңызды азамат, ақын еткен сіздер. Қазақстанның қай кирынан болсын ақындар келе қалса, Қарағашка ат басын тірейтін болады. Себебі бұл ақынның ауылы. Ұлы ақын Мағжан тойын кереметтей тойлап отырган да ақынның ауылы. Фажап! Мен өзі сезімнің адамымын ғой. Сіздердің ақын Мағжанға деген ыстық ықылас, сүйіспеншіліктерінізге қуавып та, толқып та түрмениң, бауырлар. Бұл өзі адам ауызбен айттып жеткізе алмайтын құбылыс. Сіздер Мағжанға деген халықтың сағынышын білдіріп тұрсыздар. Мағжан женісінің алғашқы құндері жасасын!

Құрметті Рака! (Рахманкүл Бердібаев ағамызыға қуле қарап) Бүтін мына ақынның ауылында өзіміз бір қазақша кесіле сөйлейікші. Мынандай қалың елдің алдында ақынның бүйірі қызып, өлең оқығысы келеді ғой. Мағжанның «Күннен туған, гүннен туған пайғамбар» деген өлеңі бар. Мен де «Күннен туған» деп Мағжанға арина олсң жазып едім, соны сіздерге оқын.

*Рас қой күн перзенті шынында ақын,
Бәрінен күннің оған нұры жақын.
Жердегі құдайлардың басын иіп,
Бәрі де алдына кеп жығылатын.
Өйткені оның оты шарпылмайтын,
Тірлік жеңіл шарпылғанда балқымайтын.
Тас та жеңіл, тақыр да жеңіл, өзге түгіл,
Алланың елшісіндей аты да айқын.
Колына қалам алса құдіретті,
Ұрышықтай үйіреді ол, жер мен кокті.*

Ұшқан құс, жүргірген аң, жүрген адам,
Бәрін де көз алдында көлбендеңдепті.
Не дерсің тәңірі демей оны сонда,
Жерге бір келіп – кетер, анда – санда.
Болады жер де жесір, ел де жесір,
Болмаса бір ақыны анда – санда.
Сондай жысыр үйреткен-ди Магжан маган,
Мейлі оны адам дерсің багы жанбаган.
Алайда ақындықтың аруагын,
Көтерді ол бүйгіне армандаған.
Не керек ол қазақтың бір шулатты,
Салды да ауызына мың шумақты,
Ана тіл, ана жырдың бұлагынан,
Таңдайын талаілардың шылқылдатты.
Опдалар жер бетінде көп тұрмайды.
Көп тұрып, атагына кір жұқұтырмайды.
Сондықтан аз ба, көп пе алдарқатқан,
Ақын, а жол болады алғыс айтқан.
Сүйегі қалды қурап сан ант атқан,
Бір кезде ақынды атқан, ақылды атқан.
Басына күнде жақсы бір кезек күн,
Ақынның ақ бесігі сол бөбектің.
Әумин! – деп тебірепіңдер, аққайыңдар,
Арманга сан көп айтқан сен де жеттің.
Ал енді шайқалыңдар, қарағайлар,
Басыңа биік – биік тарауды ойлар.
Тарауды асыл жанга, ақын сөздер,
Соны айтып құмтобенің бірі айгайлар.
Арулар қақтырыңдар ән қанатын,
Тән балқып, қызығына жсан қанатын.
Түсемін маржан десе Магжан аты,
Оралды енді бүгін қайран ақын.

Ғафа ағаң поэзия прағымен аспанкөкке қанат қаккандаі, шалқып, тасынып кетті дерсің. Эрбір созін ашық, ақын оқып, тыңдаушысның мақамымен де тәнті ететін ақынға жүртшылық ере-түре келіп, қол соғып тұрды.

-Өлеңді түсінетін аудиторияда оқу керек екен-ая!-деді шаттанып, шабыттанған Ғафу аға.

Ардакты бауырлар! – деді академик Рахманқұл Бердібаев ағамыз, - казак жерінің сонау 10-ғасырда ғұмыры кешкен да-нышпан ғалымы, дүниес жүзіне білімнің шам - шырағын жаққан Эл -Фараби өзінің бір атакты ақын замандасы кайтыс болғанда: -Біздің халқымыздың ақыл ойының кемесресі бір елі түсті – ау, - деген екен. 20-ғасырдың басында өмір сүрген қазактың ұлы адамдарының Шәкірімнің, Ахметтің, Мағжаннның, Жүсілбектің, Мержакып Дулатовтың 70-80 жыл бойы аты атальмай, шығармалары оқылмай келсе, біздің халқымыздың ақыл – ой, парасатын бірнеше елі төмен түсірген.

Өзеннің сұзы шалқып ақса, дәрияның сұзы шалқып ақса, кендалада шөп өседі. Елдің де көркі болады, жердің де көркі болады. Егер озеннің сұзы сарқылып қалса, жаңағы коріктен айырлады. Бейнелсіп айтсақ, халықтың сезін айтатын, намысын корғайтын, рухын білдіретін-акын. Осынау ақындардың, ойшылдардың осыншама уақыт көзден ғайып болып кетуі қын заманда біздің казак халқының рухани дамуына сонша залал келтірді. Бірнеше буын өкілі, ұш буынның өкілі деуге болады, сол адамдарды білмеді. Касиеттерімізді, елдігімізді танымады. Тіліміздің, тарихымыздың, елдігіміздің, намысымыздың жақсы создерін ести алмады.

Сондықтан да біздің ақыл – ой, парасатымыз бірнеше слі томенден кеткен еді. Міне сол ұлылардың оралуымен, соның ішінде ұлы ақынның Мағжан Жұмабаевтың оралуымен, сол дәриядай болып аққан халық парасаты өзінің кемеріне келе бастады. Міне, сол толысан парасаттарының құтты болсын. Абайдың сезі бар:

*«Көп адам дүниеге бой алдырган,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырган.
Олді деуге бола ма ондайларды,
Олмейтуғын артына сөз қалдырган», - деп.*

Қазак жері қандай кен болса, дарынды, данышпан адамдар да көп болған. Әр өнердің бійктері болған. Гете айтады: «Адам баласы Жаратқанмен таласа алмайды. Үлкен тауларды жасай алмайды, үлкен өзенді орната алмайды. Ол адам баласының кольшап келмейді. Нагыз сұлулықты табигат жасайды», - дейді. «Бірақ адамның да кольнан келтін бійктіктер бар. Адамның да кольнан келетін терендіктер бар», - дейді. Терендіктер, бійктіктер деген өнер.

Қазак жерінде күйдің де биік жерлері бар. Анау Құрманғазы, мынау Тәттімбет - шергепе күйдің күмбезін шығарып кет-

кен. Үлкен дарынды әннің мұнарасын соғып кеткен Біржан, Ақан бар. Одан биік әніміз жоқ. Сол сықылды адамның ақыл – ойы жеткендей поэзияның да биіктері бар. Сол биіктеріміздің біреуі Шыңғыс тауы болатын болса, Абайдың елі болатын болса, қазақ поэзиясының тағы бір биігі – дәл осы өлке - Солтүстік Қазакстанның осы бір тамаша әнірі. Осы поэзия биіктеріміздің кайтып оралуы құтты болсын!

Патшаның Сарайы да, ұлылардың мәңгілікке жасаған ескерткіштері де жойылады. Ұқыттың қатал сынына төтеп бере алмайды. Қазақ халқы айтпақшы: «Дүниенің бәрі жойылады, дүниенің бәрі жаңаланады. Туу бар жерде - өлу бар. Бірақ екі – ақ нәрсе өлмейді. Ол- акынның аты, ғалымның хаты», -деген. Міне, Мағжан Жұмабаевтың оралуы өте бір мәні бар, терең құбылыс. Бұл - демократияны тереңдету кезеңіне сәйкес келіп отыр. Тұншықкан ойлар, айттылмаған сырлар, өксікті арманлар жарыққа шығатын заманға келіп отырмыз. Міне, осы заманымыздың қарқынына сәйкес, өшкеніміз жаңып, өлгеніміз тірілді дейміз. Мағжан Жұмабаев туралы жана – жаңа жазыла бастады. 70 жыл бойы ол кара тақтада жазылып келген. Енді оның аты бұдан былай қарай алтын әріптермен жазылатын болады. Мағжан Жұмабаев нисге осыншама қыншылықта түсті? Ақмолла Мұхамедиядтың сөзі бар. Діни мағнналы сөз болғанымен де, керек сөз, терең мағнасы бар.

*Кайғылы пәндерсіне құдай жақын,
Жыларат пәндерсінің асыл затын.
Кімді артық сүйсе, соны артық қинар,
Достың естін дөп мінәжатын, - деген.*

Мағжанның сонша азапқа түсүі, өмірінің ерте қылуды, ылғи белсенділердің, жүлкіндылардың сынына ұшырауы кемдігінен емес, оның артықтығынан. Артық жарапандығынан, халықтың жүргегіндегі сөзді, ойды айта білгендігінен және тайсалмай еркін айтқандығынан. Фасырлар бойы халқымыз жинаған да налықты келешек қауымға бергісі келгендіктен. Шының айтқанда, халқымыздың намысын айтқандықтан. Сол намысымыздың кайтып оралғандығы құтты болсын.

Мағжан Жұмабаевтың өлеңі – қазақ сөзінің ескерткіші. Дүние жүзінің поэзиясында орын алғатын қазақ өлең өнерінің үлгісі.

Ерте замандарда ақындыққа да тәуіп етіп іздел барады екен. Мұрат тауы дейтін болады екен де, сол тауга барып түнегіді екен. Мұрат тауының бұлагынан су ішеді, сонда әлгі адамға

акындық даритын болған. Менің ойымша бұдан былай қарай Мағжан күндері өте береді. Түбінде, ақын боламын, сөз өнеріне жетемін дегендер орны осы жер болады. Тау дегеніміз бейнелі сөз. Бұл жер жазық болғанмен өлеңнің тауы. Сол мұраттауларыңыздың орнаганы құтты болсын.

Мағжан арман еткен елдің ішінде отырмыз. Енді Мағжаның ізбасарлары туу керек. Эр нәрсе өзінің келешегімен жақсы. Орталық қазақстан, солтүстік қазақстан – қазақ поэзиясының орнаған жері. Анау Бұқар жыраудан бастап, бүгігі Сәкен Жұнісів, Ғафу Қайырбековтерге дейін қазақ өнерінің інжу – маржаның, қазақ сөзінің ең асылын жасаған ел бұл. Бүкіл Сарыарқа. Соңғы жылдары қазақтың өлеңнің ғимаратын соққан елдің жазушылар аз шыға бастады. Оның себебі не? Оның себебі, мектептердің азайып кетугі. Қазақтың тілін, мәсегін, дәнін оқитын адамадардың азаюы. Мен ауызаша сөйлегенді тілді толық білгендей деп ойламаймын Кітап тілін білу керек. Сол көшіміз үзіліп қалғандай болды. Қазақтың барлық жері бізге бірдей. Ал әдебетімізді жасаған елдің керуенінің іркіліп қалғаны өте ауыр еді. Мағжандардың, Ахметтердің қайтып оралуынан сол тоқталып қалған көш қайтадан жүрер деп ойлаймын. Ол үшін ана тіліндегі мектептер көбейіу керек. Қазір барлық техникалық институттарда қазақ бөлімдері ашылып жатыр. Енді біздің тіліміз бастауыш, орта мектептің тілі емес, ғылыми тілі болады. Қеңегі Абайлар, Мағжандар салған дәстүрді орнату керек. Эрбір тілдің 50 шакты қызыметі бар дейді. Сол бір қынышылық жағдайда 50 шакты қызыметінің жартысынан астамы жоғалып кетті. Соны орнына түсіруіміз керек.

Мағжанның айым, күнім деп бағалаған тілі аман болсын, соны жараткан елі аман болсын.

Содан шешеннен шешен тізгін алып, карағандыдан келген сыйныш, филология ғылымдарының докторы Бақыт Кәрібаева, Ақтөбеден келген Қойсын Дүйсенова, Есілкөлден келген Баян атты карындастырылған Магжан жайында ойлары мен толғаныстарын тілге тиек етті.

Мағжан Жұмабаевтың шығармаларын жинап, оны насиҳаттап келе жатқан ақын, аудармашы Хамза Абдуллин Мағжаның бұрын көпшілікке белгісіз болып келген өлеңдерін оқып берді. Ақын, жерлесіміз Еслем Зікібаев ақының ақынға арнаған өлеңі оқып, жиналған қауымды риза етіп таstadtы. Тойға келген конактарды Ленин аудандық атқару комитетінің төрағасы Мейрам Әдірессов бауыримыз құттықтады, Мағжан атамыздың

тойына келіп, оның өмірі мен ғажайып жырлары туралы көсіле сейлеп, көнілімізді көтергендерінізге раҳмет десті карагаштық азаматтар.

Ата – бабамың қыстауына, Балықты көлінің жағасына бірнеше үй тіктірдім. Ол кезде қазақ үйін табу да қиын еді. Қобіне мұндай той – томалактарды палаткаларда откізетін едік кой. Сәті түсіп, мұның да жөні келіп қалды.

Балықты көлінің аумағы 15-20 шақырымдай. Атакты Жолдызек бойындағы көп көлдердің бірі.

Атығай қоныс салған Жолдызекке . . .

Бір кезде жау да салған қолды Өзекке.

Айрылып байлығынан көп соққы жеп,

Коз жасы Атығайдың толды Өзекке!

-деп Мағжан жырлған өлкө.

Коктемде Балықтыга Жылымды колінен кішкене озенше(-өзек) арқылы су тасып, қайнап келіп жатады. Сондықтан мұны ел «Өзек» деп атайды. Мағжанның «Батыр Баян» поэмасындағы «қара өзек», «қанды өзек» осы деседі еken қариялар. Баянның інісі мен қалмақ қызын атқан жер де осы тұста көрінеді – міс. Бұл Балықтының батыс жағалауы, Алка ауылдының іргесі.

О заманда, біздің ауылға атакты Акан сері жиі келіп жүріпті. Елдің шарусы жақсы, малға бай болғанға ұксайды. Оның үстіне Байқадам деген атамыз Ақкіктің белгілі биі. Бұл ауылда өнерпаз адамдар да көп еken. Солардың бірі-жылқылы бай, әрі өнерпаз, сері Садуақас деген атамыз. Ол кісі домбырасын алғып күй тартқанда, оның сұлу шұбар аты билеп тұратын болған. Акан сері атығай ішіне келгенде Садуақасты қасына ертіп жүретін көрінеді.

Бұлтындаі сүмбіленің ауып журмін,

Тұсты атығайдан тауып журмін. –

деп басталатын Ақан серінің олесінің осы бір сөзімізді дәлелдейді.

Дарабоз ақынымыз, бауырмызы, жерлесіміз Мағжан тойы да осы ата – бабамың шалқар даласында, айдынына құн қондырған кәүсәр сұлы Балықты көлінің жағасында етіп жатыр.

Ежелден сауықшыл ауылдың сауыққой жастары да тойдың өресін аспандатып – жүр. Эншілік өнерімен бүкіл республикаға танылып қалған Сәлім мен Керей Садриевтер Ақанның, Біржанның әндерін, Мағжанның «Бәрінен де сен сұлу»әнін көзек – кезек шырқағанда сырғалы кербез кайындар да: «Біз бұл


әндерді тындағанбыз, естігенбіз», дегендей, бас изеседі. Әулие ақын жайлы әнгіме, аңыз айтып, сұлулық, мәнгілік өмір, тіршілік жырын жырлайды.

Бір аланда палундар казақша қүрестің көкесін танытып, қызбаланған жұртшылық кепкелерін көкке атып жатқан шуда, дуы да озінше қызық.

Сәйгүліктер тұяғымен күй ойнап, Нөгербек(қыстау аты) даласын үршықша үйіріп барады. Бірде катарласа, бірде соңдарына қарай шыққан қыку, көтерме айқай, казакы жүйріктердің делебесін одан сайын қоздыратындей. Мәреге бұрын жеткен аттардың иелері өзі шапқандай, өзі оғандай мәз - мәйрам.

Біздің казақ той өткізсе, алды – артына қарамай, барын салады ғой. Қазақ бір құшақтаса, мол құшақтайды демекші, бәрі де мол болды. Шүкіршілік.

Облыстық, аудандық партия және атқару комитеттерінің жауапты қызметкерлері Н. А. Иванова, Б. Тұрсынбаев, З. С. Беева, Ә. Ысқакова, М. Едіресовтар Мағжан тойының өту барысында азаматтық, адамгершілік ортақ қоңыл танытты. Ауылдастарыммен араласып, бірге тойлады. Сөйтіп, Мағжан ағамыздың тойының бір бұлағының көзін ашқандай болдым. Ұлы ақынның рухын Қарағаштағы ауылдастарым, елім тәбесінде көтерді, жүрегіне ұяллатты. Мағжанның аруағы жебеп жүрсін деймін.



АСҚАҚ ТҮРҒАН БӘЙТЕРЕК



Ұлы адамдар жайлы естелік жазу ете жоғары жауапкершілікті қажет ететінін біле тұра, өзім аса күрмет тутатын алып тұлға, жерлес жазушы – академик Сәбит Мұқанов жайлы қағаз бетіне үзік сыр түсірмей кешірілмес күнә сияқты көрінді. Өйткені, марқұм Сәбит ағаның сыр алысадар, ой бөлісер жан аямас досы, не болмаса туысы болмасам да сонау Алматыдан туып-өсken атамекені - Есіл өніріне келе қалғанда ұлы жазушы ағаның қасында болып, балалық, інілік ізет корсеткенім, ұлағатты әңгімесін, келелі кеңесін тындағаным шындық.

Менін бұл ісім Сәбит ағага жағыну, болмаса оған көрініп калу емес, дүниеге қайталанып келе бермейтін ұзын жүректі адамға інілік қызмет, сүйіспеншілік, кішілік көрсетуден тұган еді.

Халқымыздың Сәбит Мұқановтай ұлдары көптеп тұа берсе оларға қызмет етуден қазактың кай кара баласы жалығар дейсіз. Ол бір сәулелі бакыт смес пе! Кезінде сондай бакыт менің де басыма қонған.

Ұмытпасам 1967-жылдың маусымында Қызылжарға жерлес жазушы С. Мұқанов келді. Қасында сапарлас серіктөрі де бар. Бірі-корнекті ақын ағамыз Мұзафар Әлтімбаев, ал екіншісі өзіміздің, облысымыздың айтыс ақыны, әнші, домбырашы Игібай Әлібаев. Сәбит ағаның Солтүстік Қазақстан облысына әдейіт ат басын тіреуінде, менін түсінігімше, екі себеп бар. Біріншісі, жылдагы әдесті бойынша тұган жерінс келіп, өзімен бірге өсken жора-жолдастарымен, ағайын-туғандарымен және оқырмандарымен қауышу. Адам баласы егде тартып, қарттыққа қарай бет қоя бастағанда, жас шағында өткен оқиғаларды есіне түсіріп, қызыктап, аңайды. Сол жас дәурендей бірге думандаткан достарды іздейді, сағынады. Міне, сол сағыныш Сәбит ағаны да Қызылжарға жетелейді ғой деп ойлаймын. Жазушының бул сапарының тағы бір мәні бар. Қызылжарлықтар оны Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутаттыққа кандидат

етіп ұсынған болатын. Республика парламентіне ұсынылған кандидат пен сайлаушылардың кездесу рәсімі де болуға тиісті еді.

Ойқаладағы «Заря» кинотеатрінде Сәбит Мұқанов сайлаушылармен кездеседі, сен сонда сөз сөйлеуің керек, -деді бірде телевизия және радио жоніндегі облыстық басқарма партия үйімінің хатшысы Вениамин Федорович Яковлев.

-Онда мен не айтам?-дедім мен шыныммен сасқалақтап. Мен үшін тосын қойылған бұл тапсырмада сенерімді де, сенбесімді де білмедім. Бойымды бір түсініксіз сезім билеп алды. Облыс, республика халқы түгіл, бүкіл Совет елі, барша әлем қол соғып, құрмет тұтатын Сәбит Мұқановтың алдында менің мінгірлегенім қалай болады? Бұл кісі жайында салиқалы да, салмақты ой айту менің шамамнан келмесе не болдым. Эй, осы біздің адамдар да қызық, ештененің байыбына, маңызына жетпестен кем пішіп, келте қайыра салады. Эйтпесе осынау Қызылжардан, тіпті, телерадио басқармасынан менен өзге адам таптағаны несі, -деймін штей күйініп. Дауылды тұнгі аспалы көпірде тұрғандай халімді байқаған парторғ: ничего, -деп мені өзінше жігерлендіріп, ақыл-кенес айтып жатыр. Менің алай-бұлай бұлтактағаным көнетін ол жоқ. Сонымен тәуекелге бел байлаң, алдымен қазақ тілінде, содан соң орыс тілінде Сәбит ағаның кандидатурасын сайлаушылар алдында қолдан сөйлейтін болдым.

Кешкі сағат 17. Кинотеатрдың залы да әжептәуір кең екен. Жиналған халықтан ине шашшар жер жоқ десе болғандай, отырап орын болмағандар түре келіп тұр. Жиналғандардың бәрі де атакты жазушы-академик Сәбит Мұқановты кореміз, сезін тыңдаймыз деген ниетте. Мойындарын соза түсіп, тыныштала калған. Шыбынның ызыны естілетіндей. Осы тыныштықты жазушының тамағын кеней шыққан жіңішкелеу дауысы бөліп жібсрді. Сәбит ага көп сойлеген жоқ. Бірақ, керісінше сайлаушылар жағынан өз кандидаттарына беріп жатқан аманагтары молырак сыйкты. Қаланың мәдениет, әлеуметтік жағдайы кашаннан онбай келе жатқан емес пе?! Сөйлеушілер бірінен соң бірі шығып, өз ойлары мен тілек-талаптарын жіпке тізгендей айтып жатыр.

С. Мұқанов сахна төріндегі қызыл матамен жабылған столдың тұра орта тұсында кен маңдайы жарқырап, қапсағай мол денесімен халыққа қарай ұмтыла түсіп, бар бейілімен, жантәнімен, слідің сезін ынтыға тындал отыр.

Бір кезде маған да сөз кезегі келді.

-Жолдастар, әркімнің өзінің сүйікті жазушысы болады. Сондай жазушы, Сейфуллин, Майліндермен бірге қазак-совет әдебиетінің кара шаңырағын көтерушілердің бірі, академик-жазушы, жерлесіміз, қаламыздың құрметті азаматы Сәбит Мұқапов. Сәбит ағамыздың шығармалары тек қана қазақ оқырмандарына ғана емес, көп үлтты совет халқының бөріне де таныс.

. . . Ағамыздың өмірі мен шығармашылық жолдары эр бір совет азаматына, әсіреле, жас үрпаққа үлгі-өнеге. 335-Подгорный сайлау округі бойынша Қазак ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп ұзынылып отырған ардакты азамат, қадірлі жерлесімізге бір ауыздан дауыс беруге шакырымын, -дедім.

Кездесу аяқталды, жұрт тарай бастады. Сәбит аға да есіктен шығып барады еken, мені көрді де: қарағым, рахмет, екі тілде жақсы сойледін, ана машинаға отыр, бірге барамыз, -деді ссік пеп төрдей ұзын кара «ЗИЛ-ді» пұскан. Алғаның жаңында облыстық атқару комитеті терағасының орынбасары Л. П. Орлова бар еken. Біз отырған машина қонақ үйге қарай бет алды. Ал оған жету үшін алдымен ойдан тауға қарай көтерілуіміз кепрек, білктігі де ежептәуір. «Ойқаланың» бұрылыс-қиылыс көшеслерінен өткеннен кейін біз мінген «ЗИЛ» өрге қарай бет алды. Асфальт жолдың он канатында нағыз өрге шығар, таудың ұшар басында тұрган кос қабатты тас үй жакты қолымсın нұскан, Сәбит аға маган: Сен мынау үйді білесің бе?-деді. Ел-жұрттан естігенім болмаса. . . деп мұрынның астымен мінгірледім. Білмеймін деуді де үят санап, білемін дегенілі айтудан корқып отыр едім, Сәбит аға бар денесімен маған қарай бұрылып: бұл жерде Абылайдың Ақ үйі тұрган деп, ол үйдін тарихынан қысқаша аныктама беріп таставды. Сендер-журналистер туған жердің, елдін тарихын жақсы білгендерін дұрыс болады деп койды жазушы. Аға, біз Абылай ханың атын атауга қоркамыз гой, батылымыз жетпейді дедім, ағымнаң жарылып. Ол кісі енді бұл жерге келмейді, корықпа, -деп мырс-мырс күліп алды да: Абылайдың тарихта болғаны рас, казак халқының ханы болғаны, Қызылжарда аз-кем тұрганы шындық, айналайын. Жолшыбай менен жөн сұрап, қай жерден, қай ауылдан екенімді аныктап жатыр Сәбит аға. Ленин ауданына карасты Қарағаш ауылынанмын дегенім сол еken, аға маған қарай тағы да оқыс бұрылып: иә, Қайсаңдың ауылынансың ба?-дегені. Сол ауылданымын деп жатырмын мен де.

-Е, айналайын, Қайсар.. Қайсар.. деді Сәбит аға ойланып калғандай. Сөйтті де осы өнірден шықкан алғашқы комсомолдардың ішінен бірталай қызмет істеп, Отанына, еңбекші халқына коп еңбек сінірген комсомолдың біреуі Қайсар Тәшгитов, Ол менен төрт жас кіші еді. Біз онымен 1922-жылы осы Қызылжарда «Қазак-татар клубының» сауық кешінде таныстық. Күн сайын болатын мұндай сауық кештерді үйімдастыруышылардың бірі Қайсар екен. Комсомол үйімінде 1921-жылы түскен ол ауыл арасында да бірталай қызмет атқарып, Қызылжарға шыныққан комсомол болып келіпте.

Кейін Алматы қаласында көріп, онымен бұрынғыдан да жақсы танысып, араласып та кеттік.

Қайсарды жақсы көріп калғандыктан мен өзімнің «Сұлушаш» дсп аталағын поэмамның басты бір геройын Қайсар деп атагам, -деп ардақты аға Қайсардың бүкіл өмір жолын, оның Қазақстан комсомолына сінірген енбегін жырдай айтты. Сондағы менің қайран калғаным, адамдардың аты-жөндерін, жер, су аттарын бұлжытпай есінде сақтауы. Өзіміз бірге қызмет істеп жүрген кісілердің есімдерін кейде ұмытып қалып жатамыз. Ал Сәбит аға тірі шежіре, көне тарих еді. Қандай такырыпта әнгіме қозғасаң да тайпалған жорғадай көсліліп кетер еді. Тыңдаушыны озіне тәнті етіп тастайтын, өзіне еріксіз каратастың ғажайып қасиеті бар болатын.

Академик -жазушы С. Мұқановтың Қызылжар қаласын коркейтіп, оның мәдени-әлеуметтік жағдайын жақсартуга косқан үлесі мол. Кейіннен өзінің есімімен аталған облыстық кітапхана, қаламыздығы драма театры мен орта мектеп күршілісі Сәбит ағаның тікелей араласуымен салынған ғимараттар. Оның «Петропавл қаласының құрметті азаматы» деген мәртебелі атак алунының сырьы да осында жатыр.

Конак үйге келсек Сәбит ағаның бөлмесінде Игібай Әлібаев, Мұзафар Әлімбаев, Уакит Темірбеков және Мәлгеждар Әуселбековтер отыр екен. Сәбит аға есіктен кіре бергенде Игібай ақын үкілі домбырасын бебеулетіп жіберді де, өзінің асқақ даусына басты дерсің. Ақын термелеп жөнелді. Отыргандар әнінің қолдап, қолпаштап жатыр. Игібай ақынның мұнысы Сәбит Мұқановқа көрсетіп отырган қошеметі, бір жағынан әзіл сияқты қөрінді маған.. Кейіннен байқаганым, Игібай ақын Сәбит ағамен қалжындараса да береді екен. Әзіл-қалжындары да әдемі, өте жарасып тұратының да көрдім.

Иекен Біржан салдың қөкке өрлеген қанатты әнін де, Акан серінің мұнды әуенін де, Үкілі Ыбырайдың сырлы жырын да шырқады. Сәбит аға ақын дауысы шарыктай көтерілгенде: О-о-о-деген-деп Иекенің көлтүктап, көтермелеп қояды. Сейтін тамаша, рахат құшагына енгендей, әнді құмарта тыңдайды.

-Аға, ертең кешкес телевизиядан сойлуініз керек екен. Басшыларымыз бер цензура қызметкерлері сөйлейтін сезініздің мәтінін сұрайды, -дедім. Не туралы айтады екен дейтін шығар, -деп қойдым тағы да.

-Қарағым-ау, мен не айтады дейсін. Құдай аузыма не салады, соны айтамын да, -деді сылқылдай құліп жазушы.

Сәбит аға Петропавл телевизия студиясына белгіленген уақытта келді. Қасында жоғарыда айтылған жолсеріктері бар.

Меймандармен телевизиялық хабарды мен жүргізіп отырымын. Жерлес жазушы өзінің шығармашылығы жайлы айта келіп, жалпы Қазакстан жазушыларының бүгінгі қол жеткен табыстарын тілге тиек етті. Өзі айтқандай, оның қолында бір шарап қағаз да болған жоқ. Коншілікке айтарын көкірегінсіз бүрын-ақ жазып алғандай. Енді сол жазып алғандарын іркіліссіз төгіп отыр, төгіп отыр, тоқтаусыз, ағыл-тегіл актаруда. Жазушының туған халқына айтарының мол болғаны қандай гажап!

Француздың атакты жазушысы О. Бальзак алпыс роман жазып калдырыған кісі. Мениң Бальзактан да көп роман жазуға мүмкіндігім бар, болашақта жазатын кітаптарыма пайдалануға жинаған материалдарым көп. Денсаулығым жақсы, токсан жас жасауды ойластырып жүрмін, -деп еді Сәбит аға калжыңға басып.

Шыныңда С. Мұқановтың жаңа кітаптары жыл сайын бірінен сон бірі кітап дүкендеріне түсіп жататын. Оқырман қауым сол тұста жалагармағай «Аққан жүлдүзді» құмарта оқып жүрген. Жүрт Сәбит ағаның әлі талай шығармалар береттініне сенетін еді Октябрь деп аталатын жаңаңық лебімен Қызылжар өнірінде болған өзгерістер, азаттық, бостандық жолында ак бандалардан қапыда мерт болған күрескерлер жайлы Сәбит аға облыс көрермендерінің жүргегіне жеткізді.

Қайран Баймагамбет жаңып тұрған жалын едің-ау!-деуші еді ақын Ізтолинді есіне түсіріп.

Бандиттер Қызылжар революционерлерін атып қана қоймай, олардың денелерін балталап, қыльшыпен кескілеген гой. Кескіленіп, туралған денелердің кімдікі екенін айыру мүмкін болмағаннан, бәрін бір жерге жерлеуге тұра келді. Тек Баймагам-

беттің денесін үстіне киген қызыл ала ішкі киімнен ғана айырдық. Ол бір ауыр кезең еді ғой, киім де тапшы болатын. Баймағамбеттің ішкі киімдерінің қызыл ала шыттан тігілуі, сол жоқтыктан еді, -деді Сәбит аға. Ізтолин де сіздердің телестудияларының жанындағы бауырластар кабірінде жерлеңген, - деп акынның өлмес жырын оқып берді.

Қызылжарда Хафиз Базарбаев деген жігіт болды, -деп Сәбит аға қаламызда комсомол ячейкасын алғаш ұйымдастыруушылардың бірі туралы әнгімелеп кететін. Ол өзі қаланың төнірегіндегі былғары зауытының жұмысшысы Базарбайдың отбасында туған. Февраль революциясы болған жылы Хафиз он үш жаста еді. Сол жасына қарамай Қызылжарда ұйымдастыран Сөвден ісіне араласып, белсенділік көрсеткен. Қызылжар большевиктерінен үлкен саяси тәрбие алған. Осындай комсомолдық қызу істе жүрген Хафизді 1921-жылдың басында кулактар мен байлар оны ат құйрығына байладап сүйретіп, азалтап өлтірген. Қызылжарда Ҳ. Базарбаев атымен аталған көше бар Хафиз өлтірілгенмен оның бостандық жолындағы ерлік ісі жас үрпактың есінде мәнгі сакталатынына сенемін, -дейтін.

Есімі елімізге мәлім, әйгілі ақын Мұзафар Әлімбаев академик-жазушы Сәбит Мұқановтың шығармашылығы жайлы, оның Совет әдебиетіндегі орыны туралы көнінен сөз еткен еді.

Әнші-акын Игібай Әлібаев туған елге арнаған өлеңдерін домбырамен орындан берді. Әнші Үкіл Ұбырайрайдың,

Біржаннің әндерін де шырқады. Сейтіп Сәбит ағаны да, корермен көшшілікті де екі өнеріз риза еткен.

1960-жылдары ақын Магжан Жұмабаев туралы ел ішіндс әнгіме көп болатын да, оның халық жауы деген жаладан акталаудың күттетін. Хабар аяқталғаннан кейінгі өзара әнгіме арасында мен Сәбит ағадан Мағжан ақын туралы сыр тарттым. Ол кісі осындай сұрақтың болатынын білгендей, еш бөгеліссіз: Мағжан өте туған ақын еді, күшті ақын болатын, - деп Сәбит аға ақынның «Гұлсім ханымға» деген өлеңін біреу естіп қалмасын деген кісіші, қарлығыңыраган жінішке дауысымен ақырын жатқа оқып берді. Міне, төгіліп тұр емес не! Оның өлеңдері де, поэмалары да осындай, -деп қойды маған жымия қарап.

Сәбит Мұқановтың қаралайымдылығы, жоғары адамгершілігі, ақын-жазушыларға қамкорлығы және ол кісінің қызық-қызық мінездері жайында талай-талай естеліктер жазылары анық. Қамкорлығы дегеннен шығады, 1972-жылдың көктемінде Солтүстік Қазақстан облысына, өзінің туған еліне келгенде

теледидардан сөйлеп, былай деген еді; Бір өлең бар «Тұған жер еш нәрсе жок сенен ыстық, Себебі сенде туып, сенен ұштық». - деген.

«Мынау тұған жердің топырағы, сұзы адамды тарта береді. Мен сің алғаш осы Петропавл уезі, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысынан оку іздел басқа жаққа аттанғаным болса да жылына бір келіп кетпеген жылым болған жок. Биыл да келиш калдым. Оның бір талай себептері бар, Бірінші, тұған жерді керу, сұнына, дәмінен тату, сонымен бірге осы облыстағы Сергеев ауданында тұратын Қазак –совет әдебиетінің көрнекті ақындарының бірі Ғалым Малдыбаевтың 70 жасқа толуына байланысты жасаған тойына келдім. «Іой дегендегенде, ку бас домалайды» десген қазақтың сөзі бар. Ғалым бірге осін, біте кайшаган, менен аздал кішілігі бар, бір жағынан сырқаттау, отырып қалған адам. Соның көңілін көтеріп, әрі халықпен, жерлес бауырлармен, тұған жермен дидарласуға келіп калдым».

Міне, осыдан-ақ Сәбеннің дос-жолдастарына деген қамкор көnlі, сүйіспеншілігі көрініп тұрган жок па!

Солтүстік Қазақстан облысы енбекшілерінің әрбір игі қадамдарына қуанып, ынта-назарын ел жаққа салып жүретін.

Бұл жолы да солай болды.

-Қазір көктем уақыты, жұрт үлкен шаруашылық науқанға кірген кез. Ол егіс науқаны. Мемлекетке астық сатуда Солтүстік Қазақстан облысының республикадағы орыны аса үлкен. Бүтін таңертең радиодан «Қостанай» деген ән естідім.

Тегі Алматыдан айтты ғой деймін, басын ұстай алмай калдым.

Қостанай облысы республикадағы колемі жағынаң және мемлекетке астық сатуда алдыңғы қатарда келе жаткан облыстардың бірі. Ал соның із-өкінесін баса, етегінен үстай, жарысып, кейде озып кете жаздал келе жаткан республикадағы ең көрнекті облыстың бірі-осы Солтүстік Қазақстан. Облыстың егіншілікте, мәдениетте жеткен жетістіктерін естігендеде қуанамыз. Осыдан бірнеше жыл бұрын қазақша айтқанда Қызылжар, орысша айтқанда Петропавл үлкен деревня сияқты болатын. Соңғы он жыл ішінде кала кең канат жайып, өркендей, өсіпти.

Қалапы аралап көрдік. Қала керемет жаңарып, көркейіп келе жатыр, тамаша үйлер салыныпты. Соның ішінде мен үшін ең бір көрікті, театрдың жаңадан салынып жатқан үйі. Бұл макта-

рга тұрарлық үй. Бұкіл Қазақстанды алғанда мұнын алдына түсетін театр үйі кемде-кем. Сонымен бірге қалада тоғыз қабат үйлер бой түзепті. Алдағы уақытта да осындай үйлер салына береді деп ойлаймын.

Жаңа ғана Омбы, Көкшетау, Қостанай облыстарына жер асты құбырларымен су беріп жатқан жерді көріп келдік. Бұл ертегіде ғана болатын нәрсе. Шындықта мұндай игілік, жақсылық ешкімнің ойы түгіл, түсіне де кірген емес.

Биыл жылдың ырымы жаман емес. 15-майдан бастап облыстың барлық шаруашылықтары егіс ісіне жұмылады.

Егін салып жүрген еңбеккерлерге зор денсаулық, жұмыстағының жемісті болуларына тілектестік білдіремін». -деген еді.

Қазақ-совет әдебиетінің қалыптасуын, өркендеуін Сәбит Мұқановсыз ұғыну, түсіну мүмкін емес. Ол Қазақ-совет әдебиетінің нұлы орманында жеке дара көзге ұрып тұратын бәйтерек, асқақ бәйтерек.

Сәбит ағаға деген ыстық ықыластан, сағыныштан туған өлсім бар еді. Сол өлеңімді де келтіре кетуді жөн көріп отырымын.

*Есілдің өзің өскен атырабы,
Күлпірып нудың жырлап жапырагы.
Қырдагы Қызылжарың сағынды ма,
Сәбе!-деп көшелері шақырады.*

*Сен жүрген құба жон да жатыр әлі,
Бүрқылдан күлгін, қара топырагы.
Сағынып талай барған «Тың теңізің»
Сылдыр-сылдыр Сәбе!-деп шақырады.*

*Толқынды толқын қуыт жапырады,
«Дос» неге бұлай сүйн сапырады?!*
Дөңінде «Тұлк ойнақтың» жел сүйлдан,
Сәбе!-деп сыйылтып ән шақырады.

*Кеше-бар, бүгінде ол жоқ. Осы арасын
Тірліктің қалай ғана қош аласың?
Туган жер ұлын жоқтап толғанғанда,
Жүргегің сиздан, көзге жас аласың.*

СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ ТОЙЫ - ХАЛЫҚ МЕРЕЙІ.

(Кинорепортаж)

Академик – жазушы, даңқты жерлесіміз, тамаша сөз зертегері Сәбит Мұқановтың туғанына 90 жыл толуына арналған салтанат Есіл өнірінде жалғасуда. Астанамыз Алматыда өткен мэрекенің бар сұлтулық сәні, шалқар қуанышы, даркан шанағаты Солтүстік Қазақстан облысына ауысты.

Астанамыздан ұшкан күміс канат әуе лайнері Қызылжар әүсжайына бір топ қаламғарлерді, Сәбен отбасының мүшелерін жеткізді.

Меймандар арасында Өзбекстаннан, Белоруссиядан, Якутиядан, Татарстаннан, Томнан, Омбыдан келген ақын-жазушылар бар.

Жазушылар делегациясын Қазак КСР Министрлер Кеңесі тәрағасының орынбасары Құмісжан Омірбаева мен Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы Сайын Мұратбеков бастап келді.

Құрметті меймандарды қарсы алушылар Сәбенің мерей тойына арнайы келісін оның асыл жары Мәриям апайға дәм – тұз ұсынды. Мәриям апай озін және туган – туыстары мен баалаларын, немерелерін жылы шыраймен қарсы алғандары үшін облыс, кала басшыларына ризашылық ықылас білдірді.

«Қызылжар» ансамблінің өнерлі өрендері меймандарға мын бұраған билерін де, қырдың қызыл гүлдерін де сыйға тартты. Қызылжардың тіл үйірген сары қымызы да халқымыздың казакы дәстүр жалғастығын растиғандай болды.

Меймандарды облыс, кала партия, кеңес ұйымдарының өкілдері қарсы алды.

Каланың орталық көшесіндегі облыстық кітапхана Сәбит Мұқанов атында. Меймандар осында кала жүртшылығымен, бұкарашық хабарлар оқілдерімен және қаладагы шыгармашылық ұйымдар өкілдерімен кездесті.

Кездесуді Қазақстайл Компартиясы облыстық комитетті идеология болімі менгерушісінің орынбасары Әдия Ахметова кысқаша сөз сөйлем айтты да, кездесуге келгендерді ардақты ағамағыз, жерлес жазушымыз Сәбит Мұқановтың әuletімен, туысқандарымен таныстыруды.

Жазушылар делегациясы атынан сөз алған көрнекті ғалым, жазушы Тұрсынбек Кәкішев Солтүстік Қазақстан – тамаша



таланттар өлкесі. Бұл кеше гана ортамызға оралған кезінде орыстың үлкен зиялышыры «Казактың Пушкині» атаған, бүтін мүшшеттойын тойлап отырган Сәбит Мұқановтың сөзімен айтқанда Абайдан соңғы ұлы ақын Мағжан Жұмабасев туган олкес. Бұл әдебиетіміздің биік шыңдарының бірі, екі жылдан кейін туғанына 90 жылдығын тойлағалы отырган Габит Мұсіреповтың, орыс –совет әдебиетіне елеулі үлес қосқан, Горькийдің ыстық ілтифатына іліккен Иван Шуховтың туып өскен жері, - деді ғалым

Қазактың тіршілік- тынысын білгісі келген адам тек кана Мұқтар Әуезовтың «Абай жолын» ғана оқып қою аздық етеді, - деді «Жүлдөз» журнальнының бас редакторы Мұқтар Мағауин.

Бұған қоса «Өмір мектебін» міндетті турде оку қажет.

Сөз кезегі Сәбит Мұқановтың сүйікті жары Мәриям апайға келгендे ол былай деді:

Қызылжарға келген сайын мен Сәбит атындағы облыстық кітапханага кіріп шығамын. Осындағы мұражайды да коріп, кітапхана жұмысымен танысамын. Облыстық кітапхананың директоры Бейбітгүл Мағжанқызы да, қызметкерлері де бұл мәдениет ошағын жақсылап ұстап отыр. Өзім соған әрқашан риза болып жүремін. Міне, бүтін де тамаша, жаксы жағдайда екен. Сәбиттің атындағы кітапхананың ел-жүрт алдында көрікті, мазмұнды болғаны жақсы той. Мен ризамын. Кітапхана қызметкерлеріне мың да бір рахмет.

Күрметті меймандар мен қала жұртшылығы Сәбит Мұқанов атындағы көше мен Мир көшесі киылсыкан аланға жиналады. Мұнда да әр ұлттың өкілдері көп жиналыпты. Салтанатты рәсімде қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Дядин мен жазушы Мұстафин сөйледі:

Сәбен Қызылжарға келген сайын осындай қала кошелері халыққа, машиналар легіне сыймай кетуши еді. Бүгін де Сәбенің езі келгендей қаламаыз салтанат құшағына еніп түр. Қазақстанның көрнекті жазушылары, қала халқы келіп онын рухына, аруағына бас иіп тұрмыз.

Бұдан кейін «Қазақ тілі» қоғамы облыстық бөлімшесі басқармасы төрағасының бірінші орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Қабдөш Калиев, көрнекті жазушы Сафуан Шәймерденов, Сәбенің үлкен ұлы Арыстан және басқалары сөйледі.

Қызылжар қаласының орталық көшесінде Сәбене ескерткіш ашылды.

Сол күні кешкісін Погодин атындағы облыстық драма театрының үлкен залында салтанатты кемі болып өтті. Салтанатты кеште облыстық атқару комитетінің төрағасы Шалбай Құлмақанов бағында жасады.

Салтанатты кеште Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы Сайын Мұратбеков былай деді:

Қазақ жазушыларының ішінде сонына Сәбит Мұқановтан мол мұар қалдырған жазушы жоқ. Сәбенің енбектерін зерттеп жүрген ғалым ініміз Құлбек Ергебековтің айтуынша жазушының 50 томнан астам шығармалары бар көрінеді. Ал оның бәрін шығару біздің міндеттіміз. Бүгіндер біз Сәбенің 100 жылдық тойын откізуіді ойластыруымыз керек. Оның 100 жылдығы қарсанында барлық шығармалары жарық көрді.

Сәбенің бүрын қысқартылып басылған, бүрын еш жерде басылмаған шығармалары түгел ел игілігіне айналады.

Саха жазушысы Николай Урсун:

Саха халқы мен қазақ халқының түрлері де, тілдері де бір, - түркі халықтары. Мен сіздерге Саха елінің ыстық сәлемін ала келдім. Сәбит Мұқановтың 90 жылдығы біз үшін де үлкен той. Саха халқының үлкен жазушысы Раффон Данилов Сәбит Мұқановты жақсы біледі. Ол бізге Сәбittің қайтыс болардан екі – үш ай бүрын Саха еліне келіп, студенттермен кездесу откізбекші болғанын айтты. Бірақ сұм ажал оны бұл мақсатына жеткізбеді.

1930 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Кир Степаноевич Амосов жазушы Сәбит Мұқановты жаксы білген. Оның шығармашылығының шындалып, шыныгуына көп көмек еткен, камқорлық жасаған. Жазушы Сәбит Мұқановтың тойы құтты болсын!

Сәбенің шығармаларын туысқан өзбек тіліне аударып жүрген өзбек жазушысы, аудармашы Нәсір Фазылов Сәбен жайындағы ойларын ортаға салды. Қызылжар каласының дәл ортасына Сәбит ағаға ескерткіш орнатылыпты. Мана сол мұсінді көріп көзіме жас алдым. Құдай – ау, Сәбит сияқты да-рынды жазушысы болса армяндар, грузиндер әр көшеге бір – бір ескерткіш орнатар еді. Сәбит аға дүниеден өткелі 17 жыл болып қалыпты. Содан бері орнатылып отырған алгашкы ескерткіш скен. Әрине, Қызылжар көшесінде Сәбиттің, Ғабиттің, Мағжанның, Шуховтың ескерткіштері тұрады әлі. Қызылжар-лықтарға сәлем.

Сәбен тұған өлкенің көркіне көрік қосылып, маусым бояуы қоюлана түскегідей, айшықтана көрінеді. Тойға келген меймандар осынау сұлулық құшағына еніп, ақ қайындар мен аккуларды қызықтайды. Олар кезінде ақын Сәбенді, жазушы Сәбенді де сұктандырған. Тойшылар көші Мамлют ауданына карасты Дубровное селосының тұсына келіп тоқтады.

Меймандарды кеңшар жұмысшылары мен көркемнәрпаздары құшак жая қарсы алып, әннен шашу шашты. Меймандарға казақтың ежелгі конакжайлышының танытты.

Дәүіріміздің ұлы дарындарының бірі Мұхтар Әуезов: «Әрі ақын, әрі романист, әрі драматург және әдебиет тарихының зерттеушісі Сәбиттің аты қазақ оқушысының мол қауымына ете данқты, анық қымбат аттың бірі. Оның аты бүкіл одақ елінің оқушысына да мәлім» деген екен.

Көп ұлттың өкілдері бауырластық, достық, туысқандықпен өмір сүріп келе жатқан Қызылжар өлкесінің аспаны шаттық үндерге, сазды әуендерге толы.

Сәбит ауылы. Дәл осынша қарақұрым халықты ауыл ауыл болғалы қабылданап көрді ме екен? Көрген жоқ шығар. Жазушының жерлестері Сәбене, оның рухына деген ыстық ықылас, сүйіспеншілік білдіріп, ауылда музей-үйі комплексін салып бітірді.

Облыстық атқару комитетінің төрағасы III. К. Қулмаханов сөз сөйлеп, Сәбит Мұқановтың ескерткіш-мұсінінің жамылғысын ашуға жазушының жары Мәриям апайды, халық депутат-

тары облыстық кеңесінің төрағасы С. А. Медведевті және Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ш. С. Сұмағұловты шакырыды.

Сәбенің тас мүсіні биік тұғырда туған елімен, осы тойға арнағы келген меймандармен сәлемдессіп тұрғандай.

Қазак ССР ғылым Академиясының академигі, жазушы Зейнолла Қабдолов, ғалым Тұрыспек Кәкішев тебірсіне, толқын тұрып Сәбен жайлышы, оның өмірі мен шығармашылығының қылда, қызықты шактарын еске түсірді.

Мәриям апайдын жерлестеріне арнаған сөзінде оның жансыры, жүрек толкуы байқалып, бүкіл ел болып Сәбене, оның аруағына, дарынына көрсетіліп жатқан құрметке ризашылық сезімі де айшықталып көрінді.

Сәбит Мұқановтың мұражай – үйі. Жазушы туған ауылында жыл құрғатпай келгенде ат басын тірейтін қара шаңырақ осы Мұнда Сәбенің бауыры Шәкен Мұстафин тұратын еді. Ол да дүниеден отті. Бірак қасиетті шаңырақ, ондагы дүниесмұлік Сәбенің тірі кезіндегідей бәз баяғы қалыптауда сактаулы. Мұнда жазушының қаламdas дос- жолдастарымен кездесу сәттерін бейнелейтін, оның бұраланы көп өмір жолынан сыр шерттетін фото- суреттер көрмеге койылған. Бұгіндер бұл үй халықтың иғілігіне айналып отыр. Меймандар Сәбенің мұражайының жасыл шырша екти.

Уақытта тоқтау жок. Өмір де, заман да өзгеріп, жаңарып, жаңғыруда. Сәбенің өзі айтпакшы, «жаман ауылы» канатын кең жайып, жаңа салынған үйлермен бұрынғыдан да көркейіп, көз тартады.

Сәбенің тойына жиналған халықта қисап жок. Ақ кайынды ойдым -ойдым ормандардың қойнауларында каз -қатар тігілген казакы үйлер. Жамбыл, Сергеев және Қостанай облысына қарасты Ленин ауданының шаруашылықтары құрған ақ ордалар жазушы мерекесінің мәртебесін көтере түскендей, өте салтантты. Бұл ауылы аралас, қойы коралас елдердің Сәбене деген шынайы сүйіспеншілігі болса, ағайындар бір –бірінің рухын көтеріп, куаныштарын бөліскені.

-Сәбит туғанда шүйінші сұрай барған адамға әкесі аяғындағы еттігін шешіп берген екен, -деп әнгімесін жағастырыды Сәбенің сүйікті жары Мәриям апай. Сүйткен Сәбиті сл-жүртүнің мақтанышына айналып отыр. Сәбиттің аруағы бір аунады. Аруағы бір аунады оның, айналайын, алтын халқым. Осындаидай

күрмет, кошемет көрсетіп отырған ел-жұрттыма, халқыма ризамын. Мың да бір рахмет сендерге, -деді Мәриям апай.

Жазушы Сафуан Шәймерденов: Мен өзі Сәбит Мұқановтың баласындай болып кеткен адаммын. Мені жеткіңзен де, окуга түсірген де, жазушы еткен де Сәбен. Мен оған қарыздармын. Сәбен көзі тірісінде халықтың күрметіне боленіп кеткен, сол күрмет әлі де жалғасуда. Сәбен бақытты жазушы. Ол мәнгі өлмейтін жазушы, -деді сөзінің соңында Сафуан Шәймерденов.

«Мен бұл жерге б мың километр жол журіп келіп отырмын, -деп бастады әңгімесін Белоруссиядан мейман болып келген жазушы Кивко. Қазақ халқының ұлы жазушысы Сәбит Мұқановтың 90 жылдық тойы маған ете ұнады. Қарапайым халық Сәбит Мұқанов туралы жазушылардың сабактерін мынау шыжын тұрған қүннің ыстығына қарамастан тындал тұр. Бұл неткен өнер сүйген халық екеніне таң қаласын.

Үлгіткің ойын-сауық, айттыс, бәйге бәрі де тамаша. Мен жазуны тойына мұнша халық жиналатынын бірінші көруім. Қазақ жері даналар еліне, дарындар жеріне айнала берсін».

Айттыскер акындар бірін – бірі бұрыннан білетін болғандықтан да олар сөзсайысқа бірден кірісті. Талай-талай ірілі-ұсакты айттыстарда топқа түсіп, шашасына шаң жүктірмай жүрген Ерік Асқаровтың ересі бүгін де биқтеу көрінді. Жалпы осы айттыста бас бәйгіні костанайлық акын кыз Гүлнэр Қалқаева олжалады. Айттыс акынының «бес қаруын» еркін менгерген қаршадай онерлі кыз бәйгеге тіккен сәйгүлікті ауылына мініп кетті.

Облысымыздың әр ауылынан келген не бір ділмәр-шешендер, көмейінен күміс әні құйылған әншілер мен термешілер, жауырыны «жер иіскең көрмеген» палуандар, не керек өнерлі азаматтардың бірі де бұл тойда қалыс қалған жоқ.

Жазушы Зейнолла Қабдолов:

«Сәбенің тойы Қызылжарда болып еді кеше, енді бүгін Жамбыл ауданында, Сәбенің туған ауылында өтіп жатыр. Сәбенің балалығы басталған жерде даналығы жалғасып жатыр. Мәрмәр тастан өріліп Сәбенің мүсіндері жасалуда. Оларды ашу рәсімінде болдық. Қазактың ұлттық ойындары, ән мерекесі жалғасуда. Сәбенің тойы тамаша өтіп жатыр».

Халқымыздың Сәбене деген шексіз сүйіспеншілігінің, қадір касиетінің нышаны осындай.

СӘБИТ МҰҚАНОВ ТУРАЛЫ ОЙ

Кенес өкіметі құлады. Коммунистік партия азып-тозып, бытшыты шыкты. Ал Сәбит Мұқанов болса кенес өкіметінің бел баласындей болған, қаны да, жаны да Октябрь, ІІсінде деп ұрандалап тұрған адам еді. Кенестік идеологияның жылы лебі бүкіл казақ даласын жайлап алды. Мұнымен бірге еліміз ғасырлар бойы бодандықтан құгылып, сігемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз мемлекет болып, тереземізді басқа елдермен теңестіреміз деп жүрміз.

Жерлес жазушымыз Сәбит Мұқановтың тағдыры не болады? Ол енді тарих сахнасынан түсетін шынтар, -дедік бәріміз, бәріміз болмасақ та кеппілігіміз осылай ойлағанымыз шындық. Уақыт. . . Жылдар етіп жатыр. Жазушы Сәбит Мұқанов өз орнында. Ешқайда кеткен де жоқ, жылжыған да жоқ. Себебі ол халқымен бірге ұзақ ғұмыр жасайтып туындылар жазған үлкен жазушы, халқымыздың аргы-бергі тарихын сары топырактан қопара қозғап, шежірелеген ғалым.

«Ботагөз», Аққан жүлдүз», «Өмір мектебі» романдары, «Сұлушаш» поэмасы, «ХХ-ғасырдағы қазақ әдебиеті» және тағы басқа да толып жатқан прозалық, поэтикалық және драмалық енбектері халықтың қазынасына айналғалы қашан.

Кенес заманында туған үрпак Сәбит Мұқановтың шығармаларының кейіпкерлерімен тәрбиленген, өнегесін алып, өскен. Сәбит шын мәнінде халық арасынан шыққан жазушы, ғалым. Ол әрқашан халықтың тыныс-тіршілігін, арман-мұддесін жырлаудан бір танып көрмеген қalamгер. «Советтік сөзге қаламы, көрмеген істе мұқалып», -деп өзі жазғандай, Сәбит Мұқанов өмір сүрген дәүрінін жалынды жаршысы, насихатшысы. Ол: «кедей таптан шықтым, табым үшін қызмет етемін» деген сенимде болды. Табы оның халкы. Сол табына сөз де, ант та берді. Осы жолға бар күш-қайратын, ақыл-ойын жұмсады. Қызылжарға келген сайын Сәбит аганы телестудияга шақырып, көгілдір экран арқылы әңгімесін тындастын едік. Ол өзінің бүгінгі дәрежеге жетуін Лениндік партия мен Кенес өкіметінің арқасы деп куанышпен айттар еді. Жазушы бұларға имандай сенді.

Максим Горький бастаған орыс жазушыларының шашбауын көтерісіп, «тапшыл» Сәбит Мұқанов Қазақстанда социалистік реализмді қуагтаушылар қатарында корінсілді. Сөйтіп,

қазақ әдебиетін де біртектілікке айналдырыды. Мәселен, керегар бағыт-бағдары бар, әр түрлі пікірлердегі жазушылар, ақындар бұлармен қатар өмір сүрге киын еді. Әсіресе, демократиялық бағыттағы «Алаш»

партиясының мүшелері Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаевтар халық жаулары деп аталды. «Алапордашылар» қазақ жазушылары тапқа болінуді қойып, таптық емес, жалпы казактық әдебиетті өркендеду кепрек», -деген пікірде болды, -деп жазды Сәбит Мұқанов. /Өмір мектебі, 220- бет/ Сөйтіп, Кенес жазушылары таптық әдебиет үшін құрес жүргізді. «Ұлт әдебиеті таптық әдебиетке айнала алмайды», «Ұлт әдебиеті- интернационализмнің карама- карсы беті болуга тиісті» деген бізге карсы ұрандарды өз козімізben оқып, өз құлагымызben естіген адамдармыз. Сондықтан Коммунистік партия халыкты совет әдебиетін жасаумен қатар, оның ғылымын жасауға да шақырыды. Сонда партия шақыруына казакта үн қосқандардың бірі Сәбит Мұқанов болды. ... Мұқанов қазақ совет әдебиетінін правосын қорғаумен бірге, совет әдебиетінін дүшпандарына қарсы соққы берді», - деп жазды Сәбит Мұқанов туралы естелігінде үлкен ақынымыз Әбділда Тәжібаев. «Қәдімгі Сәбит Мұқанов». Естеліктер. Алматы. «Жазушы». 1984ж.

Сәбен (Сәбит Мұқанов – Б. К.) өзінің «Өмір мектебі» мемуарлық трилогиясында Мағжанның өзіне ұстаз болғанын баяндайды деп жазады филология ғылымының докторы, профессор Бақыт Кәрібаева. «..Египет, Греция, Рим тарихын жетік білуіме Мағжанның көмегі болды. Конспектіні менімен бірге жасасты» деп жазды. (С. Мұқанов «Школа жизни», А., 1965г. 47-с.). Сәбен Мағжаннан бір емес, екі рет сабак алады дейдіғалым Б. Кәрібаева. Алайда, ол өзін Совет үкіметінің «қожасы» сезінген шакта Мағжанды ұстаз еткісі келmedі. Кеңестік идеологияға қажетсіздігін көріп, оны қоғамнан аластауға кірісіп кетеді. Сонда уезд бастығы Соколов Сәбене мынандай басу айтып, зиялышын көрсетеді. – Осы өнірде қазақ тілін Мағжаннан артық оқытатын кісі бар ма? – дейді. - Жоқ, - деп, жауап береді Сәбен – Олай болса, алдымен олардың білімін үйреніп алмайсындар ма?! – деген қисынды уәжге Сәбен тоқтамай, оның өзін «контрмен» қорқытып, Мағжанды оқытушылық жұмыстан шығарып тынады.(«Зияльға зәрулік», ҚӘ.25.05.07ж.)

Сәбит Мұқанов Мағжанның ақындығын мойындаған адам. Ол «ХХ-ғасырдағы қазақ әдебиеті» деп аталатын кітабында Мағжанның ақындығына аса зор баға береді.

«...Ақындық жағынан келгенде, Мағжан, әрине, қазактың күшті ақындарынан саналады. Қазактың тілін байыту ретінде, әдебиетке жаңа түрлер енгізу ретінде, Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазакта жоқ. Мағжанның жаңа бір еңбеті мұнау: Мағжанға шейін казак ақындары көбінесе шығыс елінен, әсіресе, араб, парсыдан алатын. . . Мағжан орыс мектептерінде оқып, көбінесе Еуропа пәндерінен сусындаған адам болғандыктан,

Еуропаның оның ішінде, әсіресе, озық әдебиетін тез меншіктейді. Абай қазақ әдебиетіне Еуропа түрлерін шет -пұшпақтап кіргізсе, қазак оқушылары Мағжан арқылы толық танысты». - деп жазды

Сәбен. Ол өмірінің соңғы жылдары туған еліне, Солтүстік Қазакстан облысына, Қызылжарға жыл сайын келіп тұрды.

Әр келуі біз үшін зор қуаныш болатын. Жазушының өмірі мен шығармашылығынан, қазақ әдебиетінің бүгіні мен ертсің туралы үзік-үзік болса да сыр тартуга талпынушы едік. 1965-66-жылдары халықтың аузында жүрген ұлы Мағжан Жұмабаев, оның өлеңлері жайында Сәбит ағадан сұрағаным бар. Ол сонда: -Қарағым, Мағжан үлкен ақын фой. Ондай ақын біздің қазакта Абай гана.

Абайдан кейінгі біздің осы Мағжан, -деп ақынның «Сүй жан сәулем» деген өлеңін жатқа оқып, біраз көңілдене күліп алдып, «Батыр Баян» поэмасы жайлы ерекше сезіммен әңгімелер еді.

Дәл осы тұста халқымыздың ірі тұлғалары ортамызға оралғандай болып, өлгеніміз тіріліш, өшкеніміз жанғандай сезімдес едік.

Сәксен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіровтер қазақ әдебиетінің торінсі орын алды.

Әлихан Әкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мержакып Дуллатов, Жүсілбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаевтардай жазықсыз құрбан болған жайсаң жандар, алып тұлғалар азаматтық болмыс-бітімдері толығымен актальп, артында қалған мол мұралары туған халқымыздың рухани қазынасына қайта қосылып, шетімізден қуанышқа бөлендік. Осыларды кезінде газет-журналдарда, өзінің кітаптарында сынап-мінеген, кебіне солақай сілтесін жіберғен сыншы Сәбит Мұқановты кім ұната қойды дейсін. Үната койған адам болды ма екен? Эй, қайдам?! Бола койған жоқ. Кеңестік идеологиян ың ығына түсіп алдып, ұран-дап, айқайға басқаны пындық. Сол солакай сілтесімен Сәбен

талай-талай кемшіліктерге жол беріп алды. Өкініші кетпейтін кемшіліктер, кателіктер еді.

1965-жылы орыстын атакты жазушысы, біздін жерлесіміз Иван Петрович Шухов республикалық «Простор» журналына ұлы ақын Магжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы алғаш рет үлкен материал дайындағып, басып шығармакпен болды. Бұған Қазақ университетінің бірсыныра оқытушылары, ғалымдары, казақстанның белгілі ақын-жазушылары

мен сыншылары қатысты. Мәселен, Х. Махмудов, О. Сүлейменов, Е. Жовтис т. б. Бұл арада бір шындықтың бетін ашып кеткен орынды болар. Ол- осы ұйымдастырылып жатқан күрделі істін негізгі ақылшысы, әсіресе, Х. Махмудовқа моральдық колдау көрсетіп отырган ұлы жазушы, жерлесіміз Ғабит Мұсірепов болды. Мұны Иван Петрович Шухов та билді. Ғабит аға әр кес Жазушылар Одағының үйінде үшінші қабаттағы фоэде бильярд ойнайды. Филология ғылымдарының докторы, профессор Хайрулла Махмудовтың ұлы Ғабит Мұсіреповпен жолығысатын, Магжан және оның шығармашылығы, ақынға арналған «Простор» журналын шығару мәселелері осы жерде астыртын әнгімеленетін, түйінделетін.

Журналдың сигнал номері дайын болғанда «эттеген-ай!» дейтін жайға тап болды ұйымдастырушылар. Тағы сол Сәбит Мұқанов.

Магжанға арналған журналдың шығайын деп тұрғанын біліп қалып, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетіне барған. Магжан Жұмабаев халық жауы, алашордашыл, байшыл, Ленинді мазақтап өлең жазған кісі. Оған және шығармаларына жарық дүниені көрсетуге болмайды. Магжан ұлы орыс халқын да жамандайды, сыйқастайды. Ертең бізге Мәскеу не дейді?!-десе керек отырган жұртты қорқытып, үркітіп.

Ол кезде мен де Алматыда оқушы едім. Алғашқы бетте куанышымызда шек болған жок. Магжан жайында жазылған дүниелер «Простордан» алынып тасталды дегенді естігенде куанышымыз да, көnlіміз де су сепкендей басылып қалды. Бүкіл студент қауымы, ғалымдар, жазушылар, тіпті, осы жайдан хабардар болған алматылыктар қатты іренжіді.

Кенестер олагын басқарып отырган Никита Хрущев кезінде Қазақстанның онтүстігінен біраз аудандарды өзбектерге өктемдікпен бергенде, біздің Сәбит ағамыз Никитаның бұл өрескел басбұзарлығын қолдап, өлең жазған, оны сол тұста «Жұлдыз» журналынан оқығанымыз бар.

Бірақ Сәбит Мұқанов мұнысын еш уақытта қателік деп ойламаған сыңайлы. Өйткені ол басынан қара бақайына дейін Кеңестік заманның жазушысы, коммунистік идеологияның ығында жүргегін жалынды қайраткер.

*Жалғанда табынатаң тәңірім – табым,
Табы жоқтың тәңірі жоқ, күні жарым.
Табым десем бұлактай таудан аққан
Өн бойымды шымырлап билейді ағын.
Мениң табым- еңбекші, еңбек ері,
Онсыз менде күн бұлдыры саяым. -*

деп жырлаған Сәбит Мұқановтың суреткерлік кредосы да, жалпы өмірлік бағдарламасы да осы болатын.

Ор қашан халықтың сөзін сөйлеп, жоғын жоқтаушы Сәбит Мұқанов Теміртау жұмысшыларын Кеңес ескерлерінің атқылауына байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық қомитетінің кезектен тыс өткізілген Пленуында мінберге бірінші болып көтеріліп, соз сөйлегенде, Сәбен Қазақстанды баскарлып отырган екі бастыққа бассалған гой.

-Сендердің костюмдерінің өнірінде оққа ұшқан теміртаулықтардың қан тамшысы бар дегең. Бұл соз-ауыр сез еді. Кейін Қазақстан үкіметін ұзақ жылдар баскарған сол бастықтардың бірі Сәбеннің сол сезін өмір бойы жадына сактаса керек қой.

Сәбит ағаның кітаптары Лениндік, Мемлекеттік сыйлыктарға ұсынылғанда, жазушы сол дәрежелердің біріне де ие бола алмады. Академик, жазушы жерлесіміз көгілдір экраннан сөйлемен сөзінде / ұмытпасам 1969-жылы / менің денсаулығым, шүкір, жақсы. Тоқсан жас жасаймын. Қазір нағыз шығармашылық шабыт үстінде, -дегені есімде. Мен француздың әйгілі жазушысы О. Бальзак сияқты алтыс томдық кітап жазамын деген еді Сәбен. Бірақ жазушының дегенине сүм ажыл жеткізбеді, оны арамыздан ерте алып кетті.

Көрнекті қаламгердің жетпіс жасқа толу қарсанында жерлестері-біздер, оның көптеген оқырмандары Сәбит Мұқановты үкімет «Алтын жұлдызы» марапаттайтын десіп күттік. Ол ойымыз да, күткеніміз де болмай шыкты. О. Бальзактай 60 том кітап жазбаса да, халқына 50 томдық шығарма берген Сәбит Мұқановқа Кеңес үкіметі үшінші рет «Ленин» орденін берді. Ал Сәбенді кейір үкімет манайындағылар, мемлекет қайраткерлері «Алтын жұлдызымен» күттүкшілік көйған көрінеді.

Денсаулығы қанша мықты десе де, жасы жер ортадан ауған адамға бұл үлкен соккы болғаны даусыз. Бұл жағдайға да әкелген әлгі, сол Сәбеннің бір ауыз сөзін ұмытпай жүрген жоғарыда отырған бастықтың ықпалы екені айдан анық

Сәбит ағамыз жазушылығынан ғөрі, кеңес заманында саяси қайраткерлігінен кобірек соккы қөрген кісі. Қалай десектс, артына мол еңбек қалдырган жазушы, ақын, драматург, ғалым Сәбит Мұқанов өзі өмір сүрген заманың, уақыттың айтулы қаламгері болып қала береді.

Советтік сөзге қаламы,

Көрмеген әсте мұқалып,

Мұны жазған адамы, -


Кәдімгі Сәбит Мұқанов

-өз дәуірінің айнасына айналды.

Жазушының кателік, кемпіліктері болса, оны пендешіліктен туындаған жәйіттер деп түсінеміз, солай қабылдаймыз. Сәбит Мұқановтың біліп, білмей жасаған пендешілдігі өзімен бірге о дүниеге кетті.

Ал оның 50 томдық шығармалары халықтың қазынасына айналды. Ол халқымен бірге ұзак жасай береді. Әсіресе, өзі туып-өскен Солтүстік Қазақстан облысына байланысты жазғандары ете көп.

ХХ-ғасырда Қызылжар, Жолдызек, Есіл өнірлерінде болғап тарихи оқиғаларды білгініз келсе, Сәбит ағаның енбектеріне үнілініз. Сәбит Мұқановтың жазғандарының барлығы да казақ халқының өмір тарихы. Бір кезде жарты әлемді алғып жаткан КСРО-ға, бүкіл дүние жүзіне қазак деген халықты, Қазақстан деген елді Сәбеннің «Ботагөзі», «Аққан жұлдызы» паш еткен. Сәбит Мұқановтың шығармалары халқымен бірге жасай береді.



ҚЫЗЫЛЖАРДАҒЫ ҰМЫТЫЛМАС СӘТТЕР

Халқымыздың аяулы ұлдарының бірі, қазақ әдебиетінің кабыргасын қаласып, шанырағын құрысқан жазушы Ғабит Мұсірепов жетпісінші жылдардан бастап өмірінің сонғы кезеңіне дейін туган жеріне, ардакты Қызылжарына, кіндік қаны та-мған топырағы Елтінжалаға жиі келстін еді. «Яныр-ау, бұрын туган жеріне ат ізін салмайтын Ғабен ауылға келуін жиілестті-ау, -леп танданғандар да көп болатын. Адам қартайған сайын жершіл, туысшыл бола ма, қалай, әлде жастық шагы өткен мекен-жүртты сағына ма? Эйтеуір, Ғабит ағаның араға жыл салып ауылға келіп, аунап-кунап кететін әдеті жиілегені рас. Ал өзім болсам ұлы жерлесімнің Қызылжарға жыл сайын келіп тұрғанын ұнататын едім.

Жазушы Алматыдан пәлен уақытта келеді екен деген әңгіме шыға бастағанда-ақ облыс басшыларынан бастап, әр ауылдың азаматына дейін жазушы келстін сәтті ынтыға күтіп, белгілі күнге жеткенине асығатындей болатын. Иә, жазушының Қызылжарға келуінің өзі үлкен той, облысымыздың мәдени өміріндегі тамаша құбылыс болатын еді.

Жазушы 1974-жылдың жазында Есіл өніріне, туган жеріне келді. Қасында Алматыдан еріп шыққан жолсеріктөрі бар екен. Олар: жазушы, аудармашы Алексей

Белянилов пен Қазакстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Ғафу Қайырбеков. Академик-жазушы Ғабит Мұсірепов пен қала тұрғындарының, оқырмандарының облыстық кітапхананың үлкен за-лында кездесу болып, онда сол кеәдегі қалалық партия коми-тетінің хатшысы Қосыл Омаров, облыстық мәдениет баскар-масының төрағасы Сейпіл Уақбаев, ақын Болат Қожахметов, Петропавл педагогика институтының студенті

Римма Элімова, жазушылар Алексей Белянилов, Ғафу Қайырбеков және тағы басқа адамдар сез сөйлеп, тамаша сез зергері, заманымыздың ұлы жазушысы Ғабит Мұсіреповтың шығармашылық енбегін тілге тиек етті. Оның «Қазақ солда-ты», «Оянган өлке», «Кездеспей кеткен бір бейне» туындыла-ры туралы жылы-жылы лебіздер білдіріліп, шығармалардагы қабыргалы да, тұлғалы образдардың маңызына, олардың тәрби-елік, тарихи және әлеуметтік мәніне токталды. Ғабеннің романдары мен повестері салиқалы ойларымен, келелі пікірлері-



мен оқырманның жан-дүниесін жаулап алатын, сондыктан қолдарынан есте түсірмейтін сүйікті кітаптары.

Ғабит Мұсіреповтің шебер қаламынан туындаған «Қызылбек», «Қозы көрпеш-Баян сұлу» және «Ақан сері- Актоқты» пьесалары еліміздің сахналарының төрінен түспей, тіпті, казак киноөнерінің жүлдзызды дүниелігі болуда, - деді осы кездесуде сейлеген қызылжарлық оқырмандар.

Шындығында Ғабит Мұсірепов сұнғыла суреткер, ғұламағалым, әнгіме жанрының шебері, драматург, романист, еліміздегі алғашқы киносценарист, тамаша новеллист, білгір де терен сыншы, академик, айта берсек, осылай кете береді, бүгін берсек, саусактарың да жеттейді екен. Бір өзі қанша адамның жүгін арқалап, жотасы қайыспай - ак тур емес пе! Осыдан кейін Ғабит Мұсірепов ағамызды «Антей» дейсіз бе, әлде, «Титан» дейсіз бе, оны өзініз білініз. Кім деп атаймын десеніз де лайық. Фаламат!- деп тандай қағасыз.

Осы салтанатты сарайдағы мәжіліс Ғабит Мұсіреповке арналғандықтан, мұнда сейлеген сөздер де ұлы жазушы жайында болды, ендеше қызылжарлықтар жерлес жазушы хакында тұғастай бір дастан, немесе, роман жазғандай болатын.

Бауырымыз, заманымыздың үлкен суреткери Ғабит Мұсірепов маңдайы айдай жарқырап, тамагын сәл-пәл кенеп, бүтінгі казак әдебиеті жайлы, жазушы борышы туралы әнгімелеп еді.

Сонда бір есімде қалған жазушы сөздерін қойын дәптеріме түсіріп алғаным бар. Жазушының өз мақамы, өз сөйлеу мәненіне салынқыраған түрім бойынша ол былай болып шыққан:

- Ұмытпасам, Чехов заманында жастарды дәрігерлік окуя қабылдарда: «адам үшін жанымды беремін, багымды берсмін», - деген ант алатын болған. Жазушы да дәрігер, адам жанының дәрігері. Жас бала ана-мынаны аңғара бастағаннан кейін жазушының қолына түспей кетпейді, бір де бірі түспей кетпейді. Сол адамыңыз қартайғанша тәрбиемізде. Сол адамның өсу жолынан әрбір жанұясына лайық әдебиет жасауымыз керек. Осыны ойласақ, адамың жан-жүргегін тазалау жайымен тәрбиеуге міндettі жазушының берер анты қандай болу керек? Оны мен айтып жеткізе алмас едім. Сондыктан одан үлкен антымыз болмау керсек деймін.

Тек қана қолына қалам алғанда ар алдында, азаматтық на-мыс алдында берер антың барлығын ұмытпа дегенді қосамын. Абай ағаң ақылды «ер данасы» деген.

Ал енді ер біткеннің заманы мен елінен алашағынан гөрі, заманына, тек еліне берешегі көп. Барлық жазушы қауым сондай. Оның үстіне жазушының берешегі асылдар қазынасына жатады. Оған қосыла алмаса, берешектің өтелмегені, -деген болатын.

Жазушы қазақ әдебиетінің проблемаларына тоқталып, өзінің шығармашылық

жоспарынан да оқырмандарды хабардар еткен. Ол сонда биыл «Ұлпан» деп аталатын повесть жазып тәмемдаганын және оның қысқартылған үзіндісін «Жұлдыз» журналының сегізінші санынан оқуға болатынын айтқан еді.

- Менің ойымда Ұлпан қырық жыл бірге жасасып журді. Мен ол бейнені әр қырынан көрсетуге тырыстым-ойы, сезімі, сырт суреті, жас кезі, мінезі, мейірім т. б. Ұлпанда романтизм бар деп те ойлаймын. Орыс сыншылары Ұлпан бейнесінде аныз бар десті. Мен -жоқ деймін. Ұлпан бірнеше ғасыр бұрын өткен Абак, Ақкелін, Домалак ене, тағы басқа рулы елге ұран болған әйелдеріміз болған ғой, -деп Ұлпан жайлы ойын да айтып еді жазушы Ғабит Мұсірепов.

Кейін бұл кітапты орыстың көрнекті жазушысы Алексей Семенович Белянинов аударып, ол бұрынғы Одактағы әдебиет сүйер қауымның тамсанып оқитын шығармасына айналғанын жақсы білеміз.

Әлі есімде, сол кездегі Петропавл қалалық партия комитетті мен қалалық атқару комитетінің мәжіліс залына жиналған халықта кисап жоқ. Қалалық атқару комитетінің сол кездегі төрагасы Стрик мырза енбекшілер депутаттары қалалық кеңесінің жерлес жазушы Фабит Махмұтұлы Мұсіреповке Петропавл қаласының Құрметті азаматы атағын беру туралы қаулысын оқып, жазушыға диплом тапсырып, оның омырауына Республика елтаңбасы бар лента тақты.

Осынау ғажайып салтанатта Фабит ағаның жақсы көретін інілерінің бірі, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Энүәрбек Нәжіметденұлы Шманов сөз сөйлеп, жазушының шығармашылығымен қоса, оның мемлекеттік, қоғамдық жұмыстарына да тоқталды. Фабит Мұсірепов ол тұста Қазак КСР Жогарғы Советінің төрагасы және КСРО Лениндік, Мемлекеттік сыйлыктар жөніндеғі комиссияның мүшесі болатын. Энүәрбек Шманов жазушының осынау жауапты жұмыстарды атқарудағы тамаша іскерлігі жайында да салтанатта әдемі айтты. Жиналған халық атағы әлемге мәшінүр болған жазушыға да, ұлы жерлесіміз туралы әңгімелеген Шмановқа да риза болған көңілдерін білдірісін жатты.

Бәріміз де куанулымыз. Шаттыққа толы жиында сүйікті аға, тамаша сөз зергері

Фабит Мұсіреповке арнаған «Бәйтерек» деген өлеңімді оқыдым.

Фабит аға!

*Сіз бәйтерек тамырларын терең жайған,
Сарыарқаның самалымен
Жапырагы жүзін шайған.
Жапырақтар, жапырақтар
Жыр оқиды - сазды дастан
Кұлақ түре тыңдайды әлем,
Қажымасстан, қалғымасстан.
Өрнектейді дала сырын,
Даласының ақ таңдарын,
Ол бүкпесіз жаяды алға
Қытымыр қыс-ақпандарын.
Даласының алыптығын-
Асқар таулар арқалаган,
Сұлулығын –көрген жанның*

*Құмары әсте тарқамаган.
Уақытпен күш сынасқан,
Арманы аспан, ақ тілекті,
Адамдарын гарышқа асқан,
Дарқан ойлы, от жүректі.
Хас бәйтерек өскен бік,
Толғанады, ой саралап,
Ақ Жайықты, Қекшетауды
Қыялменен жүр арапан.
Күннен шуақ, қырдан нұр ап,
Тұр бәйтерек қия қарап,
Сымбатынан жүректерді
Қытықтайды бір күш тарап
Туган жердің бәйтерегі
Асқарларга ен бойлаган,
Аман болсын әмәнда деп,
Ақ жаныммен мың толғанам.
Елден ерек асқақ, алып
Бәйтерекке қарайды көп,
Өзіңменен шаттануга, мақтануга
Жарайды-ау деп.*

Тұған Қызылжары көрсетіп жатқан құрмет-кошеметтен болу керек Ғабеңнің келісті келбеті нұрланып, іштей куаныш құшақында болғаны ангарылды.

Қызылжарда бірнеше күн болғаннан кейін Ғабит аға Жамбыл ауданындағы Жаңажол ауылына - Елтінжалға жол тартты. Жазушының Алматыдан бірге келе жатқан жолсеріктеріне облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Энуәрбек Шманипов бастаған бір том азаматтар қосылды. Оның ішінде «Ленин туы» газетінің бөлім менгерушісі Амандық Жантеміров, асай мұсайларымен кинооператорлар Альберт Мануйлов, Лев Козлов және осы жолдардың авторы мен де болатынмын. Табаны тұған жер топырағын арада көп жылдардан кейін басып тұрған адамның қандай күйде болатынын айтып жеткізу киын.

Ғабит ағаға бұл тәніректің бәрі ыстық, бәрі қастерлі, бәрі касиетті. Ұзак уақыт көрмеген тұған жердің нұлы орманы да, саумалдай сапырылып жатқан күміс колі де, тіпті, шок-шок болып өскен кок талы да, ак кайыңы да жазушы жүргегін толқы-

тып, жанын тебіренткені кімге болсын аян. Жолсеріктегінің бірі: Ғабит аға, туған елінізге келдік, - дегенде оның акқұба жүзі жанған оттай алаулап көрінді бізге.

Шіркін, туған жер!- дедім ішімнен карт жазушының бірде үнсіз тұнжырап, бірде баладай масайрап тұрган қалпын байқап. Ауылдың үлкен-кішісі тайлы-таяғымен ак боз үйдін касына жиналыпты. Ғабит аға машинадан түсісімен оны жерлестері, бауырлары, ағайын-туғандары құшак жая карсы алды. Ауыл карттары Ғабит ағаны құшактап, кішкентай балалар оның аяғына оралып жатыр.

Заманымыздың ұлы тұлғасы, занғар жазушы осы ауылда дүниеге келген. Осы ауылдың топырағында аунап, балалықтың бал дәуренін басынан еткізген. Оны карсы алып жатқандардың арасында Ғабит ағанын замандастары, аға, женгелері шілдері, қарындастары мен келіндері бар.

Мәдениетіміздің, әдебиетіміздің, тіпті, иісі қазақтың аксақалы сияқты корінетін Ғабенді Жаңажолдағы ак кимешекті, ак жауалықты әжелер: Ғабит қарағым- ау, көптен көрінбей қайда жүрсін?- деген назды да, бұйыра айтқан сөздерді естігендे: Япыр-ау, Ғабит ағаны да қарағым-ау!-деп айтатын женгесі бар екен, - деп таң қалдым. Ғабит Мұсіреповтей үлкен жазушыны дүниенін төрт бүршынына есімі әйгілі азамат тудырған осы ауыл да осал емес, ұлы ауыл! Бұл елдің топырағы да, әр тасы да касиетті!

Ғабит аға кіммен кездесіп, сөйлессе де ауылдың, елдің бүгіні мен болашағын соз етіп, ауылдастарына деген ыстық ықыласын жасырмай жайып салатын. Ауылдастарына жасаған жақсылығын былай қойғанда, жазушының Жаңажолдың кітапханасына жолдаған кітаптары неге тұрады. Оның бұл игі бастамасын Қазақстанның басқа да көптеген жазушылары костап, колдады емес пе!

Бір күні танертен төсектен тұрып, далаға шыксам Ғабит аға аула ішінде жүр.

Қонактар да, үй иелері де ұйықтап жатыр. Үйге жұғіріп кайта кірдім де Амандақ Жантеміровті ояттым. Ғабит аға далада жалғыз жүр, сендер ұйықтап жатырсындар, тұр тез, - деймін оған. Апалақтап ол да атып тұрды. Екеуміз жазушының касына барып, хал-ахуалын, қалай тыныққанын сұрап жатырмыз.

-Сендер жүргізуінің бірін оятындар, көлге барып қайтайық, -деді Ғабит аға.

Сонымен танертен ертесімен ағамызды «Волга» машинасына отырғызып алғып, ауылдан онша алыс емес көлге келдік. Тостағандай гана дәнгеленген көлдін

жағасын құрақ басқан көрінеді де, ал одан әрі айнадай жарырагал айдын.

Жаздың ортасы болғанмен таңсұтсңілік сұық ауа динсіні қалтыратып барады.

Ғабит аға машинадан түсс сала ешбір кідірмestен көл жағасына барып шшіндіде жас қурактың арасын қолымен ашып, айдынға қарай аяңдалап қадам басты. Көлдін барқынынан қалпылдаپ тұрган Амандық екеумізге ағаның мына қылғығы сөкет көрінді. Ғабит аға суға қойып кеткенде біздің жағада қалшиып тұрып қалғанымыз жарай ма? Екеуміз де састық. Амал жок. Екеуміз де суға тұстік-ау. Ғабит аға мұздай суды елер емес, айдында рахаттанып шомылып жүр. Кейін білсек, бұл көл жазушының бала жасынан таныс, толқынымен шабактай ойнап осқен көлі екен.

Бойын сағыныш сезімі билеген жазушы ағамыз кол сұнының мұздай сүкіткын да елемеді-ау.

Ғабен Жаңажолдан Алматыға қайтар сапарында Қызылжарға келгенде оны үйіме шақырып, шаңырағымды көрсетіп, төріме отырғызсам, сейтіп, кадірлі ағамды мейман етsem деген ой мені мазалай берді. Оған себеп, бірнеше күн бойы жазушының қасында жүріп аға мен іні сыйкты карым-қатынаста болғаннан ба, болмаса осы кісіге ықыласымның ерекше тұсуи-нен бе екен. Әйтеуір көзілімде қылан берген сәулес іспеттес пыйғылымды облыстық партия комитетінің скінші хатшысы Әнүәрбек Шмановқа онаша кездесуде айттым. Ол кісі менің бұл ойымды құптады. Сөйтіп, Ғабит аға Қызылжарға келгенде біздің үде конак болатын болды. Бұрын бұл кісі Қызылжарға келіп жүріп, ешкімнің үйінде мейман болмаған еді, сениң жүргегіннің түті бар екен Ғабенді қонаққа шақырып отырған дейді маган кейбір ағаларым. Дұрыстап дайындал, ұятқа қалып жүрме, ол кісі өте пан, кірпияз. . . ұлы адам гой, ұлы адам, - десін кейбір үлкендер менің бұл ісімді жастық. . . козсіздігімे балайтын сиякты.

Дастарқанымыз жаюлы, меймандар келетін мерзімге бір сағат қалғанда аяғы ауыр жүрген келіншегімнің толғағы қысып, аяқ астынан апаланқ-топалаң болдық та қалдық. «Жедел жәрдем» Зұбәйраны (әйелімді) аналар босанатын үйге алып кетті. Меймандарды күтісуге дереу Құсыни деген қарында-

сымды алдырып, көрші апайды шакырттым. Сөйтіп айтулы уақытта келген меймандарды да қарсы алдық. Габит ағаның қасына ерген жолдастары Faфу Қайырбеков, Алексей Беляников және Әнүәрбек Шманов, Мәркен Сандыбаев, Үәп Рақымжанов, Дүйсенбі Әуелбеков, домбырашы Серікбай Құсайыновтар түнгі сағат ушке лейін мәжілістесіп отырды. Габен әдебиет жайлы көп айтып, казақ әдебиетінің тағдыры, ана тіліміздің болашағы оны көп толғандыратыны айқын көрініп тұратын. Біздің үйдегі мәжілісте де Габит аға әдебиет, тіл туралы әңгіме-леуден жалаққан емес. Әсіреле ақында р жайлы айтқандары менің есімде калыпты.

«Поэзия-әдебиеттің сәукеlesі» болу керек, әрине, бұл менің жаңымнан шығарған сөз емес. Немістің атақты ақыны Гете айтқан ғой. Қазақ поэзиясының шаңырағын көтсөрген Мағжан, Ілияс, Сәкен, Сәбит, Бейімбеттер еді. Олардың тұсында жақсы жырлар, комакты поэмалар пайда болды. Жоғарыда есімдерін атаған ақындар шын мәнінде дәуір жыршылары болатын. Ал бірақ одан бергі жерде сол дарынды ақындардың туындыларын ілгері қарай дамытуда Әбділда, Сыrbай, Хамит, Faфу, Қадырлар біраз күш салып жур. Неге екені белгісіз біздің ақындарымыз Абайдың жанашыл жырларын шығармаларында пайдаланбайды. Тек ойын, сөздерін аракідік пайдаланганы болмаса, мәнді істер атқарып жатқандары шамалы.

Сонғы кезде жазушылар одағының төнірегін кілен bas пайласын ойлаган, бірлі-жарым кітабын шығарып алған сон одақтың мойнына мініп алғыштар пайда болып жур. Азды-көпті бірденелерін шығарып алған сон, мен ақынмын, маган үй керек, аш-жалаңаш журіп өлең жазуға болмайды, сондықтан менің жағдайымды түзеулеріңізді, литфонды арқылы көмектесулеріңізді сұраймын деп, литфонды дегенді айналдырады.

Әңгіме домбыраға, қүйге ауысқанда жазушы ағамыз бұл бағытта да білімпаз, ғұлама екенін корсетті. Шығыс пен бастыстың музыкасын бажайлап талдан, салыстырып, кәдімгі музыка зергитеушісі сиякты шешіліп, көсліліп кетті дейсін.

Отырган қанша азаматтар аузын ашып, көзін жүмғандай Габит ағаның бүрын білмейтін қырына тап болып, таңдана тындал отыр. Неткен көл-көсір білім, кестелі, өрнекті сөз десеніші.

-Біздің домбыраның үніне бір «боздау» қосылып, жарысып отырады. Қос шегін қағып қалсан тындаушының жанына, жүргегіне осы боздау үн кереметтей әсер етіп тұрады. Өз ба-

сым домбыранын сыйкырлы үніне тамаша қаламын. Бұл үн басқа музикалық аспаптарда есте жоқ, -деді Ғабит Мұсірепов. Сөйтті де ол көлінде қара домбыраны алып әдемі бір күйді бүлкілдегін ала жонелді.

-Әншінде, осы үйдегі кслін қайда? Шакырындарды мында, -деді ғабит аға бір кезде. Отырган меймандар маган бір, ас үй жаққа бір қарасып калды. Менде үн жоқ, қысылып отырмын, терлеп кеттім. Әнекен маган жымия бір қарады да, болған жайды баяндап берді. Жұрт дуылдастып, шуласып, өздерінің осы үйге мейман болып келістерін ғажап бір жаксылыққа балап, мені құттықтап, қуанысып жатыр. Ғабит аға маган да, келініне де ак тілектерді аса бір ыстық ықыласпен, қуанышпен төгілтіп отыр. Әттөн данышпан ағаның сол аталау сөздерін магнитофонға түсіріп алсамыш, жастық па, жангалақтық па, ұты адам үйімде қонақ болады деген іштей қуаныштан бәрін ұмытып кеткенмін бе?! Әйтеур осы бір кемшилігіндегі өзіме кешірілмес күнәдегі көремін дегенде жүремін.

Түннің бір уағы болғанды Ғабит аға Әншінде етінде жаңе касында отырған жолдастарына көнілді кейіппен қарап, біз бүгін мына інімнің үйінде әдемі мәжіліс құрдаш-ау, -деп өзінің адад, ақ көнілін, туған елдің азаматтарына деген сүйіспеншілігін білдіріп еди.

1970-жылдың күзінде егін жақсы шықты. Облыстың, Жамбыл ауданының «Жанажол» совхозындағы дикандар аса қуанышта болатын. Журналистердің әлде пені ойлан, қылдан, үнемі жаналық іздел жүретін әдеттері. Жамбылдықтардың мол астығымен Ғабит ағаны мен неге қуантпаймын, -деген ой келді бірде маган.

Сейттім де журналист әріптесім Амандақ Жантеміровтен Ғабит ағаның үйінің телефон нөмірін алды. Ғабит аға мен Амандақтың туыстығы бар-күдандалы. Сонымен мен Алматыға телефон шалдым. Ойым жазушының сөзін телефон арқылы сөзтаспаға түсіріп алып, Петропавл телсарнасынан беру. Ғабит аға үйінде скен. Жағдайды айтып едім бірден көнді. Ауылдастарының табыстарына ортақтас болып қуанғаны даусынан байқалып тұр. Бұрынғы асықпай сейлейтін мәнерінен бір сәт жаңылғандай сөздерін жылдамдатынқырап айткандай болды. Ел-жұрттың амандағын сұрастырып жатыр. Ертең осы уақытта телефон шал, мен дайын боламын, -деді ол. Магнитофонды телефонға қосып, айтулы уақытта Ғабит ағаның Жамбыл ауданы еңбекшілерінің егін жинау мен астық дайындулагы

қол жеткен табыстарымен, сол сиякты тұған жері «Жаңажол» совхозының дикандарын қызу құттықтаған сөзін жазып алдым.

«Кадірлі жолдастар, тұнеугұні өздеріңізben бірге тұған жерді аралап жүргенде белуардан келетін егін-шөп әлі сабағында жайкалын тұр еді. Көк теніздің толқындауына қараганда мемлекеттік жоспар да, өздеріңіз алған міндеттемелеріңіз де артығымен орындалатыны шүбә тұғызбаган. Бүгін сол міндеттерді ойдағылай орындал шықкан хабарларынызды алдым. Куана білетін жүрек қандай толқындана білсе, мен де қазір сондай халдемін. Сонша үлкен қуаныштамын. Бұл кезге дейін Жаңажол манайы жетіп көрмеген женіске жетіпсіздер. Барлық жантәніммен құттықтаймын. Женістерініз баянды болсын! «Жаңажолдың» барлық еңбекшілеріне, әсіресе, техниканы менгерген жастарына, ұлдары мен қыздарына сондай қуанышты құттықтау айтамын. Табыстан табыска, женістен женіске жете берініздер!»

Асыл ағаның жерлестеріне телефонмен берген құттықтауын теледидардан бердім де, облыстық «Ленин туы» газетіне де бастыртым. Ұмытпасам 1976- жылдың қазан айы болу керек. Бұл құттықтау тек қана жаңажолдықтардың ғана емес, бүкіл облыс жүртшылығын қуантып тастады.

Бір жолы республикалық теледидар арқылы менің жаңажолдық дикандар жайлы түсірілген киноочеркім көрсетілді. Ойымда ешгене жок, жайбарақат, қундегі күйбен тіршілікпен жүргемін. Бір уақытта Алматыдан Қазақ теледидарының белелді журналистерінің бірі Хажы Қорған телефон шалады.

-Сенің киноочеркінді Фабит Махмұтұлы теледидардан көрсे де, бастығымыз Сагат Әшімбаевтың арнайы шакыруымен жазушы бір топ қаламгерлермен телестудияға келіп, оны тағы да көрді. Саган қатты риза болып, сәлем айтты. Жазушы Фабит Мұсірепов осы очерктің ізімен өртөн теледидардан сөз сейлемекші, -деді ол.

Республикалық теледидардың хабарларын біз ол тұста көре алмаушы едік. Солтүстікқазакстандықтар Мәскеу хабарларын ғана көретін. Қалай болғанда да, менің қуанышымда шек болған жок. Социалистік Еңбек Ері, есімі бүкіл әлемге әйгілі жазушының ыстық ықыласына бөлену, раҳметін алу мен үшін зор бақыт емес пе! Осынау қуаныштан мен өзімнің Қызылжарыма сыймай жүрдім. Шалқып, шаттанып, тасынып жүрдім. Бірақ бұл сезімімді, ойымды ешкімге білдірген емеспін. Жалғыз-ак осы оқиғадан бір-екі күн өткеннен кейін біздің сол кездегі бас-

шымыз Алексей Кренида мені жұмыс басында кездестіріп:- Сені Алматыдағылар мактап жатыр, Фабит Мұсірепов те сенің очеркін туралы жылы пікір айтыпты. Ол не қылған очерк?- деп сұрап жатыр. Менің китығым ұстап қалды да, жәй әншнейшін жоспардагы бір хабар да, -деп кетіп қалдым Шығармашылықтан ешбір хабары жок адамдар телерадионы басқарып жүргегіне қанын қайнайды, амал не! Сонымен ол да үнсіз, мен де үнсіз қалдық.

Ал Фабит ағаның республикалық теледидардан сөйлегенін тындал, көрмесем де оны толғандыратын туған жері, туған елі-Елтінжалы, Жаңажолы екенін айдан анық білемін. Ол бірде Елтінжалды аралап жүріп:-Жер, ата-бабаңын енбегі сіңген жер, өмірлік тәжірибесін қалдырган жер, қысы мен жазы, жазғытұрым, күзі қалай өтетіні таныс жер, панастың қандай, бары не, жогы не, белгілі жер, туған жер! Көлі таныс, жері таныс, ыстық-сұығы таныс жер.

Еліннің қуаныш-қайғысына ортақ жер, -деген еді. Осы өңірді ұлы жазушымен бірге аралап жүріп түйген ойдан туындаған олеңімді «Елтінжалда» деп атаған едім.

*«Елтінжал» бір асыл жер, ертегі жер.
«Елтінжал» жайлы сырын шертеді жел.
Бұл орман қарагай мен қайың өскен,
Жыр еткен бүгінгі ел, . . . ертеңгі ел.*

*Баурайы «Елтінжалдың» жұмақ-мекен,
Күміс көл тостагандай құрақты екен.
Ақ қайың көк құрақпен сыйбырласын,
Естілген маган әндер жұмбақ, төтен.*

*Ұлы адам, ұлы азамат, ұлы тұлға,
Ғабенді болар ма ғсте ұмытуға?!*
*Бір салқын күні орманды ол сайрандаган,
Барды ма «Елтінжалын» жылтытуға?!*

*Ағага еріп жүріп араладым,
Сау қайың, қызы қарагай араларын.
Бір асқақ қарагайга бас иді ол,
Осында сыр бар-ау деп шамаладым.*

*Сыйпады ол қарагайдың толық діңін,
Агага кең болды не? Жолықты кім?
Оны мен сұрамадым, сұрауга да,
Құдіретті ондай маган беріпті кім?*

*Неше қыс, неше қоқтем өтті арада,
«Келмestің кемесімен» кетті ага да.
Әлі де сырын сақтап түр қарагай,
Бас ием үқсан мен де текті агага.*

Жазушы өзінің Қызылжарына, Елтінжалына талай келіп жүріп мен ол кісіні телестудиядан бір де бір рет сөйлете алмадым. Өлде батылым жетпеді ме, әлде ебін тауып сөйлете алмадым ба?! Аға, теледидардан сөйлесеніз жақсы болар еді дегенімде-ак:-Мұтәллап, мен анау темірге қарап сөйлей алмаймын ғой, -деп киналғандай сынай байқататын. Ол кісі кайталап сойлғенді ұната бермсійтін. Сондықтан мен де ол туралы кайтыш ауыз ашпайтын едім.

Айта берсе, Ғабит аға жайында әңгіме коп, ол бітпейді де. Ал озім заманымыздың алып тұлғаларының бірі, қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мұсіреповтің сарқытын ішкен інісі болғаным қуанамын.

ҒАБИТ АҒАНЫҢ ӘҢГІМЕСІНЕҢ КЕЙІНГІ ОЙ

Бүкіл әлем халқы ЮНЕСКО-ның шенберінде қазақ әдебиетінің классигі, академик, жазушы, драматург, киносценарист Ғабит Махмұтұлы Мұсіреповтің туғанына 100 жыл толу мерейтойын биыл атап өтпекші.

Ұлы жазушының шығармаларын оқығанда шөлделеп келіп, мөлдір бұлактан су жұтқандай болатының бар. Халқымыз: Өнер алды- қызыл тіл десе, сол тілдің, сөздің шебері Ғабит Мұсірепов еді. Қанатты сөзі халқының үстінде қалықтаған сөз зергерін мен әйгілі жазушымыз Мұқтар Әуезовпен катар кояр едім. Жерлес жазушымыз Ғабит Мұсірепов сөз өнерін өзгеге үйретуден де жалықпаған адам еді ғой.

Қазақ әдебиетін, қазақ халқын бүкіл әлемге танытқан жазушының оқыған, өнеге алып үйренген мектебі жайында ұлы

жазушы былай дер еді: -Біздің тәлім-тәрбие алып, оқыған мектебіміздің үрдісі құнарлы болды. Ол- орыстың он тоғызынышы ғасырдағы әдебиеті. Бұл ғасырда орыс әдебиеті әлемдік деңгейге котеріліп, айшықты да, бедсрлі көрінді. Ішкінің, Гогольді, Достаевскийді және басқа да орыс әдебиетінің қайталанбас таланттарын, алыптарын әкелген мейілінше мырза ғасыр болатын. Грибоедовтан бастап жас Горькийге дейінгі орыс жазушылары менің ұстаздарым дейтін Ғабит Мұсірепов.

Олар қоғамдық ой-санамызға жаңа үрдіс әкелсе, көркемдік ой да суырылып алға шықты. Сондықтан бұл ғасыр «алтын ғасыр» деп аталағы жүр. Осы мектептен біз оқып, тәлім-тәрбие алдық, әлі қүнге дейін үйренудеміз. Ол-шындық дейтін ұлы маганаасы бар түсінік, тек әдеби түсінік смес, -деуші еді Ғабит аға. Қалғаны жазушының өз ынта-жігерінс, шеберлігіне байланысты. Жазушыда туда біткен талант, талап, еңбекшілдік- бәрі катар жүруі керек. Міне, осылардың әр қайсысын жетілдіріп, шындал шеберлікті үнемі арттырып отырса ғана діттеген максатқа жетуге болады.

Халық сүйіп оқитын шығарма жазатын жазушы боласын. Жерлесіміз, ұлы жазушы, академик, драматург Ғабит Мұсірепов, міне, осындей.

«Оянган өлкө», «Жат қолында», «Кездеспей кеткен бір бейне», «Ұлпан» шығармалары казақ әдебиетінің саф алтындары.

Жазушы «Кездеспей кеткен бір бейне» деп аталағын қара созбен жазылған поэмасын екі жетісінде жазып шықкан скен. «Козы Корпеш пен Баян сұлу» және «Ақан сері- Ақтоқты» драмалық шығармаларын да осы уақыт ішінде дүниеге әкелген көрінеді.

-Басымда қайнап, пісіп, жетілген дүние қолыма қалам алғанда ақ қағазға құйылып отырады, - дейтін ол.

Алматыдан Ғабит аға келгенде облыс, қала және аудан басшыларымен бірге болып, жазушыны қарсы алушы едік. Содан Елтінжалға да жол түсетін. Жазушымен бірге болып Жаңажол, Каракамыс және басқа да ауылдарды аралайтынбыз. Ғабит аға барған ауылдардың әр қайсысында той болушы еді. Ғабит Махмұтұлы ауылдың аксақалдарымен, қасындағы жолсеріктерімен тамаша әнгіме-дүкен күріп отыратын кездері де жи болатын.

-Осы кісіден бакытты жан жоқ шығар, атак, данқ дегенін бүкіл дүние жүзіне жетіп жатыр, - деп ойлайтын едім. Бірақ менің бұл пікірім жаңсақ екен. Бұл сырт қозбен қараганда ай-

тылатын күр болжам, долбар ғана екен ғой. Жазушы елге келіп жүргендеге жаңында болып, талай әңгімелерін тыңдалап, қоңіліме түйгенім-Ғабит ағаның кешкен тіршілігі қылыштың жүзінде жүргендей болып көрінеді. Бұғандегі бүкіл жұртшылыққа белгілі болып отырғандай, 1930-жылдары Сталин мен Ежовтың қасакана жасаған қырып-жою саясатынан елімізде екі жарым миллион қазақ қырылды емес пе?! Халықка жасалып отырған геноцидті корген ақын-жазушының бірі де бұған шыдай алмасы белгілі. Ғабен де өзге төрт жолдасымен бірінг Сталинге хат жазған. Ол хатта Қазақстанда болып жатқан ашаршылықты, аюандықты ашып жазып, бассыздықты тыюын сұраған ғой. Хаттың сонына бес адам қол койыпты, солардың бірі- Ғабит Мұсірепов. Бүкіл Кенес еліндегі 250 миллион халықты бір қауызға сыйғызып, қаһарына мінші тұрған арыстандай Сталинге қарсы шығып, оған уәж айтқан Ғабитті ол ондыра ам?! Ғабенің төбесіне бұлт үйіріле бастамай ма? Ол кезде Г. Мұсірепов қазақ еліне танылған жазушы, драматург болатын. Халқым, Қазақстанның деп шыбын жанын отка салғанына кайран қалмасына амал жок. Ол аздай 1937- жылы қазактың аса көрнекті жазушысы Бейімбет Майлін камауға алынып, халық жауы деген айып тағылады. Ұстазы, әрі досы Б. Майліннің тұтқындалуына назаланған Ғабит Мұсірепов: -Егер Бейімбет Майлін халық жауы болса, мен де халық жауымын, -деген ғой.

Бұрын да Ғабенің төбесінде бұлт үйіріліп жүр еді, енді бұлт одан бетер қоюлана түседі. Ғабит Махмұтұлы Мұсірепов қызыметтен күллады. Алматыда тұрып жатқан үйіне басқа адамдар келіп:-сізді бәрібір бұл үйден куып шығады, пәтерінізге мен кірейін, -деушілер көбейеді.

-Мениң үйіме кірген азамат, кейін ол да халық жауы болып, атылып кетті, -дейтін Ғабит аға.

Баар жері, басар тауы қалмаған Ғабит аға ебін тауып, Мәскеуде Жазушылар одағын басқарып отырған Александр Фадеевпен астыртын хабарласады. Онда да біреу арқылы. Ол кісі коп күттірмей: Мәскеуге тез жет!- деген жеделхат жібереді. Енді Ғабенің Мәскеуге аман-сau жетуінің өзі үлкен проблемаға айналады.



-Мен жуырда шығармашылық сапармен Семейге жүремін деп күн бұрын хабарлап кояды да, Семей, Мәскеу поездарына екі билет алдырады. Семейге жүретін пойызға отырады да, Ғабең бір-екі стансадан соң ол поездан түсіп, Мәскеу поеззына отырып кетеді. Сойтіш, түрлі киындықтарды басынаң өткеріп, аман-саяу Мәскеуге, Александр Фадеевке жетеді. Ол кіcis Габене Жазушылар одағынан жұмыс береді де, өзін саяжайға жайғастырады. Габит ағамыз осылай бір жарым жылдай ешкімге көрінбестен Фадеевтің панасында болады. Оның өлі-тірісін ешкім білмейді. Тек үйінен шығарда ағамыз кішкене балала-рының қағазға шимайлап салған суреттерінің бірнешеуін чемо-данына салып, ала шығады. Құсыни жесігеймен келісім бой-ышыша, Габит аға өзінін амандығын білдіру үшін айна бір рет әлгі суреттердің бірін хатқа салып, үрге жөнелтіп отырады. Хатта адрес те, басқа бір сөз де болмайды. Сөйтіп, жазушы өзінін амандығын осылай отбасына хабардар етіпти. Осындай құғын-сүргіннен кейін Габит Махмұтұлы Мұсіреповтің өмірі рахатта болған екен деп айта аламыз ба?! Әрине, жок.

Бұл менің жазушы елге келгенде облыстық партия коми-тетінің екінші хатшысы А. Шманов пен жазушы, аудармашы А. Беляниновке айтқан әңгімесінен естігенім. Ғабенің есімі дүние жүзіне белгілі жазушы болатынын Александр Фадеев сыйкты орыс жазушылары күн бұрын, сол кездің өзінде қалай білген?! Мен осыған қайран қаламын. Габит Мұсірепов КСРО Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болды. Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар тағайындау комитетінің мүшесі болып өмірінің соңғы жылдарына дейін қызымет атқарды. Ал бұл комитетке мүше болу үшін алдымен елге енбегімен танылған, білімі ұшан тсніз, дүние жузі мәдениетін сіңгей-тегжейіне дейін білетен жазушы болуы шарт. Жер шарының әр елінен сыйлыққа ұсынылған шығармаларды талдап, талқыладап, өзінің лайықты бағасын беру керек. Мұнымен коса, шығармаларын сыйлыққа ұсынып отырған елдің тіршілік-тынысын, мәдениетін, әдебиетін бес саусағындаі білген жен. Ғұлама ғалым, шебер жазушы Габит Махмұтұлы жоғарыдағы талаптарға сай адам болған той деймін. Габит Мұсіреповке Социалистік Енбек Ері деген құрметті атақты беруге ұсыныс жасаған да КСРО Жа-зушылар одағының, яғыни, орыс жазушылары деген де әнгіме бар. Қалай дегенменде, қазақ әдебиетінің классигі, ұлы тұлға-ны колдап, қорғап, қамкор болған орыс жазушыларына, орыс-тың зиялды қауымына, тіпті, орыс халқына аса бір ілтифатпен алғыс айтқым келеді.

ҚАЙРАН, ГАФА...



-Мұтәллап! - деген катты дауыстан оянып, апалактап, бір жағынан не болып калды екен деген үрей де бар, төсектен атып тұрсаң, бөлменің орта тұсында Гафу аға тұр.

Күдай сақтайғөр, менің үйімді қалай тауып келді екен?- деп ойлаймын Қаланың «Бензострой» деген мөлтек ауданындағы жекеменшік үйлер лай, батпақты жерде. Кішкене жаңбыр жауса, жердің миы шығып езіліп, көшсемен журу қынның қыннына айналады. Бұл жақта тұратындар аяктарына резенке етік киеді. Әрі батпак, әрі бытқыл көшелерден мениң үйімді тауып келуі ғажап.

-Сен осында тұрасың ба? - деді Гафаң таңданғандай.

-Иә, -дегенімші болған жок, үйдің төргі қабырғасының сыртында тұрған сиыр сар еткізіп жібергені.

-Әй, мынау не? - деді көзі алакандай болған Гафан.

-Сиыр ғой - деп киініп жатырмын.

Бұрын бұл үй сиыр корасы болған да мен пәтерге түскен-нен кейін үй иесі сиырын көрші қораға шыгарған. Бірақ мениң үйім мен сиыр корасының қабырғасы ортак. Ол қабырға үйімнің төргі жағына жатады, сап-сарыала, қанша майласан да, әкте-сен де болмайды. Мұнын да сыры бар. Телестудияға қызыметке орналасқанмен пәтер жок. Қаладан жарты жылдай пәтер

іздеп, сандалып, табаным тозған. Екі балам, карт шешем бар десем, пәтерге жіберем деп тұрғандар тайқып шығады. Содан осы үйдің иесіне жағынып- жалбарынып, көндіргем. Обалы не керек, корадан пеші, екі кішкене терезесі бар үйшік жасады да берді. Осыған куанғаным-ай десенші сонда.

-Шәй ішейік, шешініңіз, - деп шәйнекті токқа койып жатыр едім, жоқ, раҳмет кетеміз, -деді ол даусын қатқылдау естіртіп.

-Шырағым, мынауың сүмдышек екен. Осында тіршілік бола ма? Өні күренітіп, іштей тұтігіп, ашупанып тұр ма, ренжіп тұр ма? Әйтеуір, мазасызданған рай байқалады.

-Балаларың қайда?

-Оларды шешеммен ауылға жіберген, жазда ауылда болады. Келініңіз жұмыста.

Гафу Қайырбеков бастаған бір топ акын-жазушылар Алматыдан облысымызға шығармашылық сапармен келген. Апта бойы көптеген ауылдарда, совхоздарда және аудандарда болып, жазушылар оқырмандармен жүздескен, елдің кошемет, құрметтіңе бөлсөнгөн болатын.

Облыстан қосылған топтың ішінде мен де бар болатынмын. Ақын ағамен осы жолы жақын танысып, біліскендей едім. Әр кездесуде маған да сез беріп, өлең оқытып отырды.

-Карағым, бұлай болмайды ғой. Ақын сиыр корасында тұрады деген не сүмдышек, қазір екеуміз обкомға барамыз, - деді манадан автобуста үн-түнсіз келе жатқан ақын аға. Жоқ, мен жұмысқа барамын. Қызметке орналасқаныма бір-ақ жылдай болды. Маған ешкім пәтер бермейді, -дедім үзілді-кесілді.

Откенде Сәкен Жұнісов те үйінді көріп шошып кеткен. Ол да облыстық атқару комитетіне барайық, онда Сақан Құсайынов деген ағай бар, сені сол кісімен таныстырайын, пәтер алуына көмектеседі, - деген. Мен бармадым, -дедім Гафана. «Бывает же такое», дегенін естіп қалдым. Екінші нөмірлі автобустан обкомның тұсына келгендे ол түсіп қалды.

Кейін білсем, Гафаң облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Энуэрбек Шмановқа барып, менің кандай күй кешіп жүргенімді баяндаса керек. Ол айтса тігісін жатқызып, жеріне жеткізіп айтады ғой. Егер сіздер ақынға Қызылжардан баспа на тауып бере алмасаңыздар - мен Алматыға оны алғып кетем-інгे дейін барса керек, кайран Гафанды.

Қысқасы, асыл ағаның қамқорлығымен бір жылдан кейін екі бөлмелі жана пәтерге қолым жетті-ау.

Ақынның Қызылжарға осы сапарынан туған жырлары кандай! Жырдың інжү-маржаны фой, шіркін. «Ақ кайындар елінде» деген циклмен жазылған жырлары классикалық тұындылар еді. Ғафаниның біздің өнірді шынымен сүюйнен орістеген олсандар. Негізі, ақын өлеңді шын қүйзеліп, не шын қуанып жазғандағанда окушының көңілін толқытатын, жүргегін тебірентетін дүниелер пайда болады.

Дұлдул ақын «Есіл» туралы былай толгайды:

Есіл сен қыялымсың бала құннен,

Тасығыш мінезіңмен, танағыңмен

Атыңды жарқ-жұрқ еткен естуші едім

Қазақтың қайырып салған бар әнінен.

Есіл – деп, айтады жұрт боздағын да,

Есіл-деп аяйды адам өз жанын да.

Есіл- деп есіне алып отырап қарт

Көз тастап өткен күн мен озған жылга.

Есіл ер, есіл ауыл, есіл дәурен,

Есіл дос, есіл балам, есіл сәулем-

Бәрінде егіздесіп жүреді атың,

Косылдың қандай сыйқыр, не сылтаумен?

Әлде сен, әсем өзен, шығанды алып,

Есіліп агармысың сылаң қагып.

Жібектей желді күнгі толқымысың

Басыңнан бір ән қайтып, бір ән барып?

Елімнің ең шұрайлы жерін басып,

Аласың, кербез дария керім гашық,

Жас исің, қыз қылышың сол баяғы

Көрінген көк жиектен көңіл ашип.

Сені айтсам- көз алдыма Арқа келер,

Қарындаң қара шашты қалқа келер,

Арманың есіл бойлан Ақан құып,

Көлденең құлагерін тарта берер.

Не керек, бәрі келер, бәрі келер,

Бір болек рақатқа жсаным енер.

Серуендең сендей суга бір түспесе,

Жер сүйген жетім жүрек жсанып өлер.

Дарига, көп қой өзен Арқа байда,

Тамырдай түс-түсина тарқамай ма?

*Бірақ та сендей үнсіз, сендей назды
Қыз өзен, шын бұраң бел қалқа қайда?
Бол теңіз, бол керемет, аппақ айдын,
Куанам, оған өкпе сақтамаймын.
Алайда, теңіз емес, өзен көрсем,
Есілім емес пе деп жалт қараймын.*

Ақынның Есіл өзепіне сүйіспеншілігі - елге, жерге деген ыстық жүргегінен екені белгілі. Ақынның жан- жүргеі Жолдызек өніріне ерекше бұрылып тұратын еді. Гафаң сұлулықты қастерлеуші еді. -Осы елдің адамдары да, табиғаты да сұлу, деп айтып отыратын. Айтқанда жәй айтпайтын, аса бір қуаныш сезімде, мактанышпен айтатын.

Ғафу Қайырбековтың «Қызылжар», «Ақ үй туралы аңыз», «Аңшының суретіне қарап» өлеңдері көкейінде мәнгі қалатын туындылар.

Ақынның «Ақ үй туралы аңыз» өлеңі 1967-68 -жылдары Ғафанды біраз сергелденге салғанын да естігенбіз. Бұл өлеңі үшін ол үлкен үйдің түрлі басшыларында болып, , өлеңді цензуралғанда жазып, кітапқа енгізбей әуреге салғаны бар. Бұл шығарманы коммунистік партияның түкірігі жерге түсбел тұрганда жазып, кітапқа енгізуінің өзі бір ерлік еді. Оның сыры - Ғафандың есімі сол кездің өзінде тек Қазақстанның көлемінде емес, Бүкілодактық ендіктер мен бойлықтарға мәшіхүр болғандығын да еді. Атағы жер жарған ақынды тұмылдырықтау онай емес-ті. Ғафу ақынның аман қалуы да осындай себептен бе деймін. . . Енді осы атақты өлеңнің өзін оқырман назарына ұсынуды жөн көріп отырымын.

-Абылайдың ақ үйі - дейсің бе, сен?
-Енді көріп, еркің гой-менсінбесең!
Қызылжардың бастағы тәжіндей бол,
Сол түсемтін есіңе Есіл - десең.
-Әне, келдік!
Бәрекелді!
-Заманында, дегенмен үй-ақ екен!
-Дәл Есілге еңкейер қияда екен.
Қазір өзен шегініп, алыс аунап,
Көшіп кеткен көршідей сыйғы екен.
-Ым. . . м. .

*...Болды ма екен Абылай, болмады ма,
Көрді ме екен иесін орда мына?!*
*Кәрі мекен мелшиіп үн қаттайды,
Ешкім білгіш көрінбейді ол жағына!*
*Екі гасыр ішінде, одан да әрі,
Бәрі жұмбак- не болып, не қойғаны.
Бәлкім, мұнда мұнәжет еткен шыгар
Талаі биі қазақтың, талай ханы?
Әлі күнге бір сұрап, - мен аңгарман,
Сұрап келем ақылды адамдардан,
Өзге жұрттың хандары керемет бол,
Біздің хандар қалайша жаман болған
Әлде бассыз, түп-түгел данышпан бол,
Бәрі қасқыр, бәрі де арыстан бол,
Атпен, атақ, даңқты оқшауланбай,
Келген шыгар оп- ортақ алысқан бол?
Тагы да үн жоқ, ақ сарай үндемейді,
Үндемей-ақ қойсын ол мұлде мейлі.
Аталағаны «Абылайдың ақ үйі» -ден,
Үні гой сол- күнде, күнде мейлі.
-Патша ағзам - сыйлапты дейді аңызда!
-Кім сыйласа бәрі бір- енші маган,
/Бұл сөзімді жақтырmas ерсі надан/.
Кімде болса - топырақты басып тұрып,
Ел аласын сыйласа- ел сыйлаган.
Күнде сүйген ұрпағы жылап тасын,
Тек атамның моласын құлатпасын.
Сарай салса несі айып көк Есілден
Туган жердің көтеріп мың ақ тасын?!
Біз құрылысқа құштармыз- үй саламыз,
Күнде қала орнату- ой-санамыз.
Бізге ұнайды ескі аман аппақ үйлер,
Аппақ үйлер туралы айтқан аңыз.*

Ғафу ақынның Қызылжарға деген адами ықыласы, сүйіспеншілігі, мейірі түсіп тұратындығы бөлекшे болатын еді ғой. Қызылжар десе ішкен асын жерге қоятын еді.

*Кірпіш те қызыл, үй қызыл,
Өзеннің жары ол солай.
Карагай қызыл, ғұл қызыл,
Құн нұры түскен жол солай.*

*Аққуба қыздар қызыл бет,
Ақ балтыр қызыл етіктер.
Алқызыл шие үзіп жер,
Алқызыл ерін еріткен.*

*Қызылжар қыла қадірмен,
Дұылдан жатқан думан жер,
Құрметті орыс тамыр мен,
Құдамыз татар тұрган жер.*

*Қызылжар құтты мекенсің-
Әдепті «ә» деп үреткен.
Аталаң атың өтерсің
Бар өнер, әдебиеттен,
Бар гылым, мәдениеттен.*

Қазақ жерінің сұлу да, көрікті аймағы мол, ал бұл өңірдің керемет сұлұлығына жер жете ме шіркін, дер еді.

*Ақ қайыңдар
Күзден жазға қайтыңдар!
Ақ тұлпарлар
Күміс түяқ, алтын жал!
Сендер мені
Жақсы өлеңмен зымыратып,
Сәт сагат та
Сан хикая айттыңдар,
Ақ қайыңдар,
Ақ тұлпарлар,
Ақындар
Әр орманда
Бір-бір қазақ ауыл бар,
Сагынысқан, алтып үшқан бауырлар.
Қыста қысыр биесінің қымызы,*

*Алға тосқан құрт, май, женетің тәуір бар,
Солтүстікте ерекше екен ауылдар!
Ал мен жүрдім,
Енді сендер қалдыңдар,
Аппақ өлке,
Бала көні балғындар,
Ал мен жүрдім,
Ақ сұңгідей қолдарын
Ақ шашты ана,
Аппақ сақал шал бұлгар.
Ақ қайыңдар,
Ақ тұлпарлар алтын жасал,
Сендерге алғыс,
Күзден жазға қайтыңдар.
Ақ мекенге біздер үшін жараплан,
Азаматқа арнап сәлем айтыңдар.*

Ақын бұл өлеңді сол кездегі облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Әнуәрбек Шмановқа арнаған екен. Fafanының бұл өлкеге бірінші келуі болғандықтан, мұндағы әр нәрсеге дүдемәл көнілмен қарайтыны белгілі жэйт. Ол кезде алматылықтардың арасында біздің өнірді орыстанып кеткен деген лақап стек алған болатын. Fafan да сол күдікпен келсе керек бұл облыска. Жогарыдағы ақын өлеңінен байқағанымыздай, Гафанды «әр орманда» отырған қазақ ауылдары керемет салтанатпен карсы алған. Шын қуаныш, көтерінкі көніл күй болмаса мұндай өлең өмірге келмес еди.

Нагыз ақындық шабыттан, терен тебіреністен сырлы сезім күшімен дүниеге келген өлеңде окушыны селт еткізетін, жүрек-тен үндестік туғызатын бір тамаша күдіреттілік бар, ой бар. Ол ой әркімнің көкейінде, көnlіндегі, керек десен, ізгі жүргегінде ұялаған. Қызылжарға, осы өнірге деген ыстық ықылас пен маҳаббатқа айналың, қайнасып кеткен. Ақын осы ойды дөп басып, жыр өрнегімен әрлеп, бедерлеп, шеберлікпен шенделестіріп жіберген. Сондыктан да өлең оқырман көnlінен шығады. Халық үшін туған өлеңнің халыққа жетуі өмір талабы.

Ана тілім күшім менің-қуатым,
Жырым сендік жүргімнен туатын, деп жырлаған ақын Гафу Кайырбеков ана тіліміздің кадір-қасиетін осылайша бағалады. Оның мәңгілік болатынын, тәүелсіздігіміз кепілдік беретінін де қуана жырға қости.

Бірде Гафана: - Ақ қайындарға байланысты теңеулерді, орманның арасында жүрген бізден бұрын айтып қойғаныңыз калай? - дедім інілік назбен.

-Қолдың саласындағы ақ қайындарды алғаш көргенде алған әсерім ғой, - деді ақын.

Ақ қайындарды талай ақын жырлаған, тіліне тиек еткен. Бірақ, «ак тұлпарлар», «күміс тұяқ» деген әсерлі тенеуді айттуға ешкімнің аузы жете қойған жоқ. Өмірде адамзат баласы айтпаған сөздер, шырқалмаған әндер, салмаған күйлер бар ма екен? Жоқ шығар. Олар бізден бұрын да шиырладап, шарладап, талай-талай ойларды айтып келген. Дарынды ақынның құдіреттілігі сол - соның бәрін жанаған айтылғандай, бұрын көзге шалынбағандай етіп, жаңғыртып жеткізе білуінде.

1993 жылғы мамырдың 27-29-ы аралығында Қазакстан Республикасының Ордабасы тауында 18-ғасырдың аса көрнекті мәдениет қайраткерлері Төлс биді, Қазбек биді, Әйтеке биді еске алу күндері өтті. Бұдан үш ғасыр бұрын осынау тарихи тұлғалар Ордабасында ортақ шешім жасап, қазақ халқын жонғар шапқыншылығына карсы қуреске біріктірген болатын. Ұлы тұлғаларды еске алу күндеріне Өзбекстан, Қыргызстан Республикаларының президенттері, ресми делегациялары қатысты. Осы ұлы дүбір тойдың төрінен дүлдүл ақын Гафу Қайырбековті көрген едім. Гафу аға атаптыш той – салтанат жайындағы толғанысын білдірген. Соларды шамам келгенше көкейіме қондырған едім. «Біз тарихи тұлғалардың тойын өткізіп жатырмыз. Солардың барлығының атасындағы той – осы той. Қазақтың ел болу тойы, бірігу тойы. Теле би, Қазбек би, Әйтеке би болмаса, сосын солардың сезін тындайтын елі болмаса, елі жиналатын мынадай аскаралы тауы болмаса не болар еді?! Бұлардың барлығы анталаған жауға карсы шығып: «Біз, қазақ не бар болайық, не жоқ болайық!» деген мәселені шешкен. Ел бұлай жиналмағанда, соңғы қыргын соғыста жонғарларды біз женбегенде күніміз қараң болар еді. Мұны ойлағанда көнілім кереметтей босайды. Маган ең қатты әсер еткені Ордабасына – үш елдің үш ПРЕЗИДЕНТІНІҢ келуі. Нұрсұлтанның бүтінгі сейлекен сезін көзіне жас әкелгендей. Аз сөздің ішінде үш бидін қадір – қасиетін, қазаққа істеген жақсылығын, Абылайдың, батырлардың қаһармандығын жеткізуі ғажап.

Ақын аға ерекше шабыттанып, шалқып кетіп еді – ау. Билердің, хандардың істеген тамаша істерін адамның, қазақтың, Қазакстан деген елдің жай әншнейін коя салған басшысы емес,

шын мағнасында тағдыры да солариен тағдырлас, атқаратын ролі де, міндегі де солармен ұқсас. Міне, маған сол қатты әсер етті. Үш би казактың басын косатын болса, үш Президент үш мұсылман қауымды, ағайындаст түркітілдес халықтардың басын қосып тұрғандай. Әсіреле, Нұрсұлтан Әбішұлының ескерткіштің орнатылатын жеріне барып шымылдығын ашуы, одан анау аскаралы тауға жаяулап, жалғыздал шығып, қазактың көк туын көтеріп, сөз сөйлеуі. Не деген керемет! Бәрі жарасып кетті.

Мұнда халықтың таланттының да мерекесі болып тұр- күресі ме, ат бәйгесі ме, айтысы ма, қекпары ма, қызы қууы ма... бәрі бар. Қазак халқының рухани көтерілудің, рухани біектеудің күесі сссбінде тарихтан бері келе жаткан барлық өнердің қайнары бүркүрап сыртқа шыккандай болды. Бұл да біздін керемет табысымыз. Қазір халықты қөп жағдайда, рух қана көтеріп тұр. Өйткені біз қазіргі жағдайда байлықпен мақтана алмаймыз, заман болса киын. Бірақ қазакқа ас – тамақ та, дүние де емес, қазакқа азаттық керек екен дағы, дербестік, елдік керек екен гой! Сол куаныш мені таудын басына, аспанға көтеріп тұрған сияқты. Әсер қөп. Біз сияқты әсершіл адамда ол көбейе береді. Қызылжарға сәлем айта баарсың. Осындай тойда кездесе берейік. -деп коштасып еді Fafty agra.

-Аяулы жылдар. . . асыл күндер. . . Сол жылдарды аяулы еткен адамдар еді гой, сениң жаңыңа жақын кісілер болатын. Енді олар таусылды десе болғандай. . Кетіп жатыр. . . Кетіп жатыр. Бәрі де бір-бір сағыныш. Бір ардақты кескін қазіргі кезде мениң көз алдыннан кетпейтін болды. Ол – Ғабит Мұсірепов мүсіні, -деп жазған ақын

Иә, сол сағыныш Faғанды біздін солтустік өнірge жетелеп әкеліп жүрген. Ғабит Мұсірепов ақынға әкедей, агадай еді. Оның үстіне әдебиеттегі әкелігі, аға-ұстаздығы және бар болатын. Оның көзі тірісінде ондаган өлең, сандаган әнгіме, сапарлар хикаясын жазған. Сол кәсібін Ғабит Мұсірепов о дүниелік болып кеткеннен кейін де жалғастырды. Ғағудың «Елтінжал» кітабы соның айғағы.

Ақынның «Ағаны аңсау» деген өлеңі де бәріміздің ардақты ағамыз, данышпан атамыз Ғабит Мұсіреповке арналған екен.

*Тоқсанға толған күніңде,
Тогыса алмадың халқынмен.
Көрісе алмадың дүние,
Дүрілден тұрған даңқынмен.*

*Таусылды тагат, амалым,
Даусыңды гана тыңдатып.
«Жоқ!» деген қын қамалдың,
Ар жағынан ун қатып.
Гайып бол гажап кескінің-
Патшадай мүсін, ай маңдай,
Қагасың бұлдырып кешкүрим,
Ауага жұпар жайгандай.
Кайтара алмай өзіме
Алланың қатал бұйрығын.
Көрінбей қалдың козіме,
Айбыны асқар биігім.
Халқыңмен омір бір кешкен,
Даңгайыр, дарқан, данышпан.
Еңбегінді айтып түгеспен,
Қадірінді айтып тауыспан.
Сагындым, мұңナン айықпай,
«Касымда жсоқ»- деп ағам да.
Ескекіз мынау қайықтай,
Қалтылдан түрган заманда.
Баяны қысқа аз дәурен
Өтерсің сен де біздерден,
Арыстандарды аңсаумен,
Арыстарымды іздеумен.*

Біздің облыста үйымдастырылып, өткізілген Мағжан Жұма-баевтың, Сәбит Мұқановтың, Габит Мұсіреповтің, Иван Шу-ховтың торқалы тойларының бірін құр жібермелеген Fafan әде-биетіміздің ұлы тұлғалары жайлы ел алдында егіліп сөйлеп кетуші еді. Тұлдін майын, сөздін мәйегін тамызатын қазақ әде-биетінің алыптарын берген өлкеге деген ақынның сүйіспеншілігі. махаббаты ерекше көрініп тұратын.

Жамбыл ауданында Сәбит Мұқановтың 80 жылдық мере-кесі етіп жатқан. Ақ қайыңды орманның алаңына биік сахна орнатылыпты. Сонда әншілер, бишілер мерей тойға жиналған халықка өз өнерлерін көрсетіп жаткан еді.

Габит аға мен Мәриям апайдың өтініштері бойынша, сах-наға Fafan шакырылды. Fafu Қайырбековтің төкпе ақын екенін

бұл елдің көбі біледі, ал онын «он екі звотты» әнші екенін біле бермейтін еді. Концертті жүргізуші жігіт: Ғафу аға казір сіздерге Қасымның «Дариға сол қызы» әнін орындаиды, -деп хабарлағанда- қаракүрим қауым тына қалды. Бәрінің көздері ақын агада. Ғафан «Дариғаны» домбыраға қосып шырқап кетті. Көзі жасаурап, өзі де кара сүр өні күреңітіп, майдайынан білінген тер майда маржандарға ұқсап, әлемі әсер беріп тұрды. Ғафудың өзі оқ пен оттын ішінде, қанды майданды басынан өткеріп жүргендей, осынау қырғын соғыста Дариға қызды қөріп тұрғандай анырағанда тындалп отырған жаннын бойы тітіреп, жүрек кеудеге сыймай, ойнақшып, толқып, тебіреніп кетеді.

Окка ұшып, өліп бара жаткан жауынгердің Дариғаны сонғы бір рет көремін деп талпынуы, бар қайрат-қүшін салып қайта тұрамын ұмтылысы-бәрі- бәрісі де омірге, мышau кен дүниеге деген құштарлығынды арттырады. Тіршіліктің әр минетінін сондай қымбат, тәтті екенін бір сәт есіне салады. Жаныңа жаңа күш-куат пайда болғандай әсер етеді.

Осы әнді кейде радиодан естіміз, бірақ, Ғафан орындағандағы әсер бермейді. Ол кісіде кереметтей дауыс та жок. Бірақ ақын ағанын орындауында бір сыйқыр күшкеайналатын. Ынғайы Ғафан әнді тек даусымен ғана емес, жанымен де орындастыны болса керек.

Содан кейін үлкендер сахнаға Бәдеш женгемді шакыратын. (Үлкендер деп отырғаным Ғабит аға мен Мәриям апай.) Ғафу аға мен Бәдеш женгем екеуі қосылып «Жұбайлар жырын» шырқайды. Ақын Тұмағам осы әннің өлеңін Ғафаң мен Бәдешің женгеме арнап жазған-ау деп ойлап қалушы едім. «Құстың қос қанатындеймыз, тауларды бетке алып болашакқа қарай бара жатырмыз», деп екеуі қосылып айтқанда ерекше шабыттанып кететін еді екеуі де. Жұптарын жазбастан ұзакқа ұшып бара жаткан кос акку секілді ме еді? Әйтеуір екеуінін орындауындағы осы ән адамды биік мұраттарға жетелейтін.

-Лайнлайындар, өнерлеріңс мың раҳмет, екеуіннің өмір бойы жүптарын жазылmasын. Бірге картайындар, -дейтін тілектер жиналып отырған ауыл ақсақалдарының аузынан естіліп жатты. Анталап сахна жаққа қарал отырған халықты бүкіл денесімен қозғала баяу шолып өткен Ғабит аға жүзінде ризашылықтың нышаны байқалды. Содан кейін жарайсындар дегендей, ақырын ғана Ғафу аға мен Бәдеш женгейге қарап, бас изеді. Ол әнді орындаушыларға көнілден шықтындар дегені.

Міне, осылай, Сәбеннің 80 жылдық торқалы тойында Ғаған мен Бәдеш женгей елді әндерімен бір тамсантып тастаған.

Ғаған жүрген жерін ойын- құлкіге кенелтіп, суырып салмалығымен, тамаша тапқырлығымен елді риза ететін. Ақынның бұл касиеті жонінде газеттерде жазушылар, достары көп жазып жүр. Адамға мейірімді, ақ қоңыл, анғал адам еді. «Қазақ әдебиеті» газетінде қызыметке жаңа орналаскан кезі екен. Газетте бір кате кетіп, бас редактордан бастап, әдеби қызметкерге дейін мұрындарынан тізіп, Орталық комитетке алып барады. Лауазымды бастыктар бұлардың жер-жебіріне жетіп, үрсады. Газетті басқарып жүрген басшыларға бір-бір сөгісті береді. Есікке таман отырған әдеби қызметкер Ғафу жүрт орындарынан тұруға айналғанда:

-Маган не?-депті.

-Саған да выговор, - депті стол басында отырған жоғары лауазымды бастық.

-Бәріне сөгіс беріп жатқан соң, мені неге ұмытты екен деген ақ қөнілділік қой, жәйдән-жәй, сейтіп, согіс алдым, -деп күлетін Ғаған.

Іә, бүтін Ғафу ағамыз арамызда болмаса да ақынның от жалынды жырлары, қазыналы ой –пікірлерге толы енбектері мәнгілік жасай бермек. Дарынды ақынға арнаған жыр жолдағын мен былай орнектеген едім:

*Ғафу ага, сен жайлы кетсем ойлан,
Өзіңді жарқ-жұрқ еткен бұлттен ойнап,
От шашқан наизагай ма деп қалушы ем,
Кирыры жоқ аспанда салған ойнақ.*

*Тұлпардай тас илеген тәрт тұяғы,
Шабатын жынырылып қос құлагы,
Ұзаган сайын зулап, биқтейтін,
Ақынның көк пе деуші ем шын тұрагы,*

*Сен жоқсың, кетіп қалдың аспанга өрлен,
Қырандай қанатыңды қақтың сермен.
Мүмкін сен ораларсың қыран-ақын,
Кеуденәді сагыныштың оты кернеп.*

*Төкпе жыр пайғамбары заулап ұшып,
Келерсің бір сәт елге жолын ұтсіп.
Сәлем де Қызылжарға, Мұтәллапжан, -
Деп құшып, қоштасарсың қолым қысып.*

-Мен қазактың дүлдүл ақыны, ұстазым, ағам Ғафу Қайырбеков туралы естелігімді оның өз сөзімен аяқтаймын.

«Өзімді бақытты сарайтын бір себебімді жасыргым келмейді. Ол ұлы адамның касында жанасып жүріп, откізген қымбат құндерім. Бұларға жанасып, жуып кетудің өзі-өмір қызығы екен ғой!»



АДАМГЕРШІЛІК ЖЫРШЫСЫ



Елуінші жылдардың басында оқырмандарды елең еткізген «Болашакқа жол» романымен қазақ совет әдебиетіне айдарынан жел есіп келген жазушы Сафуан Шәймерденовтың есімі қаламы қуатты сөз зергері ретінде мақтанышымызға айналып отыр. Әдебиет майданына «ә» деп араласа бастағаннан-ақ өз шығармасының тақырыбын адамды зерттеп, тануға, оның сан қылыш мінез-құлқын, толғаныс-тебіренісін, қуаныш-корқынышын, өмір сүйгіштігін, қысқы, адамдық қасиетін, қоғамдық орта мен жеке адамның өзара байланысын, қарым-қатынасын көрсетуге күш салып,

кулаш үрган-ды. Жазушының бұл талпынысы бір шығармасынан екіншісіне аудискан сайын айқындалып, айшықталып, өзге асыл тастардың арасындағы лағылдай көз тартып, жәудіреп, жарқырап тұратын болды.

Мен озімнің осы ойымды теренірек алып, нақтылап дәлелдеу үшін қаламгердің еткен жылы «Жазушы» баспасынан шықкан «Ағалардың алақаны» кітабын, ондағы повестер мен әңгімелерді, есселерді тілге тиек етпекшімін. Бұл кітаптағы «Бір таба нан», «Жел керуен» повестері қаламы жүйрік жазушының өзі туып-өсken, оқып, білім алған, азамат атанип, ауыл тіршілігіне, тұрмысына араласқан кезін ой елегінен еткізіп, өзінің өсken ортасын мұқият барлауға, бағдарлауға ұмтылыс жасаудан туган және сол органың, ауыл адамдарының мінез-құлқытарын, ой-орістерін, әр адамның өзеге ұксасайтын ерекшеліктерін, бір сөзбен айтқанда, Сафуан Шәймерденов өзінің жерлестерінің портреттерін әдемі берген, тамаша сомдаған деуіміз керек.

Жас Сафуанды жазушы, қоғам қайраткеріне дейін көтеруге әкелік, жана шырлық мейірі, сүйіспеншілігі мен қамкорлығы, еңбегі шын мәнінде көп болған Шәймерденнің қызыметі мұнымен тынбайды. Жазушы шығармасында әсерлі өрнектегендей:

- «Тан атпай тарсылдап терезе қағылады. Өктем дауыс естіледі

Шэймерден, орталық малы су ішпей қалыпты. Тез киініп, ойыққа айда.

- Колхоз малына кеше шөп салынбалты. Ұлып тұр. Біржола шөп апарып шаш.

- Ауданнан келген өкілді көрші ауылға апарып салып кел.

...Шэймерден пәлен үйде пәленшекен өліп қалыпты. Алып шық!»

Міне, елгезек, сібекшіл, мінезге бай, адамгершілігі зор Шәкен ауылда өзіне серік болар жанның жок екенін біледі де жүре береді. Иә, ауылдың қарапайым колхозшысы ма, баска-лардай ауыл адамы ма, кім десек те өз отбасының ғана қам-каракетін күйттеуден аулак. Ол ауыл, қоғам қамы, жұмысы үшін ешнәрседен тартынбайды, каймықпайды, бет алғаннан қайт-пайды.

Адам характерін, оның ішкі сезімдерін, құпияларын, мына тіршілікке, өмірге, қоршаган ортаға көзкарасын ашуда жазушы Сафуан Шэймерденов «адам жанының нақ инженері» іспетті. Оның адамгершілік, ар, ұят деген ұлы ұғымның төнірегінде ұстамды ой қозғал, ұстартқан тілмен толғауы шығарманың бедерін айшықтап, өресін биіктеп тұр. Ар, ұят дегенде егер осылар алмзат баласында науша жастан қалыптасып, тұла бойынан орыкты орын тапса құба-құп.

Ал болмаса ше?!

Каламы жүйрік каламгердін атальыш повесіндегі өтей шеше Бейістің ательеде суретке тұсу үшін жаулығын алуға қысылуы. Осы арада жазушының өзі біздің сұрағымыз берілгенде жауап береді.

«Жоқ, менен де /фотографтан / одан да емес, өзінің арынан ұялғаны. Яғни адамшылығынан, кіслігінен қысылғаны. Жүре-гінде иман отының барлығы. Өз өмірін ар мен адамшылық белдеуіне байлаған мұндай адамдар біреу үшін тау копару көрек деп түсінсе, копарады да. Бірақ ол қызыметім еткен еді деп біреуден жәрдем де, жақсылық та күтпейді, ешкімге салмақ та салмайды». Ондай адам адамгершіліктің құлы. Қазактың Сарыарқасының теріскейін алып жатқан шалғай өнірдегі адамдардың іс, харакеті, мінез-құлқы, адамшылық пен кіслігі жазушы лабораториясынан сұрыпталып, әрленіп, шымырланып және шындалып шыққан. Осы повестегі Айша мен Рамазаның, ауыл мұғалімдері Ғазез Әбішевтің, Кәрім Ешмұқамбетовтың, әсіре-

се, математика пәнінің мұғалімі Шияп Садықовтың тұлғалары, образдары оқырманын елең еткізері анық,

Ал түрлі Ахметжандар, Петр Матвеевич Голубев, Эпен, Тұргындар образдары да тартысқа толы. Бірақ боямасы жок, әсерлеуі жок, шындық оқиғаға құрылған.

Сафуанның азамат атанып, ат басын тартуы, әдебиетке құмартуы, жазушылық ұлы өнердің сайысына салып жіберген не күш десеніз, жауабым дайын: ол-өзім ұшқан ұям- «Ленин туы» газеті дейді қаламгер.

Өзімізге етene жақын, жанымызға, журегімізге де ыстық газеттің аргы-бергі өмірін онда еңбек еткен журналистер жайлышы пікір, орынды баға беруде жазушы тек қана шындыққа жүгінген. Өзіміз көпшілігін білетін жора жолдас, таныс, тіпті, ағайын болып кететін қаламдастар жайлышы да, тартымды зерлеген жазушыға ризашылық сезімімізді білдіргіміз де келеді

Жалпы «Ағалардың алақаны» кітабындағы «Жел керуен» повесін оқып шыққаннан кейін түйген ойымыз: Сафуан Шаймерденов өскен ортандың, қоршаған, қаумалаған адамдардың биік парасаттылығы, жан-дүниелерінің рухани байлығы, өскеңлен өмір тынысы мен жүрек лұппалінің бірінғай соғатындығы. Биік мұратты адамдар мен әсем табиғат құшагында туып-өскен, өмір деген сұлу әлемге құлаш үрган Сафуан ағамызындың сөз зергері, суреткер, жазушы болмауға, тіпті, хакысы жок.

Шеберліктің шыңына шыққан Саф ағанының ғасырымызыдың ұлы жазушысы Мұқтар Әуезов, қазақ совет әдебиетінің ірге тасын қаласуышылар Сәбит Мұқанов, Габит Мұсірепов, халық батыры Бауыржан Момышұлы тағы басқа да әдебиетіміздің сылаң жүйріктері жайлышы толғаған эссе-естеліктері оқырман жүргегін толқытпай, толғандырмай қоймак емес. Қысқа ғана естелікте аталмыш алып ағалардың адамгершілік, мінез-құлқы, барша жүрттап болатын сыйқты өкпе-наз, әзіл-калжың, адамдарға, жора-жолдастарға, дос жарандарға, көзқарасы, қарым-қатынастары келісті зерленіп, көркем берілген. Ұлылардың бүкпесіз, бұлынғырыз жарқылдаған көңілдері талтұстегі аспандай. Кіршікіз көніл, кішіпейілділік, адамдарға деген сүіспеншілік бәрі-бәрі де жазушы шығармасында аса тапқырлықпен суреттелген.

«Француз Гюго, қазақ Әуезов. Асылы қай жерде дүниеге келмесін, қай топырақтан жараптасын ұлы адамдардың әйтеп-үйр бір ұқсастығы бола береді екен-ау, тегі».

Әдемі айтылған сөз. Әлем әдебиетінің алыптары Виктор Гюго мен Мұқтар Әуезов дүниенің түрлі бұрышында өмір кешіп, ғажайып шығармалар тудырса да олардың сез сөйлеу мәнерінен бастап, құнделікті тіршілік-харакетіндегі ірілі-ұсақты істеріндегі ұқсастықтар коп болған. Осыны көреген де, білгір жазушы Сафуан дөп басып, дәл байқаған. Уақыт ұзаған сайын аяулы да ардакты жазушылар Сәбит Мұқановтың, Габит Мұсіреповтің және басқалардың құнбек-құндік тіршіліктеріндеңдешіліктің ұсақ-түйегі ұмытылып, аражігі жайылып, олардың тұлғалары Хантәніріндей окшауланып, ерекшеленіп, қыяннан көз тартады. Осынау алыптардың да арман, мұдделері, мақсаттары болған. Саф ағаның әсселерін оқып отырып ұлылар сонша қарапайым бола ма екен? - деген ой кокейінен шеттемейді. Халқымыздың ардактысы атанған санлақ жазушылармен құнбек-құн кездесіп, жүздесіп, олармен талай-талай сапарлас болған, абыз алғалардың ұлағатын алып, дәрісін тындаған, олардың шекірті, інісі, әріптесі болуға ықдағаттық танытудан тайынбаған, айнымаган оны жоғары мәртебелеп, құрмет тұтқан. Саф-аганың байқаштығы кез-келген адам ангара бермейтін характерлерді ашудағы шеберлігі, оқырманды қуанттай, толғаңдырымай, ойландырымай қалмайды. Белгілі жазушының «Бір қакпайлар» деген топтамасында да окушыны бірден елең еткізгер шынында да «бір қакпайлар» бар екен. Тұмасынан терен ойлауды қалаған қаламгер естіген, көрген-білгендерін әнгіме ете отырып, философиялық түйіндер жасайды. Бір оқиганы, не болмаса бір адамды әнгімесінің желісі етіп, оны баю өрбітіп келе жатады да, бірден тосын түйін, тосын ой айтып тастайды. Қысқа ғана штрихпен үлкен ой, пәлсәпә айту кереметтің деген жазушының колынан келе бермейтін шаруа.

Сексениң жетеуіне келген Шаймерден карт қатты ауырып жатқанда Тахауи Ахтанов оған сәлем береді. Хал-ахуалын сұрағанда карт: «Сексен бесім дұрыс еді. Арғы жағы кәләкәйт екен» деп өзі де күліп, жүртты да күлдіріпті. Осы бір тұтамдай ғана әнгімені жазушы былай түйіндеғен: «Бұл әнгіме көз жұмарынан бір жарым ай ғана бұрын болған еді. Өмірден жыламай еткен адамдардың бірі менің әкем бе деп те ойлаймын» Тосян түйін бе? Тосян!

«Ағалардың алаканыын» оқып шыққаннан кейін қоңілге түйіп, көкейге қондырғаным мынау- совет әдебиетінің белгілі жазушысы Сафуан Шаймерденов үлкен адамгершілік жыршысы. Оған дәлел біздің қолымыздығы оның құнарлы да, құнды кітабы. Бір қуаныштысы сол, Сафаганың бұл туындысын

Қазақстан Жазушылар одағы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынған еken Онысы өте орынды. Шындығына келгенде респубикалық сыйлықты жазушы бұрынғы шығармалары үшін ертеректе де алуы керек еді. Оқасы жоқ, ештен де кеш жақсы демекші, аса көрнекті суреткер Сафуан Шаймерденовтың «Ағалардың алақаны», сөз жоқ, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына лайықты, кесек туынды.



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ АҚ ҚАЙЫНДАР ЕЛІНДЕ



1970 жылдың күзі “Жазушы” баспасының поэзия редакциясында қолжазбам жаткан болатын. Оның тағдырын білмек болып редакцияға барып едім, ондағылар қолжазбамды қолыма ұстартты да: “Жазушылар одағының поэзия секциясына апар. Онда сенің өлеңдерінді оқып, талқылайды, бізге өз пікірлерін жазып жібереді. Болашақ кітаптың жарық көру-көрмеуі соған байланысты”, - деген. Қолжазбамды құшақтап Одактың екінші қабатындағы поэзия секциясына келдім. Барсам, бөлмеде бір жігіт отыр екен.

Үстінде ақ көйлек, кара шаппын кейін кайырган. Басы да, дene бітімі де ірі көрінді маган. Орақ мұрын-дylaу ма, калай? Әйтеуір, басының үлкендігі менің назарымды бірден аударды. “Мына баста біраз дүние бар-ау, үлкен екен” деп ойлаймын. “Өлеңдерінді мына жерге кой, - деп столды пұскады да, - ертен түске таман кел. Мен бұларды оқып, пікір жазып қоямын”, – деді озін Мұқагали Мақатаев деп таныстырган жігіт.

Мұқагалимен сырттай, өлеңдері арқылы таныспын. Не жазса да шын жазатын, шын жылап, шын күліп, шын сағынатын ақын талай-талай жыр маржандарын беріп үлгерген-ді. Өлеңдерімен кен-байтак республикамыздың жырсүйер қауымын тәнті етіп жүрген ақиын акынмен кездесіп, жүздесудің өзі ганибет! Мен колжазбаның тағдырын осы сәтте мүлде ұмытып, Мұқагали ақынды коргеніме, онымен сойлескеніме куандым.

Ертеңіне мені толғандырган мәселе өлеңдерімнің тағдыры болды. “Мұқан соңыра маган не дер екен? Өлеңдерімді түккес жаратпай, баснага дұрыс пікір бермей қойса қайтем?” Міне, менің басымды катырып, миымды шіріткен, көңілімді кобалжытқан мәселе осы. Айтылған уақытқа дейін жазушылар үйінін алдында ерсілі- карсылы жүрдім де койдым.

Сағат 12. 30-да не болса да барайын деп есігінің сыртында “Поэзия секциясы” деген жазузы бар бөлмеге кірдім.

Мұқан бүгін де жалғыз отыр екен. Мені көрді де: “Келдің бе?” – деді көнілді кейіппен. Сәлем бердім де, келдім деп мінгірледім. Зәрем жоқ.

- Өлеңдерің жақсы екен. Өлеңді осылай жазу керек, - деді Мұқан машинкаға бастырылған поэзия секциясының пікірін қолыма ұстасып тұрып. Онда былай делінген: «Мұталап оқушы қауымға көтеп танымал ақын. Оның алғашқы жинағын жүрт жылы қабылдағаны мәлім.

Мұтәлап өлеңдері өзінің жылдығымен, ойлылығымен көңіл аударады. Әсіресе, көніл аудараптық жәйт – жас ақында азаттық үн басым. Заман туралы, біздің өмір сүріп отырған қоғамымыз туралы шаттана да шабыттана жыр толғайды. Дала жөнінде, даланың жайсан жанды адамдары жөнінде барынша тебіренеді. Бұрынғы жинағына қараганда ақынның әлдеқайда өскендігі көрінеді. Өз шығармасында өлеңінің бар каруын толық пайдалануга үмтүлады. Тенеулері конымды, тілі шүрайлы. Мұтәлап өлеңдері Жазушылар одагының поэзия секциясында бұрын да қаралған, талқыланған. Жаңа жинағын, “Жазушы” баспасына ұсынуға поэзия секциясы қарсы емес.

Қазақстан Жазушылар одагының поэзия секциясы.

М. МАҚАТАЕВ 18 ноябрь 1970ж.

Тұстік ішетін кез. Ресторанға барайық, Мұқа, - дедім. - Мен арак-шаралты қойып журмін. Тамақ ішуге болады, - деді ол. Екеуміз бұрынғы Коммунист данғылы бойындағы “Қазақстан” ресторанына бардық. - Өзін іштегінді іше бер, маған ас алдырсаң болады, - деді Мұқаң. Мен де ашыға теріс қарайтындымды айтып жатырмын.

- Қой, сен кезінде ішкен жігітсің-ау деймін, шашың ағарып кетіпті ғой. Сен маған қарама, - деп қойды тағы да ақын аға.

- Айтпақшы, “Жұлдыздың” 1966 жылғы 8 санын жастар шығармашылығына арнап, есімдері бұрын баспасөзден аталаған жас талапкерлерге сәт сапар тілеп, тұсауларын кескенбіз. Сол талантты жастардың ішінде сенін де есімің бар болатын. Есіме, жаңа тусты, - деді ол. “Жұлдыздың” жастарға арнаған санындағы “Дарын шоғы үрлесе лаулайды” деген беташарын Мұқаң дайындаған екен. “Әлі аты таныс емес, республика баспасөзінде бірінші рет көрінгелі отырған талапкерлер бетін ашу да біздің журнал үшін бір ғанибет”, - дей келіп, талапкер ақын-жазушылардың есімдерін атайды, олардың шығармаларына тоқталып, бағасын береді. Оның ішінде осы жолдардың авторы да бар.

“Дарын дегеніміз де, бір есептен сексеулдің жана түскен шоғы іспеттес. Оның бірден лап ете тұсуі де, қызуын тез шығарып, тез тауысып алуы да мүмкін. Ол өзінен- өзі лапылдай бермей, көзін ашуды, үрлей тұсуді керексінуі де ықтимал. Бұйығы дарын бір көрінсе одан әрі көтермесіз-ак жарқырай түспегі ақиқат.

Міне, журналымыздың осы номерінде жұртшылыққа атын таныстырып, шығармашылық үзенгісіне аяғын ілдірген жас талапкерлер жүргегінде бәріміз күткен дарын, талант шоғы жатқан да болар. Ол көзін ашып, үрлеп жіберсен, лаулап жанып жүре берер еді. Үмітіміз де мол, сеніміміз де зор”, - деп талапкерлердің өлең, әнгіме, повестерін басқан екен.

Мұқан сырт қараганда бұйығы, катал адам сияқты көрінгенмен, шын мәнінде, ондай емес екен. Ақжарқын, мейлінше акконіл, жаны да, жүргегі де мөлдіреп тұрған жан. Олай болмаса акын бола ма??

“Жұлдыз” журналының поэзия бөлімінде Мұқаннан басқа адам отырса, Солтүстік Қазақстаннан жолданған өлеңдерді корзинаға лактырып тастар еді. Оларға Мұтәллап деген ешкім емес! Қайта солтүстіктен жарқырап ешкім шықпау керек, көрінбей керек. Міне, сол кездегі тенденция! Қазір де солай.

Ал адамгершілікке бай, ұсак- түйекке бара бермейтін шын дарын иесі Мұқагали Макатаев өзінің ұлылығын танытып, күн сайын келіп жатқан жұздеген хаттардың арасынан екшеп, елеп, жіліп татитындарын таңдал алып, сол кезде Кеңес елінде көп тарайтын әдеби журналдың бетіндегі бағытымызды айқындалап беріп, әдебиет деген арғымақтың тізгінін қолымызыға ұстаратқандай болылты.

Талантты тани білу де кереметтік, тіпті, ұлылық дер едім.

1974 жылдың жазы. Қунделікті күйбенмен жұмыс бөлмесінде отыр едім, телефон шылдыры етті. Трубкасын көтерсем – ар жағынан дауысы гүрілдеген біреу мені сұрайды.

-Ассалаумагалейкум. Бұл кім? –деймін.

- Мен Мұқагалимын. Осындағы қонақ үйде ауырып жатырмын.

Қалтамда 15-ак тыын ақшам бар. Тез жет, - деді маған. Жұмысты жігіттерге талсырдым да, қонақ үйге келдім. Мұқан бір бөлмеде жалғыз жатыр екен. Ауруы катты, қызуы күшті көрінді. Ақынның бауыры сыр беріп тұрғандай. Алматыдан шығармашылық сапармен облысқа бірге келген акын, жазу-

шылар мұны жалғыз қонақ үйіне тастап кетіп қалыпты. Мұнысы несі: осындай да жазушылар бола ма, сактай гөр! Тым құрыса, аяушылық болсайыш!

Көп ойланатын уақыт жоқ. Мұқана дереу медициналық көмек керек. Баурына жағатын тамақ әзірлету қажет. Мұқан үйіме де, аурұханага да баруга қарсы болды. Қалалық, облыстық дәрігерлер ем-домын қонақ үйде жасады. Әйтеуір, үш тәулік дегенде ақын ағаны аяғынан бастырдық-ау!

Облыстық радиодан, теледидардан беріліп, облыстық “Ленин туы” газетінде ақынның өлеңдері жарияланып тұрды. Мұқанның “Аккулар үйіктағанды” деп аталатын поэмасы тұнғыш рет біздің облыстық газетте жарық көрді (Мұқанның айтуы бойынша). Ол осы дастанын Габит Мұсіреповке арнадым деп еді, бірақ өкінішке орай, газетте олай басылмады. Ак иық ақын Алматыдан Қызылжарға жүрер алдында түс көріп, түсінде Габит Мұсірепов қайтыс болып кеткен екен, ақын шошып ояныпты. - Енді не болдық, леген үрейлі оймен, екі салымды соғып тұрып қалыптын. Габитке деген сүйіспенгшілігім ерекше. Жақындаған Габит ағанын үйіне еркелеп барып, еркін отырып әнгімелесіп шығып едім. Алдымыздағы арқа тұтар данышпанымыз осы кісі ғой деп еді сонда Мұқан. Біраз уақыттан кейін радионы тыңдасам, Сәбит Мұқановтың өмірден озғанын хабарлап тұр екен, -деді Мұқағали аға.

Науқасынан айырып, көңілі көтерілген ақын екеуміз көшеге шығып, қаланы аралаймыз. Талай әнгіменің тиегі шешіліп, сырлар да айтылды.

Мені бұл үкімет ренжітті ғой, - деді бірде ол ауыр құрсініп. Үкімет деген сөздің артында үлкенді- кішілі басшылар болатыны белгілі. Мұқаннан: сізді ренжіткен кім? Не үшін?- деп сұрагам жоқ. Ондай сауалды қоюдың жөнін де таппадым. Сөз ынғайына қарағанда, Алматыдан қатты ренжіп шықкан сыңайы бар. Мұн арқалағандай болып жүрген ақынның жарасының бетін тырнағандай боламын ғой деп ойладым да, оған ешбір сауал қойғам жоқ. Кейін ақиық ақын Қызылжарға келген сапарынан туган мына өлеңінде де сол ойларын айтқан көрінеді.

«Сол маңға сога алмадым көптен бері,

Күз бе еді?!

Есімде жоқ, көктем бе еді?!

Есімде тек- даланың өкпек желеi,

Есімді алып, құшақтап өткен желеi,

*Есімді алып құшақтап, өткен мені.
Сол маңға соқпай кеттім көптен бері.
Сән түзеген Есілдің оңірінде,
Ақ қайыңдар әлі жүр көңілімде.
Ерекше еді ол жердің көлі мұлде,
Ерекше еді ол жердің елі мұлде.
Ерекше орын алып жүр көңілімде.
Суып барғам, сұйтқан қылықтардан
Жылып қайтып кеткен ем,
(суып барғам)»*

Осыдан барған соң Мәскүдегі әдебиет институтына окуға жүрмекшіміп. Жұырда Қазақстан жазушылар одагының бірінші хатшысы Әнуар Әлімжановпен әңгімелестім. Ол осылай деп үйгарып отыр. Жинағымды да баспаға өткізіп кетпекшімін, - деді Мұқан әңгіме арасында. Аға мен іні болып әбден үйренісіп алғандыктан ба, әйтеуір, қандай әңгіменің төнірекінде болса да ашық пікірде болып, ағамыздан актарылып жүрдік. Содан да ма еken, Мұқана:

-Сіз Мәскеуде жүре алмайсыз ғой, - дедім.

-Е, неге?-деді жұлып алғандай.

-Мәскеудің мәшиіндері көп. Шәкен ағам құсатып біреуі қағады да кетеді. Сіздің қазақтың дүлдүл ақыны екенінде олардың шаруалары не? Мұқан үндемей қалды. Мениң “окуға барма” дігенімді ол ұнатпай қалғанын байқадым.

“Түү, бекер айттым-ау” деп қынжылдым артынан. Айтылған соз-атылған оқ. Айтылыш қалған соң оны кейін қайтару жок. Әйтеуір, інінің еркелігіне салуға тырыстым. Өзінің денсаулығын да түзеу керектігін айттып жатырмын.

Қызылжар өнірі ұлыларды тудырған ғой. Қазақтың небір жұлдыздарын берген құтты мекен. Табиғаты қандай сұлу болса, адамдары да сондай сұлу- деп лепіріп кетер еді Мұқан. - Шіркін, осы касиетті ауаны Магжан ақын жұтты – ау! Мұндай таза ауа тауда ғана болды деген едім. Магжан бабамның тұған жерінін ауасы тіпті, гажап екен ғой! Тағдыр маган Жолдыозектің саф самалымен тыныстатып, Ұлы Маханың сарқытын ішкізгендей болды –ау, Мұтәллап. Кәусәрдәй ауаны сіміре бергін келеді. Тынысым да кеңейіп кеткендей. Ол баяу ескен самалға жүзін бұрып, ұшатын қыранша алға қарай ұмтыла түсетін де, демін терен алып тұратын. Рахат құшағына енгендей болатын.

Мұқағали ағамызың Қызылжардан Алматыға барған соң
солтүстіктің азamatтары оны қалай қарсы алғанын жырдай етіп,
елімізді мактап барса керек. Белгілі ақын Свет Оразаев осы
жайында “Сонғы бір соны шындық” деген ұзак олсң жазып,
кітабына сингізіпти.

“Соңғы бір соны шындық-“ олеңінде:
Отырмын екі жеңді түрініп ап,
Алып еске жағдайды ірілі-уақ,
Болған-ды соның бірі еді Мұқагали
Өлерден бірер жылдай бұрынырақ,

Қаскөйді қалтыратар қызынғанда,
Ішпей-ақ,
Ұқсайтұғын қызу жаңга
Мақатаев деген сом марқасқаның
Жолы түсті бір күні Қызылжарга.

Тіл табысын кетіп ол бірден елмен,
Әр ізін жырмен өрген,
Гүлмен өрген.
Қасында қаламсапты жігіттер бар,
Алмалы астанадан бірге келген.

Шайқалтпас елге деген маҳаббатын
Емес-ті Мұқаң әсте қатал ақын.
Тек қаталдық танытқан жігіттердің
Әлдекімше қайтейін атап атын.

Жауша қарап оған тән нар қеудеге,
Каталдыққа, япымай, барған неге?!
Неге сойтті жасатқанда ақын жүрек
Алықынн қонақ үйде,
Тар болмеде?!

Жатыр жалғыз,
Жанарда жас аунайды-ақ,
Жарым- жандай саулығы нашарлай гап.

*Әлсін-әлсін жұлқына аласұрып,
Дөңбекишиді жарапы асаудай нақ.*

*Жалғызсырап жатқан ол тым өкініп,
Тыңдаушым, жоқ бұл сөзде бір өтірік.
Жалтыратып табанын,
Тайып түрган,
Ал, жігіттер осыны біле тұрып.*

*Безгендері-ай солардың Жырдан асыл,
Құтты қонақ бол жүрген қырга жасыл!
Олар безіп,
Табылды есесіне
Қанғожин Мұтәлләтей бір жанашип.*

*Жүгіріп дәрігерге,
Болған әлек,
(Келер ме бұдан басқа қолдан көмек).
Ақын ага алдында жүгірді-ау ол,
Адалдықтан айнымас қолбала бол.*

*Дегендей-ақ: “Осым жөн,
Осым ақыл”,
Жел беріп ақын қөңіл хошина тың,
Зыр жүгірді зерделі інідей-ақ,
Жинады-ау ақырында есін ақын.*

*Көпремес қөңілінің көк терегі
Ақын үшін ақ ниет- тек керегі.
Сондай ниет қүшімен арыстан жыр,
Аяғымен нық тұрып кеткен еді.*

*Ешкімді зілді сөзбен шымшимай түк,
Айтса да не,
Үйренген бұл шын айтып.
Сол сабаз қайтар шақта Мұтәлләпке
Кеткен-тұғын мынадай бір сыр айтып:*

*-Көздеген көкжиеекке кеп қонганиша,
Өтер әлі жаз қанша,
Көктем қанша?!*

*Мендей ағаң өлмес-ау жуық маңда,
Дәл өзіңдей жігіттер көптеу болса.
Алатын жсан жарасын жаза біле,
Бірақ, сендей азамат аз әлі де.
Балтырың сыздаганда ондайлардың
Сенімен ғүресі не,
Азабы не?!*

*Ботасындаій боздатып бозінгеннің,
“Байбайлатып” ыршытып көзімнен мұң,
Қыын сәттіе өзімді жамандыққа
Қыып кеткен жандарды өзің көрдің.*

*Тырнағының ұшына “қан” байлаган
Қатыгездік қандай бұл,
Қандай гана?!
Тым ерте кеткен соның кесірінен
Талай нар сыймай біздің маңдайга да.*

*Жыланша зәрін шашар таңдайынан
Қатыгездік зор дерсің қандай бұдан!-
Мұқаң өстілін толғанған кетер кезде
Ііскең інісінің маңдайынан.*

*Ту етіп сол Мұқаңның ардақ үнін,
Көз салған адап іні алға бүгін.
. . . Артық санар алтынан дарын нарқын
Дара жандар ұгады-ау Нар қадірін.*

*Отырмын дәл осындаі тоқтам жасап,
Кей сөзді шабытқа тән отпен қашап.
Шынында,
Аргымақтар көбеймес-ау,*

*Арлылар,
Адал жандар көп болмасақ,
Біріміз-бірімізді қын кезде
Шіркін-ай, нағыз досша тек қолдасақ!*

Мен осынау шағын мақаламды жетпісінші жылдары Мұқали Макатаевка арнап жазған өлеңіммен тәмамдағалы отырымын:

*Күрілдең үнің,
Құлагымда қапты мәңгілік.
Жыр окушы едің,
Кететін дала жаңғырып.
Жыр окушы едің
Қолыңды сілтеп, бұрқырып,
Жырыңмен жылқы
Құйғытатын еді шүркүрап.
Жел қуган бұлттар
Шұбырып бара жататын
Қарсы қайырган
Қара шаштарыңды жүлқылап.
Мен сені сонда
Құдірет қой деп танып ем,
Жылтытып еді,
Жырыңың оты, қаны мен.
Жылтытып еді
Жүргімді менің сүйнган,
Табигат берген
Дарыныңың эксанымен.
Ақыық ақын,
Мен сені солай танып ем.*



ӘНЕКЕҢ

/Әнүәрбек Шманов туралы сырт.



«20-30- жылдардың беті аулак, ал соңғы 40 жылда қазақтың хас зиялышының қыл бұрауға түспегені кемде-кем. Зады айқаска ат мініп, тізгін ұстаганның замана ағымына карсы жүзуі, әсіресе, біздін әлеуметтік системада қыынга соққан, сога беруі де бес мүмкін. Үлт пен жүртқа аса мұдделі идея мұраттардың қалың қауымға жеткізбек тұлға» заманын тұлқі болса, газы бол шал» деген формуланы ұстанған. Бұл орайда, Ілкең, Ілияс Омаров, Кенжеболат Шалабаев, Әнүәр Шманов, Камал Смайылов менің ойыма оралады». Аскар Сүлейменов.

1960 - жылдары іске қосылған Петропавл телестудиясында уш жүздей техникалық және шығармашылық қызметкерлер болса, оның бес-алтауы ғана қазақ ұлтынан да, өзгесі орыс тілділер /орыстар, украиндар, еврейлер/.

Аптасына үш рет он минуттан “Жаңалыктар” беріледі, оның өзі аударма. Анда-санда әдеби-музыкалық хабарлар мен көркемнөрпаздардың концертін дайындал, көрсетеміз. Қазақшамыз осымен тәмәм болатын.

Облыстық телевизия мен радиодағы басшылардың дені орыс тілділер. Гонорар дегенді казан басындағылар пышак ұшынан боліп алады да, казакемдерге екі-үш айлан ол берілмейді. Бұл жолы сендерге жетпей қалды, келесі жолы аласындар дей салады.

Бізде үн жок. Мойнымыздан су кетіп жүре береміз.

Қазақ тіліндегі хабарлардың телевизияда бар, жоғында «үлкен үйдегілердің» шаруасы жок.

1966 жылы облыстық партия комитетінің хатшысы болып Әнүәрбек Нәжіметденұлы Шманов келді. Оған көңіліміз де, құлағымыз да елен ете калғаны рас. Телерадиодағы қазактар іштей қуанысын қалдық. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде істеген десті оны. Бізге келуі сол жерден. Ол кісінің негізі кай жерден, кай жүзден, қай рудан екенінде де Солтүстік

азаматтарының шаруасы жок. Әйтеуір жақсы адам, жақсы басқарушы болса болды - дағы. Арканың жігіттері қай денгейдегі басшымен болсын терезесі тен тұрып сөйлеседі, іс-әрекетте де солай гой, жөн-жосықсыз жазылып жастық, бүтіліп тосек болуды жазбаган оларға.

Әңуәрбек Шманов обкомның хатшысы болып кілгенең бастап-ақ, біздің телерадиокомитетте он өзгерістер байқала бастаған. Қазак редакциясының телебағдарламасын алта сайын жұртпен бірге коллегияда, жиналыста бекітіп, оның жұмысы туралы есеп сұрала бастады. Қазак журналистерін аудандарға іс сапарларға жіберетін болды. Бұрын “жок” – деп ауыздарын ку шөппен сұртетін теледидар бастықтары мен бас маマンдары казактарға көлік те, кинолента да, іс сапарларға акша да тауып беретінді шыгарды. Әсірссе, Римма Васильевна Сергеева бастық болып тұрған тұстан бастап, бұрын катып жатқан сен бұзыла бастағандай еді. Сергеева Р. В. Қазан университеті журналистика факультетінін түлегі. Жақсы журналист. Принципшіл, әділетті, әйелдігіне карамай, ер мінезді кісі болатын. Жас журналистерге қамкорлығы да мол.

Обкомның жаңа хатшысы туралы алғашқы пікірді біздің ұқымға жеткізген де Р. В. Сергеева болды. Пікірі жақсы. Римма Васильевнаның айтуы бойынша Ә. Шманов қазак, орыс және неміс тілдерінде сркін сойлайді. Білімі ұшан-тсңіз. Әлем әлебиеті мен тарихынан, философиясынан білмейтіні жок.

Әтс қаралайым, кішілсійіл.

Облыстық телерадиокомитетіндегілердің бізге деген козқарасы да, ықыласы да бірлен жаксарғаннан кейін, біз де еркіндік алғандай, санатқа косылғандай сезініп, жұмысқа ынта қойып, аса бір ижидаттықпен кірестік.

Бас редакторымыз Дүйсенбі Оуелбеков, аға редакторымыз Сейфolla Каюмов. Балтабай Дағыров аға екеуміз редакторымыз. Телевизияда журналист редактор деп аталады.

Зайра Мусина режиссер, Халима Дауітова диктор. Баян Құдайбергенова режиссердің асистенті. Міне, қазак редакциясында шығармашылық топ осындей болған.

Осы жылдары телевизиялық-музыкалық “Самал” клубын ұйымдастырыдык. “Самалымыз” оте сәтті басталды, корермендер көрсөттей қызу колдан, карсы алды. “Самал” шың мәнінде өнерпаз жастардың клубына айналды да, оларды күндіз-түні студияда көретін болдык. Бұрын ауыл-село клубтарында әнжыр айтып жүрген жастар, енді көгілдір экран арқылы мында-

ған көрермендермен кездесіп, жүздесіп, өнерлерін паш ететін болды. Облыс өнерпаздары әр үйдін қонағына айналды. Халықтың ризашылығына бөлөнгені сондай, тіпті, “Самал” деген атты ел-жұрт жаңа тұган нәрестеге, ресторан, кафе, клубка қойып жүрді.

Біздін Қызылжар көгілдір экранына экелген жаңалығымызды облысымыздағы КГБ- шылар басқапта түсініп қалды ма, солардың екі адамы кезекпен мен жұмыс істейтін бөлмеде отыратын болды. Бастапқы кезде біз олардан шошынқырап жүруші едік, кейін бойымыз үйреніп кетті ме, олардың баржоғында да шаруамыз болған жок.

Бұдан кейін көп ұзатпай “Ақ отау” телеклубын да эфирге шығарып жібердік. Бұл әдеби клуб болғандықтан оның мүшелері жергілікті жас жазушылар мен жас ақындар. Олар: Ермек Қонарбаев, Бакыт Мұстафин, Болат Қожахметов, Шашубай Малдыбаев, Зейнолла Әкімжанов, Байтұяқ Жанымбетова, Нұрлан Қасымов, Нұрлан Әлібаев, Сайлау Үәлиев т. б. Сөйтіп облыс халқы жастардың шығармаларымен танысып, біліп отыратын болды. Клубтың жас ақын-жазушыларды қанаттандыруға, шабыттандыруға әсері жаман болған жок.

Ол заман еңбекші қауымның заманы деп аталатын еді ғой. Еңбек адамы бірінші орында тұратын. Сондықтан сол еңбек адамы жайлы телеәнгіме, телеочерк, киносуреттеме, кинофильмдер түсіріп, көгілдір экраннан көрсететін едік. Бұл талабымыз да сәтті болды деп айтқым келсіді. Мұнымен коймай Республикалық телевестивальдерге қатысып, жүлделі екінші, ушинші орындарды иемденіп жүрдік.

Есімі республикамызға әйгілі болған, қазактың тұнғыш комбайншысы Қасен Нұтпаев, Социалистік Еңбек Ері Әбу Сыздықов, Смирнов орта мектебінің Ленин орденіндегі мұғалімі Зейніл Мұқатаев, Қосқөл аулының атппал азаматы, екі Ленин орденінің иегері Сайлау Шыңғысов, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреагты Қабдірәшит Сәрсенбаев, Социалистік Еңбек Ерлері Есіләм Бәүкенов, Байман Тұрғынов, Молдай Байтұсов және басқалар туралы фильмдер, очерктер түсіріп, фестивалдерлін бәйгелерін женип алып отырдық.

Домбырашы Серікбай Құсайынов туралы түсірген фильміміз Бүкілодактық телевестивальда бірінші орын алғаны да бар. Серікбай бауырым қазактың кара домбырасымен Құрманғазының “Сары Аркасын” Мәскеу телеарнасынан күмпілдеткенде ішіп отырған асын жерге коя салып, орындарынан өретүра

келіп: Жаса!- деп қиқулап қалмаған казақ аз болар. Өз басым сондай әсерде болғаным бар.

Бастығымыздың хатшысы: сені обкомға Шманов шақырып жатыр, - деген соң, жүгіріп обкомға келдім. Обком хатшысы кабинеттін алдында отырған келіншек мені дедектетіп Ә. Шмановтың алдына алыш барды. Ол орынан тұрын маган карай аяналды, кол беріп амандасты. Орта бойлы иықты, төртбак, шымыр денелі жігіт екен. Артқа кайырған қара шапы екі шекесіне төгіліп түсіп тұр. Мұрының конқайғанды, таулықтардың мұрыныңа ұксайды. Көзінде көзілдірік. Көзәйнектің ар жағынан қараған коңыр көздері күлімдеп тұратын сияқты көрінді маған.

ҚазГУ-дың журналистика бөлімін тәмәмдап, диплом тойына киғен костюмінді обкомға киши барғам. Омырауымда ромбик. Оқудың сырттай бітіріп үйге келгепімі бір айдай болған. ҚазГУ-лың ромбигі қаракөк тұстес те, оның нак орта тұсында алтынлаған Олак Елтаңбасы орнатылған. Жаңа дүниенің жарқырап тұратын әдеті ғой, Ә. Шмановтың көзіне менің ромбигім бірден түссе керек.

Университетті қашан бітірдіңіз?- деді ол.

Жұырдаған окуымда тәмәмдап келіп, жұмысқа кіріскенімді айтЫп жатырмын. Ол кісі мені окуымды бітіруіммен құттықтады.

Сіздің омырауыныңдағы анау белгі барлық наградадан да жоғары.

Ол сіздің көп жылғы адал енбегініздің, мандай терініздің нәтижесі. Сондыктан мұның құндылығын сезіне, түсіне білу ләзім ден, озінің Мәскеудің халықаралық қатынастар институтына калай түсіп, калай оқығаның әңгімеледі. 1940-50- жылдары аталымының жоғары оқу орнына славяндардан басқа ұлт өкілдері кабылданбайлы екен. Өзінің өжеттігі ме, жітілігі ме? Әйтеуір, Әнуарбек Шманов құжаттарын институттың қабылдау комиссиясына өткізіп, басқа абитуриенттермен бірге емтихан да тапсырады. Бағасы өте жақсы, бірақ ол басқа ұлттың өкілі болғандықтан (казак) институтқа қабылданбайды. Ол тындаушы реттінде лекциялардан калмай барын жүреді. Сейтіш, Әнуарбек ағамыз институтқа занды тұрде қабылданбаса да оқуды тастамайды. Ол солай бір жылдай жүреді. Жас казақ жігітінің оқуға, білімге құштарлығын, талпынысын институт ғалымдары да байқаған болу керек, солардың көмегімен Ә. Шманов институтқа қабылданады. Онда ол неміс тілі білімінде оқиды.

Арамызда бір кара домалақ жүре берсің, бізге ештеге қыла қоймас деген болу керек. - деп қалжың айтып қойды әнгіме арасында.

Екінші курста оқып жүргенмін. Институттың дәләзімен бір топ адам келе жатқан, арасындағы біреуі қазаққа ұқсайтын сияқты. Янырау, мынау шынымен қазақ емес не?- деген оймен әлгі кісінің қасына келіп, жөн сұрастырдым. Айтқанымдай, казақ болып шыкты. Сол жерде не болғанымды білмеймін, калт тұрып қалыптын. Мәлік Фазылов деп колын ұсынғандаған селт етсем керек. Оған себеп: Мен осы институтта оқытын алғашқы қазакпын, - деп жолдастарыма мактанағынын, куанып жүретінмін. Мына кездесу төбемнен біреу суық су құйып жібергендей болды. М. Фазылов институттың сонғы курсында оқиды екен. Сонымен мен екінші катарға түсіп қалғаным, - деп көнілдене күліп алды.

Мәлік Фазылов халықаралық қатынастар институттының француз бөлімінде оқып, бітірген. Кейін Қекшетау облыстық партия комитетінде хатшы. Қазақ ССР-і сыртқы істер министрі қызыметтерін арқаралған ірі мемлекет қайраткері.

Қайда болса да алда болғанды, бірінші болғанды қалайтын жалындан тұрган жастық шақ еді ғой ол кез, - дей келіп, әнгіме желісін біздің жұмысымызға қарай ауыстырды.

Сіздердің телеклубтарынызды жүртшылық жақсы қабылдауда, жүрген жерімде тек жақсы пікірлер естімін. Телевизияның болашагы зор ғой, оны мейлінше толық, жақсы пайдалана білу көп енбекті, көп үйренуді қажет етеді.

“Самал” жайлыштың өзініздің пікіріңіз қандай?- деп қалдым сөз арасында.

-Ел-жұрт ұнатқан “Самал” маган да ұнайды. Сіздер Мәскеудін “Огонегіне” еліктейсіздер-ау, дұрыс, дұрыс. Жақсыны көре білу, мүмкіндігінше, онын жақсысынан үйрену де құптарлық жэйт. Өрине Мәскеуде, Одакқа, дуние жүзіне аттары белгілі артистер мол. Дегенмен талпыныстырыныз, ізденістерініз қуантады бізді- деді Әнуәрбек Нәжметдинұлы.

-Солтүстікқазакстандықтарға өз араларынан шықкан өнерпаздарды көру мәксүт, олардың өнерлерін қызықтап, жетістіктеріне қуанады.

“Самалдың” орысшасы қалай айтылады?- деп сұрады бірдес обком хатшысы.

-Біздің телестудияда қазақ-орыс тілінің білімпазы, екі тілді де ергтеп мінген Дүйсенебі Әуелбеков деген ағамыз бар. Бас

редакторымыз сол кісі. Ол: Самал сөзін орыс тіліне аударуға болмайды деп отыр дедім.

-Дүйсенбі дұрыс айтады, мен де осы сезді дәлме-дәл аудара алмадым. Орыс тілінде мұндай сөз жоқ екен. Қазак тілінің байлығына қайран қаласын, негкен бай тіл!

Обком хатшысы аз - кем үнсіз отырып қалды. Кім білсін не туралы, кім туралы ойлаганын. Ол жагы маған бимаглұм. Мүмкін қазак тілінің бүгінгі мүшкіл халі есіне түсті ме? Әлде оның жан- жүргегін қазак тілінің болашағы толқытты ма, кім білсін? Сұрап көп.

Бірінші көрген адаммен осылайша жайдары, жарқын жүзбен сейлесуі, кейбір партия басшыларындаид, немесе партия қызметкеріндегі ыскырынып, мысымен баскысы келіп отыратын қалып та, кейіп те танытпауы мені ғажап қалдырғаны рас.

Әдетте, жоғары мәртебелі партия, кеңес қызметкерлерімен сейлесу қарапайым адамдарға, журналистерге онай шаруа смес. Ол сені алдына отырғызып койып керле ме, созыла ма, сыйданың қабагын түксите ме, содан барып: Эй, бала сен өзі. . . деп коркыта -үркіте әнгімесін бастайды. Маған бұл адамның бес тыынға қажет жок. Керісінше, мен оған қажетпін, керекпін! Сөйте тұра, партоқрат бастық өзінің дегенін маған қыр көрсету арқылы істептікісі келеді.

О. Шмановпен алғашқы кездесу бұдан бұрын мен көрген жүздесулерден тіпті, өзгеше, жылы шырайлы, таныс, жақын адамдардың әнгімелескеніндей әсер қалдырды. Алғашқыдай смес мен де ашылыңқыраң, шешіліп сойлей бастадым. Әнгімс арасында менің омірімшің әр тұсынан сыр тартып отырды.

Осыдан былай біз жиі-жі көздесін тұратын болдық. Енді мен Әнпүэрбек Нәжметдинұлы деп ресми атамай, кәдімгідсій, казақша сый-құрмет тілімен Әнеке дейтін болдым.

-Журналист, жазушы шын мәніндеңі шығармашылық ала-мы. Олар әр жазған дүниесін миымен ойлад, жүргімен толғанып шығарады. Кішкентай ғана хабар жазсын, макала, әнгіме жазсын- бәрі бір ол өз жанын толғандырып шығарады және олар күн құрғатпай, тынымсыз жұмыста болады. Олар кай уақыт болсын, кайда жүрсе де, кайда отыrsa да милярына дамыл-тыным бермейді, ойлану, толғану, ягни, жұмыс істеп тұра-ды. Журналистерді заводтар мен совхоздардагы инженерлер-мен де салыстыруға болмайды. Инженер канина шығармашылықпен шүғылданса да, тап журналистей миына құш түсірмейді. Ол бес жылда ма, он жылда ма бір зат ойлад шы-

ғаруы мүмкін, болмаса, ол да жоқ, -дейтін Әнекен. Журналисттердің енбектерін бағалап отыратын. Тұрсынбай Кәкімовтың, Дүйсенбі Әуелбековтың, Бақыт Мұстафиннің, Георгий Шамовтың, Николай Варовтың, Болат Қожахметовтың, Владимир Шеффриковтың шығармаларын қадағалаң оқып отыратын сді.

Бірде облыстық “Лесин туы” газастінде Тұрсынбай Кәкімов ағамыздың “Ленин бұл ауылда болмаса да” деген көлемді макаласы жарияланды. Әнекен макаланы оқып шығып, талантты журналист ағамыздың риза болғаны бар. Әлгі макаланы сен оқыдың ба, ол туралы ойын қандай? – деп әрімдерден сұрап-бліп, кейіннен сол макаланың төнірегінде пікір алысулар өткізіліп жүрді.

Әнекен баспасөзде, телерадиода жылт еткен жақсылық корінсс балаша мәз болыш, шагтансып қалушы еді. Журналистиң жазғанышын бері бірдің тақтайдай түзу болмау көрсек, оның кедір-бұдыры, ой-шұқыры кездесіп тұрғаны жөн. Сонда оның жазғаның жұртшылық түшініп оқыды, кейіпкерінің, немесе, алған объективтің олпы-солпысы, кемшілігі көзге ұрып тұрмаса да, байқалып қалатын ерекшеліктері болуы мүмкін. Журналист көғамдық пікір тудырып, жұртшылықты елең еткізіп, қызықтыра білуі тиіс дейтін.

Елдің айтуы бойынша, Әнекеннен бұрынырак обкомның хатшысы болып қазактың дарынды ұлдарының бірі, мемлекет және когам қайратқарі Илияс Омаров істепті. Осы өнірдің орыс, казагы ол кісі туралы жылы-жылы создер, жаксы пікірлер айтады, -делі бірде Әнекен. Сол сүйікті ағамыздың Қызылжар өніріне, оның халқына жасаған игілікті істерін әрі қарай ламытсам деп ойлаймын, сол үшін күш саламын. Сөйтіп ол Ілекен туралы біз естімеген талай әдемі әңгімелерді айтар еді.

Илияс Омаровтың тұсында солтүстікқазакстандық бауырлар өздерінің казақ екендіктерін түсіне бастаса керек, өзін-өзі танығандай жағдайға келе бастаған көрінеді. Алапат соғыстан кейін ел есін жаңа ғана жинай бастаған кез гой. Осы тұста облыста алғаш рет ақындар айтысы ұйымдастырылып, елдің көңілін көтерген, талай-талай тарланбоз ақынлар өнерлерімен елдің сүйіспенішілігіне беленгені аян. Олар: Ахметжан Нұртали, Уакит Темірбеков, Игібай Әлібаев, т. б.

Қаламының жел бар, ақын-жазушылыққа ебі бар жастарды да, жасамыстарды да ауыл-ауылдан жинағып, олармен әңгімедүкен құрып, бағыт-бағдар сілтеген, газет-журналдарға олардың шығармаларын жариялатқан көрінеді. Бұл туралы үлкен

жазушы, марқұм Зейнел-Фаби ағамыздан талай естігені бар. Зекен: Ермек Қонарбаев, Жарасбай Нұрканов, Саркен Барқыт, Мәлік Мұқанов, Ғазез Балғожин- бәрі де Ілекенің үрпактары дейтін. Өзінің бывшай қойып, Қызылжарда телеорталық орнаттырылғанын айтсаңы! Мәскеумен келіссөздер жүргізіп, А. И. Микоянмен жақсы лостығын пайдаланып, одактың басқа қаласына жоспарланған телеорталыкты Қызылжарға экеліп салдыру бір тәнірдің ғана колынан келетін шаруа. Теледидар ол кезде жүрттың түсіне де кірмейтін. Ілекен оның қажеттілігін 50-жылдары көрегендікпен сезініп, білген. Сөйтіп, Алматы мен Өскеменнен кейін Қызылжарда да телеорталық бой көтерді.

Алдында үлгісі бар Өнекен облыс тұрғындарына колынан келгенші жақсылық жасауга ынта-жігерін де, қажыр-кайратын да аямай кірісті десsem артықтығы бола коймас.

Алдымен ол кісі бүтіндірі өзіміз айтын жүрген демократ болатын. Облыстық партия комитетіне қырық градус ыстықта үстіне сықып костюм киіп, мойныңа галстук байлад бараңын. Бұл өзі партократтар үшін жазылмаған зан іспеттес.

Ал Өнүәрбек Нәжіметденұлы ондайды онша елей бермейтін, өзгеден де оны талап етпейтін. Хауіптенбей, еркін сейлейтін, жалтақ болмайтын. Ойын-тойларда би де билейтін, эн де айтатын. Ет те жейтін, арап та ішетін. Орыстың, батыстың романстарын, өлеңдерін жатқа айтатын, тіпті, Гете, Гейнелердің жырларын оз табиғатында, иеміс тілінде саулатушы еді- ау. Ұұла-рага Ҙеснинді косыныз. Махамбет- Беріш, мен де Беріш, - деп Мағамбеттің отты өлеңдеріне түссе қалатын.

Ерине, поэзия сүйер орыс, казақ, неміс ұлттарының өкілдері ауыздарын ашып, көзлерін жұмып дегендей, тан- тамаша болып Өнекеңнің аузына қарап қалатын тамсанып. Осылай бір өзі думанды жүртты үйірілтіп әкететін құдіретті құштің бе, өнердің бе иесі ме деуіші едім.

Неміс тілі дегеннен шығады, 1968- жылы Қызылжар телекранынан неміс тілінде хабар жүргізіле бастады. Сонда оны үйимдастырган, иеміс корермендерін құттықтан, шымылдығын ашқап - Өнекең. Осы тұста телескрран бір мезгіл татар бауырларға да беріліп тұрды. Оны казақ редакциясының жаңынан үйимдастырып, ол көбіне әлеби-музыкалық хабарлармен шығатын.

Неміс, татар тілдеріндегі хабарлар тартымды, әсерлі болды да, көрермен қауымнан редакцияға хаттар көп түсетін- ді. Ол хаттарда көрермендердің тілек-талаптары, редакция қыз-

меткерлеріне деген алғыс та көп болатын еді. Бұл тірліктің бәрі Әнекеңнің Обкомға келуімен болып жатқан иғлікті істер, жана нышандар, өмірізге ене бастаған жақсылықтың лебі, бүгінгі күннің терезесінен қарал айтсақ, демократияның нұрлы шапағы сиякты екен. Ол кісімен әр кездескен сайын бір жаңалық, не месе, әлемдік дүниеден құлак естімеген оқиға, бұрын бұл өнірде айтылмаган ойлар, әзіл, әңгімелер естіп, жан рахатына бөленіп, рухани байып калушы едім.

Әнекеңнің кабинетіне бара қалсаң столының үсті үйілген кітап болады. Есіктен кіріп барғанда сол кітаптардың арасынан ол кісінің төбесі ғана көрінетін. Кітапты көп оқығанымен коса ол оқығаның жадына сақтап алатын да, ешуақытта ұмытпайтын. Оқыған, токығаны мол Әнекең нагыз әрудит еді гой.

Жыуырда Ленин ауданында болып қайттым, сен сол ауданнансың ғой, - деді бірде маған.

-Иә, сол ауданнанмын,

Ауданда ел басқаруга лайықты жігіттер бар екен. Өздері білімді, білікті мамандар, мәденистті, рухани жағынан бай, елжүртты да, енбекті де үйымдастыра біletін нағыз атпал азаматтар. Уақытында жоғарыдағылардың көздеріне түсе коймаған да, кейбіреуі бір орында көбірек отырып қалғанға ұқсайды. Жігіттерге өсу керек қой, - деп жүзінен кейістіктің іренін байқатты.

-Сіз біздің ауданда болғанда танысқан азаматтарының есімдерін айтайын ба? - дедім күліп.

Ол: айта ғой, - дегендей басын изеп, ишара білдірді. Елжүртқа ақыл-ес болып, беделге ие өзім біletін азаматтарды жіпке тізгендей сыйдыртып шықтым. Олар: Мінәйдар Жакыпов, Ядықар Сейтмұллин, Аскар Игібаев, Мақтай Сағдиев, Ғазез Есмұқанов, Владимир Житенеко.

Дұрыс, тура, таптың, жерлестерінді жақсы біледі екенсің, - деп мәз болып қалды. Арага бір-екі жыл салып жоғарыда аттары аталған жігіттер аудан, облыс, тіпті, республикалық орындарда қызмет істей бастады. Осы азаматтардың қызмет дәрежелерінің өсуіне Әнуэрбек Шмановтың эсері болды деп айта аламын. Бұл мен біletіндері ғана, бір ауданың жігіттері. Ал мен білмейтіндері қашшама!

Тауфик Мұхамедрахимовтың обкомның өнеркәсіп және құрылымың жөніндегі хатшысы болып келгені дұрыс болды, ол келгengе дейін мәдени құрылыштарды салдыруға бірінші бастықты көндіру маған киынға түсүші еді, қазір жағдайым жеңі-

лденді. Тауғық айтқанын орындатпай қоймайтын бір бет жігіт, оған мен қосылғанда бірінші еріксіз көнеді. Екеуіміз екі жақтан қысканда ол байғұс та иіледі, сөйтіп, дегенімізді істетеміз, - деп күліп алушы еді Әнекен.

Иә, сөз ыңғайы келгенде айта кетейін, облыс орталығындағы ІІогодин атындағы орыс драма театры, “Казакстан” кинотеатры, педагогика институтының окукорпустары мен жатакханалары, педагогикалық, медициналық басқа да толып жаткан училищелер, балалар ауруханасы, үшінші калалық емхана, аурухана, облыстық кітапхана, ауыл-селоларда салынған мәдениет үйлері, клубтар, кітапханалар, дәрігерлік пункттер, ауруханалар, емханалар құрылышы Тауғық пен Әнуәрбек агалардың тұсында қызу қолға алынғаны анық. Облыстағы мәдсни құрылыстардың барысын Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсірепов агаларымыз қадағалап отыратын.

Біздің аудандар мен колхоз-совхоздарды басқарып жүрген жігіттер шошқа корасын, кешенін салғанына мәз. Мен оларға үнемі айтып, ескертіп жүрем: әй, бауырлар, сендер кора салғандарыңа мактанбандар, халықтың қажетін өтеуді ойландар, - деймін.

Тұрғын үй, мектеп, клуб, монша, аналар босанатын үй, музыка мектебін салуды ойларынан эсте шығармандар, анау, Түркістандағы Ахмет яссайдын Мавзолейін Ақсақ Темір салдырып, артына өшпес белгі калдырды. Бірінші Петр де қандай кала тұрғызып, есімін әлемге әйгіледі емес пе?!!- деп айтып жүремін дейтін.

Шаруашылық басшылары бас коскан үлкен жиналыстарда ұлы адамдардың, патшалардың, хандардың тұрғызған құрылыш үйлерін, сарайларын жырдай айтып кететін еді. Әнекен жиналған қауымды әлемдік биіктегендей болатын.

-Біз олардай бола алмаймыз ғой, -дегендерге, Абай не деді? Болмасан да ұқсанап бақ!- деген жок па? Сендер Талж-Махал салмай-ақ қойындар, ел-жұрт риза көнілмен айтып жүретін құрылыш тұрғызындар. Казір совхоздарда салып жүрген үйлерің инкубатордың балапандары сияқты, кешкес қонақтан қайтқанда өз үйім деп көршінің үйіне еніп кетуің ғажап емес.

Селоларда құрылыстарды Оскар Паль сияқты жүргізіндер. Әр үйдің өз бет-бейнесі бар, сыртқы архитектуралық мәнерімен бүкіл көшеге сән беріп тұрады, - деп Совет совхозының директорын мактап, оның бүл саладағы жетістігіне өзінің ризашылық сезімін білдіретін.

Жалпы Әнекең баяндама жасайтын жиналыстарға халық көп жиналатын, тіпті, залда орын болмай, жұрт түргеліп тұратын. Оның баяндамасындағы тарихи деректер, философиялық ойлар мен тамылжыған тіл, барлығы қосылып тындаушыны еліктіріп әкетуші еді. Япыр-ай, мындан да қазак болады екен-ау!- деп шыгатын орыстын кейбір зиялды азаматтары.

-Сенің кітабың биыл шыға ма?- деп сұрады менен бір күні Әнекең.

-Жазушы баспасының биылғы жоспарында тұр.

-Оған дайындалдың ба?

-Дайындық болады ғой. Қой бар, арак-шарап дүкенде емес пе?!- дедім ағымнан жарылып.

-Ей, сен түсінген жоқсын. Мен сенің кітабың шыққаннан кейінгі той- томалақты айтып тұрганым жоқ, айтайдын дегенім баска. Кітаптың шығуына іштей дайындығың болғаны жөн. Өлеңдерінді оқыған сыншылардың бірі қатты сынауы мүмкін, тіпті, түкке алғысыз етуі ғажап емес. Ал кейбіреуі кітабынды мактайтын, Сен осылардың біріне де қызу қандылық жасамай, қайта салқын қандылық танытқаның абзал. Мактады деп дан-дайсыма, сынады деп ренжіме. Осыларға іштей дайын болғаның жақсы. Мұны айтып отырғаным, өзің сияқты жас- ақын- жазушылардың біразы баспасөз бетіндегі сынға төзе алмайды да, өзінен өзі түніліп, шығармашылықпен мүлде қош айттыса- ды, ал кейбірі ашуланып, назаланып, күйініп арақ ішіп кетеді. Мұндай сындар кей жағдайда әдейі де ұйымдастырылады. Сынға шыдай алмай қалатын жағдайлар орыстын да, қазақтың да ақын- жазушыларының арасында болған. Мен соны айтып отырмын.

Әнекенің білігірлігі, көрегендігі, айткан ақыл- кеңесі менің өмірімде көп пайдастын тигізді.

Алғашкы өлеңдер жинағым жайлы республикалық баспас- ездерде жарияланған рецензияларда әркілы пікірлер көп айтылды. Міне, осы тұста Әнекенің айткан ақылы дөп келді де, кітабым жайлы жазылған барлық пікірлерді ештеңе болмағандай, жайбаракаттықпен қабылдадым. Ақыл-кенесі үшін Әнекен талай рахметімді де айтып жүрдім.

Әнекен баспалардан жаңа шыққан казақша, орысша, немісше әдеби, саяси, тарихи және философиялық кітаптардың құр жібермей, елден бұрын оқып отыратын.

Әдегтесгідей, өзінің шақыруымен жұмыс аяғына таман қабиестіне барсам, Әнекен кітаптардың ортасында бір журнал-

ды оқып отыр екен. Мен барған соң әлгі журналды қолыма ұстата салды да: мына татарларды көрдін бе, біздін Мағжанды қалай күрметтейді?!- деді желпініңкірей сөйлеп. Мен оның осы бір сәттегі іс- әрекетінен қуанышты да, таңдануды да бай-кагандай бодым. Карасам татарлардың әйелдерге арналған журналы, сонда Мағжанның атакты өлеңі «Бәрінен де сен сұлу» татар тіліне аударылып баслыпты. Авторы көрсетілмеген, қазак шаирынан деп берілген.

Бұдан бірер жылдар бұрын Мағжан өлеңдерінің біразын машинкаға бастырып, Әнекене берген болатынын. Ол кісі содан былай Мағжанға ғашық болып кеткендей еді. Мағжанның акталып, оның шығармаларының халықтың игілігіне айна-луын Әнекен де армандаушы еді.

Әнүәрбек Шманов облыстық партия комиеттінің хатшысы болып тағайындалғаннан бастап Алматыдан Қызылжарға ақын- жазушылар жиі келетін, келгенде қазақ әдебиетінің на-ркасқалары, сүт бетіндегі қаймағы келетін. Сәбит Мұқанов, Ғабит Мұсірепов, Тахауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Са-фуан Шәймерденов, Сыrbай Мәуленов, Ғафу Кайырбеков, Ғаб-бас Жұмабаев, Мұқағали Макатаев, Мұзафар Әлімбаев, Жай-санбек Молдағалиев т. б. Қызылжар өнірінде конак болып, ха-лықпен кездесулер өткізіп, шығармалары жайлы ел –жүрттың кенесін тыңдайтын, өз ойларын ортаға салатын. Ал сол кездесу, жүздесулердің басы-қасында Әнекенің өзі жүретін, біздерді де косыны етіп жіберетін. Жазушылар да Жолдызек өніріне карыздар болып қалмайтын, біздін ел жайлы, адамдар туралы әдемі өлең, әнгіме, тіпті, циклдар, кітаптар жазылып жатар еді. Ғафу кайырбековтың Әнүәрбек Шмановқа арнаған “Ақ кай-ындар, күміс тұқ тұлпарлар” өлеңі қандай! Мұқағали Мака-тастың “Ақынның ауылында” өлеңі ше! Айта берсе таусыл-майды, осылай кете береді, кете береді.

Әнекенің Кенжеболат Шалабаевпен жолдастығы, достығы ерекше болатын. Екі арыс та бірін – бірі катты сыйлайтын еді.

Кенжеболат ағамыз ол кезде Қазақ Мемлекеттік Абай атындағы опера және балет театрының директоры болатын. Ақыл, парасатына, ел басқарудағы даналық үлгілеріне қарап па, әйтеп-тур, сол тұста Кенжекен халық арасында Құнанбай атанған.

Әнүәрбек Шмановтың обкомның екінші хатшысы болып қызмет етіп жүрген тұсында Кенжекен өзі басқарып отырған опера және балет театры артистерінің үлкен бір тобын Қызылжарға әкелгені бар.

Нұрғиса Тілендиев, Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова бастағана өнер қайраткерлері Солтүстік Қазақстан облысында екі апта бойы елді ән мен жыра, күмбірлі құйге бөлеген.

Біздің Нұрекен /Нұрғиса Тілендиев/ домбыраны бакаймен де тартады, - дед қалжыпдайтын Әнекен. Кейін білсек, онысы шындық син. Нұрғиса Тілендиев композитор болуымен катар, керемет домбырашы, тіпті, қазактың қара домбырасын, Әнекен айтқандай, бакаймен де безілдететін шебер орындаушы көрінеді. Еуропалыктар ондай шебер орындаушыны вертуоз дейді. Нұрғиса аға да нағыз вертуоз болып шыкты. Домбыраны сол қолымен қағатын солакайлығы барын да көрдік. Шын өнер адамдарының осындай да ерекшеліктері болады екен-ау деймін ішімнен. Өйткені ол кездес біз тсқ қана Мәскеудің тесіс арнасын корстінбіз де, Алматыны коре алмаушы едік. Алматыны көру солтүстікқазақстандықтарға арман болатын.

Кенжекен мен Әнекеннің қазактың бүкіл әлемге есімдері мағлұм болған өнер қайраткерлерін Қызылжарға экелуінде мән болу керек. Ол- қас өнерпаздарды қызылжарлықтарға көрсету, таныстыру екен.

Жаңы жайсан, жүргегі жомарт, көnlіл жайлау Әнекеннің досстары да көп болатын. Достыққа, жолдастыққа лайықты адамдарды таңдай билетін. Солармен қарым-катынасын үзбеуге тырысатын. Қасым Жұнысовка, Қанаш Шәкеновке, Шаймұрат Смагұловка деген сүйісненшілігі ерекше болушы еді. Атагалған азаматтардың куаныштары мен күйінштерің ортактасып жүретін.

Солтүстік Қазақстан облысының адамдары жайлары, ак жарқын, мінезге бай, өзлөрі шетінен кескінді, келбетті, ал әйелдері қас сұлулар фой!- дейтін Әнекен.

Табиғаты қандай! Оттен тауы жоқ, әйтпесе, Швейцариянан бір кемі жоқ. Тостағанадай көлдер, жайылған кілемдей көк орай шалған, кара ормандар, аппақ сау кайындар, қысы- жазы жал-жасыл қарағайлар. Осынау табиғат аясында туып, өскен бұл жердің адамдары сұлу, олардың ішкі дүниеслері дс сұлу болмағанда кайтеді?! Жолдызектің ұлы адамдарды өмірге коп беруі де содан. Дарқан табиғат асылдарды да аямай берген, береді де!-леуші елі. Әнекен куанғанда кіршіксіз көnlіл мөлдіретіп тастав, шашылып, тегіліп куанатын.

Бір күні:- Мен Алматыға ауысатын болдым, мәдениет министрі болуға келісімімді бердім. Жуырда жарлық болуға тиіс, - деді маган куанышты раймен, Әнекен.

-Өнеке көңілінізге келмесін, сізді ол орынға отырғыза кояр ма екен?

-Неге? Мені Қонаевтың өзі қабылдады. Сізді мәдениет министрі етіп тағайындағын деп отырмыз. Келісесіз бе?-деді. Мен кслісімімді бердім. Ол кісі қолымды алып, маган табыстың өнбек тілейтінін айтып, құттықтады. Сен отырып бүректен сирак шығарасың, - деп менін сөзіме мән берген жок.

-Ендеше мен өз ойымды айтайдын. Алматыдан Қызылжарға келген ақын-жазушылар, ғалымдар, журналистер сіздің кабинетінізге кіріп, өзінізben жүздеспей кететіндері шамалы. Олардың кай-кайсысы болсын сізбен ой беліскісі келеді, кейбір проблемаларын сізге айтып жатады, Алматыда тындырылатын шаруаларын сіздің алдыңызға жайып салып, ақыл-кенес сұрайды. Мен осылардың бәрін де байқаш жүрмін. Ертең Сіз министр болып астанаға барсаңыз бүкіл зиялды қауым сіздің есігінізді босатпайды, көп басшылар сіз Алматыға барғаннан кейін, тіпті, кісі болудан қалып қоюы ғажап емес. Ал ондай жайсыз жағдайда қалғаннан ғері сізді осы Қызылжарда үстап отырған жақсы. Осыны ойлады да Қонаевқа сөзі ететін кісі іздейді, сол арқылы дегендерін істетеді. Сізді министр етпейді. Сіздің білімініз үшан-теніз, үш тілде сөйлеп, жазасыз, оған коша рухани байлығыныз, жогары мәдениеттілігініз, үлкен адамгершілігініз-бәрі де дүшпандарыңызды шошытады. Әнисек мені селкос отырып тыңдаған сыңай байқатты да: жәрәйді, көрерміз, -деп әнгіме арқауын басқаға ауыстырып жіберді.

Арада екі-үш апталай уақыт өткен болу керек, жұмыс орныма Әнекең телефон шалды.

-Радионы тыңдалың ба?

-Тыңдалым. Базарбаев мәдениет министрі болып тағайындалыпты.

-Жаманың айтқаны келмейді, сандырағы келеді, -деп, сенің сандырағың келді, әй!

Жұмыс аяғына таман сөмкене бір жарты сал да маган кел. Сен арақ ішпейсін, М. Щебетунды алып үшеуіміз қала сыртына шығамыз.

-Жарайды, Әнеке.

Михайл Шебетун облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары болатын. Бұрын комсомол, партия органдарында басшылық орындарда қызмет істеген. Ол кісімен мен де қызметтес болғаным бар. Шебетун обком комсомолдың

бірінші хатшысы болған да, мен сонда нұсқаушы қызметін ат-карғанмын.

Сөз жоқ, Әнекең министр бола алмағанына өкінді де, ренжіді деғой. Бірақ ренішін онша білдіре қойған жоқ, не болса да ішінде болу керек. Ал мен болсам оның обкомда қалғанына куандым. Ол кісі маған жанашыр агадай болып кетіп еді. Шынымды да, сырымды да жасырмай Әнекеңмен бөлісіп жүруші едім.

Бірде Облыстық кенес атқару комитетінің хатшысы Олег Петровский кабинетіне шақырып алып, маған облыстық Кенес атқару комитеті төрағасының көмекшісі болуға келісімімді сұрады. Ойланайын- деп шықтым да, жүгіріп жұмысқа келдім. Болған жайды Жәнәбіл Оспанов, Дүйсенде Әуелбеков, Сейфолла Каюмов, Балтабай Дайыров агаларыма жеткіздім.

Жәкен бірден: бар, -деді. Жағдайынды түзеп аласын, телестудия орнындағой, онда ұнамаса қайтып келерсін. Негізінен бәрі дс осындағы кенес берді. Ол кездес бәрімізді қираптын баспаған гой. Жоні дұрыс басында баспаған болатын болды, -дсп жатыр агаларым.

Осы жөнінде Әнекеңмен ақылласайын. Ол: тұрмысынды түзейсін- астында машина болалы, көніліне ұнаған жерден жаксы пәтер аласын. Олең жазбайсын, онымен шұғылдануға уақытың да болмайды деп, көмекшілік қызметтің қандай екенін айта келіп: эй, поэт никогда не был лакеем!-деді.

Мен үндеңестен Әнекеңнің кабинетінен шықтым да О. Петровскийге телефон шалып, көрсеткен сенімдеріне, ықылас- ниеттеріне алғысымды айттып, шақырган қызметке бара алмайтынымды жеткіздім.

Кейін Әнекесің Қазақ Республикалық Мемлекесттік телерадио комитеті төрағасының орынбасары болып жүріп те, казак телевизиясына өз қолтаңбасын қалдырып үлгерді, “Қымызхана”, “Тамаша”, “Терме”, “Ақындар айтысы”- осылардың республикалық эфирге шығуына Әнекеңнің жасаған ықпалы ерекше. Ол қандай қызметті болса да аса бір сүйіспеншілікпен, жанашырлықпен елім, халқым деген ізгі ниетпен аткарап еді.

Қазактың өнері мен мәдениетіне, соны жасаушы азаматтарына жасаған жақсылығы мен сіңірген енбегі жайлы талай-талай әнгімс, естсліктер айтылары да, жазылары да созсіз. Әнүәрбек Шманов биік тұлғалы азамат еді.

АТТАНДАҒАН ЖАҢАТАС ЖАСТАРЫ

Жұмыс аяқталып қалған, кабинетте жалғыз едім. Телестудияның жұмысы кешке қарай қызды да, әдетте, абыр-сабыр болып қаламыз. Бүтін кешке ондай әбігерлік болған жок. Қызыметкерлер үйлеріне кеткен. Телефон шылдырынан трубканы көтөрсем, облыс әкімінің орынбасары Майра Канафина скен. Амандақ-саулыктан соң, ол кісі Қызылжарға Жамбыл облысына карасты Жанатас қаласынан екі вагон жастар келе жатқанын айтты. Даусында қобалжұпшылық байкалады. - Олар не қылған адамдар екен? - дедім мен.

В этом смысле Абай, как Пушкин, Гете, Бальзак, Байрон и яркая плеяда звезд Востока-Навои, Рудаки, Низами, Хафиз, Саади противостоит вечности. Всякий раз он открывается новой гранью неиссякаемого источника миропонимания. С этой точки зрения Абай в казахской истории, безусловно, крупнейшая фигура. И вот сегодня он, который говорил: «Не будь сыном только отца своего, но и всего своего народа» и доказал это всей своей жизнью, вновь вместе с нами. Будто из своей исторической дали, которую лично приблизил к нам, смотрит на то, что происходит в его родной стране, которую любил горячей, страстной, но по-лермонтовски «странной» любовью. Вновь на память приходят его строки:

*В душу взглядишь поглубже,
Сам с собою побудь;
Я для тебя загадка, я и мой путь.
Знай, потомок, дорогу я для тебя стал,
Против тысячи сражался- не обессудь!*

До суда ли нам, его потомкам, его ученикам, которые не смогли в полной мере извлечь уроки из его веков пронзающих даль учения о мире, о месте в нем человека, о путях народных в его историческом развитии.

В итоге, в катаклизмах XX века Казахстан потерял половину своего населения, а на границе XXI века вновь переживает нелегкие времена возрождения.

И думается, пользуясь счастливой возможностью, которую предоставляет нынешний юбилей поэта, мы должны начать восхождение к Абаю, к высотам его миропонимания, к его высокой поэзии, о назначении которой он говорил:

*Поэзия - властитель языка,
Из камня чуда высекает гений.
Теплеет сердце, если речь легка,
И слух ласкает красота речений.*

К его великолепной, мудрой прозе, наполненной глубоко личной страстью, живой любовью и справедливым негодованием. Нам предстоит заново прочесть его книгу размышлений- этот сплав мыслей и чувства, искрlichkeit разума с сердцем, средоточие житейско-практического, историко-социального, философско-религиозного, морально-психологического опыта большой и нелегкой жизни великого человека - поэта, мыслителя, воспитателя народа.

*«Дружить, кипеть - у сердца многое дел,
А честь и совесть - разума удел» -*

наставлял нас Абай. В кипении сердца, лелея и пестуя в душе великос чувство братства и единения, дружбы, высоко неся знамя чести и совести, опинаясь на мощную силу разума, должны мы сегодня искать новые тропинки на пути истинной демократии и всеобщего процветания в становящемся на ноги суверенном, независимом государстве Казахстан, о котором так мечтал великий сын своего народа - Абай. Для каждого поэта предопределен свой час, свой срок вхождения в иные культуры. В русской литературе, например, сложилось так, что осознание миром русской литературы как всликой было связано прежде всего с русским романом Толстого и Достоевского. И только после них растет интерес к Пушкину- началу классической литературы.

В казахской литературе сегодня, в начале ХХI века, происходит восхождение к Абаю. Казахский народ, впервые официально вошедший в мировое сообщество, признавшее его государственность, как никогда прежде почувствовал потребность в своих национальных истоках. Объяснив цивилизованному миру значимость и гениальность творчества Абая, мы сумеем раскрыть особенности нашего мирапонимания; кто мы, какие мы, куда мы идем и что для нас было ценностным во все времена? А для этого прежде всего мы сами должны проникнуться духом Абая, вновь и вновь вчитаться в каждую его строку, войти в его чудный мир образов и мыслей.

Абай значителен не столько тем, что сказал вещи непререкаемо-истинные, а чем-то совсем иным, не сразу поддающим-

ся объяснению. Он потрясает огромной духовной энергией, силой мысли, неустанно работающей, порождающей на своем пути все новые и плодотворные концепции. Пожалуй, это и есть родовое качество казахского классического поэта. Главное в них - духовное здоровье, искривленность понятий о добре и зле, о достоинстве и чести. Не современны ли подобные вопросы? Не поиск ли ответов на эти вечные вопросы возвращает нас к Абай?

Вслушайтесь, разве не современно звучит в этих строках Абай:

*O, казахи мои! Мой бедный народ!
Жестким усом небритым прикрыл ты рот.
Кровь на правой щеке, на левой - жир...
Где же правда? Твой разум не разберет.*

Для тех, кто знает в оригинале это стихотворение, думаю, актуальность его очевидна. И пусть несовершенен перевод, но он доносит до нас мысль Абая о сегодняшнем нашем дне.

Пусть нынешний 150-летний юбилей Абая, который, по обrazному выражению Кайсына Кулиева, является «сыном казахского народа и всего человечества», станет для каждого из нас шагом к восхождению к нему, чтобы каждый из нас хоть на йоту стал лучшие, чище, добнее, чтобы хоть на ступеньку полнялся в своем духовном росте.

«Крылатый конь древних сказаний пронесся над равнинами и холмами, перелетел с вершин Алтая на вершины Алатау. Не так ли Абай, совершив многое, чтобы проложить потомкам дорогу, стал рядом с нашим веком, близкий и сегодняшний», - писал незабвенный Мухтар Ауэзов.

Разрешите еще раз поздравить всех с юбилеем великого Абая и пожелать успехов на пути, проложенном им в поисках добра, справедливости, народного благоденствия.

И. П. ШУХОВПЕН МАҚТАНАЙЫҚ

(Тамыры терең достық)



«Сіз тамаша жақсы кітап жаздыңыз. «Горькая линияны» оқып отырып, автордың өз ісіне мығым, дарынды адам екен деген ойга қаласың.»

Максим Горький.

«Біздің Иван Петрович, ғажап талантты жазушы. Адамға, оның еткен еңбекіне, тұган жердің табиғатына деген сүйіспенішлік және қайталанбас әрлі бояуымен төгіліп тұрган тілі қандай». *Қаныш Сәтбаев.*

«Сен әдебиеттің қасиетті ісіне өте беріліп, тайқақсымай, қаймықпай қызмет етесің. Шыгарма шылық өміріне жолдама берген Қазақстандық жас орыс жазушылар Шуховқа қарыздар». *Габит Мусірепов.*

Бүгіндер жүз жылдық мерей тойын атап откелі отырган жерлес орыс жазушысы Иван Петрович Шуховтың шыгарма шылығы туралы өзі өмір сүрген ғасырдың ірі тұлғаларының айтқан пікірлері осындай.

Иван Петрович Шухов 1906 жылдың 31 маусымында Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты Пресновка селосында өмірге келген. Петр Семенович пен Ульяна Ивановна Шуховтардың көп балалы шаңырағында 12 бала болған да, солардың ең кішісі Вания (Иван) екен. «Адам ретінде, әдебиетші ретінде егер менің бойымда жақсы қасиеттер болса, -алдымен шешемнен, содан кейін менің сауатсыз туысқандарымнан дарыған болу керек. Мен оларға міндеттімін». - дед жазған Шухов.

Жазушының айтуы бойынша, Ульяна Ивановна өте қарапайым, акқөңіл, кішірктеу ғана бойы бар станицалық казак әйелі екен. Жазушының әкесі Петр Семенович Шухов аткарып жүрген жұмысына байланысты үнемі ұзак сапарларда - ка-

зактардың станицалары мен қазактардың ауылдарын аралап, өзінің жеке шаруасымен қоса, бағран елдің тіршілік – тынысымен танысып, үйнен оралғаннан кейін өзінің көрген, білгендерін, елден естіген әнгіме, ертегілерді балаларына әдемілеп, қызыгылықты етіп айттып отырады екен. Ол балаларына станица казактарының өлең – жырларын әнімен орындастын көрінеді. Сөйтіп, Иван Шуховтың өзі айтқандай, «сауатсыз ата – анасы» ана тілін жақсы білуге, орыс тілінің бар асылдарын сөздеріне пайдалана білуге дағдыландырған, үреткен ғой.

Әкесі кішкентай Ваняны қасына алып, қазақ ауылдарындағы достарына, «тамырларына» баратын болған. Сондағы көргендерін, естігендерін кейін жазушы өзінің шығармаларына пайдаланды.

Жазушыны туған жерінің табигаты да қызықтыратын. Жасыл желсек жамылған сау қайындар, қарағайлар, даңға арнайы жайылған кілемдей қызыл, жасыл, сары, ак, көк гүлдер, жоңышқа, бетеге, бидайық және басқа да шөп түрлері көз тартады, көңілге қуаныш ұлатады.

Иван Петрович кай қырда жүрсе де өзінің туып, ескен Пресновкасын, өнін сұлу табиғатын ешқашан ұмытқан емес. Ол бұл станицадан кеткенімен онымен байланысын үзген жок. Осы өнірдің қасиетті топырағынан жаралғанын бір сәт есінен шығармайтын атакты жазушы Отанына әлсін - әлсін келіп тұрған.

Ол Пресновканың церковно – приходской школасында оқып, мұны бітіргеннен соң, Петропавл қаласындағы педагогикалық техникумда оқиды.

1926 жылы Иван Петрович Омбыга барып, рабфакқа түседі. Студенттік жылдар Шухов өмірінің ең ғажайып кезендері елі. Ол өзінің тұңғыш макалалары мен өлеңдерін Омбыда шығып тұратын газеттерде жариялад тұрды. Үлкен қалада жаңалықта, жана қоғаммен келіп жатқан өзгерістер де мол болатын.

Уақыт, жана заман әсіресе, жастарға ерекше күш, қайрат әкелгені белгілі. Мұндай әсерден жас Шухов та қуралакан болмағаны шындық. «Мен проза жазып үйрену үшін өлең жазып жүрмін» деген екен жазушы бір әнгімесінде. Шухов қалада жас әдебиетшилер үйымдастыруған кружоктарға үнемі қатысып, ол мұнда өзінің жана заманға, туған слге деген толғаныс пен қуанышқа толы жырларын оқытын, басқа да өзі тектес ақын – жазушылардың жазған шығармаларымен танысадын. Жас әдебиетшилер осылай тәжірибе алмасып, бірінен бірі үйренетін. «Біз жастар бұл әдеби кружокты үйымдастырудагы мақсатымыз

өмірімізге келіп жатқан жаңа қоғам жайында көкейіміздегі ойларымызды, арман – тілектерімізді ішімізде сактамай, халыққа айту, ел – жұртқа жеткізу еді. Осындай ой – максатпен үймадастырылған кружогымыз «Бұқілпресейлік пролетар жазушылардың ассоциациясының филиалы болып шыға келді». деп жазды Шухов. Бірақ олардың бұл үймыны өздерінің әлсіздігінен, тәжірибесінін аздығынан тарағанда кеткен уақыттары болған, дегенмен 1925 жылы рабфак студенттері Шухов, Трусов және Таежныйлар: «Омбыдағы ВАПП филиалы бұдан байлай қарай өмір сүреді»- деп сенім білдіріп, жариялады. Осы жылдың желтоқсан айында Омбы қаласынан Бұқілпресейлік ВАПП –тың илсұмына екі десегат шақырылды.

Омбыдағы филиал бүкіл сібір олкессіндегі жалғыз әдеби үйым екен. Мұның мүшелері бұдан байлай жұмысшы жастар клубтарында, институт аудиторияларында, заводтар мен фабрикалардың цехтарында, мектептерде, түрлі кездесулерде шығып сөйлеп, жаңа қоғам, жаңаған заман жайлы өлеңдерін оқып жүрді. Аласа бойлы, қараторы жігіт – Иван Шухов жастық шак, махаббат және комсомол туралы жырларын осындай жиындарда көсіле оқып жүрді. Жалындаған жас Шуховтың өлең жырлары осы тұста Омбыда шығып тұратын «Рабочие пути», «Красное студенчество» және «Журнал крестьянской молодежи» басылымдарына жарияланып тұрды.

Шуховтың Омбыда достары көп болды, солардың бірі – Леонид Мартынов еді. Ол Мартыновпен жиі араласып, әдеби кештерге бірге барып, сахналардан жаксы жырларын ағылтып, жиналған жұртшылықтың құрмет, кошеметіне бөленетін.

Иван Шуховтың жиырмасыншы ғасырдың басында жасында жарқылдап шықкан орыстын Есенині тектес акыны Павел Васильевпен де жақын дос болғанын айта кеткен жөн болар. Шухов оны өзінің туған бауырында жақсы көрді. Екүнің арасындағы рухани жақындық поэзияда да анық байқалатын. Гавасл Васильевтің шымыр жыр жолдарының әсері Шуховтың өлеңдеріне тигені рас. Мәселең:

*...Ірбітте ілген дода мен
Шана гой біздерге керекті.
Кар – құйын жосылып даlamен
Ақырып, толқытты жүректі, – сияқты.*

Шухов Омбыда жазушылар Андрей Семенов және Антон Сорокиндермен достық қарым – қатынаста болып, ақындық, жазушылық өнерлің сырлары мен қырларын бірінен бірі үйреніп,

тәжірибе алды, үлкен жазушылыққа баар жолға дайындық жасады. Иван Петрович болашақта жазылатын шығармаларының сюжеттерін осында тауып, жазушының мектебінен Омбы каласында өтгі деген дұрыс.

Мәскеудін Валерий Брюсов атындағы әдебиет институтына оқуға түскен Иван Петрович, озінің скі романын бірінен кейін бірін бастаптан шығарып үлгірді. Біріншісі – «Горькая линия», ал, екіншісі – «Ненависть» деп аталады. Бұл туындылар ұлан байтақ Кенес еліне тез танылып, Максим Горький аталмыш шығарманы Шолоховтың «Поднятая целина»мен қатар қойды. Шухов СССР Жазушылар Одағын ұйымдастыру жөніндегі Горький комитетінің мүшелігіне еніп, оның алғашкы сезін откізу шараларын жүзеге асыруға катасты.

Жазушының откен гасыр басында оқырманың селт еткізген шығармасы «Горькая линия» кітабы, адамның туган жеріне деген махаббаты, адами асыл қасиеттерді ұлықтау, кастерлеу жайында. Орыс тілінің барлық сөлі мен дәнін мейілінше орынды пайдаланып, көркем етіп жазған шығарма. Романдағы Чиграй (Шағырай) қазактың аса бір тұлғалы етіп көрсетілген ақсақалы. Халқымыздың ойлылық, парасаттылық, ұстамдылық және үлкен адамгершілік қасиеттері казақ қариясының басына жинақталған.

Романдағы қазақ ақсақалының образы орыстың классикалық әдебиетіндегі си тамаша сомдаған тұлға делінің жүр. Ол шындығында да солай. Халқымыздың гажайып қасиеттерін дәріптеген, өзгеге үлгі, өнеге еткен Иванымызға ризашылық білдірген жөн! Шуховтың шығармалары бізге сонысымен құнды.

1936 жылы Иван Шуховтың басына бұлт үйірілгі –ді. «Комсомольская правда» газетінде макала жарияланып, онда жазушыға тұрмыс – тіршіліктегі әдепсіздігі деген айып тағылған. Жазушылар Одағы макаланың ізімен тексеру комиссиясын құрып, ол көп ұзамай жазушының туган станицасы Пресновкага келеді. Мәскеуден арнайы тексеруге келгін жақсы адам болып шығады, егер ол кісі болмағанда Шухов та құрдымға кетеді екен. сол адамның ақылымен Иван Петрович И. Стalinге хат жазады. Stalin Қазақстан компартиясын сол кездे басқарып отырган Мирзоянға Шуховқа бес бөлмелі үй беріп, өзін лайықты бір қызыға үйлендіру керектігін тапсырады. Мұның барлығы да орындалыпты, тек, үйлену мәселесін өзі – ак шешсе керек. Иван Петрович шындығында, сұлуларды коргенде

күты тым түсіп кететін көрінеді. Сұлу әйелді көргенде қандай ерек шыдаған тұрады дейсін, бірақ Шуховтың құштарлығы ерекше болғанға ұксайды.

Ұлы Отан соғысы кезінде Шуховтың қолына брон беріп, оны майданға алмайды. Ол өзінің жесіл машинасы - «ЭМКА» сын майданға бсрғенім дең әскери комиссариатқа тастап кетеді де, туған Пресновкасына келіп, аудандық газетті басқарады. Ол майдан шебіндеге фашистермен шайқасып жүрген жауынгер жерлестеріне барып, олардың ерліктері жайында «Правда» газетіне, облыстық, аудандық газеттерге очерктер, көлемді мақалалар жазады. Осы тұста жазушының қаламынан «Письма сибирским казакам» деген шығарма туындал, оны жауынгерлер «Василий Теркин», «Дым Отчества» сиякты окоңтарда оқып, тамаша әсер алады. Бұл кітапқа жауынгерлер тарарапдан сұраныс көп болады. Содан да болар, Иван Петровичтің бұл шығармасын Шолохов, Эренбург, Леоновтардың публицистікаларымен бір деңгейде деп саналып жүрді.

1950 – жылдардың аяғында Шухов Алматыға көшіп келеді де, шығармашылық жұмысын әрі қарай жалғастырады.

1963 – жылы Иван Петрович республикалық әдеби журнал «Просторды» басқарады. Ол журналға редактор болып келгеннен кейін – ак басылымның тиражы көбейіп, Цветаеваның, Эфроның, Бальмонттың, Паустовскийдің, Марковтың, Эренбургтың, Ю. Германың, Домбровскийдің романдарына, повестеріне жәнс жырларына жол ашып, жарыққа шығарды. Бүкіл Ксес еліне аты әйтілі болған «Простор» журналының әр нөмірін миллиондаған оқырманы үнемі күтіп жүретін болды.

1965 – жылдары КазМУ – дын бір топ оқытушылары профессор, филология гылымдарының докторы Х. Махмудов, ақын, аудармашы А. Жовтис және ақын, аудармашы, жерлесіміз Х. Абдуллин студенттермен жиі кездесіп, Мағжан туралы лекциялар оқытын, оның өлеңдерін Олжас Сүлейменов, Александр Жовтистер орысша тәржімалап жастарға таныстыратын еді. Жоғарыда есімдері аталған ақын - жазушылар, ғалымдар сол жылы ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы «Простор» журналына басып шығармақшы болды. Бұл иғлікті істі сол кезде республикалық әдеби журналды басқарып отырган оның редакторы, жерлесіміз, атақты жазушы Иван Петрович Шухов аса колдап, тіпті өзі басшылық ете бастады. КазМУ – дын филолог – студенттері Қазақстан Жазушылар одағына «Простор» журналының редакциясынан шықпайтын болды. Бәрінің

куттегіні Магжанның портреті мен шығатын журнал. Журнал редакциясының әр кызметкерінің тұсында бұйра шашы бұркы-раган, екі көзі тостағандай, келбетті Магжанның портреті ілуі тұратын. Ол тұстагы әңгімес де, сөз де Магжанның олеңдері туралы болатын. Бірде әдептегідей редакция төңіргін торып жүр едім, журнал редакторы Иван Шухов кабинетіне қарай беттеп келеді екен. Мені көрген соң ба, элде бір шаруасы болды ма, көпшілік қызметкерлер отыратын бөлмеге бұрылды, жолай мені де иығымнан қағып, бөлмеге ала кірді.

Редакциядағылар элде не құткендей тына қалып еді, редактор: «Болмады, - деді. Мағжан бәрібір шығады, оның, күні туады әлі», - деді отырғандардың кейбіріне, маган да ұлы ақынның сурстің беріп жатып. Қоңіл - күйі нашар екснің алабұртының қызыарған жүзінен, бұрын да үлкенсүз сөрнінің түсіңкіреп кеткенінен – ак анғаруға болатын еді Иван Шуховтың. Сөйтіп, жерлес атақты жазушы сол жолы берген Магжанның портретін осы уақытқа дейін сактап келемін. Ол маган талантты орыс жазушысының қазақтың біртуар ақыны Мағжанды, оның шығармаларын кереметтей бағалап, оның дарынына бас игені деп түсінемін.

Коммунистік партияның, Орталық Комитеттің, оның бюро-сының тұқірігі жерге түсеп, «ұн деместің» ықызық ағашы тұрған шағында орыс жазушысы Иван Петрович Шуховтың мұнданғажайып ерлігін ауызben айтып жеткізу қын. Мағжан жырларын журналына бастыра алмаса да жерлесіміз Иван Шухов бүкіл ел таң қаларлы батырлық дейсіз бе, батылдық дейсіз бе, - ұлы іс жасады! Иван Шуховты (осы ерлігі үшін) мактауға да, онымен мактануға да лайық! Міне, «тамыр» деп осыны айт.

«Құрметті Иван Петрович, Қазақстанның данкты жазушысы Сіз, менің күйеуімнің шығармаларын «Простор» журналына бастырып шығармақ ойыңызды естіп, куанғанымнан жылап жібердім. Бұл менің отыз жылдан бергі алғашқы күнышым», - деп жазыпты Мағжан ағамыздың үйіндегі Зылиха женгеміз.

Егемен сл болдық. Шухов айтқандай, Мағжан ақынның күші туды, Зылиха женгеміз баспадан шыкқан оның алғашқы жинағын бетіне басып, жылап отырып сүйгенін де теледилардан көрдік. Бұл бәлкім, женгеміздің екінші қуанышы болар, және соңғы қуанышы шығар. Ол арманына жетіп өтті бұл дүниеден.

Иә, осылай Иван Петрович езінің журналына бұрын көрінбей ескерусіз қалып бара жатқан тамаша таланттардың шығармаларын бастырып, үнемі жариялада отырды. Өкімет бірде Твар-

довский басқарып отырған «Новый мир» журналын жаппакшы деген хаясетті естігенде ол: «Новый мир» жабылса, «Простор» бар», - десе керек. Яғни, «Иван Петрович Шухов бар!» - дегені гой, акын Твардовскийдін.

Мажан шығармаларын «Простор» журналына бастыруға жасаган әрекеті үшін ксійін Иван Шуховты жұмысынан да болатып жіберген.

Талантты жазушы достық, жолдастық деген қасиетті жақсы бағалаған көрінеді. Оның достары казақ жазушыларының арасында да көп болғанын білеміз. Ол Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мұсіреповтің және басқа да казақ жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аударған болатын.

Faфу Кайырбековпен де достық, жолдастық қарым – қатынаста болғанын естігенім бар еді Иван Шуховтың. Жыл сайын 7 – ноябрьде салтанатты парадқа шығатын әдет болды ғой. Соңдай бір парадқа жазушылар да жиналса керсек. Құзғі ызырык соғып, жиналған жұрт тоназып тұрады. Парад болса әлі басталатын түрі жок.

Бір кезде жазушы Иван Шухов белбеуіне байлап алған ескері күтісінің бұрандалы аузын анып, оның қақпағына арак құйып ішіп тұрады. Ол кісі құтісінан әлгіндей тәсілмен аракты әлсін - әлсін іshedі. Мұнын бәрін байқап тұрган Faфу акын:

Артында салактаған фляжкесі,

Иван Шухов деген мына кісі.

Иван ішіп, сен ішпей тұрганында,

Кісінің келеді екен жылағысы. – депті. Бұл өленді жұршылық естіп, сол жерде бәрі мәре – сәре болысады. Мұны Иван Петрович те естіп, Faфу маған әзіл өлең шығарды деп куанды. Кейін Шухов Faфумен жолыға қалса, өзіне шығарған өленді колқаңац, оқытады екен.

Иә, біз Иван Петрович Шухов туралы, оның шығармалары жайында айта берсек, әңгіме коп. Академик, жазушы Ғабит Мұсірепов айтқаңдай, «Иван Шухов әдебиеттің қасиетті ісіне тайсалмай, қаймықпай қызмет етті».

ГЛУБОКИЕ КОРНИ

В произведении Ивана Шухова «Пресновские страницы» есть такие строки: «Почти в каждом встречном ауле находились гостеприимные отцовские тамыры – дружки. По вековому неписаному закону они с непрятворной охотой привечали и потчевали нас в своих восхитительных, прохладных в зной и теплых в непогоду, уютных юртах».

Да, корни тамырства очень глубоки. Сегодня мы являемся свидетелями торжества векового тамырства, вспоминая нашего выдающегося писателя-земляка. Предстоящий юбилей Ивана Петровича Шухова – это не только праздник литературы, праздник дружбы народов, нашего единения.

Иван Шухов был тем, кто одним из первых способствовал творческой реабилитации великого казахского поэта Магжана Жумабаева. Разумеется, мы могли бы узнать о Магжане намного раньше, если бы кое-кто из писательского круга не использовал свое влияние, чтобы зачеркнуть славное имя в нашей литературе, в конъюнктурных целях спекулируя на политических взглядах поэта, который никогда «не ходил в адъютантах ни у какой партии».

Чувство соперничества, зависть к таланту, родовое пережитки стали камнем преткновения на пути к полной реабилитации поэта в 60-е годы.

В далеком уже 1965 году профессор, доктор филологических наук Хайрулла Махмудов, профессор-филолог, переводчик и литературовед Александр Жовтис, наш земляк, поэт-переводчик Хамза Абдуллин организовали лекции со студентами Казахском государственном университете им. С. М. Кирова о Магжане, его стихи перевели на русский язык Олжас Сулейменов, Александр Жовтис.

Таким образом молодежь знакомилась с поэтическим миром Магжана.

Являясь студентом Казахского государственного университета, я был участником собрания, обратившегося с просьбой к Правительству Республики об издании произведений Магжана Жумабаева, о котором я слышал еще в детстве в своем родном ауле Караагаш и находился под очарованием его прекрасных стихов.

С жизнью и творчеством выдающегося сына степи первым решил познакомить читателей журнал «Простор». Главный ре-

дактор журнала Иван Шухов с воодушевлением взялся за дело. Эти поэты, писатели и ученые собирались издать в журнале «Простор» статью о жизни и творчестве поэта. Главным редактором этого журнала был наш земляк, большой писатель Иван Петрович Шухов, который с воодушевлением взялся за выпуск статьи.

Студенты-филологи КазГУ практически не покидали стен редакции журнала «Простор». Все с нетерпением ожидали очередной номер журнала со снимком Магжана. Почти у всех работников журнала был на виду портрет поэта, удивительно обаятельного, с густой шапкой кудрявых волос, с выразительными глазами.

Помнится, и я пришел в редакцию. Иван Петрович Шухов, проходя по редакционному коридору, увидел меня и пригласил в свой кабинет, где уже сидели работники редакции и приглашенные. Как только зашел Иван Петрович, все замолчали в ожидании услышать что-то важное.

- Не получилось, - сказал Шухов. - Но Магжан все равно будет издан, наступит такой день.

Всем находившимся в кабинете, в том числе и мне, Иван Петрович подарил портрет Магжана. Вид у Шухова был разочарованный и грустный. Но нашим надеждам суждено было сбыться лишь четверть века спустя, когда, наконец, было снято табу с творчества поэта. Единственным для меня утешением в те мои студенческие годы стал снимок Магжана Жумабасова, подаренный Иваном Петровичем в редакции.

Известный в те годы журнал «Простор», благодаря своему редактору, замечательному писателю Ивану Петровичу Шухову, дал «зеленую улицу» неопубликованным произведениям Андрея Платонова, Марины Цветаевой, Осипа Мандельштама, и в числе первых журнал решил поведать об опальном казахском поэте.

Учитывая политическую обстановку того времени, поступок Ивана Петровича Шухова был очень смелым. Хотя и не удалось опубликовать стихотворения Магжана, Иван Шухов поразил всех своим героическим, гражданским поступком.

Горячо и искренне благодарен видному русскому писателю за искрине братское чувство к выдающемуся казахскому поэту, неравнодушное отношение к его трагической судьбе. Именно в подобного рода ситуациях познается цена истинной братской дружбы.

Уже после того как Шухова сняли с поста главного редактора «Простора», читателям довелось прочитать трогательное, полное признательности письмо вдовы Магжана:

«15. 10. 1965г. , Алма-Ата.

Многоуважаемый Иван Петрович! Когда Магжан Жумабаев, мой муж, выдающийся поэт, автор общизвестных лирических стихотворений, эпических поэм, переводов произведений классиков русской и мировой литературы, был арестован в начале 30-х годов, я обратилась с письмом к Горькому. Он живо откликнулся, и благодаря его вмешательству муж мой был освобожден из тюрьмы. 30 декабря 1937 года он был вторично арестован, но на этот раз Горького уже не было в живых, и Магжана расстреляли. Когда мне сообщили о том, что вы, известный казахстанский писатель, проявляете определенный интерес к его творчеству, я не выдержала: я заплакала. Пла-кала, по-видимому, впервые за три десятилетия слезами радости. За добрую инициативу Вас поблагодарят советские люди!

С уважением Зулейха Жумабаева».

Позже удалось узнать, что формальным поводом снятия Ивана Шухова с поста главного редактора журнала была публикация в «Просторе» романа Фредерика Форсайта «День Шакала», прерванная на половине по прямому распоряжению из Москвы.

«Однако, - читаем мы в книге сына Шухова – Ильи Ивановича, - один старый казахстанский чекист, которому в свое время было поручено в связи с реабилитацией заниматься делом Магжана, прямо заявил мне: отца сняли за попытку напечатать в своем журнале стихи незаконно репрессированного поэта-земляка. А «День Шакала» - так, просто удобный повод – предлог».

Вполне согласен с мнением Людмилы Варшавской, с которым познакомился во втором номере журнала «Провинция»: «Талантливые, высокохудожественные произведения Ивана Шухова пережили земной срок своего создателя. И вполне закономерно, ибо это - классика. А классика не подвластна времени. Она вечна».

АХМЕТ ОРАЗАЕВ ӘЛ ҚЫЗЫЛЖАРИ

Тұрік тілдес халықтардың ішінде бізге тілі, діні, мәдениеті мен әдебиеті жағынан жақыны- татар халкы. Бұларға татар деген есімді кім бергенін білмеймін. Шындығы, олар бұлғырлар гой. Бұлғырлар мен қыпшактардың Еділ бойында еркін өмір сүріп, ауылдары аралас, койлары коралас тату-тәтті, корші ел болғаны тарихтан белгілі.

Ежелден қызы алысын, құдандалы болып келе жаткан халықныз. Қазақ азаматтары о заманнан татар қыздарына үйленген. Сондықтан біздің қанымызда татар қаны болуы заңды күбылыс. Екі халықтың әдебиеттегі байланысы да ерекше назар аудартады. Татардың ұлы ақыны Габдолла Токай, қазак арасында Ақмолла атанаپ кеткен Мифтахитдин Камалетдин-ұлы екі халықтың өмірін, тыныс-тіршілігін, ой-мақсатын, қуаныш-қайғысын көстел жырларымсц орнектеген ақындар.

Ақмолла өлеңді қазак тілінде де жазған. Осындай қазак жүргішліктеріне белгілі татар ақындарының көшінде Ахметолла Мұхаммедзарифұлы Оразаев әл Қызылжари немесе, әл Құрмаші де бар. Ахмет Оразаев әл Қызылжаридың туған жылы белгісіз. Ол Қорған облысының Притобольный ауданына қарасты Звериноголовское деревнясында молданың от басында дүниеге келген. Оның әке-шешесі Қызылжарға көшіп келеді де, Ахметтің балалық шағы осы қалада өтеді. Ол алғаш рет Қызылжар медресесіне окуға барады. Ол кезде қала халқының деңінде казактар болғандықтан, мәддіреседе оқытындардың көбі де атаалмыш ұлт балалары сиді. Ахмет қазак балаларымен араласып, олардан казактың тілін ғана емес, олардың әдеттүрлін, ертегі, кисса, аныз- әнгімелерінен сусындалған еседі.

Ахмет кейін Казан губерниясындағы Қашқар медресесіне окуға түскенде де, халық шығармашылығына ден койып, әсірепсе, шығыс поэзиясымен жаксылап таныса бастайды, одан ыжидихатпен үрленіп, өзі де өлең жазуға машықтанады. Ол шығыстың ғашықтық жайындағы дастандарын көп оқиды. Ахмет Сұлсаймен Бақырганидың, Ахмет Яссаяудің олең, жырларын оқып, танысады, олардан поэзияның қыр-сырларын үрленеді. 19-ғасырда өмір сүрген татар ақындары сыйқты Ахмет Қызылжари да шығыстың жүлдіздары. Фирдауси, Рудаки, Хәям, Хафиз, Сағди, Науайлардың шығармаларынан көп үрленіп, тәжірибе жинактайды. Осындай көп ізденістің нәтижесінде 1874-жылы

«Бозжігіт» поэмасын жазып, Қазан баспаханасынан бастырып шығарады. Бұл дастанның өмірге келуі, ол бүкіл татар халқының қуанышына айналады.

Әсіресе, татар жастары, медресе шәкірттері бұл шығарманы колдарынан түсірмей оқитын болады.

Алғашқы туындысын татар оқырмандары жылы қабылдағанин кейін, шабыттанған Ахмет Оразаев 1876-жылы «Тәһір мен Зұһра» поэмасын жазып, оны тағы да кітап етіп бастыртады. Ақынның бұл шығармасы да татар әлебиетінің аспанында жүлдіздай жарқырайды. Дастанды тек татарлар ғана емес, тіпті, казак оқырмандары да іздең жүріп оқитын. Шын мәнінде халықтың сүйікті шығармасына айналған бұл дастан араға жыл салып баспаханалардан 15 рет кітап болып басылып шығып тұрған.

Шығыстық сюжетке құрылған дастан батыстың әйгілі «Ромео мен Джульєттасы» сияқты, махаббат молдірлігін, мұғылымығын, ұлылымығын жырлайтын үлкен туынды.

«Тәһір мен Зұһраның» мазмұны араб, үнді слердіне сртег заманнан белгілі. Оны Орта Азия халықтарына алғаш таныстырыған XYII – ғасырда өмір сүрген өзбек ақыны Саяди еді.

Тәһір мен Зұһра бірінсіз бірі бұл өмірде тіршілік құра алмайтындей, бірін-бірі көрмесе, мынау кең дүниеге сый алмайдындей ғашық жандар. Зұһра сүйгеніне қосылу жолында не бір азапты бөгеттерді, тосқауылдарды бастан өткереді. Бірақ олар қандай қындықты болса да қаймыклай карсы алуға берген серттерінде тұра біледі. Кер заманың кесірлі әдет-ғұрпының, оның құшті билеушілерінің катығсздіктерінен Тәһір қыйғылы қазага үшірайты. Оның сонынан Зұһра да о дүниелік болады. Зұһраның қабырының үстінде ак гүл өседі де, Тәһірдің қабырының үстінен қызыл гүл өседі екен. Ал бұларды көре алмай күндеғен қара пыйғылды Ғараб құлдың қабырының үстінен қара тікенек өсіп, ак гүл мен қара гүл қосылайын десе, әрқашан бөгет болып тұрады екен. Қара тікенекті балтамен шауып тастаса да, бәрібір ол өсе береді. Ак гүл мен қызыл гулдің қосылуына бөгет жасайды-мыс, -деген азыз осыдан қалса керек.

Екі жастың қайғылы махаббатын жырлаған бұл дастан достыққа берік болу, арманға жету жолында қара күш иелерімен, не бір қындықпен күресте болу, көніл, жан тазалығын сақтай білу керектігі баяндалады. Содан да болу керек, бұл шығарма татар халқының да, казак халқының да сүйікті дастанына айналды. Жоғарыда айтқанымыздай, «Тәһір мен Зұһраның»

жыл сайын көп тиражбен Қазан баспаларынан шығып тұруы да осында, ел сүйіспеншілігінің шапағатынан болған деп түсініміз керек.

Дастанның ел арасына кең тараپ, көпшілік оқырманның сүйікті туындысына айналғанын жоғары бағалаған татар халқының ұлы ақыны Ғабдолла Токай: «Тәһир мен Зуһраны» татарлар өздерінің төл, ұлттық көркем шығармасына жориды», - деп жазған екен.

Ақын Ахмет Оразаев дастанды татар тілінде жазғанмен, онда казақ сөздері көп пайдаланылған. Қазақ поэзиясының інжумаржандарынан сусындаған ақын, дастанның жекелеген белімдерін казақ өлендерінің өлшемімен, оның барлық ерекшеліктерін барынша қолдана отырып жазған көрінеді. Татар ақыны атаімыш шығарманы қазақ түпніс де жазған. Кең байтақ казақ даласына, Қызылжар өніріне «Тәһир мен Зуһраның казакша нұсқасы да тараса керек.

Дастанның көпшілік болімдері татардың алты, жеті буынды өлеңінің негізінде жазылыпты. Мысылы, күкта торған йолдызың, суда йөзған кондызың.

/Көкте тұрған жұлдызың, суда жүзген құндызың. / Мұнладай қыска буынды жырлар татардың ән текстерінде де көп кездесді. Тәһир қазаға ұшырағаннан кейін азалы Зуһраның әкесіне айтқан зары: Тәһирдай ер жігіт,

Іздесен де табылmas.

Тәһирімдей хош жігіт,

Іле қылсан да табылmas.

Әділ хандар жолдарын,

Тоспадың ғой, ей, ата

Бұл жалғанда біздерді,

Қоспадың ғой, ей, ата.

Маган салған сарайың,

Ішиңе от сал енлі,

Жалқынлатып, жандырып,

Бір қыздыртып қал енді.

/Бұл үзіндіні татаршадан аударған ақын Ақылбек Сабалұлы /

Тәһирдің өлі денесін көрген Зуһраның сөзі:

Міне, осылай солды қос гүл-

Ақ гүл менен қызыл гүл.

Жан-тәнімен хан сүйетін,
Жоқ қызыл гұл, құс бұлбұл.
Екеуміздің махаббат кой,
Дүр сілкінтекен аймакты,
Маған келер жол, Таһиржан,
Қазір басқа, гүл бақта.
Кеттің жаным, мәңгілікке,
Серуендеймін бақта кіммен?
Тірлігімді үйқылы-ояу,
Кім сергітер сендік үнмен?!
Дос бола алмас маған ешкім,
Жүргегім де жанбай өшті.
Таһир кетті, маған сышкім
Ксерек те емес, Тәнірім, ссті.
Сенсіз өмір бар дегенді,
Шошымастан қалай айтам.
Құшакқа алып мұз дененденді,
Өзіңменен қатар жатам.
/ Аударған біз /

Поэма жартылай өлеңмен, жартылай кара сезбен жазылған. Бірақ акындық шабытты, әдемі тенеулер мен әпитеттерді оның кара сезбен жазылған бөлімдерін де антару қын емес.

«Кесілген бас бакшада өспес, скінші рет шешен сені өмірге әкелмес», -деген сиякты ұшқыр да, ұтымды сөз тіркестері көптеп кездесіп отырады.

Ахмет Оразаевтың «Таһир мен Зұhra» ластанын гасырымыздың басында акын Ақылбек Сабалұлы татаршадан қазашаға аударып, Казан баспасынан кітап етіп шығарған екен. Бұл туралы акын былай деп жазады:

Мұхаммед Зарифұлы Ахмет ногай,
Оқуды қуар едім халім жоқ-ай.
Ногай тілден аударып өлең қылдым,
Оқыған қазактарға болсын оңай.

Ахмет Оразаев баспадан шыққан кітаптарының сонына өз аты-жөнімен қоса Құрмashi, немесе, Қызылжарі деп жазған көрінеді. Құрмashi акынның ата-бабасының ауылы, ал соңғысы- өзінің өскен, өнген, өзінің саналы өмірінің денін өткізген сүйікті қаласы- Қызылжар.

Ахмет Оразаев 1880- жылы жастық шағын өткізген қазак еліне, Қызылжарына кайта келеді. Ол мұнда өмірінің соңғы жылдарына дейін медреседе жастарға білім, тәрбие берумен айналысады. 1883-жылы татардың таланттық ақыны, қазак халқының досы, біздін жерлессіміз Ахмет Оразаев әл Қызылжары өмірден өтеді.

ҚЫЗЫЛЖАР ХИКАЯСЫНАН

Петропавл бекінісі болып орнамастан бүрын бүл каланың орнында слід мскеи болған ба? Қызылжар дсп қазактар бекініс орнаган соң атаган ба, әлде одан бүрын да осылай аталды ма екен?-деген саулалар әрбір солтүстікказакстандықтың көкейінде жүрері анық. Әрине кайта құрудың жылы лебі қоғамымызға ғана емес, қоғамның әр мүшесінің сана сезіміне он әсер етіп отыр. Бүгін демократияның шенбері кенейіп, еркіндік құшағына енген сайын адамдар өздерін өздері ойша зерттеп, өздерін жана тани бастады. Ана тілінін де, туған жердің де қадір қасиеттің бой ұрып, маңыз берін көследі. Қызылжар каласының өткеңнен сыр білуге талпынушылық та осындан ниетпен туындан отырганы анық. Сөз жок, Қызылжар көне кала, өткен ғасырда ұлан байтақ республикамыздың орталығы мен теріскейінде өмір кешкен халқымыздың тарихына, мәдени – әлеуметтік дамуына Қызылжардың өткен әсері аса зор. Қазақстанның кай түкпірінде болса да көне көз, сұнғыла кариялармен жолыға калып Қызылжар жайын сөз етсен, онын арғы-бергі тарихын актара бастиар сді. Қызылжар анызы, хикаясы ұрпактан ұрпакқа калып, ауыздан ауызға тараң, бүгінде жетіп отырганы да іажап. Петропавл бекінісінің салынуы туралы қазак елінде мынадай аныз бар.

Абылай ханға Петр мен Павел деген екі купец келіп: «Есіл өзенінің бойынан бір өгіздің терісіндей жер бер» деп сұрайды. Абылай олардың құлығына түсінбей, берейін, -дейді. Купецилер өгіздің терісін жіп-жінішке таспа етіп тіліп әкеледі. Сол жіпті жазып жібергенде, Петропавл каласының орнын түгел орап алынты-мыс. Абылай алданғанын білгенмен уәдесін бұза алмай таснамс қоршалған жерді беріпті-міс. Ал шындыққа жүгінsek, патша үкіметінің Қазақстан мен Орта Азияны отарлау саясатын жүзеге асыруда жан-жағына зенбіректер койыл-

ған Петр мен Павелдін қорғаны елеулі роль атқарғаны рас. 1789-жылы Абылай «Россияға қосыламын» деп уәде берген соң, Россия үкіметі Абылайды да, оған бағынған елді де шошытпай, айла-амалмен бағындыруды ойлады. Сол ниетпен Абылайдан рұқсат алып, Есіл озенінің жағасына Петропавл бекінісін орнатты. Оны бекініс деп атамай сауда-саттық базары / мене-вой двор / деп атайды. Бекініске әскер экеле калса сауда мұлкін күзетуші, қорғаушы ғана деп экелді.

Атакты жерлес жазушымыз Сәбит Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» деген кітабында: Тұрғын елдін айтуынша, Петропавл бекінісі салынған жерде Арғының Атығай руынан Дәүлеткелді дегеннің ауылы отырады екен. Абылай бұл ауылдың жерін Россияға бергендің, ауыл өкпелеп, Жиделібайсынға қошп кестіпти -міс. Бұл туралы сол кездегі бір ақынның мынаңдай олеңі бар.

Абылайдың атасы Әілфайыз,

Хан тұқымы тоссанбес етек киіз.

Алым алып, жау жұртқа жерді беріп,

Абылайға шыкты ма екі мүйіз!-

деп жазған екен. Халқымыздың мәдениетінің, әдебиетінің және тарихының антологиясы Сәбит Мұқановтың бұл созіне қосыла отырып, құйма құлак қариялардан есгенімді де жұртшылық назарына ұсынғанды жөн көрдім.

Кызылжардан сексен шақырымдай жердегі Қарағаш, Алқа, Орталық және Жаңалық деген ауылдарда Атығай руының Аққиік деген бір тармағының ұрпактары тұрады. Көненің көзіндегі зерделі қариялардың айтуынша олардың арғы атала-ры Кызылжардан көшіп келіпті. Иә, кәдімгі Петропавл бекінісі салынған Есіл жағасынан осы өнірге қоныс аударған екен. 1950-жылдары Қарағаш ауылында Есентемір деген аксакал болды. Ол кісі көпті көрген, өмір тәжірибесі мол болумен бірге, халқымыздың арғы-бергі шежіресінен сыр актаратын аузы дуалы, өз кезінің білімдар адамдарының санатында еди. Ол адам сонымен бірге, он колынан өнер тамған -шебер өрімші, ұста, зергер, етікші болатын. Үйінде етік тігіп отырып, әңгіме тыңдауға келген ауылдың үлкендеріне айтқан хикаяларын тыңдағаным бар. Есентемір қарттың айтуынша, жерімді орыска беріп қойдың деп өкпелеп, Жиделібайсынға үдере қошкен байдың есімі - Дәүлетәлі дейтін. Есекен және Дәүлетәлінің мсін алтыншы атам деп отыратын. Сәбит Мұқановтың кітабында бұл есім аздал өзгеріп, Дәүлеткелді делинген. Бірақ осындай есімді дәү-

летті адам да болған шығар бұл өнірде. Өлде ағайынды адамдар болды ма?! Ол жағы маған бимағлұм.

1910-жылы С-Петербургтен «Ақмола облысындағы қазактардың шаруашылығы» деген кітап шыккан екен, сонда: «Бүтінгі қырығыздардың /казактардың/ ата-бабалары Петропавл даласына әр жылдары кошіп келген көрінді. Ұсздегі кейбір ауылдар бес жұз жылдан астам өмір кешіп келеді. 1908-жылғы есеп бойынша мұндай ауылдардың саны 117 болып отыр. . Орыстардың Көшім ханының иелігіндегі жерді жаулап алған тарихи кезеңнің күәгері болған 117 ауылдың қазактары. Орыстардың Петропавл даласын басып алғанын қөздерімен көрген қазак халқының өкілдері-аталмыш ауылдардың тұрғындары». десін жазған кітапта.

Есіл озенінің бойындағы Қызылжар десін аталағын биіктің стегіне орналасқан Әүелстәлі ауылы, / немесе, Қызылжар / да осындағы елді мекендердің бірі. Мұның қазактар үшін аса қолайлы орын болғанын айтқанымыз жөн. Биік жардың үстінде үйтки соккан боран да, катты жел де жардан өзенге қарай құлар ойпанға ешбір әсер етпейтін. Тып-тымық, малға да, жанға да пана. Ол ойпанның ауқымы да кен. Ауылдың үйір-үйір жылқылары акпан мен кантардың жынды борандарында осы ойда қарақұрым болып тұрады екен. Есіл алқасының белуардан келетін шобі де шүйгін. Жаз бойы бұл өнір малға жайылым болса, қыста жылқыға тебін. Қызылжар ауыл тұрғындарының ежелден бауыр басып, кіндік қаны тамған касиетті атамекені, Ол - казак, үнді, қытай, хиуа және орыс елдері саудагерлерінің, алыпсатарларының жылына бір рет азық-түлік, дүние, жиһаздарымен жиналатын үлкен жәрменеке. Иә, иісі қазаққа ежелден аты мәлім Қызылжар жәрменекесі. Жәрменекеге ежелгі дәстүр бойынша сұзырып салма, токис акындар, саусағыптан күй төгілгсін күйшілер, домбырашылар, сырғайшы-қобызышылар, бұлбұл дауысты әнишілер, сез маржаның күйылтқан шеппендер, жауырыны жер иіскең көрмеген түйе палтуандар, аузынан жалын атқызып, қылыш жұтқан сыйқыршылар, қып-қызыл бол қызыған темірді тілімен жалайтын бақсылар -бәрі-бәрісі де жиналатын. Өнерлерімен елді тәнті етіп, өздері де халыққа танылатын. Ілкім замандардан күт-береке дарыған әйгілі Қызылжардың тұрған жсрі Рессей өкіметінің Қазақстанға келген оқшылдеріне ұнамауы мүмкін емес. Ғасырлар бойы мекен етіп келе жатқан жергілікі халық өзінің тұрмыс-тіршілігіне ең колайлы жерді таңдайды емес пе! Сондықтан бул жерді бекініс орнатушылар да қалап

алған. Оларға да ұнаған. Қазақтың біртума ақыны Faфу Қай-ырбеков Қызылжар туралы былай деп толғанады:

Казақтың қала дегеннен,
Хабары сенсің - Қызылжар!
Ескі бір ән мен өлеңнен,
Табары сенсің, Қызылжар.
Қызылжар құтты мекенсің -
Әдепті Ә-деп үйреткен.
Атанып атың өтерсің,
Бар өнер, әдебиеттен,
Бар ғылым, мәдениеттен.

Міне, казақ түсінігіндегі Қызылжар осындей. Ол әулие Петр мен Павел бекінісі орнамас бұрын да халқымызға танымал болған. Бұл өлкенің тарихы жергілікті халықтың жасампаз ісін, ұлы мен қызының туған жерді жаудан қорғаудағы танғажайып ерліктерін сактап келеді. Ол тарих қазақ халқының аса әсерлі аныздарына, халықтық эпостарға, иғі дәстүрлер мен әдет-тұрыптарға ете бай. Бабаларымыз дәріптеп данкка бөлеген, бақытты да, өнерлі үрпактар өсірген, олардың мыңғырған малы жайылған бұл өлке- Қызылжар өлкесі деп аталады.

Сонымен Дәuletәлі ауылын Жиделібайсынға көшірмекші болған. Жиделібайсын деп отырганы қазактармен араласып жатқан Хиуа хандығының жері. 1723-жылғы «Ақтабан шұбырындыда бірсыптыра қазақтың Хиуа хандығына барып жан сақтаған анық.

Бірак әбден қартайған Дәuletәлі атамыз дегеніне жете алмай Балықты көлінің жағасына келіп, көш-көліктерін отықтыруға тоқтаған жerde жан тапсырады. Ол кісінің сүйсіті сол жerde қайынды орман шетіне жерленеді. Ақылшысынан айырылған ауыл адамдары, кейінгі үрпактары өзара кеңесіп, осы жерде қыстайды. Ал одан соң, мал мен жанға қолайлты, шебі шүйгін, сұы мол, қыста пана болатын ойдым-ойдым орманы бар өлкeden ешкім енді табан аударғысы келмейді. Дәuletәлінің Дембі деген ұлы, Нөгербек деген немересі болады. Бұл күнде олардан тараған үрпактар бар.

Балықты көлінің күншығыс жағынан қазіргі Рублевкаға / бұрынғы Ақсұат / дейінгі жер - Дембі қонасы деп аталады. Нөгербек қыстауы да осында.

«Ленин туы» газеті 22 желтоқсан 1988 жыл

«КӨРІНЕР АНАДАЙДАН ОРНЫ ҒАНА...»

*Жері гой бабамыз тен
ата-ана,
Жанына, малына да
болған пана,
Бұл күнде мойын бұрын
қараганга
көрінер анадайдан орны
ғана...»*

Бұл жолдардың авторы ақын емес, ауыл өнерпазы Кәмила Олібаев. Осы мұнды өленді ол зарлы әуенге қосып шырқағанда, сай-сүйегін сырқырайды. Өз жерін, өз ауылын сүйіп өскен перзенттің жан-жүргегінен шыккан қайғы зарындей болып естіледі ол ән.

Кәмила осы әнін өзінін туған ауылы Аралағашқа арналты. Бұл ауыл бір кезде Возвышен ауданындағы «Қарағанды» совхозының бір болімшесі болып тұрған еді. Кейін ол «сервистикасыз» дег ағалды да, колдан бытыратып жіберілді. Кәмиланың үясіз қалған бозторғайша шырылдауы да солдан.

Мен осы ауылдың бұрынғы тұрғыны Амангелді Габдуллин мен кездесіп сейлескенде, ол былай деді:

-Аралағаш – менің өзімнің де, ата-анамның да туып өскен ауылы. Еңбек жолымды да осында бастап, 26 жыл механизатор болып істедім. Ауылымыз таратылған сон, көршідегі «Бастомар» совхозына көштім. Бес жылдан бері сонда механизатормын. Аралағаш қандай ауыл еді?! 150-ге тарта түтін болды. Жаңа клуб, сегізжылдық мектеп, жана мал қоралары, су күбыры бар еді – бәрі адыра қалды. Савхоз басшылары ресми түрде ауылды бытыратуға бет алған сон, жүрт жан-жакқа көше бастады. Осы «Бастомарда» ғана біздін ауылдан жиырма шакты үй отырмыз. Отыз-қырық семья аштық жылдарындағы дай босып, Россияға, Омбы облысына көшіп кетті. Сол адамдар Қазақстанға керегі жок па еді?! Кейде армандаймын: «Қарағанды» совхозының, ауданының, облыстың басшылары қайта ойланып, сол ауылды қайта жинай бастаса, бәрі болмаса да, біразы жиналар еді. Туган ауылымда ең бірінші болыш озім кошер едім. Ауылымды сағынамын, түсімнен шықпайды. Кейде кеүлемді сағынамын қысып, шыдатпай кеткенде, 40-50 шакырым-

дай жердегі ауыл орнына келіп, іштей болса да егіліп, мауқымды басып кетемін...

Қазакта зорлықшылдық үстемдік болған заманнан қалған: «Мен көшсем, орныма егін егер ме едін?», - деген аңыз нақыл бар. Аралагашты бытыратқан «Карағанды» совхозының басшылығы қазір сол ауылдың орнына, расында да егін егіпті. Бірнеше гектар қосымша аланнан сол басындар қанша астық алғып, қай жыртығын жамаганын кім білсін, бірақ «обал-ау» дегенді білмейтін технократтық саясаттың кесірінен облыс картасынан тағы бір ауылдың оты өшті, жұздеген адам «кіші Отансызы» қалды.

Осы Возвышен ауданында тағы бір құрып кетудің аз-ақ алдында тұрған ауыл бар. Ол «Писарев» совхозына қарайтын Комсомол ауылы. Бұл әу баста шағын ауыл екен. Бірақ кезінде жеке колхоз болып отырған, одан колхоздар ұлғайғанда, бригада болған. Қазір ештең де емес. Бұл да «перспективасыз» ауыллар санатына еніп, саналы түрде бытыратуға «кесілген» ауыл. Бір кезде қоғамдық мал ұстаған, бастауыш мектебі, 40-50 үйі болған екен. «Перспективасыз» деп айдар тағылған соң, үй салу тоқтатылған, бүкіл шаруашылық орталыққа көшіріле бастаған. Жұмыс болмаган соң жұрт өз-өзінен бытырап, қазір 4-ак үй отыр. Жандары тегіс пенсионерлер. Солардың бірі - К. Рақымжанова ауылына, мүмкін, әлі де қоңіл бөлінер, көркейер, жұрт жиналар деп үміт етеді. «Өлсек сүйегіміз осында калсын деп отырмыз», - дейді. Тағы бір қария Б. Қожамсейітов: «Бұл жер бізге ата-бабадан мирас болып калды, енді өзіміз кімге мирас етіп калдырымкызы?» деп мұнаяды. Шағын ауылдарды жоюдың экономикалық зардабы бір басқа, ал осы қария айтып отырған моральдық, рухани зардағын немен өлшейміз? Кешеғана осы ауылда туып есken ертен оны жатсынып ессе, ұрпактар арасындағы байланыс жібі үзіледі демегенде не дейміз. Орыста: «Туысын білмес Иван», - деген, қазакта: «Туысын білмегеннен без», - деген түсінген адамға үлкен ой саларлық сөздер бар. «Кезінің алдындағысынан басқаны көрмейтін, ертегісінен аргыны ойламайтын «бакай есепшілердің» кесірінен «кіші Отанынан» күшпен айырсақ, жастарға үлкен Отанды сүюді, қадірлеуді қалай үйретпекпіз?! Өз еліне, халқына, олардың тарихына деген нигилистік көзқарас осыдан барып тумай ма?!

Ленин ауданына қарасты Ильич атындағы совхозда Өндіріс ауылы бар. Бұрын әжептәуір ауыл еді. Бұл да «перспектива-сыздар» катарына ілініп, құлазуга айналған. Бұрын 50 үй еді, қазір 16-сы қалыпты, 64 адам тұрады. Жол нашар сшкім жөндемейді. Бастауыш мектеп бар еді, ол да жабылды. Медпункт болса, болмасын жок. Кішкентай магазин бар, бірақ онда күнделікті қажет тауардың өзін табу киын.

Ашуланғанда Қайрлының бет әлпегі торт бұрыштанып, майдайы қыртыстанып, қалың еріні дурдиіп бет сүйегінен бөлініп, белек шығып кететіндей болатын. Бурадай бұрқырап, аузынан көбік шашып, карсыласына үмтүлғанда ол ешкімге дес бермейтін. Бұғін де солай болды. Оның үстіне жұзі құн сәулесімен шағылысып, жалтылдаған қанжар да Портнягиннің есін алғандай. Үн-тұңсіз аз-кем қозғалыссыз тұрған тракторшы: Қайырлы, саған не болған, дос болайық, сен кешір, - деп қолын ұсынды. Қайырлы бұл кездे қанжарын кирзі етігінің қонышына салып жатқан. Батырға да жан керек» демекші, Портнягин шыншылған корыкты. Бөтен ел, бейтаңыс жер, Қайырлының не ойлап, не істейтінін кім біледі?! Осы ойлар басбұзар тракторшының миңна бірнеше секунтта-ақ жетті ғой.

Осыдан кейін тіркеуші Қайырлы Портнягиннің қасында, трактор кабинасында отыратын болды.

Көктемде жанбыр жаумай, қар суымен шықкан кек сарғыштарға бастады. «Жауынмен жер көгерер» дегендей, жанбырдың жаздың басына дейін болмағаны ел-жүртты елеңдедті. Жерге ылғал түспеген сон, алқапта қылғиган сін де бой тарға алмай, аңызак жел топыракты суырып, далада қара шаш тұратын болды.

Халқымыздың о замандардан келе жатқан дәстүрі бойынша, мұндай жағдайда ел-жүрт Алладан тілек тілеп, ракымшылық өтінеді. Халықтың ықылас, көңілі дұрыс болғанда, Алла да жаймашуақтық танытып, ақ жаңбырын көл-кесір төгеді. Жарыктық жер исініп, буы бұрқырап, жасарып, жайнап, рахат құшағына енеді.

Ауылдың карттары халықтың осы дәстүрі бойынша елді түгел көтеріп, Балықты қолінің жағасына барып, Алладан жаңбыр сұрамақшы болған. Міне, сол ұлы тілек үшін Қарағаш ауылының үлкен-кішісі, тайлы-таяғымен ұлы қолдін жағасына келді. Ел-жұрт аттарын доғарып, арбалардан сойылатын қойлар, казан-ошактар мен ылыс-аяктар түсіріліп жатыр. Балалар қалың өсken қамыс-құрактың арасынан үректін жұмыртқасын іздеп, шуласып жүр. Жастар жүрген жер ойын-сауықсыз бола ма,?! Көл жағасы тамаша думан болды да қалды.

Үлкендер ата-бабалар бейіттерін аралап, аруактарға құран оқып, зират етіп жүрген. Бір кезде бір топ қариялар аяқтарын ширак басып, тұсауды жүрген аттарын ұстап, жайдак мініп біршің соңынан бірі кете бастады. Қолдарында сырый на, арбалын жетегі ме, кайыктың ескегі мс, қыскасы, не шексе соны алғанға ұксайды. Бұлар есکі зиратқа бет алды.

Бастаушысы Гайса аксақал. Жасы жетпістен асса да қара биенін үстінде жайдак отыр, тіп-тік отыр. Абыр-сабыр болған жұрттың соңынан біз де ере кеттік. «Баксак бака екен» деп, бір сокалы трактор зираттың үстімен өткен екен, бірнеше кабірдің бетін ашып, копарып кетіпті. Бұрын мұндай сұмдықты көрмек түгіл, естімеген халық не айттарларын, не істерлерін білмей дағдарып қалды. Аттылы қарттар арғтарына да қарамайды, соканың ізімен ілгері көгіп барады. Олардың ішінде Гайса, Жуандық, Гекку, Кенжебай, Ескенлір, Мейірман, Барбан, Қаллас, Айтқазы, Айтбай, Сағынай, Оразбай, Қайырбек бар.

Аттылардың соңынан жүгіре басып Баян. Гайса аға, тұра тұршы, -деді айқайлап, Баян Ешкейұлы кешегі қырғын соғыста қолынан, аяғынан ауыр жарапалып, елге оралған майдангер. Ауылға келе жаракатына қарамай колхоздың киын да, ауыр жұмысын басқарып, женісті жақыннатуға көп енбек еткен ат-шаш азамат.

Луылдың үлкен-кішісі оны «бала» дейтін. Елдің «баласы» атаптап адам сді. Гайса карт көп дауыстардың арасынан Баян інісінің дауысын бірден таныды да, атының тізгінің тарта қалды, бірақ артына қараған жок. Өзге аттылар да Гайса қарияның жанына шоғырлана тоқтады.

-Гайса аға, -деді Баян ентіге басып келген қалпы, сабыр еткен жөн ғой деймін. Қазір бұзықтар бәрәнді де жазым етеді ғой деп қорқам. Өкімет бар, милиция бар соларға хабарлайык. Жүгендің кеткендерді заңмен жазалайды.

-Эй, Баян-ай, өзің білесін, менің Бұлаев жағында құдаларым тұрады фой. Кеше сол жақтан бір құдам келіп еді, құдай сактасын, бір жайсыз жағдайдың болғанын айтты. Ол жақта да біздегідей шеттен келгендер жер жыртып жатыр екен. Бір тракторшы, жас жігіт болса керек, алдында тұрған ескі кормалы көріп, тракторын тоқтатады, бұзып-жарып өте шығуға дәті бармаса керек. Жігіт тракторынан түсіп, аналай жерле атын жетектеп бара жатқан қазакка келіп: мына жерде зират жок па? - деп сұрайды. Сонда әлгі қазак: дабай, перед, онда халық жауының ата-бабалары жатыр. Жырта бер!-деп кете барыпты. Бағыда Мағжан деп аузымыздың сүзу құритын ақынның ата-бабаларының зираты екен. Бұл иттікке ешкім ауыз ашпаган, зират жермен жессен болып қалышты.

Баян-ай, біз халық жауы смеспіз, ал ақынды жау дессе, сүйесі ағарып қалған оның бабаларында кімнің қандай аласысы бар?

Бұл қандай зұлымдық?! О заман да, бұ заман, осындаған хай-уандыкты естіл, көріп пе ен? «Құлак естігенді-көз көреді» деген осы. Міне, сол пәле бізге де жетіл отырып. Ойлап тұрсын, сұмдықтың көкесі осы болады. Бұл- сендерді тұкымыдарынан мен құртамыз деген сөз. Мынаны көріп отырып ұн демесек, мына балалар ертең бізді кім деп ойлады, -деп дауыс көтерді Ейса қарт. Сойтті дс, соқа жыртқан ізben ілгері карай кстс барды. Соңында-шулаган үлкен-кіші, каракұрым, халық. Халық шылата ма, зираттан үш-төрт шакырым жерлегі бригада палаткасының шанырағын ортасына түсіріп, бұзық механизаторларды жалан аяқ, жалан бас, кейбіреулері іш киімдерімен ғана халықтың қаһарынан қорықып, қашып, қараларын мұлде жойды.

Ел болып жиналып келіп, ашылып қалған зиратты жауып, аруактарға дұға оқып, Аллаға құлшылық етті. . Ауыл адамдары астарын ішіп үлгірмей, аспанды торлаған кара бұлт коюлана түсті дс, жанбыр жауа бастады, Жұрг құргакта келіп, кол басынан батпактап ауылға жеткен еді. Алланың мерсей түссе, берері мол деген осы.

Бұлан былай Қарағашқа ешбір тыңгер келген жоқ. Қашып кеткедерлін ДТ-ларына ауыллын бұрынғы тракторшылары Файзолла Эбілқалыков, Құнанбай Медиев, Серікбай, Наурызбай Жамқанбетовтер, Арап пен Амантай Қайыржановтар, Әшімбай, Көшімбай Геккуевтер, Кадыржан Есматов, Марат Башыков, Бикат Әшімов, Серғазы Омаров, Иранбек Исин және басқа да жас меканизаторлар ис болып қалды. Ал бригадалар-

ды Қинаят Куандықов пен Жанұзак Жантүяқов басқарды. Бір тан қаларлығы, қарағаштықтардың осы ісіне не аудан, не облыс басшылары тіс жарып ештеге айтқан жок. Мүмкін, Баян Ешкейұлы сиякты біртуар азаматтар болған жайды жоғарғы жакка дұрыс хабарлады ма, кім білсін, әйтеуір, о жақ ауыз ашпаган қалпы қалды. Тіпті, біздін ауылда ештеге болмағандай, бір қалыпты тіршілік жалғаса берді. Біздін ауылға тек аудан басшылары «Техас» деп ат койды. Ол АҚШ-тың атшұлы штатының аты. Онысы Қарағаш ауылын тентек ауыл дегені болса керек.

АПАМНЫҢ АЛҒЫСЫ

Жаз. Таңертсңгілік шақ. Ауыл малды оріске қосып жатқан. Апам сиырды сауып, корадан шығара бергені сол, сайтандай бір орыс жігіті сиырдың мүйізінен ұстай алып, жетелей берді. Жігіт сиырдың мүйізінен ұстап қакпаға жеткенде апам да жандармен әлгі жігіттің омырауынан алып, бөксө тұсынан тепсін, ол бүрісе домалады, басындағы картузы бір жаққа, бір қолына ұстаған партфелі екінші жакқа ұшып, ішіндегі қағаздары шашылып қалды.

-Салығынды төлемесен, сиырынды бәрібір әкетемін! - деп бажылдаған жігіттің біздің үйге бұрын да келіп, салық сұрайтып - ағент екенін таныдым. Оның аласа ғана бойы бар, тырбиғандай. Үстінде әскери китель, бұтында галефе шалбар, аяғында жылтыратып майлаған кара былғары етік.

Апам қапсағай денелі, жауырыны қақпактай ірі адам. Үйдің де, түздің де шаруасын бір өзі атқарғаннан кейін бе, әйтеуір, жұмысқа әбден мықшеге болып алған, қарулы еді.

-Соғыстан баламды экеліп беріндер. Озім қан жұтып отырғанда «налок, налог», -деп қылқылдайсын, мен немді берейін, ойбай. Жалғыз сиырды сендерге беріп, өзім не күн көремін мына бармақтай баламсін! Ашуға бұлықкан апам бейшара жігітті карғап-сілсп, сыйбал-ақ жатыр. Шаң-шұң дауыска маңайдағы көршілер де келіп қалды.

Кер сиыр байғұс атқа бергісіз мал еді. Арба мен шанага жеккенде атша желіп отыратын.

Жетекке үренген мал гой, әйтпесе мүйізінен ұстағанда сиыр бірден жөнге көне коя ма. «Налог, налог!»-деп тоңқалаң асқан жігіттің қолынан кер сиыр кайқаң етіп, сыйыла жәнелген. Апам сиырды кораға енгізді де, қақпаны жауып, ішінен бекітіл алды.

Ал сыртта орысша бірденелерді көршілерге айтып, алақұйын болып жүрген жігітке үйінің іргесі біздің үйдің іргесіне тиіп тұрған Садуақас атай мен Майнұр апай басу айтумен жүр. Садуақас атайдың орысшасы ежептәуір болған-ау деймін, маңағыдай емес, жігіт сабасына түссе бастады. Шала-шарпы орысша түсінігім бойынша көршіміз экемнің 1943-жылы кайтыс болғанын, экемнің жылын өткізіп жатқанда, Мұбәрәк ағамның соғыста ерлікпен қаза болған дығы туралы «кара қағаз» келгенін айтып жеткізді.

Апамның казіргі жағдайы, шын мәнінде, тым ауыр да, аса кайылы болтын. Мұндай халді адам баласының басына бермесін.

Жалғыз сиырдың бұзауын колхозға берулерін керек деп, ферма бастығы жыл сайын алады. Бір кызығы бұзауды жаз бойы есіріп береміз. Ал қоқтем жақындағанда әлгі бастық біздің үйге тағы келеді. Колхоздың шөбі бітіп калды, қыруар мал аш түр, бір шана шөп бересіндер, болмаса, кораларының төбесін жапқан шөпті аламын!-дейді. Ферма бастығы айтқанын істейді, күзде қорамыздың төбесін жапқан шөпті табан бір шана етіп артып, алып кетеді. Біздің кора үлкен болатын. Кораның төбесі аңғал-санғал болып кала береді. Кейде қар жауғанда кер сиыр аккалаға ұқсап, калтырап, тоңып тұрғаны.

Оның үстінеге салық дегенін тағы бар. Сиыр басы он килограмнан май салығы салынады. Апамның шыр-пыр болып жүргепті де осы салық. Бұған қосымшасы да бар шыгар, ол жағын білмеймін.

Салық жинайтын агентті апам «соқыр орыс» дейді. Себебі оның бір кезінің орнында шақырайған әйнек түр. Бұл байғұс та соғыста болды ма екен, әлде жәй жүріп кезін закымдал алды ма? Ол жағы белгісіз. Ауылға келген сайын біздің үйге келіп, салық сұрап, дүн-дүниенді әкетем, сиырынды аламын деп апамды коркытып, орысшалап қатты-қатты сөйлеп, әкірендереп жатады. Оған апам да ашына айқайлан, ызага булығын, жылаң жүріп тосек-орынды, алаша, киізді шым үйдің ортасына үйшіп: Ал, әкет мына боктықты. Баламнан артық ештене де жок, Мұбәрәгімді әкеліп беріндер!-деп дауыс қылайды.

Лүние дегенін де тас-талқан. Ең аяғы астымызға салып жүрген төсек те, үстімізге жамылған көрпе де қырық жамау, , кішіректеу кезімде көрпенің жыртығына басымды сұғып ойнаушы едім. Осы агент тағы бір келгенде ашу-ызыға булыккан апам баламды өлтіріп отырған Сталин мен Китлер атаңын

көріне. . . десін. Одан да қатты естуге ынғайсыз сөздерді жаудырып жатыр. Құдай ондағанда сол сәтте үйде көрші Майнұр апай бар еді. Әлгі сөздерді естігенде Майнұр апай ойбайды салып, сен не деп тұрсын? Сорлы ертең согталып кетесің, мына балаңды кім асырайды деп айқайлап, соңынан басу айтып, ол кісі апаммен косылып жылаған. Агент ештеңеге түсінбеді-ау деймін, үйлі бастарына көтеріп, азынаған екеуіне көзі алакандай болып, шошына карап, есіктен шегіншектеп шығып кеткен еді.

Мұбәрак ағам соғыска дейін Петропавлдағы педтехникумда оқыған. Бұл оқу орнында ол үздік окушы болып, коғамдық жұмыстарға белсene араласқан екен. Комсомолға өтемін деп бір-екі жасын артығырақ корсетіп, ол майданға он жеті жасында аттанған еді.

Мұбәрак ағам окудан ауылға бір кслігендс партия басшыларының портреттерін лукеннен сатып ала келсе керек Ұлының кайғысымен назаланып жүрген апамның қолына әлгі суреттер түседі. Олардың арасынан Сталиннің суретін тауып алып, оның көзін тырнамақ болған екен, оңайлықпен тырнаққа болмапты. Содан апам барлық суреттерді балтанаң астына алып, күлкүл ғып шауып, жерге көміп тастапты

Апамның басындағы ауыр қайғыга, киын жағдайға ауылдағылар ортақтас болғандай сыйнай танытып, аяныш білдіріп, әр кім акыл-кеңес айтуда. .

-Соқыр орыс сізден занды түрдес салықты отеуінізді талап стеді, ал сіз оған согыста көткен баламды әксліп бер дейсіз. Ол сізге балаңызды экеліп бере алмайды. Онда ондай құдірет жоқ. Екінші, сіз майданнан келген қағазды (онысы кара қағаз) жыртып тастандыңыз. Бұл заманда жай сөзге ешкім сенбейді, қолыңызда қашан да дәлелдеу什і қағаз болуы шарт, -деді ауылдың бір мұғалімі апама.

Біздін ауданды басқаруды жоғарыдағылар Қабдунасов деңген азаматқа тапсырыпты. Өзі соғыста болған, бір қолынан жарапланған корінеді. Ал оның қаралайым халықка қамкорлығы мол скен десті жұрг. Мұны сстігеннен кейін апам екеуміз ауданға барып, Қабдунасовқа жағдайымызды айтпақшы болдық. Ауылда бір ағайынның ат-арбасын сурал алып, Явленкага келдік. Явленка- аудан орталығы, Қараағаш ауылынан отыз бес шақырым жер.

Апамның үстінде тозығы жеткен көк сәтен көйлек, жентүбі ыдырап, жыртылған. Көйлектің сыртынан кигені марқұм

әкемнің қоныр пенжәгі. Аяғында қонышы төмен күрділ салбыраған ескі қайыс етік. Менің үстімдегі көйлек пен бұтымдағы шалбар ма, дамбал ма, айырып болмайтын түрлі-түсті алабажаляқ.

Дес бергенде Қабдунасов деген фамилияны ұмытпаппайыз. Явленканың көшсі толған орыс, бір қазакты көрсекші. Әйтейір Қабдунасов, Қабдунасов деп жүріп, ол кісінің кенсесін де таптық-ау. Атты шарбакқа байлай салып, кенсеге келсек, бір орыс әйелі алдымыздан шыға келгені. Ол орысшалап бізден жөн сұрады, апамда үн жок, мен жауап беріп тұрмын. Сол кезде шамасы үшінші класти тәмәмдап тастаған болуым керек. Ауылда соқыр орыстан басқа орыс көрмесем де, мына әйелдің орысшасына түсінкті жауап беріп тұрғандаймыш.

Қысқасы не керек, әлгі әйел бізді Қабдунасовтың кабиеттінің есігіне әкелді де, ол кісінің есімі Шәмшиң деп озі көтіп калды. Есікті ақырын ашып қарал едім, төрде стол басында бір қазак отыр. Куанып кеттім бе, немене, есікті бір ашып, бір жаптым.

-Кім керек? Кіріндер, -леді есік сыртынан шықкан дауыс. Кабинетке апам екеуміз созыла басып кірдік. Стол басында отырган кісі кап-кара шашын артына кайырған, аққұба өнді, төменгі ернінің он жағында кішкене тыртық байкалады. Он колы жок сиякты көрінді маған. Өйткені кителінің он жақ жеңінің үшін калтасына салыпты. Амандық-саулықтан кейін Шәмшиң Қабдунасов деген кісі керек еді дедім.

Іздеген кісілсерің мен боламын, қандай шаруамын келдіңдер? -леді ол. Апам үнлеген жок. Босагала каз-катар тұрған орындықтардың бірінде отыр, Мен оның қасында түрегеліп тұрмын. Шәмшиң аға екеуміздің бас-аяғымызға түгел қарал шықты.

Мен жалаң аякпын. Бұтымдағы лыпымның балағы тіземеғана жетеді.

Әңгімемді аға, -деп бастадым да, әкемнің 1943-жылы науқастан кайтыс болғанын, оның жылын беріп жатқанда, майданда жүрген жалғыз ағамның ерлікпен қаза тапканы жөнінде қаралы хабар алғанымызды, қазіргі қүй-жайымызды да айттым. Колхоздың басшыларының, соқыр орыстың бізге жасаған отырган киянаттарын бірін қалдырымай, жішке тізгендей стіл жеткіздім. Не айтатынмылды аулдағы мұғалім аға үйреткен еді. Соның бірін шашау шығармай әңгімеледім гой деймін.

Шәмшиң аға менің аты-жөнімді, нешіннің класти оқитыннымды сұрады. Окуды жақсы оқитын шығарсын?-деп койды әңгіме

арасында. Қарағаш мектебінде мактау грамотасымен оқып жүрген мен ғана. Оны да айтып қойдым, тұріме карамай.

Женгей, іренжіменіз, үкімет сіздерге көмек жасайды. Мен казір осындағы қызметкерлерге барлық шаруаларынызды тапсырамын. Олар бүтін орындан береді. Колхоз басшылары да, сокыр орыс та сіздің үйдін манайына да жуымайды, -деп маған қарал жымиды.

Апам жыламсырап тұрып, ағаға рахмет айтты. Мұндай жақсылықтың болатынын күтпеген болу керек, өксіп, өксіп, жылады апам. Шәмшилт ағай апама жыламаныз деп басу айтты да, телефонмен әркімдермен сөйлесті. Телефонды да бірінші көруім. Орыс тілінде сөйлесті.

Әнгіме төркіні - біздін жағдай. Бір кезде екі-үш әйел қызметкерлер келіп, ағаның тапсырмасымен бізді өртіп алып шықты да, өз кабинеттеріне апарды. Сейтіп әлгілер біздін барлық шаруамызды сол күні шешіп берді.

Апам Шәмшилт інісіне, оның барлық қызметкерлерің алғысын жаудырып, ауылға кіттік.

Шәмшилт Қабдунасов Ленин / Есіл / аудандық атқару комитетін көп жыл басқарған болатын. Ол кісі елдін, аудан халқының шын мәніндегі сүйіспеншілігіне бөлөнген жан еді. Эсіресе кемтарларға, кемпір-шалдарға және кембагал адамдарға қамкорлығы өте мол болды. Шәмшилт аға туралы халық арасында аса бір сүйіспеншілкten туындаған әнгімелер көп болатын.

Бірде Шәмшилт ағамызға келіп Отан соғысының мүгедегі үй сұрайды. Ауатком төрағасы әлті адамға дереу үй бергізеді, берген үйді арадағер ұнатпай, ағаның кабинетіне келіп, маган жаңа үй бергіз деп, ағаш аяғымен сәкіні сокқылайды гой. Мен соғыстан бір аяғынан айырылып келдім деп, айқайға басады.

Кабинегге аудан шаруашылық басшылары, ауыл-село торағалары болса керек. Ардагер ағаш аяғымен жер телкілеп қоймаған сон, шыдай алмаған ғой, Шәмшилт аға орнынан айтып тұрып, кителінің он жақ женін шолтаң еткізіп: Эй, бауырым, мен қолымды ет комбинатына еткізді деп отырын ба?- дегенде айқайлап тұрған арадағердің ашуы сабасына бірден түсіп, сасқаны ма, ұялғаны ма?-қып-қызыл болып орындыққа отыра калыпты.

Менің апам Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан ұлы үшін мемлекеттен берілген жәрдем ақыны ауатком төрағасы III. Қабдунасов бергізді деп жүретін. Оған алғысын да айтып отырушы еді.

«ЕЛІМ!» ДЕГЕН ЕР ЖІГІТ

Жұырда Алматы баспасынан «Қазақстандағы тұлғалар кімдер?» деп аталған өмірдеректік энциклопедия жарық көрді. Бұл кітап 1995- жылдан бері шығып келеді екен. Биыл тоғызыныш рет шығып отырган энциклопедияға еткен ғасырдың алғашқы жылыштан бастап бүгіндегі күнге дейінгі аралыктагы сліміздің саясат, іскерлік, экімшілік, ғылым және мәдениет салаларындағы таңдаулы өкілдерінің 5500 нін өмірдерегі енгізілген көрінеді.

Оған Солтүстік Қазақстан облысынан енген екі тұлғаның бірі - Елтай Қайырбекұлы Зікірин. Ол Ақкайын ауданындағы «Полтавское» жауапкершілігі шектеулі серікtestігінің директоры. Директор болғанда қандай?! Елім, жерім, халқым деп тұрған тұлға.

Елтай Қайырбекұлы Зікірин 1956 жылы Совет (қазіргі Ақкайын) ауданына қарасты Шағылы селосында туған. Аталмыш селодасы мектепте оқын сеғізінші сыныпты бітіргеннен кейін, ол Шағылы ауыл шаруашылық техникумының агроном-лық бөліміне түсіп, оны 1975 жылы бітіріп шығады. Ол міндетті әскери қызметін өтеп келгеннен кейін оқуын ілгері жалғастырып, Целиноград ауыл шаруашылық институтының агрономдық факультетіне түседі. Ауыл шаруашылығы институтын тамамдаған Елтай Қайырбекұлының «жер маманы» қызметі шын мәнінде басталады.

Ол «Полтавское» кеншарында алғашқы жылдары бөлімше агрономы, бір – бір жарым жылдан ксійін кеншардың бас агрономы болып сіңбек еткен.

Елтай зайыбы Дина скеуі үш бала тәрбислеп осіріп келеді. Ұлы Ерлан мен қызы Әлия Қызылжар мен Алматы университеттерінің студенттері. Ал кішкентай Кәмилә балабакшага барады.

Кеңес өкіметі құлап, кеншардың ла берекесі кетті. Енді не істейміз? Ендігі күнкөрісіміз қалай болады?- деген сұралк Полтавка және Лесные поляны ауылдарындағы адамдардың жүрегін мазалайтыны анық.

«Күлтебенің басында күнде жиын» демекші, бұрынғы кеншардың үлкені – кішісі көптен жағылмай аңырап тұрған клубка жиналыш, бірі - аианы, бірі - мынаны айттысың, улап шулаш тарқасады. Бірде Ақкайын аудандық ауыл шаруашылығы



бөлімінің бастығы Олег Владимирович Сторожко мырза бастаған бір топ адам кеншардың клубына ат басын тіреді. Жиналған халыктың алдында сөз сөйлеген аудан ауыл шаруашылық басшысы құр бекер шуламай, келешекте ел болудың, жүрт болудың жағдайын ойлад, әркім озі накты бір шешімге келу керектігін ескергітті. Өйткені откен жолы да күнібойы отырып, үзак сонар әнгімен еш нәтиже шықпаған. Қазір халыктың өзі айтсын, кім калай ойлад, келешегін кім калай үйлестірмекші? Әрадам өзіне тиесілі пайын алып, пайға берген жерін өзі жұмыстай ма, әлде бірнеше адам бірігіп ұжым болып жұмыс істей ме, күнкөрістің камына сойтіп кірісе ме? Жиналған жүрттың алдында тарам – тарам ойлар мен толғамдар жатқаны анық.

Мұндайда елдің көкейіндегісін дөп басып, бұлтарыс – қалтарыссыз шындыкты шыңғырып айтатын ауыл аксакалдары гой. Енбек ардагері Владимир Сергеевич Семенюк созін бастағанда – ак жүрт тыныштала калды. «Біз болініп – жарылмаймыз, не болсақта елмен бірге боламыз. Ешкім ешкайда кетпейді. «Бөлінгенді - бөрі жейді» деген қазакта қанатты сөз бар. Палтавка мен Ясные полянаның адамдары пайларын бұрынғы кеншардың бас агрономы болған өзіміздің азаматымыз Елтай Кайырбекұлы Зікіринге тапсырсын, елді де, шаруашылыкты да сол басқара алады». - Біз бұл жігітті 30 жылдан бері білеміз, өзіміздің қолымызда оскен баламыздай. Елтайдың

шешесін де, әжесін де, атасын да, ағасын да өте жақсы білеміз. Олар ел сыйлайтын, халық күрмет тұтатын адамдар. Өнегелі шанырак. «Ұяда не көрсөн, үшканды соны ілерсің» дегендей, көрген, өскені – жақсы, ар – ұяты бар азamat. Шыдығын айтсақ, Елтай Қайырбекұлы Зікірин осында агроном болып келгелі қандай куанышылық жыл болса да астықсыз болғанымыз жоқ. Бұл жігіт нағыз жер маманы. Ауыл шаруашылығының ой – шұқырына дейін жетік біледі.

- Елтай, айналайын, сен тамаша егін өсіріп талай бастықтарға орден алып бердін, оларды жоғары лауазымды қызметке көтердің, біреу үшін қызмет істеуін жетер, енді өзін үшін, мына отырған халқын үшін де қызмет ет, біздің шаруашылықты баскар, - десті ауыл ардагерлері Николай Семенович Науменко мен Михаил Григорьевич Сомкало. Екі ауылдың адамдары өздерінін пайларын түгел саған тапсырады.

Елтай Зікірин бұған дейінгі жиналыстарда шаруашылықты баскарудан бас тартып еді, ауыл қарияларының мына сөздері оны толғандырып тастанды. Шындығына келсек, отыз жылдан бері осынша астықты алқаптардың топырақтарын өзінің аялы қолымен нәрлендіріп, құнарландырып, балтап келеді емес пе? Бұл жұмысқа қанша күш – куат, кайрат пен жігер, мандай тер сарп етіліп келеді. Оның олшемі де жоқ. Ол тым шексіз. . . Үзіліске шықкан Олег Владимирович Сторожко: «Мына жұрттың тілегін орындау керек, саған ел үлкен сенім артып отыр, олар өзінчен басқаны қалап отырған жоқ. Әйтпесе осы шаруашылықты баскаруга ниет білдіріп, алқандарына түкіріп жүргендер көп көрінеді. Адамдарды да, шаруашылықты да жақсы білесін, тізгінді ал қолыңа», - деді.

Сонымен Елтай Қайырбекұлы «Полтавское» жауапкершілігі шектеулі серіктестікті баскаруға бел байлады. Елтай жиналған жұртқа оған көрсеткен сенімдері үшін алғысын айта келіп, өзінің де отиішін жеткізді.

- Күні ерген мені директор болды дсп естісімен қарыздарын сұрап кабинеттің есігін босатпайтындар коп, оны оздерініз білесіздер. Қарызымыз – 60 миллионнан асып тұр. Алдымен осы қарыздан құтылу үшін шаруашылықта қалған дүние – мұлікті маған сеніп тапсырасыздар. Мен өздерінізбен, мамандармен ақылдаса отырып, берешектен құтылу амалын ойлас-тырамын. –Айналайын, біз саған сенеміз, о жағынан кам жеме, қолынды қақпаймыз десті көпшілік. – Сонымен «Полтавское» шаруашылығын «тәуекел!» дсп басқаратын болдық, - дайді

Елтай Зікірин. Біздін шаруашылықка кіргендер өздерінің пайларын (жер пайын) кейбіреулер үйге әкеліп маған тапсырып жатыр. Соны көрген шешем мен енем маған: «Қарағым Елтай, мына жұртты аңдай көрме, өзің тұқ алмасаң да бұл адамдардың пайының үлесін толыгымсın беріп отыр. Халықтың саған леген шын ықыласына біз де қуанып отырымыз. Сонда аналарымның көздерінен мөлдіреп жас та шығып кеткен. Сол сәттің көз алдымда», -дейді директор Зікірин.

-1992 жылы егін өте жақсы шықты. Аққайың ауданы бойынша шаруашылыктар біздегідей көрсеткішке жете алған жок. Біз сол жылы дәнді дақылдың әр гектарынан орта есеппен 32, 8 центнерден өнім алдық. Бастырылып, жиналған астықты бар күшімізді салып тазалаң, кептіріп үшінші кластық кондицияга жеткізіп кабылдау орындарына жонелтіп отырдық. Сапалы астықтың ақшасы да мол болатыны өзінен өзі белгілі.

- «Полтавское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі дәнді дақылдармен бірге, майлы өсімдіктермен де айналыса бастаған еді. Аграном басшының көбірек көңіл аударған дақылы – рапс болатын. Бұл өсімдіктің жыл сайынғы беріп келе жаткан өнімі де тұракты, сату бағасы да жоғары. Сондықтан шаруашылыққа аталмыш дақылдың пайдасы өте зор - оның кассасына «қып – қызыл» ақша болып түсіп жатыр. «Полтавское» шаруашылығы ислізінен стін осірумен, астық өндірумен айналысады. Жердің бетін тырмалап, тұқым сепкенмен бітік астық шықпайтыны белгілі жәйт. Ол үшін егін шаруашылығының агротехникалық шараларын бұлжытпай орындал отыру қажет. Жердің құнарлылығын арттыру үшін органикалық және химиялық тыңайтқыштарды ұтымды пайдалаң, арам шөптерге карсы қолданылатын дәрілерді де көзден таса қылмаймыз. Біз жыл сайын жерді нариға да, зябқе де қалдырып отырамыз. Жақсы жұмыстапған бұл алқағаттар тұракты онім беріп келеді, - лейлі Зікірин. Ал нарыктық жағдайла бұл өнімдердің сапасына аса мән бермесе, жыл бойғы еткен өнбек далага кетті деген сөз. Жердің құнарлылығы мен бидайдың сапалылығын, өнімін арттырудын кыр – сырына әбден қанық болып алған басшы бұл жұмыстың орындалу тәртібін үнемі қадағалап отырады. Өзіннің мандай терінмен есірген алтын астығынды құн – жын қылдып, жақсы бағамсіп кабылдау орындарына өткізе алмасаң, сата алмасаң - сәбектің еш болғаны осы болады. Қазіргі нарыктық жағдайда жинаған астығынды қымбат бағага сата білу де өнер, оны да үйрену керек екен. Келенсіз жағдайларға жол

бермес үшін шаруашылықтың басшылары мен мамандары қырман жұмысына ерекше көңіл бөлетін көрінеді. Комбайннан қырманға жеткізілген бидай тазаланып, кептіріліп үшінші класстық сала деңгейіне көтеріледі скен. Бұл жұмыстардың барлығы дерлік техника құшімен аткарылады. Бұл арада қырман жұмысшыларының енбектерін де атап өту орынды. Олар өздерінің күнде аткарып жүрген істеріне маманданып алған. Серіктестік дикандары 8, 5 мың гектар жерге дәнді дақылдар өсірген көрінеді, биыл сол алқантардың әр гектарынан орта есеппен 25 центнерден өнім алды. Егін орағында болған комбайншылардың табыстары жаман болған жок. Әр комбайнның орта есеппен айна 15 -20 мың тенгеден енбек ақы алып отырды. Соңғы 7-8 жылда ерен еңбек стіп, астық молшылығын жасауға сүбелі үлес қосқан Полтавка және Ясные поляны ауылдарының 20 шақты комбайншылары мен механизаторлары сыйлыққа женил автокөлік алды. Мұндағы тұрғындар өздерінің қарым – қабілетіне, ең егі мен тірлігіне ғана арқа сүйеу көректігін жақсы түсінгенге ұқсайды. Соданда болар, шаруашылықтағы адамдар өз күндерін өздері көруге, қатарларынан қалыспауга ұмтылуулары анық байкалады. «Енбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дег Абай ағамыз айтқан қағидағы берік үстанған ауыл адамдары тапсырылған жұмысты тыянақты орындаға күш салуда. Комбайншылар Денис Петренко, Жанат Элібаев және Сергей Евгеньевтер биылғы егін орағының озаттары атанды. Егін орағында еңбек еткен 180 дей адамның үрдіс кімбылы, ак адал маңдай тері - жемісін берді. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан дикандар астығын жинап алды.

Казір мұнда мал шаруашылығы да коніл қуантарлық жағдайда. Әсірессе, 250 сауын сиыры бар фсрма сауыншылары қысы – жазы сүт өндіріп, оны қабылдау орындарына сатып серіктестікке пайда түсіріп тұр. Шаруашылық баспышлары мен мамандары асыл тұқымды мал басын молынан өсіруді көздел отырған көрінеді. Өйткені мал өсіруге мұнда барлық жағдай жасаған. Жайлы қора да, малға жұғымды жем – шөп те мол. Ауыл шаруашылығындағы осындей ірілі – ұсақты табыстар Елтай Қайырбекұлын елдін әлеуметтік, мәдени жағдайын жаксартуга талпындыратыны сөзсіз. Бактары жанған ауыл адамдары астыққа да, ақшаға да қарық болып қалса, шаруашылық неше жылғы қарызынан құтылды, жыртық – тесігін бітеуге кірісті. Серіктестікке қарайтын екі ауылда да ұн үгетін дірімен жок еді. Қысы – жазы халық ұн үктіруге трактормен көрші облыс-

тардағы диірмені бар ауыл – селоларды шарлап кететін. Кейде екі- үш күн жүріп апарған бидайын тарттыра алмай, сандары суға кетіп оралатын жағдайлар да кездесуші еді. Серіктестік директоры алдымен ауылға диірмен орнаттырды. Мол ондірілгсін астықтың пайдасын осылай корген жұртшылықтың қуанышында шек болған емес. Жаңадан монша салынып, іске қосылды. Мәдениет үйі, әкімшілік және селолық әкімдік үйлері толық жөндеуден етіп, соңғы архитектуралық қөріктілігімен көз тартады. Жеке меншік үйлер де бой көтеріп, көшелер асфальтта-нып, көгалдандырылуда. Қарттарды отын, шөппен қамтама-сыз етіп отырса, мектеп окушыларын түс мезетінде тегін ыстық аспен тамактандырады. Бұл арада шаруашылықтың экономи-калық және әлеуметтік жағдайының артуына мемлекет тара-пынан қорсетіліп жатқан көмектерді де атаған орынды. Мәссе-лен, шаруашылықтың несие алуы, кейбір салық түрлерінен бо-сатылуы сиякты беріліп жүрген женілдіктер ауыл адамдары-ның еңсесін көтеруіне көп көмек екенін де қуана айтады бас-шы.



ЫРЫС – ЫНТЫМАҚТА

Қазақстанның тәуелсіздікке ис болып ұлттық қайта дәүірлеу, қайта өрлену жолына бет бұруы республикамыздан тыс аймактарда өмір кешіп жүрген қандас бауырларымыздың көнілдерін көтеріп, намыстарын қозғап, жүректеріне қуаныш пен мақтаныш отын дүр еткізгені анық. Фасырлар бойы патша заманы мен кенестік тоталитарлық саясатының шырмауында, езгісінде келген бауырларымыз ата жүрттының көгіндегі желбірекен кок туып көріп ұлы арманға жеткендей болғаны рас.

Ұлы арман демекші, тағдырдың теперішімен төрткүл дүниенің торт бұрышына тарыдай шашылған қазақтардың Ресей жерінде, Омбы қаласында бас қосып жиын өткізуі осындағы қазак бауырларымыздың арманы еді. Бүгін сол арман орындалды. Қазақ осы құрылтайда өзінің қазақ екенін айдай әлемге айқайлап жариялады. Өзінін аты –жөнін, ата тегін ашық үйде алмай келген қазақтың бұқпантай құндарі енді келмеске кетті. Бұрын есімдерін айтуда дәттері бармай Иван Иванович деп жүргең ағайындар оз нысындарымен қайта табысада скен. Ол да қуаныш. Ұл жиын мемлекеттің, облыстың басшыларының үйымдастырудымен емес, қазақ халқының өзінің ықыласымен, өзі ұнатып өткізген мерекесі болды. Сондыктан бұл жиын салынышқа, қуанышқа, сыр мен сұхбатқа толы болды десем артық айтқандық емес. Ресейдің Қорған. Түмен облыстарының әр қайсысында 15 мыңнан қазақ бауырлар өмір кешеді деп естігеніміз бар. Ал Омбы облысында 85 мыңдай қандастарымыз тұрады екен.

Осында «Қазақ тілі» қогамының құрылғанына коп уақыт болмапты. Эйтсе де қогамын қазақ арасындағы беделі жоғары екендігі жиналыстың барысында да айқын аңғарылып түрді. Облыстың Шарбаққөл, Мариянов, Есілкөл және Назыбаев аудандаоындағы қазақ ауылдарында да «Қазақ тілі қоғамының бөлімшелері жұмыс істей бастады. Облыстық «Қазақ тілі» қогамының осы мерзімге дейін істеген жұмыстарапы аз емес екен. Ауыз толтырып айтуда тұрарлық та, қуанышты да жағдай сол - кокшетаулық журналистердің комегімен 50-60 жылдан кейін жарық көріп отырған «Омбы» газеті. Ұл арада ерекше айта кететін жәйт-Омбыда казан төңкерісінен бұрын да қазақ тілінде газет шығып тұрған. Мәселен, өзіміз құнде оқып жүрген сүйікті газетіміз «Ленин туы» өткен фасырдың 18-

20-жылдары «Кедей сөзі»деген атпен Омбы қаласында шығып, ауыл-ауылға, кала-калаға тараған. 19-ғасырдың соны мен 20-ғасырдың басында үзбей шығып тұрған «Дала уалаяты» газсті ана тілінің тағдырына жанашаырлық көрсетіп, қандастарымызды казак тіліне үретуге, оны жетс білуге шақырган. «Қазак тілі жыл-жыл сайын төмендеп бара жатыр», - деп газет сол кездің өзіндегі дабыл қаққан екен.

Міне, сол дабылдың жанғырығы Омбы қазактарының жинаястырында естіліп тұрды.

Осы құрылтайды ұйымдастырушы, әрі жүргізуші облыс әкімшілігінің ұлтаралық қатынас жөніндегі кенесінің Сабыржан Шәріпов те, облыстық «Қазак тілі» қоғамының төрағасы, ауылшаруашылық ғылыминың кандидаты Серікбай Әбілұлы Тәстенов те, «Омбы» газсті мен казак тілінің бүтінгі тағдырын көнінен сөз етті. Осында жасалған баяндаманы алтын арқауы болды десек те шындық. Осы құрылтайда газеттің атын да «Омбы үні» болсын деген ұсыныстар да көпшілік тарапынан бір ауыздан кабылданды.

«Жалын» казак орталығының директоры Балта Әбжанов, «Арай» коммерциялық орталығының директоры Ақылбек Тұяков, журналисттер Рәзия Сабыржанқызы, Мендігүл Бұрханқызы және басқалар.

Құрамында Мағжан Жұмабаев атындағы совхоздың директоры Оралбай Сағындықов, журналист Мұтәллап Қанғожин бар Солтүстік Қазақстан облысының делегациясын Омбы қазактарының құрылтайына облыстық «Қазак тілі» қоғамының төрағасы Қосыл Омаров бастап барған еді. Күшақ жая карсы алған омбылық бауырлардың ұлы жиынтында Қосыл Әбдірахманұлы сөз сөйлемп, оларды алғашкы құрылтайымен, «Омбы үні» газеттің бірінші жарық коруімен солтүстікқазакстандықтардың атынан қызу күттіктап, «Орамал тон болмаса да, жол болады» деп «Медеу» магнитофонын сыйға тартты. Ол республикалық аудиоизданияда болған соңғы маңызды оқиғаның бірі – Қазақстан Республикасы Жоғары Кенесінің іх сессиясында қабылданған казак елінің Конституциясы туралы әңгімелеп берді. Тәуелсіз еліміздің заны әлемдегі ең демократияшыл Конституция екенин өркениетті елдердің бір ауыздан айтты жатқаны қөнілге қуаныш ұялатып отыр, -деді К. Омаров өзінің соғындыс. Гіліміз бен дініміздің өркендереп, өрге канат жаюы жолында жасалып жатқан игі ісіміз баянды болсын, сіздердің де, біздің де ойымыз бен мақсатымыз ортақ, казак деген халықтың әдебиеті мен мәдениетін, тарихын насиҳаттау арқылы саналы, білімді ұрпақ есіру

бәріміздің де тілегіміз, -деді К. Омаров. Баяндама жасаған Се-рікбай Тәстенов қазак жастарының ана тілін білмейтінің өкінішпен айта келіп, облыста казак мектептерін ашуды деру қолға алу алу керектігін ескертті. Облыстағы 14 казак мектебі өсіп келе жатқан қазак жастарының оқуына аздық ететіні өзінен өзі белгілі. Бір куаныштысы, облыс әкімшілігі Омбы қаласында казак орта мектебін ашуды көздең отыр екен. Осы құрылтайдағы тағы бір куанышмыздың ғұламағалымы Шоқан уәлихаповқа ескерткіш орнатуды қолға алғып отырғаны. Жиналыс жүріп жатқан сotte құрылтайдағы арнаулы өкілдері Шоқан оқыған кадет корпусына қойылған ескерткіш-тактаға және оның барельефі орнатылған тұсқа гүл шоктарын қойды. Осы жылдың басында Омбы қаласында Казакстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекаралас территорияларының достық және ынтымықтастығы туралы келісімге екі ел премьер – министрлері кол қойды. Қазақстан мен Ресей арасындағы тығыз байланысты бұрынғыдан да дамыта түсіді коздеғен Казақстанның 9 облысының, Ресейдің 12 облысының әкімдері келісім-шартқа кол қойды. Кеңес өкіметі кезінде экономикалық, мәдени және әлеуметтік байланыс үзіліп, көп қындықта-рга таپ болып отырған екі жақтың да басшылары бұл тұйыктан шығудың жолдарын қарастырып, транспорт пен байланыс, өзара есеп айырысу, пошта байланысы, айналаны қоршаған органы қорғауда бірлесе жұмыс істеуге күш біріктіруге келісім жасады.

Іә, көршілес Омбы және Солтүстік Қазақстан облыстарының экономикалық, мәдени байланысы, өзара карым-қатынасы ешқашан үзілген емес, үзілуге тиісті де емес. Әйткені тағдыры да, тарих та екі халықты атамзаманшан бір-біріне көрши етіп орналастырған. Ал қазактың «Көрпінмен тату бол!» деген нақыл сөзі бар. Ресейдің Омбы облысы мен Солтүстік Қазақстан облысының халқы достық тізгінің мықтап үстап келе жатқандар санатында.

Осы жиналыста екі облыс халқының арасына ши жүгіртіп, оларды қыргы-қабак қойғысы келгендердің де барлығын атап айтқандар болды. Ондайға жол беретін «Омская правда» газе-тіндегі кейбір қаламгерсұмактар көрінеді. Олардың бұл қылғын жиналғандар сөкті де.

Қай-қайсымызға керегі – тыныштық, татулық, бірлік. Енде-ше ынтымағымыз, туыстығымыз арымасын, - десті Омбыдағы ағайындар.

СҮРЕТ СЫРЫ



Кажы Рысбай



Кажы Дүйсенбай

Дүйсенбай қажы Тұранов туралы 1920 жылы «Кедей сөзі» газетіне басылған бір макаланы облыстық «Солтүстік Қазақстаннан» жуырда оқыдым. Оқыдым да бұл кісіге байланысты ел аузынан, сұнғыла карттардан бұрындары естіген әңгімелер жадымда қайта жаңғырып, есіме түскендей болды.

Олардың айтуынша, Дүйсенбай қажы ёте білімді, орысша да, арабша да көп оқыған азамат екен. Жоғары мәдениетті, миңзеге бай, ақылға кең қажыны Омбы мен Қызылжар төңірептіндегі ел құрмет тұтын, мақтаныш еткен. Осы кісі о заманнан карапайым адамдарға қолынан келген көмегін де аямаған көрінеді. Менін қолымда Дүйсенбай қажы Тұрановтың жиені Рысбай қажыға берген өз суреті бар. Суреттің сыртына орысша: «Дарю на добрую память племяннику хаджи Рысбаю Мурзабаеву. Титуллярный советник, хаджи Д. Туранов». деп жазыпты. Ал араб әрпімен жазғаны былай:

«Осы сурет-карточкасын мені есіне алып журу үшін сыйлап беремін. Жан досым, жиенім, қажы Рысбай Мырзабайұлына. Торе қажы Дүйсенбай Тұранқажыұлы 26. 02. 16жыл».

Дүйсенбай қажы Тұранов Қызылжар оніріне кеңес өкіметін келгеннен бастап оған қызмет етті. Жергілікті ақылды басшылар бұл кісінің білімін, белгілілігін пайдаланғысы келген фой. Бірақ «Кедей сөзі» газетінде жазылғандай, атпал азаматтың адымын жаздырмай жалакорлар оған не бір пәлелерді жауып,

ел үшін еркін еңбек етуге мүмкіндік бермейді. Шолак белсендер, жұлқындылар бұл бай болған, қажы болған, патша өкіметіне қызмет істеген деген айыптарды үймелетіп, жоғары жақта, НКВД-га арыз-шагымдарды жаза береді. Бұл жалалардан ол кісі аман-сау қалған корінеді. Кеңес өкіметін құшық жая карсы алған жарлы-жакыбайлардын арасынан шықкан кейір жазушылар Дүйсенбай қажыны түртпектеуін қоймай, оны мазақ етіп пьеса жазып, комсомолдар қазақ-татар клубында сахнаға қойып жүреді. Дәuletбаев деген татар жазушысы кітап жазып, сол шығармасының ұнамсыз кейіпкері етіп те көрсетеді. Қартайып келген шағында мұндай қорлыққа жаны да, жүйкесі де шыдамаған Дүйсенбай қажы Тұранов есінен ауысып, дүние салады.



КАЗИНФОРМ /Сергей Кузнецов/ - Завтра в Казахстане пройдут выборы в Мажилис Парламента РК и маслихаты. Готовы к их проведению и в Северном Казахстане. Накануне корреспондент Казинформа попросил прокомментировать предстоящее событие известного журналиста и поэта, заслуженного работника культуры Казахстана, члена Союза писателей РК Муталлапа Кангожина.

- Я думаю, что предстоящие выборы в Мажилис и маслихаты будут честными и объективными. В этом году вообще всем партиям дали хорошую возможность вести агитацию своих избирателей. Руководители и рядовые члены партий ездили, встречались с населением, выступали по телевидению, в печати. И я думаю, что люди примут активное участие в выборах.

У нас в стране экономическое и социальное положение очень несплохое, особенно экономическое, не сравнив с тем, каким оно было 10, 5 лет тому назад. И на выборы, я думаю, люди пойдут с хорошим настроением. Мы все за кого захотим, за того и будем голосовать. У всех партий есть свои планы, программы, свои сторонники. Самое главное, что выборы обещают быть открытыми и демократичными, как, например, в странах Европы.

Мы переходим от президентской к президентско-парламентской форме правления. Это один из положительных моментов. Значит, мы идем по пути дальнейшей демократизации страны. Планы у Правительства и Президента большие - и экономические, и социальные. Каждый год в своих Посланиях Глава государства ясно, открыто говорит о планах, по которым предлагает Правительству, всему народу работать. И Президент стремится к тому, чтобы эти намерения, планы по улучшению качества жизни людей выполнялись.

Как представитель культуры, журналист, писатель, считаю, что есть подвижки и в этой сфере. Но есть и нерешенные вопросы. Нам, писателям, хотелось бы, чтобы платили гонорары за книги, чтобы они издавались, дошли до читателя.

Если говорить о развитии культуры в нашей области, то, конечно, делается немало. Меня особенно радует, что у нас отреставрирован областной историко-краеведческий музей, экспозиция которого рассказывает об истории, сегодняшнем дне нашего края, его людях. Он пополнился многими новыми интересными экспонатами, и я думаю, что такого прекрасного, боль-

шого музея нигде в округе нет. Также меня радует, что идет строительство и реставрация в Петропавловске дома-музея Абылай хана, где в свое время была его резиденция, и который был построен по указанию Екатерины II. Надеемся, что скоро состоится его открытие.

Недавно в областном центре, в хорошем, красивом месте, был открыт памятник Абаю и Пушкину. Нигде нет такого памятника, где бы эти два великих титаны литературы стояли рядом. Это является символом взаимообогащения культур и дружбы двух народов. Изданы недавно в Москве книги Абая, Пушкина, Мажана на русском и казахском языках. Это же великое дело! Выпускаются книги по казахскому, русскому языкам, литературе, истории Казахстана, которые передаются в школы. Сейчас много внимания уделяется изучению казахского, русского, а теперь и английского языков. Такая поставлена задача, что молодежь должна знать три языка. У нас в городе есть областной русский театр драмы, а не так давно открыт казахский музыкально-дramатический театр. Они ставят хорошие, интересные спектакли.

По моему мнению, у нас все идет к лучшему. У нас стабильная обстановка, мир и согласие между разными народами, нациями. У нас хорошо работают малая Ассамблея народа Казахстана, национально-культурные центры. Наша область пригранична с Россией, и у нас с нашими соседями хорошие отношения в экономической, социальной, культурной сферах.

В нашей стране все делается для того, чтобы люди жили дружно, спокойно, не тревожились. Спокойствие – это главное для народа, люди всегда хотят, чтобы было мирное небо над нами. Поэтому, я думаю, люди активно пойдут голосовать.

МАЗМУНЫ

ЕЛ СЫЙЛАҒАН ЕР.....	5
ЛИЧНОСТЬ, УВАЖАЕМАЯ НАРОДОМ.....	26
ПУШКИНДІ ҚОРҒАҒАН БАТЫР БАУЫРЫМ	
МҰБӘРАК.....	30
В ДЕНЬ ПОБЕДЫ.....	41
ЖЫР ЖҮЛДҮЗЫ.....	42
БЕЙНЕЛЕП АЙТА БІЛГЕН АҚЫН	50
ЧАРУЮЩИЕ ЗВУКИ ИЗ СЕРДЦА	58
МАГЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ	
ЖҰЗ ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ	64
ҚУАНЫШТЫ ХАБАР	65
МАҒЖАННЫҢ ШӘҚИРТІ	74
МАҒЖАНДЫ КӨРГЕН ҚАРИЯ	76
МАҒЖАН АТЫМЕН.	80
ҚЛАРҒАШ АУЫЛЫНДАҒЫ МАҒЖАН ТОЙЫ	86
АСҚАҚ ТҮРҒАН БӘЙТЕРЕК	98
СӘБИТ МҰКАНОВТЫҢ ТОЙЫ -	
ХАЛЫҚ МЕРЕЙІ	106
СӘБИТ МҰҚАНОВ ТУРАЛЫ ОЙ	112
ҚЫЗЫЛЖАРДАГЫ ҰМЫТЫЛМАС СӘТТЕР	118
ҒАБИТ АҒАНЫҢ ӘҢГІМЕСІНЕН КЕЙІНГІ ОЙ	129
ҚАЙРАН, ГАФА	133
АДАМГЕРШІЛІК ЖЫРШЫСЫ	146
МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ	
АҚ ҚАЙЫНДАР ЕЛІНДЕ	151
ӘНЕКЕҢ	160
АТТАНДАҒАН ЖАҢАТАС ЖАСТАРЫ	175
ВОСХОЖДЕНИЕ К АБАЮ	192
И. П. ШУХОВПЕН МАҚТАНАЙЫҚ	201
ГЛУБОКИЕ КОРНИ.....	208
АХМЕТ ОРАЗАЕВ ӘЛ ҚЫЗЫЛЖАРИ	211
ҚЫЗЫЛЖАР ХИКАЯСЫПАН	215
«ҚӨРІНІР АНАДАЙДАН ОРНЫ ҒАНА...»	219
ТРАГЕДИЯ МАЛЫХ АУЛОВ	233
АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ	237
АУЫЛ АШУЫ	238

АПАМНЫҢ АЛҒЫСЫ	245
«ЕЛІМ!» ДЕГЕН ЕР ЖІГІТ	250
ЫРЫС – ЫНТЫМАҚТА	256
СҮРЕТ СЫРЫ	259

